

ЗК 23

Л 40

# И. ЛЕНИН

НЕ ІСТЕУ  
КЕРЕК ?

★

---

АЛМАТЫ • 1949

ЗК23  
140

# В. И. ЛЕНИН

## НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

ҚОЗҒАЛЫСЫМЫЗДЫҢ ТОЛҒАҒЫ ЖЕТКЕН  
МӘСЕЛЕЛЕРІ

ур.

Павлодар облысының  
облыстық комитетінің  
Павлодар облыстық комитетінің  
басқармасы

015310

Қазақтың Біріккен Мемлекет Баспасы  
Алматы — 1949

«...Партиялық күрес партияға күш береді, тіршілік береді, партияның бытырандылығы және ашық белгіленген шекаралардың көмескіленуі партияның әлсіздігінің аса зор дәлелі болып табылады, партия өзін тазарту арқылы нығаяды...»

(Лассальдың 1852 ж. 24 июньде Маркске жазған хатынан)

### АЛҒЫСӨЗ

Бұл кітапша, автордың бастапқы жоспары бойынша, «Неден бастау керек?» деген мақалада («Искра» № 4, май 1901 ж.)\* айтылған пікірлерді әбден толықтырып жазуға арналған еді. Сондықтан біз алдымен сол мақалада берген уәдемізді (жеке адамдардың талай сұрауларына, хаттарына берген жауабымызда қайталаған уәдемізді) кешігіп орындағанымыз үшін оқушылардан ғапу өтінуге тиістіміз. Бұлайша кешігудің бір себебі — шет елдердегі барлық социал-демократиялық ұйымдарды біріктіру жөніндегі өткен (1901) жылғы июнь айындағы әрекетіміз болды. Әрине, бұл әрекеттің нәтижесін күту керек болды, өйткені бұл әрекет орындала қалған күнде, бәлкім, «Искраның» ұйымдастыру жұмысы жөніндегі көзқарастарын біраз басқаша түрде баяндауға тура келер еді, қалай дегенмен де ол әрекеттің орындалуы орыс социал-демократиясында екі ағымның болып келуін тез жоятын еді. Оқушыларымызға белгілі, бұл әрекет орындалмай қалды, «Рабочее Дело» өзінің 10-номерінде жаңадаң экономизмге қарай бет алған соң, ол әрекеттің орындалмай қалмасқа шарасы да жоқ еді; мұны біз төменде дәлелдеуге тырысамыз. Мұндай көмескі және жөнді анықталмаған, бірақ оның есесіне өте-мөте тұрақты және түрлі формада қайта туа алатын бағытқа қарсы үзілді-кесілді күрес ашу сөзсіз қажет болып шықты. Осыған қарай кітапшаның бастапқы жоспары да түр жағынан өзгертіліп, өте ұлғайтылды.

---

\* Қараңыз: В. И. Ленин, Шығармалар, қазақша 5-т., 1 — 13 беттері. *Ред.*

Бұл кітапшаның ең басты тақырыбы «Неден бастау керек?» деген мақалада қойылған үш мәселе болуға тиіс еді. Атап айтқанда: біздің саяси үгітіміздің сыйпаты және ең басты мазмұны туралы мәселе, ұйымдастыру жұмысы жөніндегі міндеттеріміз туралы мәселе, бір уақыттың ішінде және әртараптан жалпыорыстық жауынгер ұйым құру жоспары туралы мәселе. Бұл мәселелер автордың көптен бері көкейін тескен мәселелер еді, автор бұл мәселелерді «Рабочая Газетада»-ақ, бұл газетті қайтадан шығаруға әрекеттеніп, бірақ дегеніміз болмай қалған кездердің бірінде көтермекші болған еді (V тарауды қараңыз). Бірақ, кітапшада тек осы үш мәселені талдаумен ғана қанағаттанып, өзіміздің көзқарастарымызды мүмкін болғанынша ешкіммен айтысқа түспей немесе өте аз түсіп қана жазам деген бастапқы ниетті іске асыруға екі себеп бойынша мүлде мүмкін болмай шықты. Бір жағынан, экономизм біздің ойлағанымыздан анағұрлым жансебіл болып шықты (біз экономизм деген сөзді кең мағынада қолданып отырмыз, «Искраның» 12-номеріндегі (декабрь, 1901 ж.) «Экономизмді жақтаушылармен әңгіме» деген мақалада, оқушыларымызға ұсынып отырған осы кітапшаның, былайша айтқанда, конспектісін белгілеп берген мақалада айтылған мағынада қолданып отырмыз\*). Бұл үш мәселені шешу жөнінде әртүрлі көзқарастың болуы әншейін ұсақ мәселелердегі пікір алалығынан гөрі, көбінесе орыс социал-демократиясындағы екі бағыттың бір-біріне негізінен қарама-қарсы бағыт болғандығынан екені күмәнсіз болып шықты. Екінші жағынан, біздің көзқарастарымыздың «Искрада» іс жүзіне асырылуы жөнінде экономистердің аң-таң болуы мынаны айқын көрсетті: біз көбінесе мүлде әртүрлі тілде сөйлеп жүрміз; сондықтан егер біз *ab ovo*\*\* дан бастамасақ, ешқандай қортындыға келе алмаймыз; демек, біздің алауыздықтарымыздың барлық негізгі пункттері жөнінде барлық экономистермен толып жатқан, нақтылы мысалдар келтіріп, неғұрлым түсінікті тілде системалы түрде «*ұғынысуға*» әрекет жасау қажет. Сондықтан мен, кітапшаның көлемі өте үлкейіп кететінін және оның басы-

---

\* Қараңыз: В. И. Ленин, Шығармалар, қазақша 5-т., 331—330-беттері. *Ред.*

\*\* — ең басынан. *Ред.*

лып шығуы кешігетінін әбден біле тұрсам да, «Неден бастау керек?» деген мақалада берген уәдемді орындаудың басқаша ешбір мүмкіншілігін табалмағандықтан, осылайша «ұғынысуға» әрекет жасауға бел байладым. Сөйтіп, кітапшаның кешігіп шығуы жөнінде оқушылардан гапу өтінгеннің үстіне кітапшаның әдеби жағынан өңделуі жөнінде де кешірім сұрауыма тура келеді, өйткені жұмысты *барынша асыға* істеуім керек болды, оның үстіне толып жатқан басқа жұмыстар да уақытымды алды.

Жоғарыда көрсетілген үш мәселені талдау, бұрынғыша, кітапшаның ең басты тақырыбы болады, бірақ маған жалпылау екі мәселеден бастауға тура келді, олар: «сын бостандығы» сыяқты «бигүнә» және «табиғи» ұранның да бізге нағыз жауынгерлік дабыл болып отырған себебі не? Социал-демократияның стихиялық бұқара қозғалысы жөніндегі ролі туралы негізгі мәселенің өзінде бір пікірге келе алмай жүруіміздің себебі не? Сонсын, саяси үгіттің сыйпаты мен мазмұны жөніндегі көзқарасты баяндау — тред-юниондық саясат пен социал-демократиялық саясаттың арасындағы айырманы түсіндіру ісіне айналды, ал ұйымдастыру жұмысындағы міндеттеріміз жөніндегі көзқарасты баяндау — экономистерді қанағаттандыратын майдагерлік пен біздің пікірімізше қажет болып отырған революционерлер ұйымының арасындағы айырманы баяндау ісіне айналды. Сонсын, мен жалпыорыстық саяси газет «жоспарын» бұрынғыдан да гөрі қаттырақ жақтаймын, неге десеңіз оған қарсы айтылған пікірлер дәлелсіз болды, бізге қажетті ұйымды бір уақыттың ішінде барлық жағынан қолға алып қалай ұйымдастыра алар едік деп «Неден бастау керек?» деген мақалада қойылған сұрауға шын мәнісінде жауап берушілер аз болды. Ақырында, кітапшаның қортынды бөлімінде мен мынаны көрсетпекпін: экономистерден мүлдем айрылып кетуді болдырмау үшін, біз қолымыздан келген шаралардың бәрін істедік, бірақ бұл айрылысу болмай қоймады; — «Рабочее Дело» ерекше, тіпті «тарихи», маңыз алып, дәйекті экономизмді емес, орыс социал-демократиясының тарихында *тұтас бір дәуірдің* айрықша сыйпаты болып табылатын ыдырау мен ауытқуды өте-мөте толық, өте-мөте айқын суреттеді; — сон-

дықтан, ә дегенде, тым тәптештеп тексеру сыяқты болып көрінсе де, «Рабочее Деломен» айтысудың да маңызы бар, өйткені біз бұл дәуірді біржолата жоймасақ, алға баса алмаймыз.

*Н. Ленин*

Февраль, 1902 ж.

---

## ДОГМАТИЗМ ЖӘНЕ «СЫН БОСТАНДЫҒЫ»

### а) «СЫН БОСТАНДЫҒЫ» ДЕГЕН НЕ?

«Сын бостандығы» деген ұран — күмән жоқ, барлық елдердің социалистері мен демократтарының арасындағы таластарда өте жиі қолданылып жүрген, кәзіргі кезде нағыз сән болып кеткен ұран. Тосыннан қарағанда, таласушылардың бір жағының осылай салтанатты түрде сын бостандығына сүйенуінен артық ғажап нәрсе бола қояр ма екен деп ойлайсың. Еуропалық елдердің көпшілігінің ғылым бостандығы мен ғылыми зерттеу бостандығын қамтамасыз етіп отырған конституциялық заңына қарсы алдыңғы қатардағы партиялардың ішінен де ұншыққаны ма? Қез келген жерде айтыла беретін, сән болып кеткен бұл ұранды есіткен, бірақ таласушылардың арасындағы алауыздықтың мәнісін әлі жете түсіне қоймаған бөгде адамның қай-қайсысы болса да «мұнда бір гәп бар ау!» деуге тиіс. «Бұл ұранның өзі, сірә, бір нәрсеге қойылған ат сыяқты, қолдана бергенсоң үйреншікті болып, жалпы есімге айналып кететін шартты сөздердің бірі болу керек».

Шынында да, жасыратыны жоқ, кәзіргі замандағы халықаралық\* социал-демократияның ішінде екі бағыт

---

\* Айта кетелік. Социализмнің ішіндегі түрліше бағыттардың таласының ұлттық таластан тұңғыш рет интернационалдық таласқа айналуының өзі — ең жаңа социализмнің тарихында бірін-саран дерлік кездесетін, өзінше бір өте-мөте көңіл жұбататын нәрсе. Бұрынғы уақыттарда лассальшылдар мен эйзенахшылдардың<sup>2</sup> арасындағы, гедистер мен поппулистердің<sup>3</sup> арасындағы, фабийшылдар<sup>4</sup> мен социал-демократтардың арасындағы, народоволяшылдар мен социал-демократтардың арасындағы таластар таза ұлттық талас болған еді, таза ұлт өзгешеліктерін бейнелеген еді, былайша

туып отыр; бұл бағыттардың арасындағы күрес бірес қызып, өрттей қаулап, біресе күшті әсер ететіндей «біт су туралы қарарлардың» ықпалымен баяулап, қоламтадай бықсыды. «Ескі, догмалық» марксизмге «сын көзімен» қарайтын «жаңа» бағыттың нендей бағыт екенін барынша айқын түрде Бернштейн *айтып*, Мильеран *көрсетіп* берді.

Социал-демократия әлеуметтік революция партиясына әлеуметтік реформалардың демократиялық партиясына айналуға тиіс деседі. Бұл саяси талапты Бернштейн бір-бірімен тәп-тәуір қыюласқан тізбек-тізбек «жаңа» дәлел пікірлермен лық толтырды. Социализмді ғылым жүзінде негіздеудің мүмкін екендігі мойындалмады, тарихты материалистік жолмен түсіну тұрғысынан қарап социализмнің қажеттілігі мен болмай қалмайтындығын дәлелдеудің мүмкін екендігі мойындалмады; жоқшылықтың, пролетариатқа айналудың өсуі мен капиталистік қайшылықтардың шиеленісуі бекер делінді; «*түпкі мақсат*» туралы ұғымның өзі негізсіз нәрсе деп жарыяланды және пролетариат диктатурасын орнату идеясы қалайда қабылданбады; либерализм мен социализмнің принцип жүзінде бір-біріне қарама-қарсы екені бекер делінді; көпшіліктің тілегіне сәйкес басқарылатын барынша демократиялық қоғамға қолдануға келмейді деп, *тап күресінің теориясы* мойындалмады, т. т.

Сонымен, революциялық социал-демократиядан буржуазиялық социал-реформаторлыққа үзілді-кесілді бет бұру талабы марксизмнің барлық негізгі идеяларын буржуазиялық сынға алуға нақ сондай үзілді-кесілді бет бұрушылықпен қоса қабат қойылып отырды. Ал осы соңғы сынның өзі саяси мінбеден де, университет кафедрасынан да, толып жатқан кітапшаларда да, ғылыми трактаттарда да көптен бері марксизмге қарсы жүргізі-

---

айтқанда, түрлі бағытта шығып отырған еді. Кәзіргі уақытта (енді мұның өзі әбден айқын көрініп отыр) ағылшын фабийшыларды, француз министрналистері, неміс бернштейншілдері, орыс сыншылары, — бұлардың бәрі бір семья, бұлардың бәрі бірін-бірі мақтауда, бірінен бірі үйренуде және бәрі бірігіп «догмалық» марксизмге қарсы жорыққа аттануда. Бәлкім, халықаралық революцияшыл социал-демократия, Европада көптен келе жатқан саяси реакцияны күрту үшін, социалистік оппортунизмге қарсы осы шын мәнісіндегі тұнғыш халықаралық шайқасуда мейлінше нығайып шығатын болар?



ліп келе жатқандықтан, білімді таптардың өсіп келе жатқан жастарының бәрі де ондаған жыл бойына үздіксіз осы сынмен тәрбиеленіп келе жатқандықтан, — міне сондықтан социал-демократиядағы «сыншыл жаңа» бағыттың Юпитердің басынан Минерваның пайда болғаны сыяқты ойда жоқта бірден толық әзір күйінде пайда бола кеткені таңданарлық нәрсе емес. Өзінің мазмұны жағынан бұл бағыттың дамып, қалыптасуына тура келмеді: бұл бағыт турадан-тура буржуазиялық әдебиеттен социалистік әдебиетке көшіріле салынған еді.

Сонсын, Бернштейннің теориялық сыны мен саяси дәмелері кейбіреулерге әлі айқын болмай қалған болса, француздар «жаңа методаны» көзге айқын көрсетіп беруге тырысты. Франция «өзінің тарихында таптар күресін басқа елдің қай-қайсысынан болса да анағұрлым батыл түрде ақырына дейін жеткізіп келген ел» (Маркстің «Der 18 Brumaire»\* деген шығармасына Энгельстің жазған алғысөзінен алынды) деген өзінің ежелгі атағын бұл жолы да ақтады. Француз социалистері теорияға салынуды қойып, турадан-тура қыймыл жасай бастады; Францияның демократия жөніндегі неғұрлым дамыған саяси жағдайлары француз социалистерінің бірден «практика жүзіндегі бернштейншілдікке» көшуіне, соның барлық нәтижесін көруіне мүмкіндік берді. Мильеран осы практика жүзіндегі бернштейншілдіктің айта қалғандай үлгісін көрсетті, — Бернштейннің де, Фольмардың да Мильеранды соншама жан-тәнін сала жақтап, мақтауға кіріскендігі тегін нәрсе емес! Шынында да: егер социал-демократия затында жәй әншейін реформа партиясы болатын болса және мұны ашықтан-ашық батыл мойындауға тиіс болса, — онда социалистің буржуазия министрлігіне енуге праволы екендігі былай тұрсын, ол тіпті осыған әрдайым тырысуға тиіс. Егер демократия дегеніміз затында таптық үстемдікті жою болатын болса, — онда социалистік министрдің таптардың істес болуы туралы сөйленетін сөздермен бүкіл буржуазиялық дүниені аузына қаратпайтын несі бар? Жандармдардың жұмысшыларды қыруы таптардың демократиялық жолмен істес болуының шын сыйпатын жүз рет, мың рет айқын көрсетіп отырғанның соңында да, социалистің ми-

\* — «18-брюмер»<sup>5</sup>. Ред.

нистрлікте қала бермейтін несі бар? Француз социалистері кәзірде басқаша атамай, дарға асудың, қамшының, айдаудың (*knouteur, pendeur et deportateur*) қаһарманы деп атайтын патшаны кұттықтауға социалистің өзі қатнаспайтын несі бар? Ал социализмнің бүкіл дүние жүзі алдында осылай шексіз мұқатылып, өзін өзі қорлауының қаруына алатыны, біздің жеңуімізді қамтамасыз ете алатын бірден-бір негіз болған жұмысшылар бұқарасының социалистік санасының азғындауының қаруына, міне осының қаруына алатыны — мардымсыз реформалар жөніндегі даңқы жер жаратын *жобалар* болмақ, ол реформалардың мардымсыздығы сонша: онсыз-ақ буржуазиялық үкіметтерден көбірек нәрсені алып келген реттер болған!

Кімде-кім біле тұра көзін жұмғысы келмесе, ол адам социализмдегі «сыншыл» жаңа бағыт дегеніміз — *оппортунизмнің* жаңа түрі екенін, одан басқа дәпеңе де емес екенін көрмей тұра алмайды. Егерде адамдарды бағалағанда өздерінің киіп ала қойған, жарқыраған мундиріне қарай бағаламай, өздеріне өздері тағып жүрген әсерлі атақтарына қарай бағаламай, олардың істеп жүрген ісіне қарай, олардың іс жүзінде нені насихаттап жүргеніне қарай бағалайтын болсақ, — онда «сын бостандығының» социал-демократия ішіндегі оппортунистік ағым бостандығы екені, социал-демократияны реформашыл демократиялық партияға айналдыру бостандығы екені, социализмге буржуазиялық идеялар мен буржуазиялық элементтерді сіңіру бостандығы екені айқын көрінеді.

Бостандық — ұлы сөз, бірақ өнеркәсіп бостандығы деген ұранмен нағыз тонаушы соғыстар жүргізіліп келді, еңбек бостандығы деген ұранмен еңбекшілерді талауға салды. «Сын бостандығы» деген сөздің осы күнгі қолданылып жүрген мағынасының да дәл осындай жалған астары бар. Ғылымды өздерінің ілгері бастырғандығына шынымен көзі жеткен адамдар ескі көзқарастармен қатар жаңа көзқарастар бостандығын талап етпес еді, ескі көзқарастардың жаңа көзқарастармен алмастырылуын талап етер еді. Ал осы күнгі «сын бостандығы жасасын!» деген айқай-шу бос бөшке туралы ертегіге өте ұқсас нәрсе.

Біз бір-біріміздің қолымыздан берік ұстап, тобымызды жазбай ойлы-қырлы, қыйын жолмен жүріп келеміз. Біздің айналамыздың бәрі жау, сондықтан бізге әрдайым

дерлік жау оғының астында жүріп отыруға тура келеді. Біз, өз еркімізбен қабылдаған қарар бойынша, атап айтқанда жауларға қарсы күресу үшін, іргеміздегі батпаққа түсіп кетпеу үшін біріккенбіз; батпақты жайлаушылар бізді әуелден-ақ өзіміздің бөлек топ болып бөлініп кеткендігіміз үшін, келісімге келу жолын емес, күресу жолын қалағандығымыз үшін кінәлаған болатын. Ал енді біздің кейбір адамдарымыз: осы батпаққа барайық! деп айқайлай бастайды, — бірақ ондай адамдарды жұрт ұялта бастаған кезде олар: өздеріңіз неткен артта қалған адамдарсыздар! өзіміздің сіздерді жақсы жолға шақыруға ерікті екендігімізді мойындамауларыңыз ұят емес пе! — деп қарсыласа бастайды. — Я, мырзалар, сіздер шақыру түгіл, қалаған жағыңызға кетуге де, тіпті батпаққа түсуге де еріктісіздер; айта берсеңіз біз сіздердің нағыз орындарыңыз сол батпақтың нақ өзі деп білеміз, сондықтан біз *сіздердің* сонда көшіп баруларыңызға шамамыз келгенінше қолғабыс тигізуге де дайынбыз. Тек біздің қолымызды ұстамаңыздар, бізге жармасуларыңызды қойыңыздар және бостандық деген ұлы сөзді былғамаңыздар, өйткені өзіміздің қалаған жағымызға баруға біз де «еріктіміз» ғой, батпаққа қарсы күресу былай тұрсын, сонымен қатар батпаққа қарай бұрылушылармен де күресуге еріктіміз ғой!

#### 6) «СЫН БОСТАНДЫҒЫНЫҢ» ЖАҢА ЖАҚТАУШЫЛАРЫ

Міне, нақ осы ұранды («сын бостандығын») шет елдегі «Орыс социал-демократтары одағының» органы «Рабочее Дело» (№ 10) ең соңғы уақытта насаттанып көтеріп отыр, көтергенде де теориялық постулат ретінде емес, саяси талап ретінде, «шет елдерде істеуші социал-демократиялық ұйымдардың бірігуі мүмкін бе?» деген сұрауға — «Нық бірігу үшін сын бостандығы қажет» (36-бет) деген жауап ретінде көтеріп отыр.

Бұл мәлімдемеден әбден анық екі қортынды туады: 1. «Рабочее Дело» жалпы халықаралық социал-демократиядағы оппортунистік ағымды өз қорғауына алып отыр; 2. «Рабочее Дело» орыс социал-демократиясында оппортунизмге бостандық берілуін талап етіп отыр. Осы қортындыларды қарастырып көрейік.

«Халықаралық социал-демократиядағы *Гора* мен *Жи-*

ронданың екіге айрылып кетуі туралы «Искра» мен «Заряның» сәуегейлік айтуға бейімділігі» «Рабочее Делоға» «өте-мөте» ұнамайды\*.

«Жалпы алғанда — дейді «Рабочее Делоның» редакторы Б. Кричевский — социал-демократияның қатарындағы Гора мен Жиронда туралы әңгімелер бізге үстірт тарихи салыстыру секілді көрінеді, ал марксистің бұлай салыстыруы гажап-ак: Гора мен Жиронда идеолог тарихшылар ойларлықтай әртүрлі темпераменттің немесе әртүрлі ақыл-ой ағымының өкілдері емес, олар әртүрлі таптардың немесе топтардың — бір жағынан, орташа буржуазияның, екінші жағынан, ұсақ мешандар мен пролетариаттың — өкілдері болатын. Ал кәзіргі замандағы социалистік қозғалыста таптық мүдделер соқтығысып отырған жоқ, бұл қозғалыс бүтіндей, өзінің барлық (курсив Б. Кричевскийдікі) түрлері жағынан, тіпті нағыз барып тұрған бернштейншілдерді қосқанда да, — пролетариаттың таптық мүдделерін қорғау тұрғысындағы, пролетариаттың саяси және экономикалық азаттығы жолындағы таптық күресінің тұрғысындағы қозғалыс» (32—33-бет).

Батыл айтылған сөз! Соңғы жылдардағы социалистік қозғалысқа «академиктер» тобының кең қатынасуының өзі бернштейншілдіктің осынша тез таралуын қамтамасыз еткендігін, әлдеқашан байқалған осы фактыны Б. Кричевский есітпеді ме екен? Ең бастысы: «нағыз барып тұрған бернштейншілдер» де пролетариаттың саяси және экономикалық азаттығы жолындағы тап күресінің тұрғысында деген өз пікірін біздің автор немен дәлелдейді? Бұл белгісіз. Нағыз барып тұрған бернштейншілдерді үзілді-кесілді жақтаушылықты қыйсынды ететін ешқандай дәлелдер де, ешқандай пікірлер де жоқ. Сірә, автор: нағыз барып тұрған бернштейншілдердің өздері туралы айтқанын қайталасам болғаны, өз сөздерімді дәлелдеп жатудың керегі жоқ — деп ойлайтын шығар. Бірақ осы бағыттың өкілдерінің өздері жайында айтқандарына сүйеніп, бүкіл бір бағыт туралы осылайша

---

\* Революцияшыл пролетариаттағы екі ағым (революциялық ағым мен оппортунистік ағым) XVIII ғасырдағы революцияшыл буржуазиядағы екі ағыммен (якобиндік ағым — «Гора» — және жирондистік ағым) «Искраның» 2-номеріндегі (февраль, 1901 жыл) басмақалада салыстырылған болатын. Бұл мақаланың авторы — Плеханов. Орыс социал-демократиясындағы «якобиндік» туралы сөз қылуды кадеттер де, «беззаглавиешілдер»<sup>6</sup> де, меньшевиктер де осы күнге дейін өте жақсы көреді. Ал Плехановтың бұл ұғымды тұңғыш рет социал-демократияның оңшыл қанатына қарсы қолданғаны туралы олар бұл күнде үндемей қалуды немесе... ұмытып кетуді мақұл көреді. (1907 жылғы басылуына автордың жазған ескертуі. *Ред.*)

он пішуден өткен «үстірттікті» ойлап табуға болар ма? Партия дамуының әртүрлі, тіпті тікелей карама-қарсы кі тәрпаты немесе екі жолы туралы одан әрі айтылған моральдан» өткен («Рабочее Делоның» 34—35-беттері) стірттікті ойлап табуға болар ма? Неміс социал-демократтары толық сын бостандығын мойындайды екен, ал француздар мойындамайтын көрінеді, нақ осылардың үлгісі «төзбестіктің» барынша, «зыянды» екенін көрсетеді-мыс.

Нақ Б. Кричевскийдің үлгісі — дейміз біз бұған — тахқа тура «Иловайскийше»<sup>7</sup> қарайтын адамдардың да ейде өздерін марксистік деп атайтынын көрсетеді. Герман социалистік партиясының бірлігін, француз социалистік партиясының бытыраңқылығын түсіндіру үшін екі елдің әрқайсысының тарихындағы өзгешеліктерді қазбаудың, әскери жартылай абсолютизм мен республикалық парламентаризмнің жағдайларын салыстырудың, Коммунаның және социалистер туралы ерекше заңның алдырған әсерін талдаудың, экономикалық тұрмыс пен экономикалық дамуды салыстырудың, «герман социал-демократиясының орасан өсуі» социализм тарихындағы орасан қажырлы күреспен — тек теория жүзінде (Мюльергер, Дюринг\*, катедер — социалистер<sup>8</sup>) адасқандықтарға ғана қарсы жүргізіліп қоймай, тактика жүзінде Лассаль) адасқандықтарға да қарсы жүргізілген күреспен ұштасып отырғандығын еске түсірудің, тағысын-тағылардың түк қажеті жоқ. Мұның бәрі керексіз! Фран-

\* Энгельс Дюрингке қарсы шыққан кезде, герман социал-демократиясының бірталай өкілдері Дюрингтің пікіріне бейімделді, онда: қатты айтыпты, төзімсіздік көрсетіпті, айтысты жолдастыққа жатпайды деген сыяқты айыптар тіпті партия съезінің өзінде-ақ сұрттың көзінше Энгельстің үстіне жауып жатты. Мост өзінің жолдастарымен бірге (1877 жылғы съезде): Энгельстің мақалалары «жушылардың орасан көпшілігі үшін қызғылықты емес», сондықтан бұларды «Vorwärts» («Алға». Ред.) газетінен алып тастау керек деп ұсыныс енгізді, ал Вальтейх (Vahlteich) — бұл мақалалардың басылуы партияға үлкен зыян келтірді, Дюринг те социал-демократияға еңбек сіңірді ғой дегенді айтты: «біз партияның мүдделеріне тиімді нәрсенің бәрін пайдалануға тиіспіз, ал егер профессорлар таласатын болса, онда «Vorwärts» әсте мұндай таастардың орны емес» («Vorwärts», 1877, № 65, 6-июнь). Көріп отырсыздар, бұл да «сын бостандығын» жақтағандықтың үлгісі; емістердің үлгісін дәлел етуге өте жаны құмар жарыя сыншыларымыз бен құпия оппортунистеріміз осы үлгі туралы ойланса тегіс болмас еді!

цуздардың таласатын себебі — олар төзімсіз, немістердің ынтымақты болатын себебі — олар ақылды балалар.

Естеріңізде болсын, бернштейншілдерді жақтаушылықты бүтіндей теріске шығаратын факт осы теңдесі жоқ терең пікір арқылы «қабылданбай» отыр. Олар пролетариаттың тап күресінің тұрғысында тұр ма, бұл мәселені тарихи тәжірибе арқылы ғана түпкілікті, біржолата шешуге болады. Демек, бұл жөнде нақ Францияның үлгісі өте-мөте маңызды, өйткені өздерінің неміс сыбайластарының (шінара орыс оппортунистерінің де; — салыстырыңыз: «Рабочее Дело» № 2—3, 83—84-бет) қызу мақұлдауымен бернштейншілдердің дербес аяқ басуға талпынған бірден-бір елі осы Франция. Француздардың «көнімсіздігі» жөніндегі сылтау — өзінің «тарихи» (ноздревтік мағнада) маңызы бар екенін былай қойғанда — өте қолайсыз фактыларды ызғарлы сөздермен бүркеуге тырыскандықты ғана көрсетеді.

Б. Кричевскийге, «сын бостандығын» жақтаушы басқа да толып жатқан адамдарға біз әсте немістерді де басы бүтін бере қоймақшы емеспіз. Егер «нағыз барып тұрған бернштейншілдердің» әлі де герман партиясының қатарында жүруіне төзімділік көрсетіліп отырған болса, оның себебі тек қана мынау: Бернштейннің «түзетулерін» үзілді-кесілді қабылдамай тастаған Ганновер қарарына<sup>9</sup> да, Бернштейнге (барынша дипломатиялық түрде болса да) тікелей ескерту жасаған Любек қарарына да олар бағынуда. Неміс партиясы мүдделерінің тұрғысынан қарағанда, дипломатиялықтың қаншалық орынды екені туралы, бұл ретте жақсы даудан жаман бітім артық па деген мәселе жөнінде таласуға болар, бір сөзбен айтқанда бернштейншілдікті теріске шығарудың қай *әдісі* қолайлы деп таласуға болар, бірақ герман партиясының бернштейншілдікті екі рет *теріске шығарған* фактысын көрмей кетуге болмайды. Сондықтан «нағыз барып тұрған бернштейншілдер де пролетариаттың саяси және экономикалық азаттығы жолындағы тап күресінің тұрғысында» деген тезисті немістердің үлгісі растайды деп ойлау барша жұрттың көз алдында болып жатқан оқыйғаны мүлде түсінбегендік болады\*.

\* Айта кету керек, герман партиясындағы бернштейншілдік туралы мәселе жөнінде «Рабочее Дело» әрдайым фактыларды жалпақ баяндаумен ғана тынып отырды, ал оларды өзінше бағалау-

Ол ол ма. «Рабочее Дело», біздің жоғарыда айтқанымыздай, *орыс* социал-демократиясынан «сын бостандығын» талап етіп, бернштейншілдікті қорғап отыр. Сірә, ол біздің «сыншыларымызды» және бернштейншілдерді бізде нақақ жәбірледі деп ұғынатын болса керек. Нақ кімдерді? кім? қайда? қашан? қалайша нақақ жәбірлепті? — Бұл туралы «Рабочее Дело» үндемейді, бірде-бір орыс сыншысын, бірде-бір бернштейншілді бір рет те ауызға алмайды! Бізге тек ықтығымал екі жорамалдың бірін айтуға ғана тура келеді. *Не* нақақ жәбірленген жәк — баска ешкім де емес, «Рабочее Делоның» дәл өзі (бұған дәлел — оныншы номеріндегі екі мақаланың екеуінде де «Заря» мен «Искраның» «Рабочее Делоның» жәбірлегені ғана айтылады). Онда бернштейншілдік атаулымен пікірлес болу дегенді үнемі сонша қарысып мойнына алмай келген «Рабочее Делоның» «нағыз барып тұрған бернштейншілдер» үшін және сын бостандығы үшін бір ауыз сөз айтпайынша өз басын қорғай алмаған өрескелдігін не деп түсінуге болады? *Не* нақақ жәбірленгендер баска бір үшінші адамдар болар. Онда, олар туралы үндемей қалуға қандай дәлел бар?

Сөйтіп, біз «Рабочее Дело» өзі құрылған кезінен бастап ойнап келе жатқан жасырынбағын (мұны біз төменде көрсетпекпіз) әлі де ойнап отырғанын көреміз. Бұдан кейін, оның мақтаулы «сын бостандығын» осы *тұңғыш* рет іс жүзінде қолданғанына назар салыңыз. Іс жүзінде бұл «сын бостандығы» ешқандай сынның жоқ екендігін көрсетті, ол былай тұрсын, тіпті жалпы дербес пікір ай-

дан барынша «тартынып» келді. Мәселен, оның 2 — 3-номеріндегі 66-бетте Штутгарт съезі<sup>10</sup> туралы жазғанын қараңыз; алауыздықтардың бәрі тек «тактикада» ғана делінген және орасан көпшіліктің бұрынғы революциялық тактиканың жолында екендігі ғана айтылған. Немесе 4—5-номерінің 25 және келесі беттерін қараңыз, онда — Бебельдің қарарын келтіріп, Ганновер съезінде сөйленген сөздерді ғана жай баяндап қойған; Бернштейннің пікірін баяндау және оны сынау тағыда (2 — 3-номердегідей) «ерекше мақала» жазылғанға дейін кейінге қалдырылған. Таңғажайып нәрсе, 4—5-номерінің 33-бетінде: «...съездің орасан көпшілігі Бебельдің баяндаған көзқарасы жағында» делінген, ал одан азғанадан соң былай делінген: «...Давид Бернштейннің көзқарасын жақтады... ол бәрінен бұрын Бернштейннің және оның достарының не дегенмен де (*sic!*) (солай! *Ред.*) тап күресінің тұрғысында... екенін көрсетуге тырысты»... Бұл 1899 жылдың декабрінде жазылған болатын, ал 1901 жылдың сентябрінде «Рабочее Дело», шамасы, Бебельдің пікірінің дұрыстығына нанудан қалса керек, Давидтың көзқарасын өзінің көзқарасындай етіп қайталап отыр!

тушылықтың да жоқ екенін көрсетті. Орыс бернштейншілдігін (Старовердің<sup>11</sup> тауып айтқанындай) бейнебір құпия аурудай көріп ауызға алмай отырған «Рабочее Делоның» бұл ауруды жазу үшін осы неміс ауруының өзгеше бір түріне қарсы немістердің қолданатын соңғы емін *бұлжытпай көшіріп* алуды ұсынып отыр! Сын бостандығының орнына — құлдарша... одан да сорақы: маймылша еліктеушілік болып шығып отыр! Осы күнгі интернационалдық оппортунизмнің біркелкі әлеуметтік-саяси мазмұны белгілібір түрінде, ұлт өзгешеліктеріне сәйкес көрініп отырады. Бір елде оппортунистер тобы баяғыдан бері ерекше бір ұранмен бой көрсетіп келді, екінші бір елде оппортунистер, практика жүзінде социал-радикалдардың саясатын іске асырып, теорияны менсінбей келді, үшінші бір елде революцияшыл партияның бірнеше мүшесі оппортунизм лагеріне қашып шықты, сөйтіп, өз мақсаттарына принцип жолындағы, жаңа тактика жолындағы ашық күрес арқылы жетуді көздемей, өз партиясын бірте-бірте, елеусіз жолмен, былайша айтқанда жазаға ілікпес жолмен азғындату арқылы жетуді көздейді, төртінші бір елде нақ осындай қашқындар дәл осы әдістерді саяси құлдықтың қараңғы түкпірлерінде, «жарыя» қызмет пен «құпия» қызметтің т. б. мүлде ерекше қарым-қатынасында қолданады. Орыс социал-демократтарын біріктіру шарты есебінде сынға және бернштейншілдікке бостандық беру туралы сөз көтеруге бел байлау, бірақ осының өзінде *орыс* бернштейншілдігінің неде екенін, оның қандай өзгеше жемістер бергендігін талдамай кету — ештеңе айтпау үшін ғана сөйлегендік болады.

«Рабочее Делоның» айтқысы келмегендерін (бәлкім, ұғына да алмағандарын) бір, екі ауыз сөзбен болса да өзіміз айтып көрелік.

#### в) РОССИЯДАҒЫ СЫН

Осы қаралып отырған мәселе жөнінде Россияның негізгі өзгешелігі мынау: бір жағынан, стихиялық жұмысшы қозғалысының, екінші жағынан, алдыңғы катардағы қоғамдық пікірдің марксизмге қарай бет бұруының ең бастапқы кезінің өзі көрер көзге әртекті элементтердің бір ұран көтеріп, ортақ жауға қарсы (ескірген әлеуметтік-саяси көзқарасқа қарсы) күресу үшін бірігуімен бастала-



ды. Біз бұл жерде «жарыя марксизмнің» желегі желкілдеп тұрған кезі туралы айтып отырмыз. Мұның өзі, жалпы алғанда, өте бір ерекше оқығға болған еді, бұл оқығғаның туу мүмкіндігінің өзіне 80-жылдарда немесе 90-жылдардың бас кезінде тіпті ешкім нанбаған да болар еді. Баспасөз мүлдем тізгінделген самодержавиелі әлде, саяси наразылық пен қарсылықтың тіптен болар болмас бастамаларын қудалаған сұрапыл саяси реакция заманында — қыйын Эзоп тілімен, бірақ «көңіл қоюшылардың» бәріне де түсінікті тілмен баяндалған революцияшыл марксизм теориясы *цензурадан өтетін* әдебиетте кенеттен өзіне жол салды. Үкімет народволяшылдардың (революцияшыл народволяшылдардың) теориясын ғана қауіпті деп есептеуге дағдыланып, әдетте, ол теорияның ішкі эволюциясын ұғынбады, сол теорияға қарсы бағытталған сын атаулының бәріне де қуанатын болды. Үкімет есін жыйнағанша, цензорлар мен жандармдардың зілді армиясы жаңа жауды іздеп тауып, оған соққы бергенше талай уақыт (біздің орысша есептегенде) өтіп кетті. Ал осы уақыттың ішінде марксистік кітаптардың бірінен соң бірі шығып жатты, марксистік газеттер мен журналдар ашылып жатты, жұрттың бәрі де жанатармағай марксист бола бастады, марксистерге жұрт жағына бастады, марксистердің асты-үстіне түсе бастады, кітап шығарушылар марксистік кітаптардың әбден өтімділігін мақтаныш етті. Осындай буалдырға шырмалған жаңа марксист болып келе жатқандардың ішінде бір емес, талай «менменсінген жазушының» кездескені әбден түсінікті...<sup>12</sup>

Кәзіргі уақытта бұл дәуірді сөз қылғанда бұрын өткен дәуір ретінде аспай-саспай сөз қылуға болады. Біздің әдебиетіміздің бетінде марксизмнің азғана уақыт гүлденуі, әсіре адамдардың тым баяу адамдармен одактасуынан туғандығы ешкімге де жасырын сыр емес еді. Асылына келгенде, бұл баяу адамдар буржуазиялық демократтар еді, «одақтың»\* шырқы бұзылмай тұрған кезінде-ақ кейбір адамдардың алдында осындай қыртынды

\* Бұл жерде, К. Тулиннің Струвеге қарсы жазылған, «Марксизмнің буржуазиялық әдебиетте суреттелуі» деген тақырыпты рефератынан кұрастырылған мақаласы (қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 1-том, 361—562-беттері. *Ред.*) сөз болып отыр. (1907 жылғы басылуына автордың жазған ескертуі.. *Ред.*)

(демократтардың бұдан былайғы «сын жолымен» дамуы әбден айқын нығыта түскен қортынды) туғандай еді.

Ал олай болса, бұдан кейінгі «лайсанға» болашақ «сыншылармен» осылай одактасып кеткен революцияшыл социал-демократтар көбірек жауапкер емес пе екен? Іске өте-мөте тікесі қарайтын адамдардан кейде осындай сұрауды естуге тура келеді, естігенде, оған мақұлдап берілген жауабымен қоса естуге тура келеді. Бірақ бұл адамдардың мұнысы мүлде дұрыс емес. Тіпті сенімсіз адамдармен болса да уақытша одактасудан тек өзіне өзі сенбеген адам ғана қорқады, мұндай одақсыз саяси партияның бірде-біреуі өмір сүре алмас еді. Ал жарыя марксистермен бірігу орыс социал-демократиясының өзінше бір тұңғыш рет жасасқан нағыз саяси одағы еді. Халықшылдықты тым тез жеңуге, марксизм идеяларының (түрпайыланған түрде болса да) орасан етек алып таралуына осы одақтың арқасында қол жеткен еді. Оның үстіне одақтың өзі де ешбір «шартсыз» жасалған еместі. Бұған дәлел: 1895 жылы цензура өртеп жіберген: «Россия шаруашылығының дамуы туралы мәселе жөніндегі материалдар»<sup>13</sup> деген марксистік жыйнақ. Егерде жарыя марксистермен әдебиет жөнінде жасалған келісімді саяси одактасумен теңеуге болатын болса, онда бұл кітапты саяси шартпен теңеуге болады.

Әрине, ажырасу «одақтастардың» буржуазиялық демократтар болып шыққандығынан туған жоқ. Қайта, бұл соңғы бағыттың өкілдері — социал-демократияның табиғи және қалаулы одақтастары, өйткені әңгіме Россияның кәзіргі халі бірінші кезекке қойып отырған социал-демократияның демократиялық міндеттері туралы болып отыр. Бірақ мұндай одактасудың қажетті шарты — жұмысшы табының мүдделері мен буржуазия мүдделерінің бір-біріне дұшпандық қарама-қарсы екенін жұмысшы табына ашып беріп отыруына социалистерге толық мүмкіндік беру болып табылады. Ал жарыя марксистердің көпшілігі жапатармағай ұмтылған бернштейншілдік пен «сыншыл» бағыт бұл мүмкіншілікті жойып, социалистік сананы азғындатты, азғындатқанда марксизмді кірлей отырып, әлеуметтік қайшылықтардың мұқалу теориясын насихаттай отырып, әлеуметтік революция мен пролетариат диктатурасы идеясын бос сергелден деп жарыялай отырып, жұмысшы қозғалысы мен тап

күресін өрісі тар тред-юнионизмге, бірте-бірте болатын ұсақ реформалар жолындағы «реалистік» күреске айналдыра отырып азғындатты. Мұның өзі социализмнің өз алдына дербес болуға праволы екендігін, демек, оның өмір сүруге праволы екендігін буржуазиялық демократияның мойындамауымен әбден бара-бар нәрсе болды; мұның өзі басталып келе жатқан жұмысшы қозғалысын іс жүзінде либералдардың күйыршығына айналдыруға тырыскандық болды.

Әрине, мұндай жағдайда ажыраспасқа болмады. Бірақ Россияның «ерекше» өзгешелігі мынадан көрінді: бұл ажырасу неғұрлым жұрттың бәрінің қолы жететін неғұрлым кең тараған «жарыя» әдебиеттен социал-демократтардың жәй ғана аулактатылғандығын көрсетті. Бұл әдебиетте «сын ұранын» көтерген және марксизмді «сөгуге» түгел дерлік монополия алған «бұрынғы марксистер» бекем орнығып алды. «Ортодоксияға қарсы шығындар», «сын бостандығы жасасын» деген ұрандар (кәзір «Рабочее Дело» қайталап жүрген ұрандар) бірден сән сөзге айналып алды, сөйтіп бұл сән сөздерге жандармдары бар цензорлар да қарсы тұра алмады, мұның өзі әйгілі (Геростратша әйгілі) Бернштейннің кітабының орыс тілінде *үш рет* басылып шығуы сыяқты немесе Бернштейннің, Прокопович мырзаның, тағы басқалардың кітаптарын Зубатовтың жұртқа ұсынуы («Искра» № 10) сыяқты фактылардан көрініп отыр. Енді социал-демократтарға өздігінен де ауыр міндет, оның үстіне таза сыртқы кедергілер арқылы онан да бетер ауырлай түскен міндет, жаңа ағымға қарсы күресу міндеті жүктеліп отыр. Ал бұл ағым әдебиет жағымен тынып қойған жоқ. «Сынға» бет бұру практик социал-демократтардың ат салыса «экономизмге» бой ұруымен қосарлана жүріп отырды.

Жарыя сын мен кұпия экономизмнің бір-бірімен байланысының және өзара тәуелділігінің қалай туып, қалай күшейгендігі, бұл қызғылықты мәселенің өзі өзінше бір мақалаға тақырып болар еді. Біз бұл жерде осы байланыстың сөзсіз бар екендігін атап өтсек те жетіп жатыр. Атышулы «Credo»\* осы байланысты ашықтан-ашық тұжырымдап және «экономизмнің»: жұмысшылар экономикалық күресті жүргізе берсін (тред-юниондық күресті

\* — наным шарты, программа, дүние тану баяны. Ред.

жүргізе берсін деу дәлірек болған болар еді, өйткені тред-юниондық күрес өзіне ерекше жұмысшы саясатын да қамтып отырады), ал марксистік интеллигенция саяси «күрес» жүргізу үшін либералдармен қосылысатын болсын деген саяси беталысын айтып салды, міне сондықтан да ол атышулы деген өзіне сай әйгілі даңыққа ие болып отыр. «Халық ішіндегі» тред-юниондық жұмыс осы міндеттің бірінші жартысының, ал жарыя сын — екінші жартысының орындалуы болып шықты. Бұл мәлімдеме экономизмге қарсы қолдануға болатын сондай тамаша құрал еді, тамашалығы сонша — егер «Credo» болмаса, онда ол мәлімдемені ойлап шығаруға тура келер еді.

«Credo» ойдап шығарылмаған еді, ол өзінің авторларының тілегінен тысқары, бәлкім, олардың тілегіне қарсы жарыяланған еді. Қалайда, осы сөздерді жазып отырған, жаңа «программаны»\* жарық дүниеге шығару ісіне қатнаскан адамның мыналарды: шешендердің көзқарастарының өздері жасаған қысқаша қортындысы көшірме түрінде жұртқа таратылып жіберіліпті, оған «Credo» деген атақ таңылыпты, онымен қоймай, тіпті оған жазылған қарсылықпен бірге баспасөзде де жарыяланыпты деген шағымдар мен жазғыруларды естуіне тура келді! Біздің бұл оқыйғаны сөз қылып отырған себебіміз — бұл оқыйға біздің экономизмнің өте-мөте бір қызықты қасиетін: жарыялықтан қорқатындығын ашып беріп отыр. Мұның өзі атап айтқанда жалпы экономизм атауының белгісі, жалаң «Credo» авторларының ғана белгісі емес: экономизмнің нағыз тура, нағыз адал жақтаушысы болған «Рабочая Мысль» да, «Рабочее Дело» да («Vademecum-де»\*\* «экономистердің» документтерінің жарыялануына наразы бола отырып), бұдан

\* Әңгіме «Credo-ға» 17 адамның жазған қарсылығы туралы болып отыр. Осы сөздерді жазып отырған адам сол қарсылықты жазуға қатысқан болатын (1899 жылдың ақырында)<sup>14</sup>. Қарсылық «Credo-мен» бірге 1900 жылдың көктемінде шетелде басылып шыққан болатын. (Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 4-том, 171 — 186-беттері. *Ред.*) Кәзіргі кезде Кускова ханымның мақаласынан («Былое-дегі»<sup>15</sup> мақаласы болар) «Credo-ның» авторы сол Кускованың өзі екені мәлім де болып отыр, ал сол кездегі шетелде жүрген «экономистердің» арасынан ең көрнекті роль атқарғаны Прокопович мырза болатынды. (1907 жылғы басылуына автордың жазған ескертуі. *Ред.*)

\*\* — «Жол көрсеткіште»<sup>16</sup>. *Ред.*

екі жыл бұрын өзінің «Profession de foi-ың»\* оған қарсы жазылған жауаппен бірге жарыялауға рұхсат өткісі келмеген Киев комитеті де\*\*, экономизмнің тіптен толып жатқан кейбір жеке өкілдері де өздерінде осы белгінің бар екендігін көрсетті.

Сын бостандығын жақтаушылардың осы сыннан қорқуын жалаң ғана қулық-айламен істеліп отыр деуге болмайды (рас, кейде, қулық-айла да жасамай қоймайды, бұған дау жоқ: жаңа бағыттың әлі бұғанасы қатая қоймаған бастамаларын дұшпандардың қысымына салудан келер пайда жоқ!). Жоқ, олай емес, экономистердің көпшілігі теориялық талас атаулының, фракциялық алауыздық атаулының ірі саяси мәселе атаулының революционерлерді ұйымдастырып отыру жобаларының бәріне де, т. с. шын ықыласымен теріс қарайды (экономизмнің шын мәні бойынша да осылай қарауға тиіс). Дәйекті деген экономистердің бірі маған: «осының бәрін де шетелге беріп қояр ма еді!» — деді бір күні, мұнымен ол адам өте-мөте көп тараған (тағыда таза тред-юниондық) мына көзқарасты білдірді: біздің қолға алатын ісіміз — жұмысшы қозғалысы, осындағы, өз жеріміздегі, жұмысшы ұйымдары, ал бұдан басқасы — доктринерлердің ойдан шығарған нәрселері, «идеологияны асыра бағалағандық»; «Искраның» 12-номерінде жарыяланған хаттың авторлары «Рабочее Делоның» 10-номеріне үн қосып осылай деген болатын.

Енді мынадай сұрау туады: орыс «сыны» мен орыс бернштейншілдігінің осындай өзгешеліктері болған соң, сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде оппортунизмге дұшпан болғысы келетіндердің міндеті не болу керек еді? Біріншіден, жарыя марксизм заманында жана-жаңа ғана туа бастаған, кәзір тағыда кұпия қайраткерлерге жүктеліп отырған теориялық жұмысты қайтадан жаңғыртудың қамына кірісу керек еді; мұндай жұмыс жүргізбейінше қозғалыстың ойдағыдай ұлғаюы мүмкін емес еді. Екіншіден, ақыл-ойды әбден аздырған жарыя «сынға» қарсы белсене күресу қажет еді. Үшіншіден, біздің программamız бен біздің тактикамызды қасақана немесе білмегендіктен кемітуге әрекеттенудің қандайын болса да әш-

---

\* — наным шарты, программа, дүние тану баяны<sup>17</sup>. *Ред.*

\*\* Біздің білуімізше, одан бері Киев комитетінің құрамы өзгерді.

көрелеп, теріс деп тауып, практикалық қозғалыстағы адасқандыққа, солқылдақтыққа белсеніп қарсы шығу керек еді.

«Рабочее Дело» осының біріншісін де, екіншісін де, үшіншісін де істемегені жұртқа мәлім, сондықтан төменде жұртқа белгілі осы ақыйқатты біздің барлық жағынан толық анықтауымызға тура келеді. Ал кәзір біз тек мынаны ғана: «сын бостандығын» талап етушіліктің отандық сынымыз бен орыс экономизмінің өзгешеліктеріне қандайлық адам айтқысыз қайшы келіп отырғанын көрсеткіміз келеді. Шынында да, «Орыс социал-демократтарының шетелдегі одағының» «Рабочее Делоның» көзқарасын қуаттаған қарарының текстіне қараңыз:

«Социал-демократияның бұдан былайғы идеялық дамуының қамы үшін біз социал-демократиялық теорияның партиялық әдебиетте сыналудына бостандық болуын сөзсіз қажетті деп таныймыз, өйткені бұл сын социал-демократиялық теорияның таптық және революциялық сыйпатына қайшы келмейді» («Екі съезд», 10-бет).

Дәлелі дәлел-ақ емес пе: қарар «өзінің бірінші бөлімінде Любек партейтагының Бернштейн жөніндегі қарарына сәйкес келеді»... Аңқау байғұс «одақтастар» осы көшірмесімен өздерінің *testimonium poenitentis* (бишаралығын куәландырып) қол қойып отырғанын сезбейді де!.. «Бірақ... екінші бөлімінде Любек партейтагынан гөрі сын бостандығын неғұрлым тежей түсіп отыр».

Сөйгіл, «Одақтың» қарары орыс бернштейншілдеріне қарсы бағытталған? Олай болмаған күнде Любекті дәлелге алу әбден масқарашылық болған болар еді! Бірақ бұл қарар «сын бостандығын тежей түсіп отыр» деу дұрыс емес. Немістер өздерінің Ганноверде алған қарарында Бернштейннің енгізген түзетулерінің *нақ өзін* пункт сайын қабылдамай тастап отырды, ал Любекте алған қарарында Бернштейннің атын қарарда атап көрсетіп, *Бернштейннің өз басын* сақтандырған болатынды. Ал біздің «ерікті» еліктегіштеріміз дербес орыс «сыны» мен орыс экономизмінің *бірде-бір* көрінісін аңғартарлықтай *бірауыз* сөз айтпай отыр; бұлай үндемей отырғанда, әсіресе егер «Одақ» «экономизм дейтінді» («Екі съезд», 8-бет, 1-пунктке) оппортунизмге жатқызудан бас тартатын болса, теорияның таптық және революциялық сыйпатын жәй ғана көрсету мәселеге теріс мән беруге анағұрлым көбірек орын қалдырады. Алайда, бұл мәселені жол-жөнекей ғана қозғап отырмыз. Ал мәселенің

бастысы мынау: Германия оппортунистері мен Россия оппортунистерінің революцияшыл социал-демократтар жөніндегі позициялары бір-біріне мүлде қарама-қарсы келеді. Жұртқа мәлім Германиядағы революцияшыл социал-демократтар кәзіргі қолда барын сақтап қалғылары келеді: жұрттың бәріне мәлім болған, ондаған жылдардың тәжірибесі арқылы барлық егжей-тегжейі әбден түсіндірілген ескі программа мен ескі тактиканы сақтап қалғылары келеді. Ал «сыншылардың өзгеріс енгізгілері келеді, бірақ бұл сыншылар өте аз болғандықтан, олардың ревизионистік талаптары тым жүрексіз талап болғандықтан көпшіліктің «жаңалық істерді» жәй ғана қабылдамай тастаумен қанағаттанатындығының себебін түсіну қыйын емес. Ал біздің Россиядағы сыншылар мен экономистер болса, бұлар кәзіргі қолда барды сақтағылары келеді: «сыншылардың» тілейтіні: өздерін марксист деп санай берсе екен дейді және өздерінің осыған дейін қай мағнада болса да пайдаланып келген «сын бостандығын» өздеріне беріп қойса екен дейді (өйткені олар, асылына келгенде, ешқашанда *партиялық* байланыстың ешбірін мойындаған емес\*, бізде, ақыл айту арқылы болса да сын бостандығын «тежей» алатын жалпы жұрт таныған партиялық органның өзі де болып көрген емес); экономистердің тілейтіні: «кәзіргі қозғалыстың толық праволы» екенін («Рабочее Дело» № 10, 25-бет), яғни кәзіргі өмір сүріп тұрған қалыптың өмір сүруінің «занды» екенін революционерлер мойындаса екен дейді; қозға-

\* Осы ашықтан-ашық партиялық байланыс пен партиялық дәстүрдің жоқтығының бір өзі-ақ Россияның Германиядан ең негізгі айырмашылығы, әрбір есі бүтін саналы социалисті босқа еліктеуден сақтандыруға тиіс болатын айырмашылығы болып табылады. Ал енді Россияда «сын бостандығының» нендей дәрежеге дейін барғандығының мына бір үлгісін келтірейін. Орыс сыншысы Булгаков мырза Австрия сыншысы Герцті былай деп сөгеді: «Өзінің қортындылары қаншама тәуелді болмағанымен, Герц бұл пунктте (кооперация туралы), сірә, өз партиясының пікірлерінен әлде де ешбір қол үзе алмай отыр, мәселенің егжей-тегжейі жөнінде ажырасқанымен, жалпы принциптен қол үзуге батылы бармай отыр», («Капитализм және егіншілік», II том, 287-бет). Саяси құлдықтағы мемлекеттің, саяси бишаралық және партиялық намыс пен партиялық байланысты мүлде түсінбегендік халқының 999/1000 бөлегін әбден азғындатқан мемлекеттің адамы, конституциялық мемлекеттің азаматын, «партия пікірлерінен» тіптен «қол үзе алмай» отырғандығы үшін такаббарлықпен балағаттап отыр-ау! Біздің құпия ұйымдарымызға енді сын бостандығы туралы қарар жазғаннан басқа не қалды екен...

лыстың бағыты «материалық элементтер мен материалық ортаның өзара қыймыл жасауымен белгіленеді» («Искраның» 12-номерінде басылған «хат»), «идеологтар» қозғалысты сол бағытынан «тайдыруға» ұмтылма-са екен дейді; олар «кәзіргі жағдайда жұмысшылардың жүргізе алатын күресін» ғана жүргізуді қажет деп таныса екен, ал мүмкін болатын күрес деп «жұмысшылардың дәл кәзіргі жүргізіп жатқан күресін» («Рабочая Мысльдың» бөлек қосымшасы», 14-бет) таныса екен дейді. Қайта, бұған керісінше, біздер революцияшыл социал-демократтар, стихиялыққа бұлай бас июге, яғни «дәл кәзірде» қолда бар нәрсеге бас июге ырза емеспіз; біз соңғы жылдарда үстем болып келген тактиканың өзгертілуін талап етеміз, біз: «бірігуден бұрын және бірігу үшін ең алдымен батыл және айқын түрде ажырасу керек» («Искраның» шығарылуы жөніндегі құлақтандырудан) дейміз\*. Қысқасы, немістер өзгеріс енгізуді қабылдамай, кәзіргі қалыпта қалу жағында; біз кәзіргіні өзгертуді талап етеміз, кәзіргінің алдына бас ие алмаймыз және онымен ымыраға келе алмаймыз.

Біздің «ерікті» кешірімпаздарымыз неміс қарарының осы «сәл ғана» айырмашылығын байқамапты ғой!

#### г) ЭНГЕЛЬС ТЕОРИЯЛЫҚ КҮРЕСТІҢ МАҢЫЗЫ ТУРАЛЫ

«Пікірді зорлап шырмағандық үшін болмай қалмайтын жаза» — «догматизм, доктринерлік», «партияның катыпсенуі», — мінеки «Рабочее Делодағы» «сын бостандығын» жақтаушылардың батырларша аттанатын жаулары осылар. Бұл мәселенің күн тәртібіне қойылуына біз өте қуанамыз, тек мұны:

Сонда судьялар кім болмақ? — деген тағы бір мәселемен толықтырса дер едік.

Біздің алдымызда әдебиет баспасы туралы екі құлақтандыру жатыр. Бірі — Орыс социал-демократтары Одағының мезгіл-мезгіл шығын туратын органы «Рабочее Делоның» программасы» («Рабочее Делоның» 1-номерінің оттискісі). Екіншісі — «Еңбекті азат ету» тобы баспасөзінің қайтадан шыға бастауы туралы құлақтандыру». Бұл екі документтің екеуі де 1899 жылғы, «марксизмнің кризисі» әлдеқашан-ақ күн тәртібіне қойылған

\* Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 4-том, 372-бет. *Ред.*



кездегі документтер. Сонда ше? Бұл шығармалардың алғашқысынан осы қалыпты көрсеткенін және бұл мәселе жөнінде жаңа органның ұстайтын жолы қандай болатынын іздеуіңіз бекер болған болар еді. Теориялық жұмыс жөнінде және оның осы күнгі толғағы жеткен міндеттері жөнінде бұл программада да, «Одақтың» 1901 жылғы үшінші съезі қабылдаған программа қосымшаларында да бір ауыз сөз жоқ («Екі съезд», 15—18-беттер). Теориялық мәселелер бүкіл дүние жүзіндегі барлық социал-демократтардың көңілін бөлген мәселе бола тұрса да, осы уақытқа дейін «Рабочее Делоның» редакциясы теория мәселелерін шетте қалдырып келді.

Екінші кұлактандыру, қайта, ең алдымен соңғы жылдарда теорияға жұрттың көңілінің аударылуы бәсеңсіп кеткенін атап көрсетеді, «пролетариаттың революциялық қозғалысының теориялық жағына қырағы назар салуды» қатты талап етеді, біздің қозғалысымыздағы «бернштейншілдік бағытты және революцияға қарсы басқа да бағыттарды аяусыз сынауға» шақырады. «Заряның» жарыққа шыққан номерлері бұл программаның қалай орындалғанын көрсетеді.

Сөйтіп, біз пікірдің тоқырауы, т. б. жөніндегі даурықпалы сөздер теориялық пікірді дамытудағы бейқамдықты, дәрменсіздікті бүркейтін сөздер екенін көреміз. Орыс социал-демократтарының үлгісі жалпы европалық қалыпты (неміс марксистері де әлдеқашан атап көрсеткен қалыпты) өте-мөте айқын көрсетеді, атап айтқанда, сын бостандығы деген атышулы теория бір теорияны екінші теориямен ауыстыру емес, бас-аяғы бүтін, жете ойланып табылған теорияның қандайынан болса да бас тарту бостандығы екенін, мұның өзі эклектизм, принципсіздік екенін айқын көрсетеді. Біздің қозғалысымыздың нақты жайымен аздап болса да таныс адам марксизмнің кең таралуы теориялық дәреженің біркелкі төмендеуімен қатар жүріп отырғандығын көрмей тұра алмайды. Қозғалыстың практикалық маңызымен, практикалық табыстарына бола қозғалысқа теория жағынан дайындығы өте аз немесе тіпті дайындығы жоқ бірталай адамдар қосылып отырды. Сондықтан, Маркстің: «шын қозғалыстың әрбір қадамы ондаған программадан маңыздырақ»<sup>18</sup> деген нақыл сөзін «Рабочее Делоның» масайрап келтіруі қандай әдепсіздік екенін осыдан-ақ білуге болады. Теориялық ыдыраушылық заманында бұл сөздерді қай-

талай берудің өзі өлікті көмуге апара жатқандарды көріп: «көмбелерің көбейсін!» деп айкайлағанмен бірдей. Онсоң Маркстің бұл сөздері оның Гота программасы туралы хатынан алынған, Маркс бұл хатында принциптерді тұжырымдауда эклектизмге жол берілгендігі үшін қатты ұрсады: егер бірігу керек болған болса, — дейді Маркс партия көсемдеріне, — қозғалыстың практикалық мақсаттарына жету үшін шарт жасандар, бірақ принципті саудаға салуға жол бермендер, теория жөнінде «кеңшілік» жасамандар. Мінеки, Маркстің пікірі осылай болатын, ал бізде, Маркстің атын жамылып, теорияның маңызын әлсіретуге тырысатын адамдар табылып отыр!

Революциялық теория болмаса, революциялық қозғалыс та болмақ емес. Оппортунизмнің сәнге айналған насихаты мен практикалық қызметтің нағыз шағын түрлеріне елігушілік ұштасып жатқан кезде бұл пікірді мықтап қуаттауға болмайды. Ал орыс социал-демократиясы үшін теорияның маңызын онан сайын күшейте түсетін мынадай үш жағдай бар, мұны жұрт көбінесе ұмытып кетіп жүр, бұл жағдайлар атап айтқанда мыналар: біріншіден, теорияның маңызы күшті болатын себебі, біздің партия жаңа ғана құрылып келеді, өзінің бет-әлпетін жаңа ғана белгілеп келеді, жәнеде революциялық пікірдің басқа бағыттарынан — қозғалысты түзу жолдан тайдыру қаупін туғызып отырған бағыттарынан — әлі де іргесін айырып болған жоқ. Қайта, дәл ең соңғы уақыттың өзі (Аксельродтың әлдеқашан-ақ экономистерге күн ілгері айтқанындай) социал-демократиялық емес революциялық бағыттар бас көтерген уақыт болды. Мұндай жағдайларда бір көрмеге «маңызсыз» қате де нағыз күйінішті нәтижелер туғыза алады, сондықтан көз алдындағысын көрмейтін адамдар ғана фракциялық таластарды және түрлі сарындарды анық ажыратып көрсетушілікті мезгілсіз немесе орынсыз дей алады. Орыс социал-демократиясының көптен-көп жылдар бойындағы болашағы белгілібір «сарынның» нығаюына байланысты болуы мүмкін.

Екіншіден, өзінің түпкі мәні жағынан социал-демократиялық қозғалыс халықаралық қозғалыс. Мұның мәнісі — біз ұлттық шовинизмге қарсы күресуіміз керек деген сөз ғана емес. Мұның мәнісі, сонымен бірге, жас елде жаңа басталып келе жатқан қозғалыс басқа елдердің тәжірибесін іске асырған жағдайда ғана табысты бо-

а алады деген сөз. Ал тәжірибені осылайша іске асыу үшін бұл тәжірибемен жәй ғана таныс болудың өзі не-есе ең соңғы қарарларды жәй ғана көшіріп алудың өзі кеткіліксіз. Бұл үшін осы тәжірибеге сын көзімен қарап, іңіні өзбетіңмен тексере білуің қажет. Кәзіргі замандаы жұмысшы қозғалысының орасан ұлғайып, өрістегенін іңкын сезген адам ғана осы міндетті орындау үшін қан-іалықты теориялық күш қорының және саяси (сонымен атар революциялық) тәжірибенің қажет екенін түсіне-лады.

Үшіншіден, орыс социал-демократиясының ұлттық мін-еттері сондай зор, мұндай міндеттер дүние жүзіндегі оциалистік партиялардың бірде-бірінің алдына әлі қойы-ып көрген емес. Бүкіл халықты самодержавиенің қыс-ағынан кұтқару жөніндегі осы міндеттің бізге жүктеп-тырған саяси және ұйымдастыру жұмыстары туралы біз өменде айтып өтпекпіз. Ал кәзір біз тек мынаны ғана өрсетпекшіміз: алдыңғы қатарлы теорияны қолданған-артия ғана алдыңғы қатарлы күрескердің ролін атқара-лады. Мұның мәнісі не екенін аздап болса да нақты-ғыну үшін оқушы орыс социал-демократиясының ал-ында өткен Герценді, Белинскийді, Чернышевскийді, 70-кылдардағы тамаша революционерлер тобын еске түсір-ін; орыс әдебиетінің кәзір бүкіл дүниежүзілік маңыз-ылып отырғанын ойласын; тағыда... жә, осының өзі де-кетер!

Социал-демократиялық қозғалыста теорияның маңызы-уралы Энгельстің 1874 жылы айтқан пікірлерін келтіре-ік. Энгельс социал-демократияның ұлы күресінің фор-галары, бізде айтылып жүргендей, *екеу ғана емес* (сая-и формасы мен экономикалық формасы ғана емес), *шеу* деп біледі де, *теориялық күресті осылармен қатар-ояды*. Практикада да, саясатта да нығайып алған не-іс жұмысшы қозғалысына Энгельстің айтқан өсиеті кә-іргі уақыттағы мәселелер мен таластарды шешу жағы-ан алып қарағанда өте өнегелі өсиет болып табылады, сондықтан оның көптен бері-ақ аса сирек кездесетін-иблиографиялық мұра болып алған «Der deutsche Ba-rieg»\* деген кітапшасының алғысөзінен мынадай

\* Dritter Abdruck. Leipzig, 1875 Verlag der Genossenschafts-uchdruckerei («Германиядағы шаруалар соғысы». Үшінші басылуы. ейпциг, 1875 ж. Бірлестік баспасы. *Ред.*)

ұзақ үзінді келтіргеніміз үшін оқушы бізге налымас десе сенеміз:

«Европаның басқа елдерінің жұмысшыларына қарағанда неміс жұмысшыларының айтарлықтай екі артықшылығы бар. Біріншісі — олар Европаның өте-мөте теорияшыл халқының жұмысшылары, олар Германиядағы «Елімді» деп аталатын таптар мүлде дерлік жоғалтқан теориялық мағнаны өздерінде сақтап қалды. Өзінің адында өткен неміс философиясы болмаған болса, әсіресе Гегельдің философиясы болмаған болса, немістің ғылыми социализмі — бұрын болып көрмеген бірден-бір ғылыми социализм — жасалмаған болар еді. Жұмысшыларда теориялық ой болмаса, осы ғылыми социализм кәзір біз көріп отырған дәрежедегідей жұмысшыларды сүйегіне сіңіп, бойына тарамаған болар еді. Бұл артықшылықтың өлшеусіз зор екендігі, бір жағынан, мынада көрінеді: ағылшын жұмысшы қозғалысы теория атаулыға селқос қарады, жеке қолөнер кәсіптерінің тамаша ұйымдастырылғанына қарамастан, ол қозғалыстың өршабан ілгерілеуінің басты бір себебі осы болды; екінші жағынан, мұның өзі мынадан көрінеді: прудонизм өзін бастапқы формасында француздар мен белгиялықтар арасына, Бакуниін енгізген, келемежді формасында испандар мен итальяндар арасына ылаң салып, ауытқшылық тудырды.

Екінші артықшылығы — немістер жұмысшы қозғалысына басқа жұрттың бәрінен дерлік соң қатысты. Се Симонның, Фурьенің, Оуэннің арқасында ғылымдар мейлінше қыялды, мейлінше утопиялы бола тұрса да барлық замандарда өткен асқан ұлы ақыл иелерінен сналатын және кәзірде дұрыстығын біз өзіміз ғылыми жо мен дәлелдеп отырған есенсіз көп ақыйқатты күнілге болжаған осы үш ойшылдың арқасында дамығанын немістің теориялық социализмі ешқашанда ұмытпайды — ссыяқты, немістің практикалық жұмысшы қозғалысы өзінің ағылшын, француз қозғалысы арқасында дамығанын, олардың қымбатқа түскен тәжірибелерін турада тура өз пайдасына жұмсауға мүмкіндік алғанын, ол кде көбінесе лажсыздан жіберілетін қателерді енді қайталамауға мүмкіндік алып отырғанын ешқашанда ұмытпауға тиіс. Ағылшын тред-юниондарының үлгісі болмаса, француз жұмысшыларының саяси күресінің үлгі болмаса, әсіресе Париж Коммунасының берген орас

р түрткісі болмаған болса, біз кәзір қайдан барып  
ыққан болар едік?

Әділін айту керек, неміс жұмысшылары өз халінің  
імді жақтарын асқан шеберлікпен пайдалана білді.  
жұмысшы қозғалысы туғаннан бергі жерде тұңғыш рет  
рес өзара үйлескен, бір-бірімен байланысқан үш ба-  
тта: теориялық, саясаттық және практикалық-эконо-  
икалық (капиталистерге қарсылық көрсету) бағыттарда  
оснарлы түрде жүргізіліп отыр. Неміс қозғалысының  
үші де, жеңілместігі де, былайша айтқанда, осы түйдек  
абуылда.

Бір жағынан, өз халінің осындай тиімді болуы себеп-  
, екінші жағынан, ағылшын қозғалысының аралдық өз-  
шеліктері және француз қозғалысының зорлықпен жа-  
ышталуы себепті неміс жұмысшылары кәзіргі уақытта  
ролетарлық күрестің көсемі болып отыр. Олардың осы  
рдақты орында ұзақ дәурен сүруіне оқыйғалардың қан-  
алықты мүмкіндік беретінін болжап айтуға болмайды.  
ірақ, әйтеуір, олар осы орында тұрғанында өздеріне  
үктелген міндетті ойдағыдай орындап шығады деп се-  
у керек. Бул үшін күрес пен үгіттің барлық салаларын-  
а күш-жігерді екі есе қарыштап жұмсау керек болады.  
сіресе көсемдердің міндеті мынау болмақ: олар барлық  
еориялық мәселелерде өз білімін неғұрлым тез арттыра  
ерулері керек, ескі дүниетану көзқарасына тән дәстүрлі  
ұрғақ сөздердің ықпалынан неғұрлым тез құтыла беру-  
ері керек, социализм өзі ғылым болып алғаннан бері  
арай өзін ғылым деп қолдануды талап ететінін, яғни  
ізін әбден зерттеп үйренуді талап ететінін қашанда бол-  
а есте ұстау керек. Осылайша қол жеткен, барған  
айын айқындала түскен сананы жұмысшылар бұқара-  
ының арасына бар жігермен таратып, партияның ұйы-  
ын, кәсіпшілер одақтарының ұйымын неғұрлым нық бі-  
іктіру қажет...

...Егер неміс жұмысшылары осылайша ілгері баса  
ерсе, онда — қозғалыстың алдында салтанатпен жүру  
емес, өйткені жеке бір ұлттың жұмысшылары қозғалыс-  
тың алдында салтанатпен жүруі қозғалыстың мүдделері-  
не сәйкес келмейді — олар күрескерлердің қатарында ар-  
дақты орынға ие болады; егер кенеттен басқа түскен  
ауыр сын немесе ұлы оқыйғалар олардан бұрынғыдан да  
асқан ерлікті, бұрынғыдан да асқан батылдықты, жігер-

ді талап ете қалса, олар мұны сақадай сайланып қар алатын болады»<sup>19</sup>.

Энгельстің сөздері сәуегейлік сөздер болып шықты. Бірнеше жылдан кейін неміс жұмысшылары социалист туралы ерекше заң түріндегі ауыр сынға кенеттен к болды. Сонда неміс жұмысшылары шынында да б сынды сақадай сайланып қарсы алды, бұл сыннан ж ңімпаздықпен өте білді.

Орыс пролетариатына бұдан да өлшеусіз ауыр с кездескелі отыр, ол зор жалмауызға қарсы күреске тү келі тұр, ал оның қасында конституциялы елдегі ереки заң ергежейлі сыяқты болып көрінеді. Тарих біздің а дымызға кәзір таяудағы міндетті қойып отыр, бұл мі дет — өзге қай елдің пролетариатының болса да тая дағы барлық міндеттерінің ішінде *өте-мөте революци лық* міндеті болып табылады. Бұл міндетті жүзеге ас ру ісі, тек европалық реакцияның ғана емес, сонымен қ тар азиялық реакцияның да (кәзір біз осылай деп айт аламыз) ең күшті камалын қыйрату ісі орыс пролета риатын халықаралық революцияшыл пролетариатты авангарды етер еді. Егерде біз мың есе кең өріс алған терең қозғалысымызды нақ осындай жанқыярлық ба тылдықпен, жанқыярлық жігермен жандандыра білсе онда біздің алдымызда өткен 70-жылдардағы револю ционерлер не болған осы ардақты атаққа біз де не бол аламыз деп сенуге еріктіміз.

## II

### БҰҚАРАНЫҢ СТИХИЯЛЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ СОЦИАЛ- ДЕМОКРАТИЯНЫҢ САНАЛЫЛЫҒЫ

Біздің қозғалыс 70-жылдардағы қозғалыстан анағұр- лым кең, анағұрлым терең дедік, бұл қозғалысты нақ сол кездегідей жанқыярлық батылдықпен, жанқыярлық жігермен жандандыру қажет дедік. Шынында да, осы күнгі қозғалыстың күші — бұқараның (әсіресе өнеркәсіп пролетариатының) оянуында екендігіне, ал қозғалыстың әлсіздігі — революционер басшылардың саналылығы мен ынталылығы жеткіліксіз болуында екендігіне бүгінге дейін ешкім де күмәнданбаған сыяқты.

Алайда, ең соңғы кезде бұл мәселе жөнінде осы күн- ге дейін үстем болып келген барлық көзқарастарды жоқ- қа шығару қаупін туғызып отырған таңғажайып бір жа-

цалық табылды. Бұл жаңалықты тапқан «Рабочее Дело», ол «Искрамен» және «Зарямен» айтысқанында, тек кейбір жеке қарсы пікірлер айтумен ғана тынбастан, «жалпы алауыздықтың» тамырын тереңнен іздеуге, — «стихиялы элемент пен саналы «жоспарлы» элементтің шамалас маңызын түрліше бағалаушылықтан» іздеуге тырысты. «Рабочее Делоның» айыптау тезисінде былай делінген: «*дамудың объективтік немесе стихиялық элементінің маңызын кеміткендік*»\*. Біз бұған мынаны айтамыз: «Искра» және «Заряның» «Рабочее Деломен» айтысы оны осы «жалпы алауыздықты» пайымдауға итермеші болғанынан басқа тіпті ешқандай нәтижелер бермеген күнде де, бір ғана осы нәтиженің өзі-ақ бізге үлкен қанағат болар еді, өйткені: бұл тезистің мағнасы соншалық кең және бұл тезис орыс социал-демократтарының арасындағы кәзіргі теориялық және саяси алауыздықтардың бар мәнін соншалық айқын көрсетеді.

Міне сондықтан саналылықтың стихиялыққа қатысы жайындағы мәселе барша жұртқа қызғылықты зор мәселе болып табылады, ендеше бұл мәселеге мейлінше толық тоқтап өту керек.

#### а) СТИХИЯЛЫҚ ӨРЛЕУДІҢ БАСЫ

Өткен тарауда біз 90-жылдардың жартысында орыстың оқыған жастарының марксизм теориясына жаппай әуестенгендігін айттық. Сол уақыттың шамасында 1896 жылы Петербургте болған атакты өнеркәсіп соғысынан кейінгі жұмысшы стачкалары да нақ осындай жаппай түрге енді. Бұл стачкалардың бүкіл Россияға таралуы жаңадан өрлеп келе жатқан халық қозғалысының тереңдігін ашық көрсетті, ал егер «стихиялық элемент» туралы сөз қылатын болсақ, онда, әрине, дәл осы стачкалық қозғалысты ең алдымен стихиялық қозғалыс деп тануға тура келеді. Бірақ стихиялықтың да стихиялылығы бар ғой. Россияда стачкалар 70-жылдарда да, 60-жылдарда да (тіпті ХІХ ғасырдың алғашқы жартысында да) болды, ол стачкалар машиналарды, і. с. «стихиялық» түрде қыйратып отырды. Бұл «бүліктермен» салыстырғанда 90-жылдардағы стачкаларды тіпті «сана-

\* «Рабочее Дело» № 10, сентябрь, 1901 ж., 17 және 18-бет. Курсив «Рабочее Дело»-нікі.

лы» стачкалар деп атауға болады, — өйткені бұл уақыттың ішінде жұмысшы қозғалысы едәуір ілгері басып, сондайлық дәрежеге жеткен еді. Бұл бізге «стихиялық элемент», асылында, саналы қозғалыстың нақ *бастауыш формасы* болғандығын көрсетеді. Тіпті анайы бүліктердің өзі саналылықтың біраз оянғандығын көрсетті: жұмысшылар өздерін жаныштаған тәртіптерді бұлжымас нәрсе деп санайтын ежелгі сенімді жоғалта бастады, бірлесіп тойтарыс берудің қажеттігін... түсінді демесем де, сезе бастады, сөйтіп, бастықтардың алдында кұлша бас июшіліктен батыл қол үзді. Бірақ сонда да мұны *күрес* деуден гөрі жаннан түңілушіліктің, ызалы кектің көрінісі деу анағұрлым орынды болады. Ал 90-жылдардағы стачкалар саналылық сәулесінің анағұрлым көп екендігін көрсетеді: бұл кезде белгілі талаптар қойылады, қай кезең қолайлы екендігі күн ілгері есепке алынады, басқа жерлердегі белгілі оқыйғалар мен мысалдар талқыланады, т. т. Егер бүліктер тек езілген адамдардың көтерілісі болған болса, ал ұдайы болып келген стачкалар тап күресінің бастамасы, тек қана бастамасы болды. Жеке алып қарағанда бұл стачкалар социал-демократиялық күрес бола қойған жоқ, тред-юниондық күрес болды, бұл стачкалар жұмысшылар мен қожайындар арасында антагонизмнің өршігендігін көрсетті, бірақ жұмысшыларда сол кездегі саяси және қоғамдық құрылысқа өз мүдделерінің бітіспестей қайшы келетінін ұғынарлық сана болған жоқ, яғни социал-демократиялық сана болған жоқ және болуы мүмкін емес те еді. Осы мағнада 90-жылдардағы стачкалар, «бүліктерге» қарағанда орасан ілгерілеу болғанмен де, тек қана стихиялық қозғалыс болып қалды.

Жұмысшыларда социал-демократиялық сананың болуы мүмкін емес те еді деп айтып өттік. Оның тек сырттан ғана келтірілуі мүмкін еді. Жұмысшы табы жалаң өз күштерімен тред-юниондық сананы ғана, яғни одақтасып бірігудің, қожайындарға қарсы күрес жүргізудің, жұмысшылар үшін керекті қайсыбір заңдар шығаруды үкіметтен талап етудің, т. с. қажеттігіне сенуді ғана тудыра алатынын барлық елдердің тарихы сыйпаттайды\*.

---

\* Кейде біреулердің ойлағанындай, тред-юнионизм «саясат» біткенді әсте керексіз ете бермейді. Тред-юниондар қашан да болса белгілі дәрежеде саяси (бірақ социал-демократиялық емес) үгіт



Ал социализм ғылымы дәулетті таптардың оқымысты өкілдері, интеллигенция жасап шығарған философиялық, тарихи, экономикалық теориялардан туып өсті. Осы замандағы ғылыми социализмнің негізін салушы Маркс пен Энгельстің өздері де, әлеуметтік күйі жағынан, буржуазиялық интеллигенциядан шыққан еді. Дәл сондай-ақ Россияда да социал-демократияның теориялық ғылымы жұмысшы қозғалысының стихиялық өсуіне мүлде байланыссыз туды, революцияшыл-социалистік интеллигенцияның ой өрісінің табиғи және болмай қалмайтын нәтижесі ретінде туды. Біз әңгіме етіп отырған дәуірдің қарсаңында, яғни 90-жылдардың ортасы қарсаңында, бұл ғылым тек «Еңбекті азат ету» тобының әбден қалыптасқан программасы болып қана қоймай, сонымен қатар Россиядағы революцияшыл жастардың көпшілігін өз жағына қаратып та алды.

Сонымен, жұмысшылар бұқарасының стихиялы түрде оянуы да, саналы өмірге, саналы күреске кұлшынуы да анық еді және социал-демократиялық теориямен қаруланған, жұмысшылармен жақындасуға талпынған революцияшыл жастар да анық бар еді. Онан соң, жиі ұмытыла беретін (және онша белгілі болмаған) бір фактыны бұл арада көрсетіп өту аса қажет, ол факт мынау: бұл дәуірдегі *тұңғыш* социал-демократтар *экономикалық үгітті бар ынтасымен жүргізе отырып* — (және ол кезде әлі қолжазба күйінде таралып жүрген «Үгіт туралы» деген кітапшаның бұл жөндегі шын пайдалы нұсқауларын голық қолдана отырып), — сонымен қатар, олар бұл үгітті тек бірден-бір міндетіміз деп есептеген емес, қайта, *әуел бастан-ақ* орыс социал-демократиясының жалпы ең күрделі тарихи міндеттерін, әсіресе самодержавиені құлату міндетін алға қойды. Мәселен, Петербург социал-демократтарының «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағын» құрған тобы 1895 жылдың ақырында-ақ «Рабочее Дело» деп аталған газеттің бірінші номерін жазып құрастырған болатын. Баспаға дайын болған бұл номерді 1895 жылы декабрьдің 8-нен 9-на қараған түні тінту жүргізген жандармдар әлгі топтың мүшесі Анатолий Александрович Ванеевтікінен\* тауып

---

пен күресті жүргізіп келді. Тред-юниондық саясат пен социал-демократиялық саясаттың айырмасын келесі тарауда айтамыз.

\* А. А. Ванеев 1899 жылы Шығыс Сибирьде көкірек ауруынан қайтыс болды, ол ауруға сотқа дейінгі абақтыда жалғыз жатқан

жетті, сөйтіп, алғашқы қалыптағы «Рабочее Дело» жарыққа шыға алмай қалды. Бұл газеттің басмақаласы Россиядағы жұмысшы табының тарихи міндеттерін суреттеп, саяси бостандық алу мәселесін бұл міндеттердің ең бастысы деп есептеді (мүмкін, бұл газетті 30 жылдай уақыттан кейін полиция департаментінің архивынан «Русская Старина»<sup>20</sup> сыяқтылар тауып та алар). Онан соң, Сауаттылық комитеттерін полицияның талқандауына арналған, «Біздің министрлер не ойлайды»\* деген мақала бар еді, және тек Петербургтен ғана емес, Россияның басқа жерлерінен де келген бірсыпыра хат-хабарлар бар еді (мысалы, Ярославль губерниясындағы жұмысшыларды қырғынға ұшырату жөнінде). Сонымен, жаңылмасак, 90-жылдардағы орыс социал-демократтарының бұл «тырнақалды тәжірибесі» шағын ғана жергілікті газет болған жоқ, әсіресе «экономистік» сыйпаты бар газет болған жоқ, бұл газет стачкалық күресті самодержавиеге қарсы революциялық қозғалыспен біріктіруге және реакцияшыл қаныпезерлердің саясатынан езілгендердің бәрін де социал-демократияны қолдауға тартуға талпынған газет болды. Мұндай газетке астана жұмысшылары да, революцияшыл интеллигенция да әбден тілектес болар еді, сөйтіп, кеңінен өріс алар еді; сол кездегі қозғалыстың жайымен аздап та болса таныс адам бұған шәк келтіре алмайды. Ал істің сәті болмай қалуына келсек, бұдан сол кездегі социал-демократтарда революциялық тәжірибенің және практикалық дайындықтың жетімсіздігі себепті белгілі кезеңдегі шұғыл тілекті орындауға олардың дәрменсіз екендігі ғана көрінді. «СПБ. Рабочий Листок»<sup>21</sup> жөнінде де, әсіресе «Трудовая Газета»<sup>22</sup> жөнінде де, 1898 жылы көктемде құрылған Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының «Манифесі» жөнінде де осыны айту керек. Әрине, бұл дайынсыздықты сол кездегі қайраткерлердің айыбы деп санау біздің ойымызға кіріп те шықпайтындығы өзінен өзі түсінікті. Бірақ, қозғалыстың тәжірибесін пайдаланып; бұл тәжірибеден практикалық сабақтар алу үшін, белгілібір кемшіліктің себептері мен мәнісін әбден

---

кезінде ұшыраған еді. Сондықтан біз осы текстіде келтірілген мәліметтерді жарыялауды мүмкін деп таптық, ал бұлардың дұрыстығына кепіл бола аламыз, өйткені бұл мәліметтер А. А. Вансеевтің жақсы білетін және оған жақын жүрген адамдардан алынды.

\* Қараңыз: Шығармалар, 2-том, қазақша 82—88-бет. *Ред.*

біліп алу кажет. Сондықтан, 1895—1898 жылдарда жұмыс істеген социал-демократтардың бір бөлегі (мүмкін, тіпті көпшілігі) сол кездің өзінде-ақ, «стихиялық» қозғалыстың басында-ақ, нағыз кең программаны, нағыз айбынды тактиканы ұсынып күреске шығуға болады деп есептегені тіпті дұрыс екенін анықтаудың аса зор маңызы бар\*. Ал революционерлер көпшілігінің дайындығы, әбден табиғи нәрсе болғандықтан, ешбір айрықша қауіп туғыза алмады. Міндеттердің қойылысы дұрыс болған соң, ол міндеттерді орындау үшін қайта күресерлік жігер болған соң, — уақытша сәтсіздіктер болмашы ғана қырсық еді. Революциялық тәжірибе мен ұйымдастырғыш икемділік — жүре болатын нәрсе. Тек өзіңнен керекті қасиеттер шығаруға ынта болса болғаны! Тек кемшіліктерді ұғынарлық сана болса болғаны, мұндай сана революция ісінде кемшіліктердің жартысынан көбін түзетумен бара-бар!

Бірақ, бұл сана сөне бастаған кезде (ал мұның өзі жоғарыда аталған топтардың қайраткерлерінде өте берік еді), кемшілікті жақсылыққа балаудан тайынбайтын, өздерінің *стихиялыққа құлша бас иіп, табынуын* тіпті *теория жүзінде* ақтауға тырысатын адамдар, — тіпті социал-демократиялық органдар да, — пайда болған кезде, болмашы қырсық нағыз қырсыққа айналды. Бұл бағыт жөнінде, «экономизм» деген өте тайыз ұғым өзінің мазмұнын тіпті де дәл көрсетпейтін осы бағыт жөнінде, қортынды жасайтын мезгіл жетті.

---

\* «Орыстың социал-демократиялық органдарына хат» деген хатында экономистер былай дейді: «Искра», 90-жылдардың ақырындағы социал-демократтардың істерін теріс деп санап, ол кезде ұсақ талаптар үшін күрес жүргізуден басқа жұмысқа жағдай болмағанын елемей отыр» («Искра» № 12). Текстіде келтірілген фактылар «жағдай болмады» деген пікірдің *шындыққа тікелей қайшы* екенін көрсетеді. 90-жылдардың ақырында ғана емес, 90-жылдардың ортасында да ұсақ талаптар үшін күресуден *басқа* жұмыстар істеуге де жағдай толық еді, басшылардың жеткілікті дайындығынан басқа жағдайлардың бәрі түгел бар еді. Міне, идеологтар, басшылар ретіндегі біздің дайындығымыздың жетімсіздігін ашық мойындаудың орнына. «экономистер» бар кемшілікті «жағдайдың болмағандығына» аударғысы келеді, жолды белгілейтін материялық органың әсеріне аударғысы келеді, ол жолдан қозғалысты ешқандай идеолог айыра алмайды дейді. Мұның өзі *стихиялыққа құл болғандық* емей немене? Мұның өзі «идеологтар» өздерінің кемшіліктеріне сүйсінгендігі емей немене?

Бұл табынушылықтың әдебиеттегі көрінісіне кірісуден бұрын, орыс социал-демократиясындағы болашақ екі бағыттың жіктелуі Петербургте істеген жолдастардың арасында қалай туып, қалай өскендігін біраз анықтайтын (жоғарыда аталған деректен бізге мәлім болған) мынадай айрықша бір фактыны көрсетіп өтейік. 1897 жылдың басында, А. А. Ванеев пен оның кейбір жолдастары жер аударылардың алдында бұлардың бір жеке жыйылыста<sup>23</sup> болуына тура келді, мұнда «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» «қарт» мүшелері мен «жас» мүшелері бас қосты. Әңгіме көбінесе ұйым жөнінде, жеке алғанда «Листок «Работниканың»» 9—10-номерінде (46-бет)<sup>24</sup> түпкілікті түрінде басылып шыққан «жұмысшы кассасының уставы» туралы болды. «Қарттардың» (Петербург социал-демократтары сол кезде әзіл ретінде «декабристер» деп атайтындардың) және кейбір «жастардың» (кейін «Рабочая Мысль» газетіне белсене қатысқандардың) арасында үлкен алауыздық барлығы бірден көрініп, қызу айтыс болды. «Жастар» уставтың басылып шыққан күйіндегі негізгі ережелерін қорғады. «Қарттар»: бізге ең алдымен керекті бұл емес, бізге алдымен «Күрес одағын» нығайтып, оны революционерлердің ұйымына айналдыру керек, бұл ұйымға жұмысшылардың түрлі кассалары, оқушы жастар арасында насихат жүргізетін үйірмелер, т. с. бағынатын болсын деді. Әрине, айтысушылар бұл алауыздық айрылысудың басы деп ойлаған да жоқ, қайта оны жеке бір, кездейсоқ нәрсе деп санады. Бірақ бұл факт Россияда да «экономизмнің» туып, таралуы әсте «қарт» социал-демократтармен күрессіз болмағандығын көрсетеді (мұны кәзіргі экономистер жиі ұмыта береді). Ал егер бұл күрес, көп реттерде, «документтік» із қалдырмаған болса, оның бірден-бір себебі мынау: жұмыс істеуші үйірмелердің құрамы адам айтқысыз жиі өзгеріп отырды, ешбір сабақтастық болмады, сондықтан алауыздықтар да ешбір документтерде көрсетіліп отырмады.

«Рабочая Мысльдың» шығуы экономизмді де жарыққа шығарды, бірақ ол да бірден шығарған жоқ. Бұл жаңа бағыттың түрлі калаларда табысқа жетуінде немесе сәтсіздікке ұшырауында кездейсоқ нәрселердің көп болғандығын түсіну үшін және бұл «жаңалықты» жақтаушылар да, қарсылар да, мұның өзі шынында айрықша

бағыт па, әлде жеке адамдардың шалағайлығының жәй-ғана көрінісі ме, ол жағын ұзақ уақыт анықтай алмай жүргендігін, анықтауға тіпті ешбір мүмкіндігі де болмағандығын түсіну үшін сондағы жұмыс жағдайын және көптеген орыс үйірмелерінің өмірі қысқа болғандығын нақты білу керек (ал мұны тек басынан кешіргендер ғана нақты біледі). Мәселен, «Рабочая Мысльдың» гектографпен басылып шыққан алғашқы номерлері социал-демократтардың көпшілігіне тіпті мәлім болмай да қалды, ал егер біз кәзір бұл газеттің бірінші номеріндегі басмақаладан сөз келтіре алатын болсақ, оның себебі осы басмақала В. И.-дің<sup>25</sup> мақаласында көшіріліп басылды («Листок «Работника»» № 9 — 10, 47 және келесі беттері), жоғарыда біз атап өткен газеттер мен газет жобаларынан үлкен айырмашылығы бар бұл жаңа газетті В. И. бар ынтасымен — ақылдылыққа жатпайтын ынтамен — асыра мактаудан, әрине, аянып қалған жоқ\*. Ал бұл басмақала «Рабочая Мысльдың» және жалпы экономизмнің бүкіл рухын өте ашық көрсетіп отырғандықтан бұған тоқтап өту керек.

Жұмысшы қозғалысының дамуын көк жеңділердің тоқтата алмайтындығын айта келіп, бұл басмақала былай дейді: «...Жұмысшы қозғалысының өлмейтін себебі — жұмысшы өз тағдырын басшылардың қолынан жұлып алып, енді оны өз қолына алып отыр»; сөйтіп, осы негізгі тезис бұдан әрі кеңінен дамытыла береді. Шынында, полиция басшыларды (яғни социал-демократтарды, «Күрес одағын» ұйымдастырушыларды) жұмысшылардың қолынан, былайша айтқанда, жұлып алды\*\*, — ал басмақалаға қарағанда, жұмысшылар өз басшыларымен күрес жүргізіп, олардың қысымынан азат болған

\* Айта кетейін, экономизм, әсіресе шет елде, толық айқындалып болған кезде «Рабочая Мысльды» 1898 жылы ноябрь айында мактаушы дәл сол В. И. еді, ол кешікпей «Рабочее Дело» редакторларының бірі болды. Ал «Рабочее Дело» сол кездің өзінде-ақ орыс социал-демократиясының ішінде екі бағыт бар екендігін мойындамайтын, мұны кәзірде де мойындамай келеді!

\*\* Бұл теңеудің дұрыстығын мына бір айрықша фактыдан көруге болады. «Декабристер» қамауға алынғаннан кейін, олардың қамалуына «декабристерге» жанасып жүрген топтардың бірінің жақын адамы провокатор Н. Н. Михайлов (тіс дәрігері) себеп болыпты деген хабар Шлиссельбург жолындағы жұмысшылар арасына тараған кезде, бұл жұмысшылар қатты ызаланып, Михайловты өлтірмек болған.

сыяқты! Ілгері басуға, революцияшыл ұйымды нығайтуға, саяси жұмысты ұлғайтуға шақырудың орнына, *кейін* кетуге, жалаң тред-юниондық күрес жүргізуге шақырып отыр. «Қозғалыстың экономикалық негізі саяси идеалды үнемі ұмытпауға талпынушылықтың салдарынан бүркеулі калып отыр», жұмысшы қозғалысының серті — «экономикалық жағдай үшін күресу» (!) немесе, ең оңдысы — «жұмысшылар жұмысшылар үшін» десті; стачкалық кассалар «қозғалыс үшін басқа жүз ұйымнан да қымбатырақ» деп жарыялады, т. с. (1897 жылдың октябрінде айтылған осы сөзді 1897 жылдың басында «декабристер» мен жастардың арасында болған таласпен салыстырып қараңыз). Жұмысшылардың «бетке шығарларын» алға қоймай, «орта» жұмысшыны, бұқара жұмысшыны алға қою керек, «саясат қашан да болса экономикаға көнбістеніп еріп отырады»\* деген сыяқты, т. б., т. с. сөзсымақтар сәнге айналып, қозғалысқа қатысушы көптеген жастарға, — көбінесе марксизмнің тек жарыя түрдегі сыйпаттамасымен шала-шарпы таныс болған жастарға — қатты әсер етті.

Мұның өзі саналылықты стихиялылықпен — В. В. мырзаның «идеяларын» қайталап жүрген «социал-демократтардың» стихиялылығымен — әбден түйшектіру болды, социализм атаулыдан, саясат атаулыдан гөрі сомға қосылған тыйын әрі жақын, әрі қымбат деген сөзге алданған, жұмысшылар «қайдағыбір болашақ ұрпақтар үшін емес, өздері үшін, балалары үшін күресетіндігін біліп күрес» жүргізуге тиіс («Рабочая Мысльдың» 1-номеріндегі басмақала) деген сөзге алданған жұмысшылардың стихиялылығымен саналылықты әбден түйшектіру болды. Мұндай сөздер әрдайым батыс-европалық буржуалардың ұнатқан құралы болып келді, олар, социализмді жек көретіндіктен, ағылшын тред-юнионизмін өз жеріне көшіріп әкеп орнату жолында (немістің Гирш деген «социал-саясатшысы» тәрізді) өздері жұмыс істейтін, сөй-

---

\* Бұл сөз «Рабочая Мысльдың» әлгі айтылған басмақаласынан алынды. Бұған қарап «орыс социал-демократиясындағы В. В.-лардың»<sup>26</sup> теориялық дайындығы қандай екенін білуге болады; бұлар, саясат пен экономика қатнасын нақ *әлгідей* теріс түсінгендігі үшін әлдеқашан «реакциялық жұмыстардың шебері» деп аталған нағыз В. В. мырзаға қарсы әдебиет жүзінде марксистер соғысып жатқан кезде, «экономикалық материализмнің» бұрмаланған дәрекі түрін қайталап отырды!

тіп, олар жұмысшыларға тек-кәсіпшілік күрес\* кайдағы-бір болашақ социализммен қоса кайдағыбір болашақ ұрпақтар үшін емес, нақ өз басың үшін, өз балаларың үшін күрескендік болып табылады дейтін, — ал кәзір «орыс социал-демократиясының В. В.-лары» осы буржуазиялық жел сөздерді кайталауға кірісіп отыр. Бұл арада *кәзіргі* алауыздықтарды\*\* былайғы жерде талдап қарау үшін өте керек болатын үш түрлі жағдайды айтып өту кажет.

Біріншіден, жоғарыда біз көрсеткен саналылықты стихиялықтың тұншықтыруы да *стихиялық* жолмен болды. Бұл қалжың сөз сыяқты болып көрінер, бірақ — кайтерсін! — күйінішті шындық. Бұл тұншықтыру мүлдем қарама-қарсы екі түрлі көзқарастың ашық түрде күресіп, бірін бірі жеңу жолымен болып отырған жоқ, революционер «қарттардың» көпшілігін жандармдардың «ұстап әкетулері» күннен күнге көбеюі арқасында болып отыр және «орыс социал-демократиясының В. В.-лары» болған «жастардың» іс басына күннен күнге көбірек келуі арқасында болып отыр. Кәзіргі орыс қозғалысына қатысқан адам демесек те, тым болмаса оның ісін сезген адам, істің жайы дәл осылай екенін өте жақсы біледі. Солай бола тұрса да, біз осы жалпыға мәлім фактыны оқушының әбден түсініп алуын айрықша талап етіп отырған болсақ, біз, былайша айтқанда, ұғымды болсын деп, алғашқы қалыптағы «Рабочее Дело» туралы және 1897 жылдың бас кезінде «қарттар» мен «жастар» арасында болған таластар туралы мәліметтер келтіріп отырған болсақ, оның себебі — «демократияшылмыз» деп мақтанатын адамдар қалың жұртшылықтың (яки өте жас адамдардың) бұл фактыны білмейтіндігін пайдаланып жүр. Бұл мәселеге біз төменде тағыда соғып өтеміз.

Екіншіден, экономизмнің әдебиеттегі алғашқы көрінісі-

---

\* Немістерде «тек-кәсіпшілік» күресті жақтаушыларды көрсететін «*ut-Gewerkschaftler*» деген дербес сөз де бар.

\*\* Біз *кәзіргі* деген сөзді фарисейлікпен йығын қомдап: кәзір «Рабочая Мысльды» сөгу онай, бірақ бұл арханизм ғой! — деушілер жөнінде баса айтып отырмыз. Кәзіргі кездегі осындай фарисейлерге біз: *Mutate no pine de te tao la piguit* (басқаша атпен сен туралы ертегі айтылып жатыр. *Ред.*) — деп жауап кайтарамыз, бұлардың «Рабочая Мысльдың» идеясына әбден кул болып отырғандығы төмен дәлелдечеді.

нен-ақ біз осы күнгі социал-демократтардың арасындағы барлық алауыздықтарды түсіндіретін өте өзгеше, ерекше айрықша құбылысты байқай аламыз: «таза жұмысшы қозғалысын» жақтаушылардың, пролетариат күресімен өте жақын, нағыз «біте кайнаған» («Рабочее Дело»ның қолданған сөзі) байланыс болсын деп бас ұрушылардың жұмысшы емес интеллигенция атаулыға (социалистік интеллигенция болса да) қарсы адамдардың өз позициясын қорғау үшін *буржуазиялық* «тек тред-юнионистердің» дәлелдерін бетке ұстап отырғанын байқай аламыз. Бұдан біз «Рабочая Мысльдың» әуел бастан-ақ — өзінен істегенін өзі пайымдамастан «Средо-ның» программасын жүзеге асыруға — кіріскенін көреміз. Бұдан көрінетін тағы бір жағдай, — «Рабочее Дело» тіпті түсіне алмай жүрген жағдай) жұмысшы қозғалысының стихиялылығына табынушылықтың қандайы болса да, «саналы элементтің» ролін, социал-демократияның ролін кемітушіліктің қандайы болса да, — *кемітуші мұны қалай ма қаламай ма, оған мүлде қарамастан, жұмысшыларға осы арқылы буржуазиялық идеологияның ықпалын күшейту деген сөз.* «Идеологияны асыра бағалағандық» туралы, саналы элементтің ролін асыра дәріптегендік туралы\*\*, тағы сондайлар туралы сөз қылушылардың бәрінде жұмысшылар тек «басшыларының қолынан өз тағдырын жұлып алса» болғаны, таза жұмысшы қозғалысы өздігінен дербес идеология жасай алады және жасайды да деп ойлайды. Ал бұл мүлде қате. Жоғарғы айтылғандарға қосымша ретінде Австрия социал-демократиялық партиясының жаңа программасының жобасы жөнінде К. Каутскийдің өте бір тауып айтқан маңызды сөздерін\*\*\* келтірейік:

«Ревизионист сыншыларымыздың көбісі: Маркс экономикалық даму және тап күресі социалистік өндіріс жағдайларын ғана жасап қоймайды, сонымен қатар осының қажеттігін ұғынған *сана-сезімді* (курсив К. Каутскийдікі) тікелей тудырады деген екен деген жорыйды. Сөйтіп, нақ осы сыншылар: капиталистік жолмен даму дәрежесі аса жоғары ел, Англия, бұл сана-сезімге өте-мөте жа

\* «Экономистердің» «Искраның» 12-номерінде басылған хаты

\*\* «Рабочее Дело» № 10.

\*\*\* «Чене Zeit» («Жаңа Заман». Ред.). 1901—1902, XX, I, № 3 79-бет. Комиссияның К. Каутский айтып отырған жобасын біраз өзгертіп Вена съезі (өткен жылдың аяқ шенінде) қабылдаған.



деп қарсы пікір айтады. Жобаға қарап осы жоғарыда көрсетілген ретпен теріске шығарылатын, ортодокстық-марксистік сыяқты болып көрінген көзқарасты австриялық программаны жасаған комиссия да жақтайды екен деп ойлауға болар еді. Жобада былай делінген. «Капиталистік дамудың аркасында пролетариат неғұрлым көбеісе, капитализмге қарсы күрес жүргізуге ол соғұрлым мәжбүр болып, мүмкіндік алады. Пролетариат сана-сезімге келеді», социализмнің ықтимал және қажет нәрсе екенін ұғалы. Осыған сәйкесе, социалистік сана пролетарлық тап күресінің сөзсіз тікелей нәтижесі болып көрінеді. Бірақ мұның өзі мүлде теріс. Әлбетте, ғылым ретіндегі социализм, пролетариаттың тап күресі сыяқты, кәзіргі экономикалық қатнастарға негізделеді, халықтың капитализм туғызған төдейлігі мен қайыршылығына қарсы күрестен тап күресі қалай туатын болса, социализм ғылымы да солай туады, бірақ социализм мен тап күресі бірінен бірі тумайды, әрқайсысы әртүрлі алғы шарттарға сүйеніп, бірімен бірі қатар туады. Осы замандағы социалистік сана тек терең ғылыми білімнің негізінде ғана туа алады. Шынында, мәселен, кәзіргі техника социалистік өндіріске қандай жағдай болса, кәзіргі экономикалық ғылым да сондай жағдай болады, ал пролетариат қанша тілесе де, мұның екеуін де жасап шығара алмайды; мұның екеуі де кәзіргі қоғамдық процестен туады. Ал ғылым несі пролетариат емес, *буржуазиялық интеллигенция* болып табылады (курсив К. Каутскийдікі): кәзіргі замандағы социализм де осы топтың жеке мүшелерінің ойлауынан туды ғой, сөйтіп, олар мұны ақыл-ой өрісі жағынан үздік пролетарларға танытты, ал пролетарлар кейін бұл социализмді жағдай көтерген жерде өзінің тап күресіне енгізеді. Сөйтіп, социалистік сана дегеніміз пролетариаттың тап күресімен стихиялы (*unwichtig*) түрде туған нәрсе емес, оған сырттан енгізілетін нәрсе (*von Aussen* *Hingentgenia*). Осыған сәйкес бұрынғы гайнфельд программасының социал-демократияның міндеті пролетариатқа өз тұрмысын, өз міндеттерін ұғынарлық *сана-сезім* енгізу (сөзбе-сөз айтқанда: пролетариатты сондай санаға кенелту) болып табылады деген пікірі де өте орынды. Егер бұл сана тап күресінен өзінен өзі туатын болса, онда бұлай етудің керекі де болмас еді. Ал жаңа жоба бұл ережені ескі программадан алып, оны жоғарыда келтірген ережеге әкеп тіркей салған. Бірақ бұл, ой-пікір желісін тіпті үзіп тастаған...»

Жұмысшылар бұқарасы өз қозғалысының үстінде өз алдына дербес идеология жасап алады деп әңгіме қылуға да болмайтын болса\*, онда мәселе *тек былай ғана*

\* Бұл әрине, жұмысшылар осы идеологияны жасауға қатыспайды деген сөз емес. Бірақ олар қатысқанда жұмысшылар есебінде емес, социализмнің теоретиктері есебінде, Прудондар мен Вейтлингтер есебінде қатысады, басқаша айтқанда, өз заманындағы білімді меңгеру және бұл білімді алға бастыру азды-көпті дәрежеде қолдарынан келсе, олар сонда ғана, соншалық дәрежеде ғана қатысады. Ал *бұған* жұмысшылардың *қолдары көбірек жетуі үшін*, жалпы жұмысшылардың санасын көтеруге мүмкін болғанша көбірек қам істеу қажет, бұл үшін жұмысшылар «жұмысшыларға арналған әдебиеттің» жасанды қысаң шеңберінде түйықталып қалмай,

койылмақ: не буржуазиялық идеология не социалистік идеология. Бұл жерде аралық идеология жоқ (өйткені адам баласы ешбір «үшінші» идеология жасап шығарған емес және тегінде тап қайшылықтары жегідей жеген қоғамда еш уақытта таптан тыс немесе таптан жоғары идеология болуы мүмкін де емес). Сондықтан социалистік идеологияның маңызын кемітушіліктің қандайы болса да, одан шеттеушіліктің қандайы болса да буржуазиялық идеологияны күшейткендік болып табылады. Стихиялық туралы сөз қылушылар бар. Ал жұмысшы қозғалысының стихиялық дамуы сол қозғалыстың буржуазиялық идеологияға тура бағынуына қарай жүреді, тура «Credo» программасы бойынша жүреді, өйткені стихиялық жұмысшы қозғалысы дегеніміз тред-юнионизм болады, *Ниг-Геверксchaftlerei* болады, ал тред-юнионизм дегеніміз жұмысшыларды буржуазияның дәл идея жағынан құл қылуы болады. Сондықтан біздің міндетіміз, социал-демократияның міндеті—*стихиялылыққа қарсы күресу*, жұмысшы қозғалысын тред-юнионизмнің осы стихиялы түрде буржуазияның қанаты астына ұмтылу ниетінен айырып алып, оны революцияшыл социал-демократияның қанаты астына тарту. Сондықтан «Искраның» 12-номеріндегі «экономистік» хаттың авторларының: жұмысшы қозғалысын материалдық элементтер мен материалдық ортаның өзара әрекетінің әсері арқылы белгіленген жолынан тіпті ең шабытты деген идеологтар да қаншама күш жұмсағанымен айыра алмайды деген сөздері — *социализмнен мүлде бастартқандықтан бара-бар*, ал егер, әдебиет және әлеумет майданына шыққан әрбір адам өз пікірін әбден ойлап алуы борышы болатыны сыяқты, бұл авторлар да өз айтқандарын бариында жүректілікпен, дәйектілікпен жете ойлауға қабілетті болған болса, онда бұларға «керексіз қолдарын бос кеудеге қусырудан» басқа дәнеңе қалмас еді, сөйтіп... жұмысшылар қозғалысын «кедергісі кем жолмен», яғни буржуазияшыл тред-юнионизм жолымен сүйрейтін Стру-

---

*жалпы әдебиетті* неғұрлым көбірек оқып үйренулері қажет. «Түйықталды» деген сөздің орнына түйықтандырылып келді деу тіпті дұрысырақ болар еді, өйткені жұмысшылардың өздері интеллигенттер үшін жазылған әдебиетті де оқыйды, оқығысы келеді де, бірақ тек кейбір (жаман) интеллигенттер ғана «жұмысшылар үшін» фабрика тәртіптерін әңгіме қылу және әлдеқашан мәлім болған нәрселерді мылжындай беру жеткілікті деп есептейді.

Прокопович мырзаларға немесе жұмысшы қозғалысын  
эптық-жандармдық «идеология» жолымен сүйрейтін  
убатов сыяқты мырзаларға қызмет майданын беріп ке-  
уден басқа дәнеңе қалмас еді.

Германияның мысалын еске түсіріңіз. Лассальдың не-  
іс жұмысшы қозғалысына сіңірген тарихи еңбегі қайсы?  
оның тарихи еңбегі сол, оның өзі бұл қозғалысты про-  
рессистік тред-юнионизмнің және кооперативизмнің жо-  
ынан — осы қозғалыстың стихиялы түрде (*Шульц-Де-  
ичтердің және солар сыяқтылардың мақұлдап қатысуы  
рқасында*) түспек болған жолынан — айырып алды. Бұл  
міндетті орындау үшін стихиялық элементті кеміту тура-  
ы, тактика-процесс туралы, элементтер мен ортаның  
зара әрекеті туралы, т. с. туралы бос сөздерге мүлдем  
қсамайтын нәрсе істеу керек болды. Бұл міндетті орын-  
дау үшін *стихиялылықпен аялбай күресу* керек болды,  
ек осындай көптен-көп жылдар бойы жүргізген ұзақ кү-  
рестің арқасында ғана Берлиннің жұмысшы халқы про-  
рессиист партияның тірегі болудан шығып, социал-демо-  
кратияның ең мықты қамалдарының бірі болды. Ал бұл  
күрес кәзірге дейін де ешбір біткен жоқ (бұл күрес неміс  
қозғалысының тарихын Прокоповичтің түсіндіруінше,  
оның философиясын Струвенің түсіндіруінше зерттеп  
жүрген адамдарға ғана біткен сыяқты болып көрінуі  
мүмкін). Кәзірде де неміс жұмысшы табы бірнеше иде-  
логияға, былайша айтқанда, бөлшектеніп отыр: жұмыс-  
шылардың бір бөлегі католиктік және монархиялық жұ-  
мысшы одақтарына біріккен, екінші бөлегі — ағылшын  
тред-юнионизміне бас июші буржуалар құрған гирш-дун-  
кер<sup>т</sup> одақтарына біріккен, үшінші бөлегі — социал-де-  
мократиялық одақтарға біріккен. Бұлардың соңғы бөлегі  
басқаларынан өлшеусіз көп, ал социал-демократиялық  
идеология осы алдыңғы орынға басқа идеологиялардың  
бәрімен де талмай күресудің арқасында ғана не болды  
және сол күрестің арқасында ғана осы алдыңғы орынды  
сақтап қала алады.

Ал стихиялық қозғалыстың, кедергісі кем жолмен кет-  
кен қозғалыстың, нақ буржуазиялық идеологияның үс-  
темдігіне баратын себебі не? — деп сұрар оқушы. Оның  
себебі мынау ғана: буржуазиялық идеология социалистік  
идеологиядан әлдеқайда бұрын шыққан, ол қай жағы-  
нан болса да анағұрлым толық қорытылған және оны

тарату кұралдары *өлшеусіз көп\**. Сондықтан да қайс бір елдегі социалистік қозғалыс неғұрлым жас болса социалистік емес идеологияны нығайту жөніндегі барлық әрекеттерге қарсы күрес соғұрлым күшті болуға тиіс. «саналы элементті асыра дәріптеушілікке» қарсы, тап сондайларға қарсы даурығысып жүрген жаман ақылшылардан жұмысшыларды соғұрлым қатты сақтандыру керек. Экономистік хаттың авторлары, «Рабочее Дело» үшін қоса, қозғалыстың сәбилік дәуіріне тән төзімсіздік түйрейді. Біз оған былай деп жауап береміз: я, біздің қозғалыс шынында да сәбилік халде, ал оның тезірессеюі үшін, стихиялыққа бас иген, сөйтіп қозғалысты өсуіне бөгет болып отырған адамдар жөнінде оның өрнақ төзімсіз болуы керек. Күрестің барлық қыйын кезеңдерін әлдеқашан басынан кешірген адамдар сыяқтанып өздерін қарттарға балап білгішсінуден сорақы, ода зиянды еш нәрсе жоқ!

Үшіншіден, «Рабочая Мысльдың» бірінші номері біздің «экономизм» деген ат бұл жаңа бағыттың ішкі мәні жеткілікті түрде дәл бермейтіндігін көрсетіп отыр (әрінен бұл атты біз тастайық деп отырғанымыз жоқ, өйткені бұл атақ қалай да орнығып қалды). «Рабочая Мысль» саяси күресті мүлде керек қылмайды деуге болмайды. «Рабочая Мысльдың» жоғарыда айтылған 1-номерінде басылып шыққан касса уставында үкіметпен күресу туралы айтылған. «Рабочая Мысль» тек «саясат қашан да болса экономикаға көнімпаздықпен еріп отырады» деп ойлайды (ал «Рабочее Дело» өзінің программасында: «басқа елдердің бәрінен де гөрі Россияда экономикалық күрес саяси күреспен *аса тығыз* байланысты» дегенді айтып, ол тезисті құбылта түседі). *Егерде саясат дел*

---

\* Екінші бірінде: жұмысшы табы стихиялы түрде социализмге ынтығады деседі. Бұл өте әділ сөз, мұның мағнасы сол — социалистік теория жұмысшы табының күйзеліске ұшырау себептері мейлінше терең, мейлінше дұрыс анықтайды, сондықтан да *егер* тек бұл теория өзін стихиялыққа билетпейтін болса, *егер* стихиялықты тек өзіне бағындырып алса, жұмысшылар бұл теорияны өте оңай ұғынады. Бұл қашан да болса өзінен өзі түсінікті нәрсе, бірақ «Рабочее Дело» тап осы өзінен өзі түсінікті нәрсені ұмытып, оның өңін айналдырып отыр. Жұмысшы табы стихиялы түрде социализмге ынтығады, бірақ *аса көп* тараған (және алуан алуан формада үнемі қайта тіріліп отыратын) буржуазиялық идеология одан кем түспестей стихиялы түрде жұмысшыға өте-мөте көп таңыла береді.

отырғаны социал-демократиялық саясат болса, онда «Рабочая Мысль» мен «Рабочее Делоның» бұл сөздері мүлдем теріс. Біз жоғарыда көрдік, жұмысшылардың экономикалық күресі көп реттерде буржуазиялық, клерикалдық, т. б. саясатпен (аса тығыз болмаса да) байланысты болады. Егерде саясат деп отырғаны тред-юниондық саясат болса, яғни барлық жұмысшылардың мемлекеттен өздерінің ұрмыстарындағы апаттарға қарсы белгілі бір шараларды талап еткен жалпы талабы болса, онда «Рабочее Делоның» бұл сөздері дұрыс. Шынында да бұл талап социализмге үшпандық көзбен қарайтын ағылшын тред-юнионистеріне де, католик жұмысшыларға да, «зубатовшыл» жұмысшыларға да, т. б. бірдей ортақ нәрсе. Саясаттың да саясаты бар. Сонымен біз «Рабочая Мысльдың» саяси күрес көнінде де оны мойындамаудан гөрі оның стихиялылығына, оның санасыздығына бас игендігін көріп отырмыз, «Рабочая Мысль» жұмысшы қозғалысының өзінен стихиялы түрде өсіп шығатын саяси күресті (дұрысын айтқанда: жұмысшылардың саяси тілектері мен талаптарын) әбден мойындаса да, социализмнің жалпы міндеттеріне және орыстың осы күнгі жағдайларына сәйкес елетін ерекше социал-демократиялық саясатты дербес ұрудан мүлдем бас тартып отыр. «Рабочее Делоның» да атесі осы сыяқты екенін біз төменде көрсетеміз.

\*) «ӨЗІН ӨЗІ АЗАТ ЕТУ ТОЗЫ» МЕН  
«РАБОЧЕЕ ДЕЛО»

Біз «Рабочая Мысльдың» бірінші номерінің жұртқа қаншама мәлім болмаған, кәзіргі кезде ұмытылған деуге болатын басмакаласын барынша толық қарастырдық, өйткені бұл мақала, кейіннен жарық дүниеге келген тоғып жатқан ұсақ арналарды жалпы арна түрінде барлығынан бұрын және барлығынан айқын көрсетіп берді. З. И.—ы «Рабочая Мысльдың» бірінші номері мен басмакаласын мақтай келіп, ол мақала «қатты, албырттықпен» жазылған деп мүлдем дұрыс айтқан еді, («Листок «Работника»» № 9—10, 49-беті). Өзінің пікіріне сенген, бір жаңалық жасап отырмын деп ойлайтын адамның қай-қайсығы болса да «албырттықпен» жазады, жазғанда да өзінің көзқарастарын ап-айқын көрсетіп жазады.

Тек, екі арада әрі-сәрі болуға әдеттенген адамдарда ғана ешбір «албырттық» болмайды, күні кеше «Рабочая Мысльдың» албырттығын мақтап, бүгін оған қарсыластың «айтыстағы албырттығы» үшін оларға шабуыл жасау тек осындай адамдардың ғана қолынан келеді.

««Рабочая Мысльға» арналған жеке қосымшаға» талталмай-ақ (экономистердің идеясын бәрінен де дәйекрек көрсететін бұл шығарманы төменде біздің түрлі рәсімдерде дәлелге алуымызға тура келеді), «Жұмысшылардың өзін өзі азат ету тобының үндеуіне» тек қысқартып ғана тоқталып өтейік (1899 жылы мартта жарыяланған 1899 жылы июльде Лондондағы «Накануненің»<sup>28</sup> 7-нөмірінде қайта басылған). Бұл үндеудің авторлары: «жұмысшылар Россиясы жаңадан ғана оянып келеді, енді енді ғана төңірекке көз жіберіп, күрестің алғаш кез келген құралдарына инстинктивті түрде талғаусыз жармасымен келеді» — деп өте дұрыс айтады, бірақ олар бұдан «Рабочая Мысль» сыяқты теріс қортынды жасау инстинктивтілік дегеннің санасыздық (стихиялық) екенін социалистердің бұл санасыздықты түзетуге міндетті екенін ұмытып отыр, осы күнгі қоғамда күрестің «алғаш кездесетін» құралдарының қашан да болса күрестің тред-юниондық құралы болатынын, ал «алғаш кездесетін» идеологияның — буржуазиялық (тред-юниондық идеология болатынын ұмытып отыр. Солай-ақ, бұл авторлар саясатты да «теріске» санамайды, бірақ В. В. Мышляктың ізінше, тек қана (тек қана!) былай дейді: саясат дегеніміз қондырма, сондықтан да «саяси үгіт экономикалық күрестің қамы үшін жүргізілетін үгітке қондырылатын қондырма болуға тиіс, осы экономикалық күрестің негізінде туып, соның сонынан ілесіп отыруға тиіс».

Ал «Рабочее Делоны» алсақ, ол өзінің ісін бірден экономистерді «қорғаудан» бастады. Экономистерді сақтап қалдырған өзінің белгілі кітапшасында\* «Аксельродтың қандай жас жолдастар туралы сөз қылғанын білмейміз» деп «Рабочее Дело» өзінің бірінші нөмірінде-ақ (№ 1, 141-142-беттері) тікелей айтып, соңынан осы өтірік жөнінде Аксельродпен және Плехановпен болған айтысында «Рабочее Дело» өзінің «шетелдегі жасырақ социал-д

---

\* «Орыс социал-демократтарының кәзіргі міндеттері мен тактикасы туралы мәселе жөнінде». Женева, 1898. «Рабочая Газетға» 1897 жылы жазылған екі хат.

юкраттардың бәрін де әлгі әділетсіз айыптаудан» (Аксельродтың экономистерді ой өрісі тар деп айыптауынан) «таңырқап барып қорғағысы келгендігін» мойындауға тиіс болды. Шынында, бұл айыптау өте дұрыс айыптау еді, ал онсын бұл айыптау «Рабочее Дело» редакциясының мүшесі В. И. — ға да тиетіндігін «Рабочее Дело» жақсы білген еді. Реті келгенде айта кетейін: әлгі ійтыста, «Орыс социал-демократтарының міндеттері»\* деген менің кітапшамды талқылаудағы Аксельродтың пікірі мүлде дұрыс, ал «Рабочее Делоның» пікірі мүлде теріс еді. Бұл кітапша «Рабочая Мысль» шықпастан бұрын, 1897 жылы жазылған болатын, ол кезде мен, Санкт-Петербург «Күрес одағының» жоғарыда өзім сыйпаттап шыққан алғашқы бағытын үстем бағыт деп санадым және солай деп санауға праволы да едім. Қалай болғанмен де бұл бағыт 1898 жылдың жартысына дейін шынымен үстем бағыт болып келді. Сондықтан экономизмнің өмір сүріп отырғандығы мен оның қауіптілігін теріске саю үшін, 1897—1898 жылдарда Санкт-Петербуркте «экономистердің» көзқарастары ығыстырып шығарған көзқарастарды баяндаған кітапшаға жабыса түсуге «Рабочее Делоның» ешбір правосы жоқ еді\*\*.

Ал «Рабочее Делоның» экономистерді «қорғап» қана қоймағаны былай тұрсын, сонымен қатар оның өзі де экономистердің негізгі адасушылығына жолығып ұдайы шатасып келді. Бұл шатасқандық «Рабочее Дело» прог-

\* Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 2-том, 357—388-беттері. Ред.

\*\* «Рабочее Дело» қорғанбақшы болып, өзінің бірінші өтірігін: («П. Б. Аксельродтың қай жас жолдастар туралы сөз қылып отырғанын біз білмейміз» деген өтірігін) екінші өтірікпен толықтырып, «Жауап» деген мақаласында былай деп жазды: «Міндеттерге» рецензия жазылғаннан бері кейбір орыс социал-демократтарының арасында экономикалық сыңаржақтылыққа бет алғандық туды немесе азды-көпті анық айқындалды, бұл беталыс қозғалысымыздың «Міндеттерде» көрсетілген қалпымен салыстырғанда бір адым кері шегінгендік болды» (9-бет). 1900 жылы басылып шыққан «Жауап» осылай дейді. Ал «Рабочее Делоның» (рецензия басылған) бірінші номері 1899 жылғы апрельде шықты. Экономизмнің тек қана 1899 жылы шыққаны ма? Жоқ, олай емес, орыс социал-демократтары тұңғыш рет 1899 жылы экономизмге қарсы дабыл қакты («Гедога» жазылған қарсылық). Ал экономизм 1897 жылы шықты, мұны «Рабочее Дело» әбден жақсы біледі, өйткені В. И. — ға 1898 жылғы ноябрьдің өзінде-ақ («Листок «Работника»» № 9—10) «Рабочая Мысльды» мақтаған болатын.

раммасының мына төмендегі тезисін екіұшты түсінуін туған еді: «орыс тұрмысындағы ең алдымен Одақты міндеттері мен оның әдеби жұмысының сыйпатын белгілейтін (курсив біздікі) ең маңызды нәрсе — соңғы жылдарда туған бұқаралық жұмысшы қозғалысы деп санаймыз» (курсив «Р. Делонікі»). Бұқаралық қозғалыстың өт маңызды нәрсе екендігінде ешбір талас жоқ. Бірақ ба әңгіме осы бұқаралық қозғалыстың «міндеттерді белгілеуін» қалай түсіну керек екендігінде. Мұны екі түрде түсінуге болады: не бұл қозғалыстың стихиялылығын бас ию мағнасында, яғни социал-демократияның рол жұмысшы қозғалысына жәй ғана қызмет ету деген мағнада түсінуге болады (бұл «Рабочая Мысльдың», «Өзі өзі азат ету тобының», тағы басқа экономистердің түсінуі); не болмаса бұқаралық қозғалыс біздің алдымызға теория, саясат және ұйымдастыру ісі жағынан жаңа міндеттер қояды, міндет болғанда, бұқаралық қозғалыс тұмай тұрған дәуірде қанағат етуге болатын міндетте анағұрлым күрделі міндеттер қояды деп түсінуге болады. «Рабочее Дело» бұл екі түсініктің дәл алғашқысын бейім болды және бейім болып отыр, өйткені ол ешбір жаңа міндеттер туралы еш нәрсе де ашып айтқан жоқ қайта ол, бұл «бұқаралық қозғалыс» өзінің туғызған міндеттерін айқын түсініп, оны шешуден бізді құтқарды деп ұдайы сөз қылып келді. Бұл жөнде мынаны айтсақ та жеткілікті: «Рабочее Дело» самодержавияны құлатуды бұқаралық жұмысшы қозғалысының бірінші міндеті етіп қою мүмкін емес деп санады, сөйтіп бұл міндеттің (бұқаралық қозғалысқа бола) маңызын таяудағы саяси талаптар үшін күресу міндетінің дәрежесіне дей кемітіп жіберді («Жауап», 25-беті).

«Рабочее Делоның» 7-номеріндегі, оның редактор Б. Кричевскийдің «Орыс қозғалысындағы экономикалық және саяси күрес» деген мақаласына, әлгі айтылған қателерді\* қайталап отырған мақаласына соқпай-ақ, «Р»

\* Саяси күрестегі «кезең теориясы» немесе «жалтақтап қысық басу» теориясы болып мақалада, мысалы, былай көрсетіледі: «Өзінің сыйпаты жағынан бүкіл Россияға бірдей саяси талаптар дегенмен, алғашқы кездерде» (1900 жылы августа осылай жазыған!) «жұмысшылардың белгілі тобының (!) экономикалық күрестен алған тәжірибесіне үйлесуі керек. Тек (!) осы тәжірибе табан тіреп қана саяси үгіт жұмысына кірісуге болады және кірісу керек те», т. т. (11-беті). 4-бетте, автор экономикалық ауру ұшырады деген, өз ойынша, мүлде дәлелсіз айыптаушылыққа қа



«Рабочее Дело» тура 10-номеріне көшейік. Біз, әрине, Б. Кричевский мен Мартыновтың «Заря» мен «Искраға» қарсы шыққан жеке пікірлерін талдап тексеріп жатпаймыз. Бұл жерде бізге керегі өзінің 10-номерінде «Рабочее Дело» ұстаған принциптік позициясы ғана. Мысалы, біз «Рабочее Дело» төмендегі екі қағыйданың арасында «мейлінше қайшылық» бар деп білген сорақылығын да қарастырып жатпаймыз. Бірінші қағыйда:

«Социал-демократия күн бұрын құрып алған қандай болса да бір жоспармен, я саяси күрес әдісімен қолын байламайды, өз жұмысын тарылтпайды; партияның қолда бар күшіне сай болатын барлық күрес құралдарын дұрыс деп таныйды», т. т. («Искра» № 1)\*.

Екінші қағыйда:

«Қандай жағдайда, қандай дәуірлерде болса да саяси күресте ысылған берік ұйым болмаса, онда системалы түрде қолданылатын, берік принциптермен айқындалған, бұлжымастан жүзеге асырылатын, тек бір өзі ғана тактика деп аталуға жарайтын іс жоспары туралы сөз болуы да мүмкін емес» («Искра» № 4)\*\*.

Қолайлы болып кездесе күрестің барлық құралдарын, барлық жоспарлары мен әдістерін принцип жағынан қабылдауды — егер тактика туралы сөз қылғың келсе, белгілі бір саяси кезеңде бұлжымастан жүзеге асырылатын

сы шығып, былай деп даурыға түседі: «Маркс пен Энгельстің ғылымы бойынша, жеке таптардың экономикалық мүдделерінің тарихта шешуші роль атқаратынын, олай болса, әсіресе пролетариаттың өзінің экономикалық мүддесі жолындағы күресінің оның таптық дамуы мен азаттық күресі үшін бірінші дәрежелі маңызы болуға тиіс екендігін қай социал-демократ білмейді?» (курсив біздікі). Осы «олай болса» деген сөз мүлде орынсыз сөз. Экономикалық мүдделер шешуші роль атқарады деген сөзден: экономикалық (= кәсіптік) күрестің бірінші дәрежелі маңызы бар деген тіптен ешбір қортынды шықпайды, өйткені таптардың ең маңызды, «шешуші» мүдделері жалпы алғанда іргелі саяси өзгерістер жасағанда ғана орындала алады; атап айтқанда, пролетариаттың негізгі экономикалық мүддесі, буржуазия диктатурасының орнына пролетариат диктатурасын орнататын саяси революция болғанда ғана орындалады. Б. Кричевский «орыс социал-демократиясындағы В. В.»-ның байымдауы (саясат экономиканың жетегінде жүреді деген, т. с. байымдауы) мен неміс бернштейншілдерінің байымдауын қайталап отыр (мысалы, Вольтман дәл осылай байымдап: жұмысшылар саяси революция туралы ойлаудан бұрын, ең алдымен «экономикалық күшке» жетісулері керек, деп дәлелдеген).

\* Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 4-том, 390-бет. *Ред.*

\*\* Қараңыз: В. И. Ленин, Шығармалар, қазақша 5-т., 6—7-беттері. *Ред.*

жоспар қолдану талабымен шатастыру, — мұның өзі бәрібір медицинаның қандайда болмасын барлық емдеу системаларын қабылдауын, — оның белгілібір ауруды емдегенде, емдеудің белгілібір системасын қолдануды талап етуімен шатастырғандық болып шығады. Бірақ «Рабочее Делоның» өзі, біз айтқандай, стихиялылыққа басыюшілік ауруына ұшырап, сол аурудан құтқаратын «емделу системаларының» ешқандайын қабылдағысы келмейді, мәселе міне осында болып отыр. Сондықтан «Рабочее Дело»: «тактика-жоспар марксизмнің негізгі рухына қайшы келеді» (№ 10, 18-беті), тактика дегеніміз «партиямен бірге өсетін партиялық міндеттердің өсу процесі» (11-беті, курсив «Р. Д.-нікі») деген керемет жаңалық ашты. Бұл соңғы айтылған нақыл сөздің әйгілі нақыл болуға, «Рабочее Дело» «бағытының» бұзылмас ескерткіші болуға толық мүмкіндігі бар. «Қалай қарай аяқ басу керек?» деген сұрауға басшы орган былай деп жауап береді: қозғалыс дегеніміз қозғалыстың бастапқы пункті мен келесі пункттерінің арасының өзгеру процесі. Бұл өлшеусіз білгішсінгендіктің өзі жәй ғана бір өрескелдік емес (олай болған күнде бұған ерекше тоқталудың да қерегі болмас еді), сонымен қатар оның өзі бүтін бір бағыттың программасы болып отыр, атап айтқанда: Р. М. («Рабочая Мысльға» арналған жеке қосымшада) мынадай сөздермен айтқан программаның дәл өзі болып отыр: керекті күрес — енді мүмкіндігі бар күрес, ал мүмкіндігі бар күрес — дәл кәзір жүріп жатқан күрес. Бұл — қол қусырып стихиялылыққа бейімделіп отырған шылғый оппортунистік бағыттың дәл өзі.

«Тактика-жоспар марксизмнің негізгі рухына қайшы келеді!» Расында мұның өзі марксизмге жала жапқандық, марксизмді келемежге айналдырғандық, халықшылар бізбен күрескенде бізге марксизмнің солай көрсетілген бейнесін қарама-қарсы қойды. Бұл — саналы қайраткерлердің ынта-жігерін бәсеңдетудің дәл өзі, ал марксизм болса, мұның керісінше, социал-демократтың ынта-жігеріне орасан зор қозғау береді, оның келешегіне мейлінше кең жол ашады, «стихиялы» түрде күреске көтерілген миллион-миллиондаған жұмысшы табының айбынды күшін соның қарамағына (егер осылай деп айтуға болатын болса) береді! Халықаралық социал-демократияның тарихы біресе ана, біресе мына саяси көсем ұсынып келген жоспарлармен лық толы, ол жоспарлар көсем-

дердің кейбіреулерінің алыстан болжағыштығын, саяси ұйымдастыру көзқарастарының дұрыстығын дәлелдеді, екіншілерінің топастығы мен саяси қателерін көрсетті. Германия тарихи ұлы өзгерістердің бірін басынан кешірген кезде, — империя құру, рейхстаг ашу, жалпыға бірдей сайлау правосын беру кезінде, — социал-демократияның саясаты мен жалпы істейтін жұмысының Либкнехтіде бір жоспары болды, Швейцерде екінші жоспары болды. Ал герман социалистеріне қарсы төтенше заң қабылданған кезде, — Мост мен Гассельманда бір жоспар болды, бұлар тура күштеуге және террорға шақыруға дайын тұрды; Хёхберг пен Шраммада және (шінара) Бернштейнде екінші жоспар болды, бұлар социал-демократтарға: сендер өздеріңнің ақылсыз қатты кететіндіктеріңнен және революцияшылдықтарыңнан осындай заңның шығуына себеп болдыңдар, енді мінез-құлықтарыңды түзетін, кешірім алуларың керек, деп уағыздай бастады; құрылыс органын шығаруды дайындап, соны шығарып отырғандарда үшінші жоспар болды. Жол таңдап алу туралы мәселе жөнінде болған күрес аяқталғаннан кейін және таңдап алынған жолдың жарамдылығы туралы тарих өзінің аяқталған шешімін айтқаннан кейін көп жылдар өткеннен соң, артқа қарап, — партиямен бірге өсетін партиялық міндеттердің өсуі туралы нақыл сөзге салынып білгішсіну, әрине, қиын емес. Бірақ орыс «сыншылары» мен экономистері социал-демократияны тред-юнионизм дәрежесіне дейін төмендетіп отырған кезде, ал террористер ескі қателерді қайталайтын «тактика-жоспарды» қабылдау ісін барынша уағыздап отырған кезде, — міне осындай аласапыраңға\* кез болған мезгілде әлгі сықылды білгішсінгендікпен ғана тыну, — өзінің бишаралығына өзі куәлік» беру болып шығады. Бірсыпыра орыс социал-демократтары нақынға-жігердің кемдігінен, «саяси насихаттың, үгіттің және ұйымның өрісінің»\*\* тарлығынан революциялық жұмысты неғұрлым кең түрде жолға қоятын «жоспарлардың» кемдігінен қиыншылық көріп

\* Ein Jahr der Verwirrung (ала сапыраң заманы) — Меринг өзінің: «Германия социал-демократиясының тарихы» деген кітабында жаңа жағдайлар сай келетін «тактика-жоспарды» таңдап аларда алдымен социалистердің жасаған солқылдақтығы мен табансыздығын баяндап отырған параграфына ол осылай деп ат қойған.

\*\* «Искраның» 1-номерінің басмақаласынан алынған. (Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 4-том, 388-беті. РсД.).

отырған кезде, — міне дәл осындай кезде: «тактика-жоспар марксизмнің негізгі рухына қайшы келеді» деп, марксизмді тек теория жүзінде ғана қорлағандық емес, сонымен қатар *партияны іс жүзінде де кейін сүйрегенді* болып табылады.

«Революционер-социал-демократтың міндеті — деп тағыда ақы айтады бізге «Р. Дело» — объективтік дамуды жоқ қылу немесе оны субъективтік жоспарлармен алмастыру емес, оның міндеті өзінің саналы ісімен сол объективтік дамуды тек тездетіп отыру. «Искра» теория жүзінде мұның бәрін жақсы біледі. Бірақ, революциялық саналы жұмысқа марксизмнің өте орынды зор маңы беретіндігі, «Искраның» тактикаға доктринерлік тұрғыдан қарауының арқасында, оны практика жүзінде, *дамудың объективтік немесе стихиялық элементінің маңызын кемітуге елктетіп отыр.* (18-беті).

Бұл да теория жағынан әбден адасқандық, мұндай адасқандық З. В. мырзамен қоса оның серіктеріне лайықты нәрсе. Біз өзіміздің философымыздан: субъективтік жоспарларды жасаушылардың объективтік дамудың маңызын «кемітіп отырғандығын» неден көруге болады? деп сұрар едік. Сірә, оны мынадан көруге болар: объективтік дамудың белгілібір таптарды, жіктерді, топтарды, белгілібір ұлттарды, ұлт топтарын, т. с. туғызатын немесе нығайтатын, оларды құртып жіберетін немесе әлсірететін, сөйтіп мұнымен күштердің халықаралық көлемде белгілібір саяси жіктерге бөлінуіне, революцияшыл партиялардың позициясына, т. с. себепші болатынын субъективтік жоспарларды жасаушылар естерінен шығарып жібереді. Ал олай болғанда мұндай жоспарды жасаушының кінәсы стихиялық элементті кеміткендігінде емес, қайта, *саналы* элементті кеміткендігінде, өйткені объективтік дамуды дұрыс түсінуге оның «саналылығы» жетпейді. Сондықтан стихиялық пен саналылықтың «қайсысының *маңыздырақ* (курсив «Рабочее Дело»-нікі) екенін бағалау» жайында әңгіме студің өзі де «саналылықтың» мүлде жоқтығын көрсетеді. Егер «дамудың» белгілібір «стихиялық элементтерін» білуге тегінде адамның санасы жететін болса, онда ол элементтерді дұрыс бағаламаушылық—«саналы элементті кеміткендікпен» бірдей болмақ. Ал егер ол элементтерді білуге санамыз жетпейтін болса, онда біз оларды біле де алмаймыз, әңгіме де ете алмаймыз. Олай болса Б. Кричевский нені сөз қылып отыр? Егерде ол «Искраның» субъективтік жоспарларын» қате деп табатын болса (ал бұл жоспар-

арды тура қате деп жарыялап отыр), онда ол бұл жоспарлардың дәл қандай объективтік фактыларды елемей етіп отырғандығын көрсетуге тиіс еді, сөйтіп осы фактыларды елемегендігі үшін «Искраны» саналылығы жетімсіз деп, — Кричевскийдің өз сөзімен айтқанда, — «саналы элементті кемітеді» деп кінәлауға тиіс еді. Ал егер, объективтік жоспарларға наразы болған Кричевскийдің стихиялық элементті кемітеді» (!!)) дегеннен басқа дәлелдері болмаса, онда ол мұнысымен өзінің, (1) марксизмді теория жүзінде түсінгенде Бельтов<sup>29</sup> әбден күлкі шығарған Қареевтер мен Михайловскийлер à la\* ғана түсінетіндігін дәлелдейді, (2) практика жүзіне келгенде — біздің жарыя марксистерді бернштейншілдікке еліктеткен, ал социал-демократтарымызды экономизмге еліктеткен «дамудың стихиялық элементтеріне» әбден риза екендігін ғана дәлелдейді, оның, орыс социал-демократиясын қалай да болса «стихиялық» даму жолынан өзге жолға салуға белсенген адамдарға «өте ашулы» екендігін дәлелдейді.

Ал бұдан әрі тіптен қызық нәрселер кездеседі. «Жаратылыс тану ғылымдарының ешбір табыстарына қарамастан, адам баласының баяғы ата-баба жолымен көбейе беретіні сыяқты, жаңа қоғамдық тәртіптің дүниеге келуі де, — қоғамдық ғылымдардың ешбір табыстарына және саналы күрескерлердің өсуіне қарамастан, — бұдан былай да көбінесе стихиялық дүмпулердің нәтижесі болып қала бермек» (19). Баяғы ата-бабадан қалған мәтелдің: балалы болуға кімнің ақылы жетпейді дейсің? дегені сыяқты, — «жаңа социалистердің» (Нарцис Тупорылов<sup>30</sup> à la) мәтелі: жаңа қоғамдық тәртіптің стихиялы түрде дүниеге келуіне қатысуға кімнің де болса ақылы жетеді, дейді. Біз де, солай, оған кімнің де болса ақылы жетеді деп ойлаймыз. Бұған осылай қатысу үшін, экономизм үстем кезде экономизмге, терроризм шыққан кезде — терроризмге беріле қойсаң болғаны. Мәселен, осы жылы көктемде, террорға әуестенушіліктен сақтандыру өте-мөте қажет болған кезде, «Рабочее Дело» өзі үшін «жаңа» мәселе болған бір мәселеге кездесіп, таңырқаған еді. Ал, енді, жарты жыл өткеннен соң, ол мәселе оншама зәру мәселе болмаған кезде «Рабочее Дело» бізге: «біздің ойымызша, социал-демократияның міндеті

• — сықылды. Ред

террорлық ниеттің күшеюіне қарсыласу емес және олай болуға тиісті де емес» («Рабочее Дело», № 10, 23-беті деген мәлімдемені де, «съезд үздіксіз шабуылды террор жүргізе берудің мезгілі жеткен жоқ, деп таныйды» («Екі съезд», 18-беті) деген съездің қарарын да бірден ұсынып отыр. Қандай тамаша айқын, бір біріне қандай үйлесімді десейші! Террорға қарсыласпаймыз, — бірақ, мезгілі жеткен жоқ деп жарыялаймыз дейді, ал жарыялағанда, оқта-текте болып тұратын және қорғану үшін жасалатын террорды «қарар» қамтый бермейді деп жарыялаймыз. Еш нәрсе де айтпау үшін сөйлеген адамның қателеспеуге кепіл болатыны сыяқты, бұл қарардың да қателеспеуге кепіл болатын ешбір қауіпсіз қарар екенін мойындау керек! Ал мұндай қарарды жазу үшін жалғыз-ақ нәрсе керек: қозғалыстың соңынан қалмай ілесе білу керек «Рабочее Делоның» террор туралы мәселені жаңа мәселе\* деп жарыялағанын «Искра» күлкі қылған кезде, «Рабочее Дело» ашуланып, «тактикалық мәселелердің бұдан 15 жыл бұрын эмигрант-жазушылар тобы шешіп қойған шешімін партия ұйымына таңа беру өте орынсыз талап» (24-беті) деп «Искраны» айыптады. Шындығына келгенде, мәселенің теория жүзінде күні бұрын шешілуінің дұрыстығына ұйымның да, партияның да, бұқараның да көзін жеткізу үшін оны осылай күні бұрын шешіп алу орынсыз талап па екен, саналы элементті тым көтергендік пе екен!\*\* Тек артқа қарайлай беру және, ешкімге еш нәрсе «таңбай-ақ», экономизмге қарай да, терроризмге қарай да бет алған әрбір «бетбұрысқа» бағынып ере беру, — осы да іс болып па екен. «Рабочее Дело» тіпті күнделікті өмір даналығының осы ұлы өсиетін қорытып, «Искра» мен «Заряны» «өздерінің программасын бейнесіз туңғылықтың үстінде ұшып жүрген рух тәрізді етіл қозғалысқа қарсы қояды» (29-беті), деп айыптайды. Ал социал-демократияның ролі стихиялық қозғалыстың үстінде ұшып жүрген «рух» болатыны былай тұрсын, сонымен қатар, осы стихиялық қозғалысты «өз программасының» дәрежесіне дейін көтеретін «рух» болмағанда не болмақ? Оның ролі қозғалыстың соңынан ере беру емес қой: ең тәуір дегенде мұның өзі қозғалыс үшін пайда-

\* Қараңыз: В. И. Ленин, Шығармалар, қазақша 5-т., 6—8-беттері. *Ред.*

\*\* «Еңбекті азат ету» тобы террор туралы мәселені «теория жүзінде» шешіп, оның өткен уақыттағы революциялық қозғалыстың тәжірибесін қорытқанын да естен шығармау керек.

ыз нәрсе, ал нашар дегенде — мұның өзі өте-мөте зыянды нәрсе болады. Ал «Рабочее Дело» бұл «тактика-процеске» еріп қана қоймайды, сонымен қатар оны принципке айналдырады, сондықтан оның ұстаған бағытын оппортунизм деп атағаннан гөрі (құйыршық деген сөзден алып) *құйыршықтық* деп атаған дұрысырақ болар еді. Құйыршық есебінде ұдайы қозғалыстың соңынан еріп отыруға белін байлаған адам, «дамудың стихиялық элементін кемітуден» қашан да болса және мүлде аман болатынын мойындамауға да болмайды.

\* \*  
\*

Сонымен, орыс социал-демократиясындағы «жаңа бағыттың» негізгі қатесінің мынада екендігіне көзіміз жетті: ол бағыт стихиялыққа бас неді, бұқараның стихиялылығы бізден, социал-демократтардан, саналылықтың мол болуын керек қылатындығын түсінбейді. Бұқараның стихиялық өрлеуі неғұрлым артқан сайын, қозғалыс неғұрлым кеңейген сайын, социал-демократияның теория жұмысында да, саяси жұмысында да, ұйымдастыру жұмысында да саналылықтың мол болуын керек етушілік соғұрлым өлшеусіз тез арта түседі.

Россияда бұқараның стихиялық өрлеуінің тездікпен жүргендігі (және жүріп бара жатқандығы) сонша, социал-демократиялық жастар әлгі орасан зор міндеттерді атқаруға дайын болмай шықты. Бұл дайындықтың жоқтығы — біздің бәрімізге ортақ кемшілік, *барлық* орыс социал-демократтарының кемшілігі. Бұқараның өрлеуі бірден-бірге үздіксіз ілгерілеп, сабақтасып ұлғая берді, ол өрлеудің басталған жерінде тоқтап қалмағандығы былай тұрсын, сонымен қатар оның өзі бірден-бірге жаңа жерлерді, халықтың жаңа топтарын қамтый берді (жұмысшы қозғалысының әсерімен оқушы жастардың да, жалпы интеллигенцияның да, тіпті шаруалардың да қобалжуы күшейе түсті). Ал революционерлер өздерінің «теорияларында» да, істерінде де бұл өрлеуден *кейін қалды*, олар бүкіл қозғалысқа *басшылық* ете алатын, үздіксіз жұмыс істейтін, сабақтас ұйым құра алмады.

Біз, бірінші тарауда «Рабочее Делоның» біздің теория жүзіндегі міндеттерімізді кеміткендігін және сән болып алған «сын бостандығы» деген ұранды оның «стихиялық» түрде қайталай беретіндігін атап көрсеттік: бұл

қайталай берушілердің Германия мен Россиядағы «сыншыл» оппортунистер мен революционерлердің позицияларының бір-біріне мейлінше қарама-қарсы келетінін түсінуге «саналылығы» жетпеді.

Келесі тарауларда біз бұл стихиялыққа бас июшіліктің саяси міндеттер мен социал-демократияның ұйымдастыру жұмысында қалай көрінгенін қарап шығамыз.

### III

#### ТРЕД-ЮНИОНДЫҚ ЖӘНЕ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ САЯСАТ

Тағыда «Рабочее Делоны» мақтаушылықтан бастайық. Мартынов өзінің «Искра»мен екі арадағы алауыздықтар туралы «Рабочее Делоның» 10-номерінде басылған мақаласын «Әшкерелеуші әдебиет және пролетариат күресі» деп атады. «Біз оның (жұмысшы партиясының) даму жолында тұрған тәртіптерді әшкерелеумен ғана қанағаттана алмаймыз. Біз мұнымен қатар пролетариаттың жакын арадағы және кәзіргі мүдделері жөнінде де пікір білдіруге тиіспіз» (63-беті) — бұл алауыздықтардың мәнісін Мартынов осылай ыспаттаған болатын. «...«Искра»... Іс жүзіне келгенде революцияшыл оппозицияның біздің тәртіптерімізді, көбінесе саяси тәртіптерімізді әшкерелеуші органы... Ал біз болсақ пролетариат күресімен біте кайнап, тығыз байланысып, жұмысшы табының ісі үшін қызмет етіп отырмыз және бұдан да былай қызмет етпекпіз» (бұл да сонда). Бұл ыспаттамасы үшін Мартыновқа рахмет айтнасқа болмайды. Бұл ыспаттаманың бәрімізге ортақ тамаша мәні бар, өйткені ол ыспаттама, асылында, тек «Рабочее Дело» мен біздің арамыздағы алауыздықтарды ғана камтып қоймайды, сонымен қатар саяси күрес туралы мәселе жөніндегі «экономистер» мен біздің арамыздағы жалпы алауыздықтарды да түгел камтыйды. Біз «экономистердің» «саясатты» мүлдем теріске шығармайтындығын, бірақ саясатты социал-демократиялық жолмен түсінуден үнемі тред-юниондық жолмен түсіну жағына ауып кетіп отырғандығын жоғарыда көрсетіп өттік. Мартынов та дәл осылай түсіну жағына ауып кетіп отыр, сондықтан біз Мартыновты осы мәселе жөніндегі экономистік адасушылықтың үлгісі етіп алуға ырзамыз. Мұндай таңдау үшін ««Рабочая Мысльга» арналған жеке қосымша» авторларының да, «Өзін



зі азат ету тобы» үндеуінің авторларының да, «Искра-ың» 12-номерінде жарыяланған экономистік хаттың авторларының да бізбен таласуға правосы жоқ, мұны біз іәлелдеп шығуға тырысамыз.

а) САЯСИ ҮГІТ ЖӘНЕ ОНЫ ЭКОНОМИСТЕРДІҢ ТАРЫЛТУЫ

Орыс жұмысшыларының экономикалық\* күресінің тек алуы мен нығаюының экономикалық (фабрикалық және кәсіптік) әшкерелеуші «әдебиеттің» жасалуымен тығыз байланысты болғандығы жұрттың бәріне де мәлім. «Листоктардың» негізгі мазмұны фабрика тәртіптерін әшкерелеу болды, сондықтан жұмысшылардың арасында әшкерелеуге зор күштарлық тез пайда болды. Социал-демократтардың үйірмелері жұмысшылардың қайыршылық тұрмыстары жөнінде, лайықсыз ауыр еңбектері және олардың правосыз күйі жөнінде бар шындықты айтып беретін жаңа листоктарды жеткізіп тұрғысы келетіндігіне және жеткізіп бере алатындығына жұмысшылардың көздері жетісімен-ақ, олар фабрикалар мен заводтардан хат-хабарларды жаудыра бастады деуге болады. Бұл «әшкерелеуші әдебиет» әлгі листок тәртіптерін масқаралаған фабрикаларда ғана жұрт арасында зор әсер туғызып қоймай, сонымен қатар әшкереленген фактылар туралы шамалы бір нәрсе есіткен фабрикалардың бәрінде де зор әсер туғызатын болды. Ал түрлі кәсіпорындар мен түрлі кәсіптерде істейтін жұмысшылардың мұң-мұқтаждары мен ауыртпалықтарының көп ұқсастығы болғандықтан, «жұмысшылар тұрмысы жөнінде айтылған шындық» олардың *бәрін де* қатты қуантты. Ең артта қалған жұмысшылардың арасында да «баспасөзде көрінуге» зор күштарлық артта түсті — талау мен езу негізінде құрылған осы күнгі қоғамдық тәртіптің бәріне қарсы жүргізілетін соғыстың осындай ұрық түріндегі формасына шын ниетпен күштарланушылық күшейе түсті. «Листоктардың» өзі де тіптен көп реттерде нағыз соғыс жарыялағандық болып шықты, өйткені әлгі фактыларды әшке-

\* Түсініспеушілік болмас үшін мынаны айта кетейік: біз бұдан былайғы баяндауымызда, экономикалық күрес деп (бұл сөзді қолданудың біздегі алынып жүрген мағнасы бойынша) барлық жерде де «практика жүзіндегі экономикалық күресті» айтамыз; бұл күресті Энгельс, жоғарыда келтірілген цитатада, «капиталистерге қарсылық ету», деп атаған, бұл күрес ерікті елдерде кәсіптік, синдикалистік немесе тред-юниондық күрес деп аталады.

релеу жұртты қатты қыздырарлықтай әсер етті, жұмысшылар нағыз өрескел сорақылықтардың құртылуын жаппай талап етті, бұл талаптарын стачкалар жасай отырып қолдауға әзір екендіктерін білдірді. Фабриканттардың өздері де, ақыр аяғында, бұл листоктардың маңызын соғыс жарыялағандықпен бірдей деп тануға мәжбүр болған. Сонша — олар әрдайым да соғыстың нағыз өзіне ұшырап қалмауға тырысты. Бұл әшкерелеушілік өзінің жарыққа шығуымен-ақ әр уақыттағыдай күшті нәрсе болып алды, жұрттың мінез-құлқына зор әсер ететіндей маңыз алды. Қойылған талаптардың бәрін немесе бірсыпырасын орындау үшін, листоктың шығуының өзі-ақ жеткілікті болған ғалай реттер кездесіп отырған. Қысқасы, экономикалық (фабрикалық) әшкерелеу экономикалық күрестің маңызды бір құралы болып келді және кәзір де солай болып келеді. Ал жұмысшылардың лажсыз өзін өзі қорғауын тугызатын капитализм өмір сүріп тұрғанда экономикалық әшкерелеудің бұл маңызы сақтала бермек. Алыс түкпірде жатқан қайсыбір «кәсіпшіліктегі» немесе үй жұмысының жұрттың ұмытып кеткен қайсыбір тарауындағы сорақылықты әшкерелеу — таптық сананың оянуының бастамасы болатындығын, кәсіптік күрестің басталуынан, социализмнің таралуына себепкер болатындығын ең алдыңғы қатардағы европалық елдерде кәзірдің өзінде де байқауға болады\*.

Осы соңғы кездегі орыс социал-демократтарының басым көпшілігі түгелінен дерлік осы фабрикалар жәйін

---

\* Бұл тарауда біз тек *саяси* күрес туралы ғана оны неғұрлым кең мағнада немесе тар мағнада түсіну туралы ғана әңгіме қыламыз. Сондықтан, «Рабочее Делоның» «Искраны» экономикалық күрес жөнінде «орынсыз тартыншақтық істеп отыр» деп айыптауын өрескелдік деп санап, соны тек жол-жөнекей сөз қыла кетеміз («Екі съезд», 27-беті, Мартынов өзінің «Социал-демократия және жұмысшы табы» деген кітапшасында бұл айыптауды әбден езбеген). Егерде айыптаушы мырзалар экономикалық күрес жөнінде «Искраны» бір жылдың ішіндегі жазған бөлімін пұттап немесе баспа табақтап өлшесе (олар осылай өлшеуді тәуір көреді) және оны «Рабочее Дело» мен «Рабочая Мысльдың» екеуінің сол бөлімдерін бірге алып салыстырса, сонда олар өздерінің тіпті бұл жөнде де артта қалып отырғандығын айқын көрер еді. Анығында, осы жәй ақыйқатты түсіну, — оларды өздерінің реніштілігін айқын көрсететін дәлелдерге еріксіз айдап отыр. «Искраны» — деп жазады олар — «тұрмыстың әмірлі тілектерімен еріксіз (!) санасуына тура келеді (!), жұмысшы қозғалысы туралы жазылған хат-лабарларды болса да (!!)

басып шығаруына тура келеді» («Екі съезд», 27-беті). Міне бізді мүлдем құртпақшы болған дәлелдерінің түрі осы!

әшкерелеу жұмысын ұйымдастырумен шұғылданды. Бұл шұғылданушылықтың қандай дәрежеге жеткенін көру үшін, онан соң бұл шұғылданушылықтың өзі *дербес күйінде*, асылына келгенде, әлі де болса социал-демократиялық іс емес, тек қана тред-юниондық іс екенін көру үшін, «Рабочая Мысльды» еске түсірсек болғаны. Бұл әшкерелеушіліктер, асылына келгенде, *белгілі бір кәсіпте* істейтін жұмысшылардың өздерінің қожайындарымен екі арадағы қатнасын ғана қамтып, жұмысшы күшін сатушыларды бұл «товардың» көзін тауып сатуға және сатып алушылармен таза коммерциялық келісім негізінде күресуге үйретті. Бұл әшкерелеушіліктер (егер мұны белгілі дәрежеде революционерлер ұйымы пайдаланған болса) социал-демократиялық жұмыстың басы және оның тұлғалы бір бөлегі болуы мүмкін, сонымен қатар оның (стихиялылыққа бас иген күнде) «тек кәсіптік» күреске, социал-демократиялық емес жұмысшы қозғалысына бастап апаруы да мүмкін. Социал-демократия жұмысшы табының күресіне басшылық еткенде, жұмысшы күшінің пайдалы шартпен сатылуы үшін ғана басшылық етіп қоймайды, сонымен қатар жарлыларды байларға сатылдыратын қоғамдық құрылысты жою үшін де басшылық етеді. Социал-демократия жұмысшы табының өкілі болғанда оның кәсіп иелерінің тек белгілі бір тобына көзқарасын жақтайтын өкілі емес, оның осы күнгі қоғамның барлық таптарына және ұйымдасып саяси күш болып отырған мемлекетке көзқарасын жақтайтын өкілі. Сондықтан, социал-демократтардың тек қана экономикалық күреспен қанағаттана алмайтындығы былай тұрсын, сонымен қатар өздерінің жұмысының дені экономикалық әшкерелеу ісін ұйымдастыру болуына көне де алмайтындығы түсінікті нәрсе. Біз жұмысшы табын саяси жағынан тәрбиелеу ісін, оның саяси санасын көтеру ісін белсене қолға алуға тиістіміз. «Заря» мен «Искраның» экономизмге жасаған бірінші шабуылынан кейін, мұны *енді* «жұрттың бәрі де мақұлдайды» (алайда кейбіреулер мұны тек сөз жүзінде ғана мақұлдайды, мұны біз кәзір көреміз).

Ал саяси тәрбие дегеніміз не болуы керек? Жұмысшы табының самодержавиеге дұшпан екендігі туралы идеяны насихаттаумен қанағаттанып қоюға бола ма? деген сұрау туады. Әрине, болмайды. Жұмысшылардың саяси езілуін *түсіндіріп отыру* жеткіліксіздік қылады (өз мүд-

делерінің өздерінің қожайындарының мүдделеріне қарама-қарсы екенін жұмысшыларға *түсіндіріп отыру да* нақ осылай жеткіліксіздік қылған еді). Бұл езілудің әрбір нақты көрінісі жөнінде (экономикалық езудің нақты көріністері жөнінде жүргізген үгітіміз сыяқты) үгіт жүргізу керек. Ал *бұл* езгіні қоғамның әлденеше түрлі таптары көретін болғандықтан, ол езгі тұрмыстың, жұмыстың тіптен әралуан тарауларында болатындықтан, кәсіп ісінде де, жалпы азаматтық істе де, адамның қарабасында да, семьяда да, дін жағында да, ғылымда да, тағы басқа сондайлардың бәрінде де болатындықтан, — егер біз самодержавиені *барлық жағынан бірдей саяси әшкерелеу ісін* ұйымдастыруды өз қолымызға алмасақ, — жұмысшылардың саяси санасын көтеру жөніндегі өз *міндетімізді атқара алмайтындығымыз* айқын емес пе? Езгінің нақты көріністері жөнінде үгіт жүргізу үшін (экономикалық үгіт жүргізу үшін фабрикалардағы озбырлықтарды әшкерелеп отыру керек болғаны сыяқты) сол көріністерді әшкерелеп отыру керек емес пе?

Мұның өзі ап-айқын болса керек еді? Бірақ, саяси сананы *барлық жағынан бірдей* көтерудің қажет екенін «жұрттың бәрі» тек сөз жүзінде ғана мақұлдайтындығы дәл міне осы арада көрініп отыр. «Рабочее Делоның» мысалы, барлық жағынан бірдей саяси әшкерелеу ісін ұйымдастыру (немесе соны ұйымдастыруды бастау) міндетін өзіне алмағандығы былай тұрсын, қайта бұл міндетті қолға алған «Искраны» *кейін тарта* бастағандығы міне осы арада көрініп отыр. Тыңдап көріңіздер: «жұмысшы табының саяси күресі дегеніміз небары» (дәл небары емес) «экономикалық күрестің неғұрлым дамыған, стөк алған, шын түрі болып табылады» («Рабочее Делоның» программасы, «Р. Д.» № 1, 3-беті). «Қазірде социал-демократтардың алдында тұрған міндет — мүмкін қадерінше экономикалық күрестің өзіне саяси сыйпат беру» (Мартынов, № 10, 42-бет). «Экономикалық күрес, — бұқараны белсенді түрде саяси күреске тарту үшін ең кең қолданылатын құрал» (Одақ съезінің қарары мен «түзетулері»: «Екі съезд», 11 және 17-беттері). Міне бұл қағыйдалардың бәрі де «Рабочее Делоның» ең пайда болған кезінен бастап, «редакцияның» соңғы «нұсқауларына» дейін «Рабочее Делода» орын алып отырғанын оқушы көріп отыр және бұл қағыйдалардың бәрі де, сірә, саяси үгіт пен саяси күрес-

тегі бір ғана көзқарасты көрсететін болу керек. Бұл көзқарасқа, саяси үгіт экономикалық үгіттің соңынан жүруге тиіс дейтін барлық экономистердегі үстем болып жүрген пікірдің тұрғысынан көз жіберіп қараңыздаршы. Экономикалық күрес дегеніміз — бұқараны саяси күреске тарту үшін жалпы алғанда\* «неғұрлым кең қолданылатын құрал» деу дұрыс па? Мүлде дұрыс емес. Бұқараны осылай саяси күреске «тартудың» «кең қолданылатын» құралы әсте экономикалық күреске байланысты көріністер ғана емес, полиция езуі мен самодержавие озбырлығының қандай да болмасын барлық көріністері де бұдан ешбір кем түспейтін «кең қолданылатын» құралы болып табылады. Земство бастықтарының қылығы және шаруаларға дүре соғушылық, чиновниктердің паракорлығы мен полицияның қаланың «қара халқына» істейтіндері, аштармен күресу және халықтың жарық сәуле мен білімге ұмтылуын қудалау, қысым көрсетіп салық салу және сектанттарды қудалау, солдаттарды азаптап үйрету және студенттер мен либералдық интеллигенттерге солдатша қарау, — міне осылардың бәрі және езудің осы сықылды «экономикалық» күреспен тікелей байланысы жоқ мыңдаған басқа да түрлері бұқараны саяси күреске тартудың кемірек «кең қолданылатын» құралы болуының және саяси үгіт жүргізуге кемірек себепші болуының мәнісі қалай? Қайта мұның дәл керісінше: күнделікті өмірде жұмысшылардың (өздері үшін немесе өздеріне жақын адамдары үшін) правосыздықтан, озбырлықтан, зорлықтан азап көретін реттерінің бәрлығын түгел алғанда, солардың ішінен азғанасы ғана нақ кәсіптік күресте кездесетін полициялық езуді көрсететіндігіне

---

\* Біз «жалпы алғанда» деп отырмыз, өйткені «Рабочее Дело» нақ жалпы принциптер жөнінде, бүкіл партияның жалпы міндеттері жөнінде сөз болып отыр. Дау жоқ, кейде практика жүзінде саясаттың шынымен экономиканың соңынан еруге тиісті болатын кезіде болады, — бірақ бүкіл Россияға арналған қарарда мұны тек экономистер ғана сөз қыла алады. Саяси үгіт жүргізгенде «әуел бастан» «тек экономикалық негізге ғана» жүргізуге болатын реттер де болады ғой, — бірақ солай бола тұрса да, «Рабочее Дело» ақырында, мұның «ешбір қажеттігі жоқ» («Екі съезд», 11-беті) деуге дейін барған. «Саясатшылар» мен революционерлердің тактикасы социал-демократияның тред-юниондық міндеттерін еске алмай кетпейтіндігі былай тұрсын, қайта тек сол тактика ғана бұл міндеттердің дәйекті түрде орындалуын қамтамасыз етеді, мұны біз келесі тарауда көрсетеміз.

күмән жоқ. Социал-демократтарға, жалпы айтқанда, «кең қолданылуы» немесе басқа да талай құралдар керек болып отырғанда, сол құралдардың ішінен тек *біреуін* ғана «неғұрлым кең қолданылатын» құрал деп жарыялап, саяси үгіттің өрісін күні бұрын *тарылту* неге керек?

Әлдеқашанғы бір заманда (бұдан бір жыл бұрын!..) «Рабочее Дело» былай деп жазған еді: «Үкімет полиция мен жандармерияны айдап салысымен-ақ», «таяудағы саяси талаптар бір стачкадан кейін, яки ең болмағанда, бірнеше стачкадан кейін бұқараға түсінікті бола бастайды» (№ 7, 15-беті, 1900 жылғы *август*). Бұл оппортунистік кезең теориясын кәзіргі уақытта Одақ қабылдамай тастап отыр, ол: «саяси үгітті әуелбастан тек қана экономикалық негізде жүргізудің ешбір қажеттігі жоқ» («Екі съезд», 11-беті) деп бізге кеңшілік жасап отыр. Орыс социал-демократиясының болашақ тарихшысы, біздің экономистердің социализмді соншалық төмен дәрежеге түсіргендігін қандай да болмасын ұзақ ойлаудан гөрі «Одақтың» өзінің бұрынғы адасқандықтарының бір бөлегін осылай жоққа шығарып отырғандығының бір өзінен-ақ жақсы көретін болар! Бірақ Одақтың саясатты тарылтудың бір түрінен осылай бас тарту арқылы бізді саясатты тарылтудың екінші түріне көндіруге болады деп ойлауы қандай аңқаулық десейші! Бул арада да: экономикалық күресті мүмкін болғанынша анағұрлым кең түрде жүргізу керек, оны әрдайым да саяси үгіт үшін пайдалану керек, бірақ бұқараны белсенді түрде саяси күреске тарту үшін экономикалық күресті *неғұрлым* кең қолданылатын құрал деп санаудың «ешбір қажеттігі жоқ» деп айту, қыйсындырақ болмас па еді?

Еврейлердің жұмысшы Одағының (Бундтың) 4-съезінің бір қарарында қолданылған «ең тәуір құрал» деген сөзді «неғұрлым кең қолданылатын құрал» деген сөзбен алмастырғандығын Одақ маңызды нәрсе деп есептейді. Біз, шынында, бұл екі қарардың қайсысының тәуір қарар екенін атап айтуға қыйналыцқырар едік: біздің ойымызша мұның *екеуі де нашар*. Бұл арада Одақ та, Бунд та саясатты экономистік, тред-юниондық бағытпен түсініп, шатасып отыр (мұның, бір есептен ойланылмай, дәстүрдің әсерімен істелуі де мүмкін). Саясатты бұлай түсіну «ең тәуір» деген сөз арқылы көрсетілсе де немесе

неғұрлым кең қолданылатын» деген сөз арқылы көрсетілсе де, бұдан, шынында, істің мәні ешбір өзгермейді. Егерде Одақ, «экономикалық негізде жүргізілетін саяси үгіт» неғұрлым кең қолданарлық («қолданылатын» емес) кұрал дейтін болса, онда Одақтың бұлай деуі біздің социал-демократиялық қозғалыстың дамуындағы белгілібір дәуірі жөнінде дұрыс болар еді. Атап айтқанда *экономистер* жөнінде, 1898—1901 жылдардағы бірсыпыра практиктер жөнінде (егер олардың көпшілігі деген күнде) Одақтың бұл айтқаны дұрыс болар еді, өйткені бұл практик-экономистер, шынында, саяси үгітті олар тек *экономикалық негізде ғана дерлік* қолданып келді (олар оны жалпы қолданып келген себепті!). Біз жоғарыда көрдік, *мұндай* саяси үгітті «Рабочая Мысль» да, «Өзін өзі азат ету тобы» да қабылдады, тіпті қолдануға ұсынып та отырды! Экономикалық үгіттің пайдалы істерін саяси күресті тарылту сыяқты зыянды іспен бірге жүргізуді «Рабочее Делоның» *үзілді-кесілді теріс* деп табуы керек еді, бірақ ол оның орнына неғұрлым кең *қолданарлық (экономистер қолданған)* кұралды неғұрлым кең қолданылатын кұрал деп жарыялайды! Бұл адамдарды біз экономистер деп атаған кезде, оларға: біздерді «мистификаторлар» деп те, «іріткі салғыштар» деп те, «папаның елшілері» деп те, «жалакорлар»\* деп те әбден сөгіп балағаттаудан басқа, бізді қатты қорлады деп жұрттың бәріне және кім болса соған шағып жылаудан басқа, «экономизм жөнінде кәзір социал-демократияның тіптен ешбір ұйымы кінәлі емес»\*\* деп ант ішкендей болып зарлағаннан басқа еш нәрсе қалмайтындығы таңқаларлық нәрсе емес. Ай, осы жалакорлар-ай, ащы тілді саясатшылар-ай! Өздерінің адам атаулыны жек көретіндіктеріне ғана бола жұртты қатты қорлау үшін, бүкіл осы экономизм дегенді солардың өздері қасақана ойдан шығарып жүрген жоқ па екен?

Мартыновтың социал-демократияның міндеті: «экономикалық күрестің өзіне саяси сыйпат беру» дегенінің сайып келгендегі, шын мағнасы қандай? Экономикалық күрес дегеніміз *жұмысшы күшін* пайдалы шартпен *сату* үшін, жұмысшылардың еңбек жағдайлары мен тұрмы-

\* «Екі съезд» деген кітапшаның дәл өз сөздері, 31, 32, 28 және 30-беттерінде.

\*\* «Екі съезд», 32-беті.

сын ондау үшін жұмысшылардың қожайындарға қарс бірлесіп жасайтын күресі. Бұл күрес қалай да кәсіпті күрес болады, өйткені түрлі кәсіптегі еңбек жағдайлары мүлде әртүрлі болады, ал, олай болса, осы еңбек жағдайларын *жақсарту* жолындағы күресті кәсіп-кәсіпке қара жүргізбеуге болмайды (мұны жұрт Батысқа кәсіпшілер одақтары арқылы, Россияда уақтылы құрылған кәсіпшілер бірлестіктері мен листоктар, т. с. арқылы жүргізеді). Демек, «экономикалық күрестің өзіне саяси сыйпат» беру деген сөз — сол баяғы кәсіптік талаптарды және еңбек жағдайын сол кәсіптің түріне қарай жақсарту ісін «заң жүзіндегі және әкімшілік шаралар» (өзінің мақаласының келесі, 43-бетінде Мартынов осылай дейді) арқылы жүзеге асыру деген сөз болады. Жұмысшылардың кәсіпшілер одағының бәрі де нақ осылай істеп отыр және әрдайым да осылай істеп келді. Байсалды ғалымдар (және «байсалды» оппортунистер) атанған ерлі-зайышты Вебстердің шығармаларына көз салып қараңыздар, сонда сіздер «экономикалық күрестің өзіне саяси сыйпат беру» міндетін ағылшын жұмысшы одақтарының әлдеқашаннан-ақ түсініп алып, жүзеге де асырып жатқанын көресіздер, олардың стачкалар жасау бостандығы жолында, кооперативтік және кәсіптік қозғалысқа бөгет болатын заң жүзіндегі бөгеттердің бәрін де және қандайын болса да жою жолында, балалар мен әйелдерді қорғайтын заң шығарту жолында, санитариялық және фабрикалық заңдар шығарту т. с. арқылы еңбек жағдайларын жақсарту жолында әлдеқашаннан-ақ күресіп келе жатқанын көресіздер.

Сонымен, «сұмдық» терең мағналы, революцияшыл болып естілетін «экономикалық күрестің өзіне саяси сыйпат беру керек» деген көпірме сөздің астарында, асылына келгенде, социал-демократиялық саясатты тред-юниондық саясаттың дәрежесіне дейін *төмендетуді* көздейтін үйреншікті ниет бүркеулі жатыр! «Искра» «өмірді революцияшылдандырудан гөрі догманы революцияшылдандыруды жоғары»\* қояды деген болып,

---

\* «Рабочее Дело» № 10, 60-беті. Бұл — «шын қозғалыстың әрбір қадамы ондаған программадан маңыздырақ» деген тезистің біздегі қозғалыстың кәзіргі, былыққан күйіне Мартынов қолданып жүрген нұсқасы, оның бұл қолдануын өзіміз жоғарыда сыйпаттап өттік. Шындығында, мұның өзі Бернштейннің «түпкі мақсат — түк



Искраның» сыңаржақтылығын түзеткенсіп, экономикалық реформалар үшін жүргізілетін күресті бір жаңа тәрсе тәріздендіріп, біздің алдымызға тарта қояды. Шығында, «экономикалық күрестің өзіне саяси сыйпат беру керек» деген сөзде экономикалық реформалар үшін күресуден басқа тіптең дәнеңе де жоқ. Егерде өз сөзінің таңызына жақсылап ой жүгіртсе, ешбір қулығы жоқ бұл ортындыны Мартыновтың өзі де жасаған болар еді. Мартынов «Искраға» қарсы өзінің нағыз мықты қаруын құмсай келіп былай дейді: «Біздің партия үкіметтің алдына экономикалық қанауға қарсы, жұмыссыздыққа қарсы, аштыққа қарсы, т. т. қарсы заң шығару, әкімшілік шараларын көру жөнінде нақтылы талаптар қоялар еді және қоюға тиісті де еді» («Р. Д.», № 10, 2—43-беттері). Шаралар көру жөнінде нақтылы талаптар қою деген сөз — әлеуметтік реформалар талап ету деген емес пе? Рабочеделошылар «Искрамен» екі араға алауыздығымыз деп экономикалық реформалар үшін күрестің қажеттігі туралы тезис ұсығанда біз ларды жасырын бернштейншілдер деп атайды екенбіз, онда біз Рабочеделошылдарды (көп айтылып жүрген ұл тұрпайы сөзді қолданғаным үшін жұрт ғапу етер!) сектеген боламыз ба? Осыны әділ оқушылардан тағы да сұраймыз.

Революцияшыл социал-демократия, реформа үшін күресуді әрдайым да өзінің ісі деп танып келді және танып келеді де. Бірақ ол «экономикалық» үгітті пайдаланғанда үкіметтен түрліше шаралар істетуді талап ету үшін ғана пайдаланып қоймайды, сонымен қатар (және іәрінен бұрын) самодержавиелік үкімет болмауын талап ету үшін де пайдаланады. Оның үстіне, революцияшыл социал-демократия бұл талапты үкіметтің алдына тек экономикалық күрес негізінде ғана қоймай, сонымен қатар оны жалпы қоғамдық-саяси өмірдің барлық көріністері негізінде қояды өзінің міндеті деп, санайды. Қысқасы, социал-демократия реформа жолындағы күресті, ұтас бір тұлғаның мүшесі ретінде, бостандық пен социализм жолындағы революциялық күреске бағындырады. Ал Мартынов, саяси күрестің қалайда экономикалық негізде даму жолын бұйыруға тырысып, кезең теориясын басқа формада қайта туғызып отыр. Мартынов

---

мес, бар әңгіме — қозғалыста» деген атышулы сөзінің орыс тіліндегі аудармасы ғана.

революциялық өрлеу кезеңінде реформа жолындағы ирестің бейнебір ерекше «міндетін» жақтап, мұным партияны кейін тартып отыр және «экономистік» оппортунизмнің де, либералдық оппортунизмнің де қолшоқпары болып отыр.

Онсын. Мартынов реформа жолындағы күресті: «экономикалық күрестің өзіне саяси сыйпат беру керек» деген көпірме тезиспен бүркеп, өзгеше бір нәрсе тәріздедіріп *жалаң ғана экономикалық* (тіпті *жалаң ғана фабрикалық*) *реформалар жасауды* ұсынды. Оның неліктен бұлай істеп отырғанын біз білмейміз. Бәлкім, жете баулау қамағандықтан шығар? Бірақ, егерде ол тек қана «фабрикалық» реформаларды айтып отырмаған болса, онда әлгіде ғана өзіміз келтіріп өткен оның бүкіл тезисіне ешбір мағна қалмас еді. Мартыновтың бұлай істеп отырғанын себебі, бәлкім, оның, үкімет тарапынан тек экономика жөнінде ғана «кеңшіліктер» жасалуы мүмкін және санайтындығынан шығар? Егер осылай деп санайтын болса, онда мұның өзі ғажап адасқандық: өйткені дүре туралы, паспорттар туралы сатып алу төлемдері туралы, сектанттық туралы, цензура туралы, т. т. с. туралы заң шығару жөнінде де кеңшіліктер болуы мүмкін және болады да, үкімет үшін «экономикалық» «кеңшіліктер» (немесе жалған кеңшіліктер) әрине, бәрінен де арзанырақ, бәрінен де тиімдірек нәрсе өйткені үкімет осы арқылы жұмысшы бұқарасын өзін сендіруге үміттенеді. Міне дәл сондықтан біз, социал-демократтар, экономикалық реформалар бізге бәрінен де қымбаттырақ дейтін, біз дәл сол экономикалық реформаларды өте маңызды деп санаймыз дейтін, т. с. пікірлеріміз (немесе шатасушылыққа) ешқандай және ешбір орын бермеуге тиіспіз. Заң шығару, әкімшілік шаралары жөнінде жоғарыда өзінің ұсынған нақтылы талаптары туралы Мартынов былай дейді: «Мұндай талаптар бос сөз болып шықпас еді, өйткені бұл талаптар қолға ұстарлы елеулі нәтижелер беретіндіктен, ол талаптарды жұмысшы бұқарасы белсеніп қолдар еді»... Біз экономистер емеспіз жо-жок! Біз, Бернштейн, Прокопович, Струве, Р. М. және

---

\* 43-бетте ол былай дейді: «Әрине, егер біз жұмысшыларға үкіметке белгілі бір экономикалық талаптар қойыңыз десек, бізді бұлай дейтін себебіміз: самодержавиелік үкімет экономика жағынан біраз кеңшіліктер жасауға лажсыз көнеді».

не tutti quanti\* мырзаларша, тек нақтылы нәтижелердің «қолға ұстарлықтай» болуының алдында кұлша жорғалаймыз! Біз (Нарцис Тупорыловпен бірге) тек «қолға ұстарлық нәтижелер бермейтін» нәрсенің бәрінің де «бос сөз» екенін білдіреміз! Біз самодержавиеге жасалған кез келген қарсылықты, тіпті ешбір қолға ұстарлық нәтижелер бермейтін қарсылықты да белсене қолдау жұмысшы бұқарасының қолынан келмейтін (жұмысшы бұқарасына біреулер өзінің филистерлігін, өзінің қолынан келетіндігін жапсырып отырса да, жұмысшы бұқарасы өзінің қолынан келетіндігін дәлелдей де алған жок) тәріздендіріп қана сөйлейміз!

Жұмыссыздық пен ашаршылыққа қарсы қолданылатын «шаралар» туралы Мартыновтың өзінің келтірген мысалдарын-ақ алып қараңыз. «Рабочее Дело», өзінің уәдесіне карағанда, «қолға ұстарлық нәтижелер беретін» «Заң шығару, әкімшілік шаралары жөнінде нақтылы (заң жобасы түрінде ме?) талаптар» даярлап, жазып жатқанда, — «өмірді революцияшылдандырудан гөрі догманы революцияшылдандыруды ылғый жоғары қоятын» «Искра» жұмыссыздықтың бүкіл капиталистік кұрылыспен тығыз байланысты екенін түсіндіруге тырысты, «ашаршылықтың болатынын» ескертті, полицияның «аштармен күрескенін», өрескел «уақытша — каторгалық ережелерді» әшкереледі, ал бұл кезде «Заря» ашаршылыққа арналып жазылған «Ішкі халді шолудың»\*\* бір бөлімін алып, үгіт кітапшасы ретінде бөлек басып шығарды. Алла сақтасын, «өмірдің өзі» бұйырып отырған нәрселерді елемейтін меніреу догматиктер, тайыздығына ем жок ортодокстер, осының өзінде не деген «сыңаржак» болып шықты десейші! Олардың мақалаларының ешбіреуінде де «қолға ұстарлық нәтижелер беретін» *blode-bir*, байқайсыздар ма — бұл не деген сұмдық! — тіптен бірде-бір «нақтылы талап» болған жок. Сорлы догматиктер десейші! Тактика дегеннің өсіп отыратын өсу процесі екеніне, т. т. екеніне экономикалық күрестің өзіне саяси сыйпат беру керек екеніне, көздерін жеткізу үшін оларды Кричевский мен Мартыновтардың ғылым үйретуіне беру керек.

«Жұмысшылардың қожайындар мен үкіметке қарсы

\* — барлық солар сыяқты. *Ред.*

\*\* Қараңыз: В. И. Ленин, Шығармалар, қазақша 5-т., 265 — 288-беттері. *Ред.*

жүргізетін экономикалық күресінің («үкіметке қарсы экономикалық күресінің»!!) өзінің тікелей революциялық маңызынан басқа оның жұмысшыларды үнемі өздерін саяси правосыздығы жөніндегі мәселені түсінуге итермелеп отыратын маңызы бар» (Мартынов, 44-беті). Біз бұл цитатты келтіргенде жоғарыда жүз рет, мың рет айтылғандарды тағыда қайталау үшін келтіріп отырғанымыз жоқ, «Жұмысшылардың қожайындар мен үкіметке қарсы жүргізетін экономикалық күресі» деген жаңа жән тамаша тұжырым бергені үшін Мартыновқа ерекше рақмет айту үшін келтіріп отырмыз. Неткен тамаша! Осы қысқа және айқын ережеде экономизмнің *не бар мәні* «барлық жұмысшылардың тұрмысын оңдауды еске алып бәріне ортақ мүддеге бола өздері жүргізіп отырған саяси күреске»\* жұмысшыларды шақыру дейсін бе, кезек теориясы дейсін бе, «неғұрлым кең қолданарлық» құрал туралы съездің қарары дейсін бе, — бірі қалмастан бәр экономистердің өздерінің арасындағы кейбір алауыздықтары мен болмашы айырмашылықтарының бәрі де сондай шеберлікпен жуып-шайылып, қол жетпес талантпен айтылып берілген. «Үкіметке қарсы экономикалық күрес жүргізу» деген сөз, нақ тред-юниондық саясат болады, ал бұл саясат социал-демократия саясатынан тіптен өте алыс жатыр.

6) ПЛЕХАНОВТЫҢ ПІКІРІН МАРТЫНОВТЫҢ ҚАЛАЙ ТЕРЕҢДЕТКЕНІ ТУРАЛЫ Әңгіме

Бір кезде бір жолдас экономизмге бейім адамдардың бірталайы ұлы ақыйқатқа (экономикалық күрес жұмысшыларды правосыздық туралы мәселеге итермелейді деген сыяқты ақыйқатқа) қалайда «өз ақылымен» адам айтқысыз бейім екенін, сонымен қатар, данышпан дарынды кісімісіп асқан мен-мендікке салынып, революциялық ой-пікір мен революциялық қозғалыстың алғашқы дамуында-ақ қол жеткен нәтижелердің бәрін де елемей кетуге бейім екенін еске ала келіп: «кейінгі кезде бізде социал-демократиялық Ломоносовтар тым көбейіп кетті-ау!» деген еді. Дәл сондай дарынды адам Ломоносов-Мартынов болып отыр. Сіз Мартыновтың «Кезектегі мәселелер» деген мақаласына зер салсаңыз, Аксельродтың әлдеқашан айтқан пікіріне (ол туралы біздің

\* «Рабочая Мысль», «Жеке қосымша», 14-бет.

Ломоносов, әлбетте, жұмған аузын ашпайды) Мартынов «өз ақылымен» жақындағанын көресіз, мәселен, буржуазияның белгілі бір топтарының оппозицияшылдығын біздің елемеуімізге болмайтындығын, т. с. Мартыновтың үсіне бастағанын көресіз («Рабочее Дело» № 9, 61, 62, 71-беттер — «Рабочее Дело» редакциясының Аксельродқа жазған «Жауабымен» салыстырыңыз, 22, 23—24 бет). Бірақ — не пайда! — тек қана «жақындайды», тек қана «бастайды», онан әрі аспайды», өйткені оның сонда да әлі күнге дейін Аксельродтың пікірін түсінбегені сонша-тық, ол «кожайындар мен үкіметке қарсы экономикалық күрес» туралы сөз қылып отыр. «Рабочее Дело» үш жыл бойы (1898—1901) Аксельродты түсінуге тырысып бақты, бірақ — бірақ сонда да түсінген жоқ! Бәлкім, мұның да себебі социал-демократия, «адамзат сыяқты», өзінің алдына әрдайым тек жүзеге асарлық міндеттерді ғана қойып келе жатқандығынан шығар?

Бірақ Ломоносовтардың өзгешелігі олардың көп нәрсені білмейтіндігінде ғана емес (олай болса, бұл тек шала-шарпы қырсық болар еді!), олардың тағы бір өзгешелігі — олар өз надандықтарын мойындамайды. Нағыз қырсық міне осы, ал осы қырсық оларды Плехановтың пікірін «тереңдетуге» бірден құлшындырып отыр.

«Плеханов әлгі кітабын («Россиядағы ашаршылыққа қарсы күресуде социалистердің міндеттері туралы» деген кітабын) жазғаннан бері талай уақыт өтті, — деп баяндайды Ломоносов-Мартынов. — Жұмысшы табының экономикалық күресін 10 жыл бойы басқарып келген социал-демократтар... әлі де партия тактикасын теория жүзінде толық дәлелдеп үлгірген жоқ. Енді бұл мәселенің толғағы жетті, сондықтан, егер біз оны теория жүзінде дәлелдегіміз келсе, онда біз, сөз жоқ, тактиканың бір кезде Плеханов жазған принциптерін едәуір тереңдетуге тиісті болған болар едік... Үгіт пен насихаттың арасындағы айырмашылықты біз енді Плехановтан гөрі басқаша белгілеуге тиісті болған болар едік» (Мартынов дәл осының алдында ғана Плехановтың мынадай сөздерін келтірген еді: «насихатшы — бір адамға немесе бірнеше адамға көп идея береді, ал үгітші бір ғана идея, немесе бірнеше идея береді, оның есесіне бұл идеяларды толып жатқан адамға береді»). «Біз насихат деп, — жеке адамдар үшін ұғымды формада бола ма, әлде қалың бұқара үшін ұғымды формада бола ма, оның бәрібір, — әйтеуір кәзіргі бүкіл құрылысты немесе оның жеке көріністерін революциялық жолмен ашып көрсетуді айтар едік. Үгіт деп, сөздің тың мағнасында аяғанда (sic!), бұқараны белгілі бір нақтылы қыймыл жасауға шақырған үндеуді, пролетариаттың қоғамдық тұрмысқа революциялық жолмен тікелей қатнасуына себепші болуды айтар едік».

Орыс социал-демократиясына — тіпті халықаралық социал-демократияға да — мартыновтық жана терминоло-

гияға, анағұрлым тың, анағұрлым терең терминологияға жеткені үшін құтты болсын айтамыз. Осы күнге дейі біз (Плехановпен бірге, тіпті халықаралық жұмысшы қозғалысының барлық көсемдерімен бірге) былай де ойлайтын едік: егерде насихатшы, мәселен, жұмыссыздық туралы мәселені алатын болса, ол дағдарыс атаулының капиталистік мәнін түсіндіруге тиісті, кәзіргі қоғамда дағдарыстардың болмай қоймайтын себебін көрсетуге тиісті, кәзіргі қоғамды социалистік қоғам етіп қайта құру қажет екендігін, т. т. суреттеуге тиісті. Бір сөзбен айтқанда, насихатшы «көп идея» беруге тиісті көп болғанда сондай, бұл идеяларды бірден, бәрін қосып алғанда, тек азғана (шамалы) адамдар ғана ұғынатын болады. Ал үгітші болса, әлгі мәселе туралы сөйлегенде, тыңдаушылардың бәріне де өте мәлім, өте көрнекті мысалды алады, — мәселен, жұмыссыз семьяның аштан өлуін, қайыршылықтың күшеюін, т. с. мысал етеді — сөйтіп, жұрттың бәріне де, әрбір жеке адамға да танық осы фактыны пайдалана отырып, «бұқараға» *бір идея* беруге бар күшін жұмсайды; байлықтың өсуі мен қайыршылықтың өсуі арасындағы қайшылықтың сорақылығын көрсететін идея береді, осы сорақы әділсіздікке бұқараның наразылығын, ызасын *қоздыруға* тырысады, ал бұл қайшылықты толық түсіндіру ісін насихатшыға қалдырады. Сондықтан насихатшы өз насихатын көбінесе *баспасөз* арқылы, үгітші өз үгітін *ауызба-ауыз* жүргізеді. Насихатшының сыйпаты үгітшінің сыйпатынан бөлекше. Мысалы, Каутский мен Лафаргті біз насихатшылар деп атаймыз, Бебель мен Гедті үгітшілер дейміз. Ал практикалық істің үшінші саласын немесе үшінші функциясын бөліп көрсету бұл функцияға «бұқараның белгілі бір нақтылы қыймыл жасауға шақырған үндеуді» апарып жатқызу — барып тұрған сорақылық, өйткені «үндеу», жеке әрекет есебінде, не теориялық трактатты да, насихатшының кітапшасын да, үгітшінің сөзін де табиғи түрде, сөзсіз толықтыратын нәрсе, немесе кіл атқару функциясы болып қалады. Шынында да, мысалы, герман социал-демократтарының астық пошлинасына қарсы жүргізіп отырған кәзіргі күресін алып қараңыз. Теоретиктер, мысалы, сауда шарты үшін, сауда бостандығы үшін күресуге «шақырып», таможня саясаты туралы зерттеулер жазады; насихатшы журнал бетінде, үгітші көпшілік алдында сөйлеген сөзінде нақ осылай істей-

ді. Дәл бұл арада бұқараның «нақтылы қыймылы» болатын нәрсе — астық пошлинасын арттырмауды сұрап Рейхстагке қол қойылған петициялар беру. Осындай қыймылдар жасауға шақырған үндеу жанамалай теоретиктерден, насихатшылардан, үгітшілерден шыкса, қол қоятын қағаздарды фабрикаларға және көрінген жеке пәтерлерге апарып жүрген жұмысшылардан тікелей шығады. «Мартыновтың терминологиясы» бойынша Каутский мен Бебельдің екеуі де насихатшы сыяқты, ал қол қоятын қағаздарды таратушылар үгітші сыяқты, солай емес пе?

Немістер жөніндегі мысалдан немістің *Verballhornung* деген сөзі менің есіме түсті, бұл орысша сөзбе-сөз алғанда: балгорншылау. Иван Балгорн XVI ғасырда Лейпцигтің кітап бастырушысы болған; ол әліппе басып шығарып, оның ішіне, әдет бойынша, әтештің суретін де салыпты; бірақ әтештің аяғында болатын кәдімгі тиегін көрсетудің орнына әтешті тиексіз етіп көрсетіпті, онсоң әтештің қасына екі жұмыртқаның суретін салған. Ал кітаптың сыртына: «Иван Балгорнның *tuzetin* басқаны» деп жазып қойған. Міне содан бері немістер бүтін нәрсені бүлдірген осындай «түзетуді» *Verballhornung* дейді. Сондай-ақ, Мартыновтар Плехановтың пікірін қалай «тереңдеткенін» көргенінде, Балгорн еріксіз есіне түседі...

Біздің Ломоносов бұл былықты не үшін «шығарып отыр»? «Искра», «бұдан 15 жыл бұрын Плехановтың істегені тәрізді, істің тек бір жағына ғана көңіл бөледі» (39) деп көрсету үшін шығарып отыр. ««Искрада», ең бергісі кәзіргі уақыт үшін, насихат мәселелері үгіт мәселелерін кейінгі қатарға ығыстырып жіберіп отыр» (52). Егерде осы соңғы ережені Мартыновтың тілінен жалпы адам баласының тіліне аударсақ (өйткені адам баласы бұл жаңадан табылған терминологияны әлі қолданып үлгірген жоқ), былай болып шығады: «Искрада» саяси насихат пен саяси үгіт мәселелері «үкіметтің алдына заңдық және әкімшілік шаралар жөнінде нақтылы талаптар кою» мәселесін, «қолға ұстарлықтай көрнекті нәтижелер беретін» талаптар кою мәселесін (немесе, Мартыновтың дәрежесіне әлі жете қоймаған ескілікті адам баласының ескі терминологиясын тым болмаса бір рет қолдануға мүмкін болатын болса, әлеуметтік реформалар жөніндегі талаптарды) кейінгі қатарға ығыстырып жіберіп отыр.

Оқушыға осы тезиспен мына бір тираданы салыстырып өтуді ұсынамыз:

«Бұл программалардың» (революцияшыл социал-демократтар программаларының) «ішінде бізді таңқалдыратын нәрсе — бұл программалар жұмысшылардың парламенттегі (бізде жоқ парламенттегі) істейтін істерінің артықшылығын ығмыл алдыңғы қатарға қояды, фабрика жұмыстары жөніндегі фабриканттардың заң қарайтын біздегі бар жыйылыстарына қатнасуының, тіпті тым болмаса, қалалық өзара басқару ісіне қатнасуының маңызын мүлде (өздерінің революциялық нигилизмі арқасында) керек қылмайды»...

Бұл тираданың авторы Ломоносов-Мартыновтың өз ақылымен жеткен әлгі айтылған пікірін бірсыпыра туралап, айқынырақ, ашығырақ айтып отыр. Бұл автор — ««Рабочая Мысльдың» жеке қосымшасындағы» Р. М. (15-бет).

») САЯСИ ӘШКЕРЕЛЕУЛЕР ЖӘНЕ «РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТІ ЖЕТІЛДІРУ»

«Жұмысшы бұқарасының белсенділігін көтеру» жөніндегі өз «теориясын», «Искраға» қарсы қоя отырып, Мартынов шынында осы белсенділікті *төмендетуге* тырысатындығын көрсетті, өйткені ол белсенділікті өршітудің ең қолайлы, аса маңызды, «неғұрлым кең қолданылатын құралы және бұл белсенділікті көрсететін орын — экономистердің бәрі де бас иіп жүрген экономикалық күрес деп жарыялады. Бұл адасушылықтың елеулі болатын себебі, мұның өзі жалғыз Мартыновқа ғана тән нәрсе емес. Шынына келгенде, егер біз «экономикалық негізге сүйенген саяси үгітпен» ғана *тынбайтын болсақ*, тек сонда ғана «жұмысшы бұқарасының белсенділігін көтеруге» болады. Ал саяси үгітті барынша өрістетудің негізгі шарттарының бірі — *барлық жағын* қамтыйтын саяси әшкерелеуді ұйымдастыру болады. Осындай саяси әшкерелеулер болмайынша бұқараның саяси сезімі мен революциялық белсенділігін жетілдіру *мүмкін емес*. Сондықтан осы сыяқты жұмыс бүкіл халықаралық социал-демократияның өте маңызды қызметтерінің бірі болады, өйткені саяси бостандық та бұл әшкерелеушіліктерді ешбір керексіз қылып тастамайды, тек оның бет алыс бағдарын аздап өзгертеді. Мысалы, герман партиясы өзінің талмай жүргізген дәл осы саяси әшкерелеу науқанының арқасында өз позицияларын өте-мөте нығайтып, ықпалын күшейтіп отыр. Егерде жұмысшылар *қай тапқа болса да* істелген жүгенсіздік пен езушіліктің, зорлық пен



збырлықтың бәріне де, қандайына болса да мән беріп үйренбеген болса, мән бергенде басқаша емес, дәл социал-демократиялық тұрғыдан мән беріп үйренбеген болса, жұмысшы табының санасы нағыз саяси сана бола алмайды. Егерде жұмысшылар нақтылы және нақтылы болғанда нағыз көкейкесті (маңызды) саяси фактылар мен оқығалар бойынша басқа қоғамдық таптардың әрқайсысын бұл таптардың ақыл-ой, мінез-кұлық және саяси тіршілігіндегі барлық көріністеріне қарай байқап үйренбесе, — халық ішіндегі барлық таптардың, жіктер мен топтардың өмір-әрекетінің барлық жақтарын практика жүзінде материалистік жолмен талдап, материалистік жолмен бағалап үйренбесе, — жұмысшы бұқарасының санасы нағыз таптық сана бола алмайды. Кімде-кім жұмысшы табының назарын, байқампаздығын, сана-сезімін тек қана немесе көбінесе сол жұмысшы табының өзіне аударатын болса, — ондай адам социал-демократ емес, өйткені жұмысшы табының өзін өзі тануы кәзіргі қоғамдағы барлық таптардың өзара қатнастары туралы ап-айқын теориялық білімдер алуға ғана тығыз байланысты емес... бәлкім, былай десек дұрысырақ болады: жұмысшы табының өзін өзі тануы теориялық білімдерден гөрі саяси өмір тәжірибесі арқылы кәзіргі қоғамдағы барлық таптардың өз-ара қатнастары туралы алынған түсініктерге тығыз байланысты. Міне сондықтан да біздің экономистердің экономикалық күрес — бұқараны саяси қозғалысқа тартудың неғұрлым кең қолданылатын құралы болып табылады деген уағызы өзінің практикалық маңызы жағынан аса зыянды, аса реакциялық нәрсе. Социал-демократ болу үшін жұмысшылар помещик пен поптың, сановник пен шаруаның, студент пен жалаңаяқтың экономикалық сырын және саяси-әлеуметтік бейнесін айқын түсінуге тиіс, бұлардың күшті жақтары мен әлсіз жақтарын білуге тиіс, әрбір таптың, әрбір таптың өзінің өзімшілдік ниеттері мен нағыз «ішкі сырын» бүркейтін бүркеніші болып табылатын жел сөздерді, түрлі софизмдерді ажырата білуге тиіс, қандай мекемелер, қандай заңдар қай топтың мүдделерін, дәл қалайша жоқтайтынын ажырата білуге тиіс. Ал осы «айқын түсінікті» ешбір кітаптан таба алмайсың: оны тек тіршілік көріністері ғана бере алады, оны кәзіргі кезде біздің айналамызда болып жатқан оқығалар жөнінде, барша жұрттың және әрбір адамның өзінше ай-

тып, тым болмаса сыбырласып әңгімелеп жүргендер жөнінде, пәлендей оқыйғалардың, пәлендей цифрлардың пәлендей сот үкімдерінің, т. б., т. с. оқыйғалардың мәнісі қандай екендігі жөнінде ізін суытпай жасалған әшкерелеулер ғана бере алады. Мәселенің барлық жағын камтыйтын осындай саяси әшкерелеулер бұқараның революциялық белсенділігін жетілдірудің қажетті және *негізгі* шарты болып табылады.

Полицияның халыққа істейтін айуандығы жөнінде, сектанттарды қудалау, шаруаларды ұрып-соғу жөнінде, цензураның сорақылықтары жөнінде, солдаттарды азаптау, тіпті зәредей жазығы жоқ мәдени бастамаларды қудалау, т. б. жөнінде орыс жұмысшылары өзінің революциялық белсенділігін әлі де аз көрсетіп отырған себебі не? Оның себебі «экономикалық күрес» жұмысшыны осыған «итермелеп» отырмағандығынан, мұның өзі «қолға ұстарлықтай нәтижелерді» аз «көрсететіндігінен», «пайдалы» нәрселерді аз беретіндігінен емес пе екен? Жоқ, мұндай пікір тағыда айтайық, ауру бастың сақыйнасын сау басқа телігендіктен өзге, өз басының филистерлігін (бернштейншілдігін де) жұмысшы бұқарасына аударуға тырысқандықтан өзге түк те емес. Біз, осы зұлымдықтардың бәрін жеткілікті түрде толық, айқын, тез әшкерелеу ісін әлі де ұйымдастыра алмадық деп, өзімізді, өзіміздің бұқара қозғалысынан кейін қалғандығымызды айыптауға тиістіміз. Біз мұны істейікші (мұны біз істеуге тиістіміз, істей аламыз да), — сонда студент пен сектантты, мужик пен жазушыны қорлап, жәбірлеп отырған күштің бөтен күш емес, жұмысшының өзін тұрмыстың әр саласында езіп, жаншып отырған кәдімгі жауыз күш екенін нағыз қарапайым жұмысшының өзі де түсінеді *немесе сезеді*, ал мұны сезген соң, жұмысшы бізге үн қосуға өзі-ақ умтылады, сөзсіз ұмтылады, содан кейін ол — бүгін айқай-шу салып цензорлардың мазасын алады, ертең шаруа бүлігін басқан губернатордың үйінің алдында демонстрация жасайды, бүрсігүні әулие инквизицияның жұмысын жүргізетін, поп киімін киген жандармдардың сазайын тартқызады, т. т. мәселенің барлық жағын камтыйтын, тың әшкерелеулерді жұмысшы бұқарасының арасына *жаю* жөнінде біздің істеген жұмысымыз әлі өте аз, тіпті жоқтың қасы. Біздегі бірталай адамдар әлі күнге дейін өзінің осы *міндетін* мойындамай жүр, тек фабрика тұрмысының тар көлеміндегі

«күнделікті қарапайым күрестің» соңынан стихиялы түрде сүйретіліп еріп жүр. Істің жайы осылай болып отырғанда: ««Искра» кемеліне келген, тамаша идеяларды насихаттау ісімен салыстырғанда, күнделікті қарапайым күресті ілгерілетудің маңызын кемітпекші болып жүр» (Мартынов, 61-бет) деу — партияны кері сүйрегендік болады, біздің шалағайлылығымызды, артта қалғандығымызды қуаттап, мадақтағандық болады.

Ал бұқараны қыймыл жасауға шақыратын үндеу жайын алсақ, жігерлі саяси үгіт, нақтылы, айқын әшкерелеу бар жерде, бұл үндеу өзінен өзі келіп шығады. Бірсудің қылмысының үстінен түсіп, барша жұрт алдында, кез келген жерде оның бетіне күйе жақса, — осының өзі-ақ «үндеудің» кандайынан болса да артық әсер етеді, мұның ететін әсері көбінесе сондай, сонынан жұртты қыймыл жасауға «шақырған» шынында кім екенін, демонстрацияның белгілі бір жоспарын шығарған, тағы сондайларды істеген кім екенін анықтай алмайсың да. Үндегенде — жалпылама үндеу емес, сөздің нақтылы мағнасындағы үндеу — тек қыймыл үстінде ғана үндеуге болады, және кәзір сол қыймылға араласып кететін адам ғана үндей алады. Ал біздің міндетіміз, социал-демократия публицистерінің міндеті, саяси әшкерелеу мен саяси үгітті тереңдетіп, ұлғайтып, күшейте беру.

Айтпакшы «үндеулер» туралы. Көктемгі оқыйғаларға дейін студенттерді солдатқа беру сыяқты, жұмысшыға қолға ұстарлық ешбір нәтиже бере қоймайтын мәселеге жұмысшыларды белсене қатысуға шақырған бірден-бір орган, — «Искра» болды. «183 студентті солдатқа беру» туралы 11 январьдағы бұйрық жарыяланысымен «Искра» бұл туралы мақала басып шығарды (№ 2, февраль)\* және демонстрациялардың кандай да болсын басталуына дейін «жұмысшыны студенттерге жәрдемдесуге» тікелей шақырды, «халықты» үкіметтің осы өрескел қылығына ашық жауап қайыруға шақырды. Біздің барша жұрттан және әрбір адамнан сұрайтынымыз: мынадай бір көрнекті жағдайды — «үндеулер» туралы соншама көп сөйлеп жүрсе де, «үндеулерді» тіпті жұмыстың айрықша бір түрі етіп көрсетсе де, Мартыновтың осы үндеу туралы жұмған аузың ашпағанын не деп түсіну ке-

\* Қараныз: Шығармалар, 4-басылуы, 4-том, 435—440-беттер Ред.

рек? Осыдан кейін Мартыновтың: «Искраның» «қолға ұстарлық нәтижелер беретін» талаптар үшін күресуге «үндеуі» жеткіліксіз, сондықтан ол *сыңаржақ* газет деген жарыялауы филистерлік емес пе?

Біздің экономистердің, оның ішінде «Рабочее Дело-ның» табысты болған себебі: олар сана-сезімі жетілмеген жұмысшылардың тонын жамылып келді. Бірақ социал-демократ жұмысшы, революционер жұмысшы (ал мұндай жұмысшылардың саны барған сайын өсіп келеді) «қолға ұстарлық нәтижелер беретін» талаптар үшін күресу туралы айтылып жүрген сөздердің бәрін де жек көреді, оны қабылдамайды, өйткені мұның өзі сомға қосылған тыйын жайындағы ескі әннің бір түрі екенін ол түсінеді. Ондай жұмысшы «Рабочая Мысль» мен «Рабочее Делоның» жұмысшыларға ақыл айтып жүрген адамдарына былай демек: мырзалар, сіздер өздеріңіздің шын міндеттеріңізді орындаудан жалтарып, біздің өзіміздің де қолымыздан келетін жұмысқа тым құлшына араласып, босқа әбігерленіп жүрсіздер. Социал-демократтардың міндеті — экономикалық күрестің өзіне саяси сыйпат беру дейсіздер, бұларыңыз тіпті ессіздік қой; бұл тек істің басы ғана, және де социал-демократтардың басты міндеті бұл емес, өйткені бүкіл дүние жүзінде, оның ішінде Россияда да *көбінесе полицияның өзі-ақ экономикалық күреске саяси сыйпат бере бастады*, үкіметтің кімді қорғайтынын жұмысшылардың өздері-ақ түсіне білетін болып отыр\*. Бейне өздеріңіз ашқан Аме-

\* «Экономикалық күрестің өзіне саяси сыйпат беру керек» деген талап саяси істер жөнінде *стихиялылыққа бас июшілікті* мейлінше айқын көрсететін нәрсе. Экономикалық күрестің саяси сыйпат алуы көбінесе *стихиялы түрде* болады, яғни «революциялық бацилланың — интеллигенцияның» қатысуынсыз, саналы социал-демократтардың қатысуынсыз болады. Мысалы, Англияда жұмысшылардың экономикалық күресі де социалистердің ешбір қатысуынсыз-ақ саяси сыйпат алды. Ал социал-демократтардың міндеті тек экономикалық негізде жүргізілетін саяси үгітпен ғана бітпейді, олардың міндеті — осы тред-юниондық саясатты социал-демократиялық саяси күреске *айналдыру*, — экономикалық күрестің жұмысшылар арасына шашыратқан саяси сана сәулесін жұмысшыларды *социал-демократиялық саяси санаға жеткізу үшін пайдалану*. Ал Мартыновтар стихиялық түрде оянып келе жатқан саяси сананы көтермелеп, ілгері бастыру орнына, *стихиялылыққа тәжім етіп*, экономикалық күрес жұмысшыларды өздерінің саяси правосыздығы жөніндегі мәселеге «итермелейді» деген сөзді қайта-қайта айтып, жүрегінді айнытады. Бір жаман жері сол, мырзалар, тред-юниондық саяси сананың осындай стихиялы түрде оянуы сіздерді

рикадай санап, сіздер мадақтап жүрген «жұмысшылардың кожайындар мен үкіметке қарсы жүргізетін экономикалық күресін» орыстың көптеген шеткері түпкірлерінде стачкалар туралы естіген, бірақ социализм туралы тіпті мәз еш нәрсе естімеген жұмысшылардың өздері де жүргізіп отыр ғой. Қолға ұстарлық нәтижелер беретін нақтылы талаптар ұсыну арқылы бәрлеріңіз қолдамақ болып жүрген біздің, жұмысшылардың «белсенділігі» — кәзірдің өзінде-ақ бізде бар емес пе, ал осы нақтылы талаптарды өзіміздің күнделікті, кәсіпшілік, ұсақ жұмыстарымызда көбінесе интеллигенттердің ешбір көмегінсіз-ақ біз өзіміз де ұсынып жүрміз ғой. Бірақ *мұндай* белсенділік бізге жеткіліксіз; біз тек «экономикалық» саясаттың көжесімен асырауға болатын бала емеспіз; басқалар білетін нәрсенің бәрін біздің де білгіміз келеді, саяси өмірдің *барлық* жақтарымен біздің толық танысқымыз келеді, барлық және әрбір саяси оқыйғаға *белсене* қатысқымыз келеді. Бұл үшін интеллигенттер біз өзіміз де білетін жайды азырақ қайталап\*, біз әлі де

---

нақ өздеріңіздің социал-демократиялық міндеттеріңіз туралы мәселеге *«итермелеп»* отырған жоқ!

\* Жұмысшылардың экономистерге айтқан бұл сөздерінің бәрін біз текке ойлап шығармағандығымызды дәлелдеу үшін екі куә тартайық, бұл екі куәнің жұмысшы қозғалысымен тікелей таныс екендігі күмәнсіз және екеуі де біз сыяқты «догматиктерге» онша іш тарта қоятын адамдар емес, өйткені куәлердің бірі — экономист (тіпті «Рабочее Делоны» да саяси орган дел санайтын адам!), екіншісі — террорист. Бірінші куә. — «Рабочее Делоның» 6-номерінде басылған «Петербургтегі жұмысшы қозғалысы және социал-демократияның практика жүзіндегі міндеттері» деген, өзінің шыншылдығы мен өткірлігі жағынан тамаша мақаланың авторы. Ол Жұмысшыларды 1) саналы революционерлер, 2) аралық топ және 3) басқа бұқара деп үшке бөледі. Ал жұмысшылардың аралық тобы «өздерінің көкейкесті экономикалық мүдделерінен гөрі көбінесе саяси тұрмыс мәселелеріне көбірек көңіл бөледі, ал экономикалық мүдделердің жалпы әлеуметтік жағдайлармен байланыстылығы әлдеқашан түсінікті болған нәрсе»... «Әлдеқашан мәлім болған, әлдеқашан оқыған сөздерімізді қайталай береді», «саяси халді шолатын бөлімінде тағыда еш нәрсе жоқ» деп «Рабочая Мысльды» «қатты сынайды» (30—31-бет). Ал үшінші топтың өзі де: «кабак пен шіркеу онша бұза қоймаған анағұрлым сергек, анағұрлым жас жұмысшы бұқарасы, еш уақытта дерлік саяси мазмұнды кітапты қолдарына түсіре алмайтын болғандықтан, студенттердің бүлігі жөніндегі үзінді мәліметтерді ойластырғанда, саяси тұрмыс көріністерін қыңыр-қыйғаш түсінеді»... Ал террорист былай деп жазады:... «Өз қалаларындағы емес, басқа қалалардағы фабрика тұрмысы жайында жазылған ұсақ-түйек хабарларды бір-екі рет оқыйды да, кейін оны

білмейтін нәрсені, өзіміздің фабрикалық және «экономикалық» тәжірибемізден еш уақытта білуімізге болмайтын нәрсені, атап айтқанда: саяси білімді бізге көбірек берсе екен дейміз. Бұл білімді ала алатын сіздер, интеллигенттер, сондықтан сіздер бұл білімді бізге осы уақытқа дейінгі бергендеріңізден жүз есе, мың есе көп беруге *міндеттісіздер*, онан соң мұны тек жалаң пікірлер, кітапшалар, мақалалар түрінде ғана емес (бұларыңыз — ашық айтқанымыз үшін ғапу етіңіздер! — көбінесе іш пыстырарлық дәрежеде болып жүр), бұл білімді қалайда біздегі үкімет пен үстем таптар тұрмыстың барлық тарауларында кәзіргі уақытта дәл не істеп отырғанын нақтылы *ашкерелеу* түрінде бере біліңіздер. «*Жұмысшы бұқарасының белсенділігін көтеру*» туралы азырақ сөйлеп, өздеріңіздің осы міндеттеріңізді неғұрлым ынталы түрде орындаңыздар. Біздегі белсенділік сіздердің ойлағандарыңыздан анағұрлым көп, және біз тіпті ешбір «қолға ұстарлық нәтижелер» бермейтін талаптарды да көшедегі ашық күресте қолдай білеміз! Ал біздің белсенділігімізді «көтеретін» сіздер емес, өйткені *дәл сіздердің өздеріңізде сол белсенділік жетімсіз*. Стихиялылыққа азырақ бас иіп, өз белсенділіктеріңізді көтеру жағын көбірек ойлаңыздар, мырзалар!

Г) ЭКОНОМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМНІҢ АРАСЫНДА  
ҚАНДАЙ УҚСАСТЫҚ БАР?

Жоғарыда келтірген ескертуде біз кездейсоқ пікірлес болып шыққан экономист пен социал-демократ емес террористі салыстырып өттік. Бірақ, жалпы айтқанда, бұл екеуінің арасында кездейсоқ байланыс емес, күмәнсіз ішкі байланыс бар, бұл туралы біздің әлі төменде сөз қылуымызға тура келеді, бұған дәл революциялық белсенділікті жетілдіру мәселесі жөнінде тоқтап өту қажет. Экономистер мен осы күнгі террористерде бір ортақ негіз бар: атап айтқанда ол — *стихиялылыққа бас июшілік* ал оның жалпылама құбылыс екендігін біз өткен тарауда айтқанбыз, енді біз оның саяси жұмыс пен саяси

---

да қойып кетеді... Көңілсіз-ақ... Жұмысшы газетінде мемлекет туралы сөз көтермеу... жұмысшыға жас бала деп қарағандық болады... ал жұмысшы жас бала емес» («Свобода», революцияшыл социалистер тобының баспасы, 69 және 70-бет).

үреске тигізетін әсері жөнінде сөз қылмақпыз. Ә де-  
енде, біздің бұлай деуіміз парадокс болып көрінуі мүм-  
кін: өйткені «күнделікті карапайым күресті» мадақтап  
күрген адамдар мен жеке адамдарды аса жанқиярлық  
үреске шақырып жүрген адамдардың арасындағы  
айырмашылық тым үлкен сыяқты. Бірақ бұл парадокс  
емес. Экономистер мен террористер стихиялық ағымның  
кі түрлі полюсіне бас иеді: экономистер — «таза жұ-  
мысшы қозғалысының» стихиялылығына бас иеді, ал  
террористер — революциялық жұмысты жұмысшы қозға-  
лысымен біртұтас нәрсе етіп байланыстыра алмайтын  
немесе байланыстыруға мүмкіндігі жоқ интеллигенттер-  
дің қайнаған ызалы кегінің стихиялылығына бас иеді.  
Кімде-кім осындай мүмкіншілікке сенуден қалған болса  
немесе бұған еш уақытта сенбеген болса, ондай адам-  
ның өзінің ызалы сезіміне, революциялық жігеріне тер-  
рордан басқа жол табуы шынында да қыйын. Сонымен,  
біз көрсеткен осы екі ағымның екеуінде де стихиялы-  
лыққа бас июшілік «Средо-ның» атақты программасын  
*жүзеге асырудың бастамасы* болып табылады, одан бас-  
қа түк те емес, ал осы программа бойынша: жұмысшы-  
лар өз алдына өзінің «қожайындар мен үкіметке қарсы  
экономикалық күресін» жүргізеді (пікірін Мартыновтың  
сөзімен айтқанымыз үшін «Средо-ның» авторы бізге ке-  
шірім етер! Осылай етуге біз еріктіміз деп білеміз, өйт-  
кені экономикалық күресте жұмысшылар саяси режимге  
соқтығысып отырады» деген пікір «Средо-ның» өзінде де  
айтылған), — ал интеллигенттер өз алдына өз күшімен  
саяси күрес жүргізеді, әлбетте, террор арқылы жүргізе-  
ді! Бұл барынша қыйсынды және сөзсіз келіп шығатын  
*қортынды*, мұны кесіп айтпаса болмайды, *бірақта* осы  
программаны жүзеге асыра бастағандар бұл қортынды-  
ның сөзсіз келіп шығатындығын *өздері ұғынбай жүр*.  
Саяси істің өз логикасы болады, бұл логика нағыз ізгі  
ниетпен не террорға жүгінетіндердің, не экономикалық  
күрестің өзіне саяси сыйпат беруге жүгінетіндердің сана-  
сына бағынбайды. Дозақ та ізгі ниетпен жасалған, бі-  
рақ ізгі ниет тап бұл ретте де «ең кедергісі кем жол-  
ға» түсуден, стихиялық түрде «Средо-ның» таза *буржуа-  
зиялық* программасының жолына түсуден, кұтқара ал-  
майды. Орыстың толып жатқан либералдарының, — әйгі-  
лі либералдардың да, марксистік бетперде ұстаған либе-  
ралдардың да, — жан-тәнімен террорды қуаттап, кәзіргі

уақытта террорлық ниеттің күшеюін қолдауға тырысып отырғандығы да кездейсоқ нәрсе емес қой.

Міне сонымен, жұмысшы қозғалысына барлық жағынан көмек көрсетуді өзіне міндет еткен, бірақ террор мәселесін және өзін былайша айтқанда социал-демократиядан азат ету мәселесін *программаға* енгізуді ұсынған «революциялық — социалистік Бостандық тобы» құрылған кезде, — бұл факт П. Б. Аксельродтың тамаша көрегендігін бұрынғының үстіне тағы да дәлелдеді, Аксельрод *1897 жылдың ақырында-ақ* («Қазіргі міндеттемен тактика мәселесі жөнінде» деген кітапшасында) социал-демократиялық адасушылықтардың осындай нәтижелермен тынатындығын *тұна-тура күнілгері айтып*, өзінің атақты «Екі перспективасын» жазған болатын. Орыс социал-демократтарының арасындағы осыдан кейінгі таластар мен алауыздықтардың бәрі де, тұқымның ішіндегі дәнектей, осы екі перспективадан табылады\*.

Жоғарыда көрсетілген тұрғыдан қарағанда, экономизмнің стихиялылығына қарсы тұра алмаған «Рабочее Делоның» терроризмнің стихиялылығына да қарсы тұра алмағандығы түсінікті болады. Бұл арада «Свободаның» террорды қуаттау ретінде келтірген айрықша дәлелін көрсете кету өте қызықты нәрсе. «Свобода» террордың қорқытқыш ролін «мүлдем жоққа шығарады» («Революционизмнің қайта тууы», 64-бет), бірақ оның есесіне террордың «эксцитативтік (қоздырғыш) маңызын» алға

---

\* Мартынов «басқа бір, анағұрлым деректі (?) дилемма бар деп біледі» («Социал-демократия және жұмысшы табы», 19). «Не социал-демократия пролетариаттың экономикалық күресіне тікелей басшылық етуді өз қолына алады да, осы арқылы (!) бұл күресті революциялық тап күресіне айналдырады»... «Осы арқылы» дегеніміз, сірә, экономикалық күреске тікелей басшылық ету арқылы деген сөз болар. Мартынов бізге айтып берсінші: кәсіпшілік күреске басшылық етудің *бір ғана өзі арқылы* тред-юниондық қозғалысты революциялық тап қозғалысына айналдырудың сәті түскенін көрген жері бар ма екен? Мартынов бұлай «айналдыру» үшін біз жаппай саяси үгіт жүргізу ісіне «тікелей басшылық» етуге белсене кірісуіміз керек деп ойламас па екен?... «Не екінші перспектива: социал-демократия жұмысшылардың экономикалық күресіне басшылық етуден шеттеп қалады, сөйтіп... өз қанатын өзі қырқады»... «Рабочее Делоның» жоғарыда келтірілген пікіріне қарағанда, «шеттеп қалатын» — «Искра» болып шығады. Бірақ біз «Искраның» экономикалық күреске басшылық етуде *«Рабочее Делодан» анағұрлым көп жұмыс істеп отырғанын көрдік*, оның бержағында «Искра» мұнымен ғана тынбайды және осыған бола өзінің саяси міндеттерін *тарылтпайды*.



ояды. Мұның өзі, біріншіден, террорға жармастырған әстүрлі (социал-демократиядан бұрынғы) идеялар шуағының ыдырап, кері кете бастағанын көрсететін кеңдердің бірі ретінде көңіл бөлерлік нәрсе. Үкіметті кәір террормен «қорқытуға» — солай болғаннан кейін, қан іріткі салуға да — болмайды деп тану — шынына елгенде террорды күрес системасы есебінде теріске шығару, оны қызмет жағдайын көрсететін программа есебінде теріске шығару болып табылады. Екіншіден, мұның өзі «бұқараның революциялық белсенділігін жетілдіру» ісінде біздің ең шұғыл міндеттерімізді түсінбегендіктің үлгісі ретінде әлгіден де артық көңіл бөлерлік нәрсе. «Свобода» террорды жұмысшы қозғалысын «қоздыратын», оған «күшті итермеші» болатын құрал деп тасихаттайды. Өзін өзі мықтап теріске шығаратын бұдан сорақы дәлел ойлап табу қыйын-ақ! Мынадай сұрақ туады: ерекше бір «қоздырғыш» құрал ойлап шығармаса болмайтындай-ақ, орыс тұрмысындағы сорақылықтардың әлі де аз болғаны ма? Ал, екінші жағынан, егерде кімде-кім орыс тұрмысындағы озбырлықты көріп те делебесі қозбайтын тіпті толқымас жан болса, ондай адам үкімет пен ат төбеліндей террористердің жекпе-жек күресіне тек «танауын шұқылап» карап тұратындығы айқын емес пе? Ал шынында әңгіме былай: орыс тұрмысындағы жауыздықтар жұмысшы бұқарасының делебесін әбден-ақ қоздырады, бірақ біз халық толқынының тамшылары мен ағындарын, орыс тұрмысынан аңыздап шығып жатқан және біз ойлап, шамалағаннан гөрі өлшеусіз көп тамшылары мен ағындарын қосып, бір жерге жыйнай алмай отырмыз, ал бұларды бір ұлы тасқын етіп біріктіру керек-ақ. Жұмысшы қозғалысының қаулап өсуі және жоғарыда айтылған жұмысшылардың саяси әдебиетке күштарлығы бұл міндеттің орындаларлық міндет екенін нығыта дәлелдейді. Ал террорға шақырған үндеулер, сол сыяқты, экономикалық күрестің өзіне саяси сыйпат беру керек деген үндеулер орыс революционерлерінің ең қажетті міндетінен: жаппай саяси үгіт жүргізу ісін ұйымдастыру міндетінен жалтарушылықтың түрлі формалары болып табылады. «Свобода» үгітті террормен ауыстырғысы келеді, ол тіке былай дейді: «бұқараның арасында жігерлі, күшті үгіт басталған соң-ақ террордың эксцитативтік (қоздырғыш) ролінің орындалғаны» («Революционизмнің қайта тууы», 68-бет).

Бұдан террористердің де, экономистердің де, көктем оқыйғалардың\* айқын сыйпаттамасына қарамастан, бұқ раның революциялық белсенділігін *жете бағаламайты дығы* дәл көрінеді, онсын біреулері жасанды «қозды ғыштарды» жанталасып іздестіреді, екінші біреуле «нақтылы талаптар» туралы даурығысады. Бұларды қай-қайсысы болса да саяси үгіт жүргізу ісінде жән саяси әшкерелеу ісін ұйымдастыруда өз қарабастарыны белсенділіктерін көтеруге жеткілікті көңіл бөлмей оты Ал бұл істі басқа бір нәрсемен ауыстыру кәзірде де, бас ка қай уақытта болса да ешбір мүмкін емес.

д) ЖҰМЫСШЫ ТАБЫ — ДЕМОКРАТИЯ ЖОЛЫНДАҒЫ АЛДЫҒЫ ҚАТАРЛЫ КҮРЕСКЕР

Егерде істейтін ісіміз шын социал-демократиялық і болатын болса, онда ол ісіміздің сөзсіз керекті, *бәрінде басымырақ* керекті міндеті — саяси үгітті нағыз ке түрде жүргізу болады, демек, жаппай саяси әшкереле ісін де ұйымдастыру болады, мұны біз жоғарыда көрі өттік. Бірақ біз бұл қортындыны шығарғанда, жұмысш табының саяси білім және саяси тәрбие алу жөнінде ең керекті тілегіне *ғана* сүйене отырып шығардық. Оны бержағында мәселені тек қана осылайша қою — мәселе нің қойылысын тым тарылтып жіберген болар еді, жал пы социал-демократия атаулының, әсіресе осы күні орыс социал-демократиясының жалпы демократиялы міндеттерін аяққа басқан болар еді. Бұл жағдайды мүм кін қадерінше ашық түсіндіру үшін істің экономистерг ең «жақын» жағынан, атап айтқанда практикалық жа ғынан бастап көрейік. Жұмысшы табының саяси сана сын көтеру керек екендігін «жұрттың бәрі де мақұлдай ды». Ал мұны қалай істеу керек және мұны іске асыру үшін не істеу керек? деген сұрау туады. Экономикалы күрес жұмысшыларды тек үкіметтің жұмысшы табын көзқарасы жөніндегі мәселелерге ғана «итермелейді» сондықтан «экономикалық күрестің өзіне саяси сыйпа беру» міндетіне *біз қаншама еңбек сіңірсек те*, біз бұл міндеттің шеңберінде отырып, жұмысшылардың саяси санасын (социал-демократиялық саяси сана дәрежесіне

\* Бұл арада 1901 жылдың көктемі туралы айтылып отыр, әл кезде көшелерде ірі демонстрациялар басталған болатын. (1901 жылғы басылуына автордың жазған ескертуі. *Ред.*)

жеткізгенге дейін) *еш уақытта да көтере алмаймыз, әйткені бұл шеңбердің өзі де тар болады.* Мартыновтың формуласының бізге қымбат жері — ол формуланың мәселені шатастыру Мартыновтың қолынан келетіндігін көрсетіп отырғандығында емес, тіпті де олай емес, оның бізге қымбат жері сол — ол формула барлық экономистердің негізгі қатесін, атап айтқанда: жұмысшылардың таптық саяси санасын, былайша айтқанда, жұмысшылардың экономикалық күресінің *ішінен* шығарып дамытуға болады, яғни тек қана (немесе көбінесе болса да) осы экономикалық күреске сүйене отырып, тек қана (немесе көбінесе болса да) сол күреске табан тірей отырып дамытуға болады деген сенімді айқын, ашық көрсетіп береді. Мұндай көзқарас негізінен қате көзқарас, оның қате болатын себебі дәл мынадан: экономистер, өздеріне қарсы айтыс көтергеніміз үшін бізге ашуланып, екі арадағы алауыздықтың неден шыққандығын жақсылап ойлағысы келмейді, осыдан барып өзіміз бірімізді-біріміз мүлде ұғыныса алмай отырғандай, әртүрлі сарынмен сөйлеп отырғандай жағдай туады.

Таптық саяси сананы жұмысшыға тек *сырттан ғана* енгізуге болады, яғни, экономикалық күрестен тыс, жұмысшылар мен кожайындардың арасындағы қарым-қатнас саласынан тыс енгізуге болады. Бұл білімді тек қоғамның *барлық* таптары мен топтарының мемлекет пен үкіметке қатнасынан ғана, *барлық* таптардың өзара қарым-қатнастарынан ғана алуға болады. Сондықтан, жұмысшыларға саяси білім беру үшін не істеу керек? деген сұрауға: экономизмге бейім практиктерді былай қойғанда, көбінесе басқа практиктердің бәрі де қанағаттанатын жауапты, атап айтқанда: «жұмысшыларға бару керек», деген жауапты ғана қайтарғын қоюға болмайды. *Жұмысшыларға* саяси білім беру үшін социал-демократтар *алдықтың барлық таптарының арасына баруы* керек, өзінің армиясының отрядтарын *жан-жақтың бәрине* де жіберуі керек.

Біз мұндай өткір тұжырымды әдейі таңдап алып отырғанда, әдейі онайлатып тік айтып отырғанда — әсте жұрты таңқалдыру үшін айтып отырғандық жоқ, экономистер жөнсіз елемей жүрген міндеттерді, социал-демократиялық саясат пен тред-юниондық саясаттың экономистер түсінгісі келмейтін айырмасын оларға жақсылап «түсіндіру» үшін айтып отырмыз. Сондықтан біз оқушы-

ның бұған ызаланбай, бізді ақырына дейін жақсыла-  
тыңдауын сұраймыз.

Социал-демократтардың соңғы жылдарда неғұрлым көбірек тараған үйірмесінің кейпін алып, соның жұмысына назар салып қараңыздар. Бұл үйірме «жұмысшылар мен байланыс» жасап, сонымен қанағаттанып отырады, листоктер басып шығарып отырады, ол листоктерде фабрикалардағы озбырлықтар, үкіметтің капиталистерге болыса беретін қылықтары, полицияның зорлықтары қатты мінеліп отырады; жұмысшылармен бас қосқан жиылыстарда әдетте әңгіме осы тақырыптардың айналасында болып отырады немесе сол тақырыптардың шеңберінен шыға қоймайды; революциялық қозғалыстың тарихы жөнінде, біздің үкіметтің ішкі және сыртқы саясатының мәселелері жөнінде, Россия мен Европаның экономиялық эволюциясының мәселелері жөнінде, кәзіргі қоғамдағы түрлі таптардың күйі жөнінде, т. с. жөнінде оқылатын рефераттар мен өткізілетін әңгімелер өте сирек кездеседі, ал қоғамның басқа таптарымен ұдайы байланыс жасап, ол байланысты кеңейтіп отыру туралы ешкім де ойламайды. Шындығына келгенде, мұндай үйірменің мүшелеріне көбінесе социалист-саяси көсемнен гөрі тред-юнионның секретарына көбірек ұқсайтын адамдар қайраткердің үлгісі болып көрінеді. Өйткені, мысалы, кез келген ағылшын тред-юнионының секретары жұмысшылардың экономикалық күрес жүргізуіне әрдайым жәрдемдесіп отырады, фабрика тұрмысында кездесетін қылықтарды әшкерелеу ісін ұйымдастырып отырады, стачкалар жасау бостандығына, күзетшілер қою (мына заводта стачка болып жатыр деп жұрттың бәріне, әрбір адамға хабар беріп отыру үшін күзетшілер қою) бостандығына қысым жасайтын заңдар мен шаралардың әділетті емес екендігін түсіндіріп отырады, халықтың буржуазиялық таптарына тән аралық судьяның әділсіздігін, тағы сол сыяқтыларды жұртқа түсіндіріп отырады. Қысқасы, тред-юнионның әрбір секретары, «қожайындар мен үкіметке қарсы экономикалық күрес» жүргізіп отырады және осындай күресті жүргізуге жәрдемдесіп отырады. Ал *мұның әлі* социал-демократизм *емес* екенін, көп айтып жатудың да қажеті жоқ, социал-демократтың үлгі ететіні тред-юнионның секретары емес, *халық шешені* екенін, халық шешені болғанда, қай жерде, халықтың қандай табы мен қандай тобы жөнінде

озбырлық, езушілік жасалса да, әлгі озбырлық пен езушілік атаулының барлық көріністеріне жауап бере білетін, озбырлық пен езушіліктің бұл көріністерінің бәрін полиция зорлығы мен капиталистік қанаудың біртұтас бейнесіне айналдырып қорыта білетін, өзінің социалистік сенімі мен өзінің демократиялық талаптарын барлық *жұрттың алдына* тарту үшін, пролетариаттың азаттық күресінің бүкіл дүниежүзілік-тарихи маңызын *жұрттың бәрiне* және әрбір адамға түсіндіру үшін, ұсақ-түйек нәрселердің бәрін де пайдалана білетін халық шешені екенін, көп айтып жатпаса да болады. Мысалы, Роберт Найт (ағылшын тред-юниондарының ең күштілерінің бірі, котельщиктер қоғамының атақты секретары және көсемі) пен Вильгельм Либкнехт сыяқты қайраткерлерді салыстырып қараңыздар да, Мартыновтың «Искрамен» екі арадағы алауыздықтарын сыйыстырып жүрген қарама-қарсылықтарын осыларға қолданып көріңіздерші. Сонда сіздер, — Мартыновтың мақаласын ақтара бастасам, — онан мынаны көресіздер: Р. Найт «бұқараны белгілі түрде нақтылы қыймылдар жасауға» анағұрлым көп «шақырып келді» (39), ал В. Либкнехт көбінесе «кәзіргі құрылысты тұтас алып немесе оның жеке көріністерін алып, соны революциялық жолмен түсіндіріп» келді (38—39); Р. Найт «пролетариаттың таяудағы қоятын талаптарын тұжырымдап берді және сол талаптарды жүзеге асырудың құралдарын көрсетіп отырды» (41), ал В. Либкнехт, мұны да істей отырып, «сонымен қатар түрлі оппозициялық топтардың белсенді істеріне басшылық етуден» де, «олардың қыймылдарының дұрыс программасын айтып беруден»\* де бас тартпайды (41); В. Либкнехт «бірбеткей» «әшкерелеушіліктермен» (40) анағұрлым көбірек шұғылданып жүргенде, Р. Найт нақ «экономикалық күрестің өзіне мүмкін қадерінше саяси сыйпат беруге» тырысты (42) және «үкіметтің алдына, қолға ұстарлық белгілібір нәтижелер беретін нақтылы талаптарды» өте жақсы «қоя» білді (43); Р. Найт «күнделікті қарапайым күрестің алға ұмтылған беталысына» (61) көбірек маңыз берді, ал В. Либкнехт «тамаша жақ-

---

\* Мысалы, Франция мен Пруссия соғысының кезінде Либкнехт бүкіл демократияның жасайтын қыймылдарының программасын айтып берді. — ал Маркс пен Энгельс 1848 жылы мұны онан да артық айтып берген болатын.

сы, қорытылып болған идеяларды насихаттауға» (61) кәбірек маңыз берді; В. Либкнехт өзінің басқарған газетнен нақ «революциялық оппозицияның біздегі тәртіптерді әшкерелейтін саяси тәртіптер халықтың әралуан топтарының мүдделеріне қатысты болатындықтан, көбінесе саяси тәртіптерді әшкерелейтін органын» жасады (63) ал Р. Найт болса, ол «пролетарлық күреспен біте қайнаған тығыз байланыс жасап, жұмысшылар ісі үшін қызмет етті» (63) — егерде «біте қайнаған тығыз байланыс дегенді өзіміз жоғарыда Кричевский мен Мартыновты мысалға алып, зерттеп шыққан стихиялылыққа бас июшілік мағнасында түсінетін болсақ осылай деуге болады — сөйтіп «өзінің ықпал өрісін тарылтып жіберді», әрине, Мартынов сыяқты, ол да «осы тарылтуы арқылы ықпалдың өзін қыйындатып» алдым (63) деп білді. Қысқасы, бұл арада сіздер мынаны көресіздер: Мартынов *de facto*\* социал-демократияны тред-юнионизмнің дәрежесіне дейін төмендетіп жіберіп отыр, ол, әрине, мұны социал-демократияға жақсылық тілемегендіктен істемесе де, Плехановты түсініп алудың орнына, оның пікірін тереңдетуге аздап асығыңқырағандықтан істеп отыр.

Енді баяндап келе жатқан әңгімемізге оралайық. Жоғарыда біз, егерде социал-демократ пролетариаттың саяси санасын барлық жағынан жетілудің қажет екенін тек сөз жүзінде ғана қолдап қоймайтын болса, онда ол «халықтың барлық таптарының арасына баруы» керек деген болатынбыз. Бұдан: мұны қалай істеу керек? мұны істеу үшін бізде күш бар ма? барлық басқа таптардың арасында осындай жұмыс жүргізуге жағдай бар ма? Бұлай ету таптық көзқарастан шегінгендік болмай ма немесе шегінуге апармай ма? деген сұраулар туады. Енді осы сұрауларға тоқталып өтейік.

«Халықтың барлық таптарының арасына барғанда» біз әрі теоретик болып, әрі насихатшы болып, әрі үгітші болып, әрі ұйымдастырушы болып баруымыз керек. Социал-демократтардың теориялық жұмысы әрбір таптың әлеуметтік және саяси күйінің барлық өзгешеліктерін зерттеп білуге арналуы керек екендігіне ешкім де күмәнданбайды. Бірақ бұл жөнінде өте-мөте аз жұмыс істелін

---

\* — факты жүзінде, іс жүзінде. *Ред.*

лыр, фабрика тұрмысының өзгешеліктерін зерттеу арналған жұмыспен салыстырғанда тіптен аз жұмыс істеп отыр. Комитеттер мен үйірмелерде тіпті қайдағыбір гемір жасайтын өндіріспен әдейілеп танысуға шұғылданып жүрген адамдарды да кездестіресіздер, — бірақ, ұйым мүшелерінің (екінің бірінде бола беретін түрлі себептерден практика жүзіндегі жұмыстан амалсыз қол үзіп кететіндердің) саяси және қоғамдық тұрмысымыздың қайсыбір күнделікті маңызды мәселесі жөнінде, халықтың басқа топтарының арасында социал-демократиялық жұмыс жүргізуге себеп боларлық мәселе жөнінде, әдейілеп материалдар жыйнап жүргендігінің ешбір мысалын таба алмайсыз деуге болады. Жұмысшы қозғалысының кәзіргі басшыларының көпшілігінің дайындықтары аз дегенде, бұл жөндегі дайындық жұмысы туралы да айтпай кетуге болмайды, өйткені мұның өзі де «пролетарлық күреспен біте қайнаған тығыз байланыс жасауды» «экономистерше» түсінуге байланысты нәрсе. Бірақ ең негізгі мәселе, әрине, — халықтың барлық топтарының арасында *насихат* пен *үгіт* жұмысын жүргізу мәселесі. Батыс Европа социал-демократына бұл міндетті орындауды — қатысқысы келген адамның *бәрінің де* келе алатын халық жыйылыстары мен жыйындары жеңілдетеді, парламент жеңілдетеді, парламентте социал-демократ *барлық* таптардың депутаттары алдында сөйлей алады. Бізде парламент те, жыйын бостандығы да жоқ, — бірақ сөйтсе де біз *социал-демократтың* сөзін тыңдағысы келетін жұмысшылармен жыйылыстар жасай білеміз. Сонымен қатар біз, *демократты* тыңдағысы келетін халық ішіндегі қандай да болсын барлық таптардың өкілдерімен де жыйылыстар жасай білуіміз керек. Өйткені, «коммунистердің революциялық қозғалыс атаулының бәрін де қолдайтындығын», сондықтан өзіміздің социалистік көзқарасымызды ешбір жасырмастан, *жалпыдемократиялық міндеттерді бүкіл халық алдында* баяндауға және оларды баса көрсетуге міндетті екендігімізді іс жүзінде ұмытқан адам социал-демократ емес. *Әрбір* жалпыдемократиялық мәселені көтеруде, өршітуде және оны шешуде *жұрттың бәрінің алдында* болу өзінің міндеті екенін іс жүзінде ұмытқан адам социал-демократ емес.

«Мұны жұрттың бірі қалмастан бәрі де мақұлдайды!» — деп шыдамсыз оқушы біздің сөзімізді бөлер де — одақтың соңғы съезінде қабылданып, «Рабочее Дело»

ның» редакциясына арналған жаңа нұсқауында тура былай айтылған дер: «Айрықша бір тап ретіндегі, немере бостандық үшін күресуде барлық революциялық күштердің авангарды ретіндегі пролетариатқа тікелей қатыс бар қоғамдық, саяси тұрмыстағы оқыйғалар мен көріністердің бәрі де саяси үгіт пен насихат жүргізуге себебі ші болуы керек» («Екі съезд», 17-беті, курсив біздікі). Рас, бұл өте дұрыс, өте жақсы айтылған сөздер, сондықтан да егер «Рабочее Дело» бұл сөздерді түсінген болса және бұл сөздермен қабат оған қайшы келетін сөз айтпаса, біз бұған әбден рыйза болар едік. Өзі «авангардпыз», алдыңғы қатардағы отрядпыз деп ата аз ғой, — сонымен қатар өзіміздің алда келе жатқандығымызды басқа отрядтардың бәрі де көріп, мойындайтындай етіп қыймыл да жасауымыз керек. Сондықтан біз оқушыдан: басқа «отрядтардың» адамдары біздің «авангардпыз» деген сөзімізге нана қоярлықтай сондайлық ақымақ болғаны ма? деп сұрар едік. Тек мынадай бір көріністі көз алдыңызға дәл елестетіп көріңізші. Орыстың білімді радикалдарының немесе либерал конституцияшылдарының «отрядтарына» бір социал-демократ келіп: біз авангардпыз; «ендігі жерде біздің алдымызда тұрған міндет — экономикалық күрестің өзіне мүмкін қадерінше саяси сыйпат беру», десін. Бұған, аздап болса да ақылы бар радикал немесе конституцияшыл (ал орыс радикалдары мен конституцияшылдарының ішінде ақылды адамдар толып жатыр) мұндай сөзді естігеннен кейін мырс етіп бір күліп, былай дер еді (әрине, мұның ішінен айтар еді, өйткені ол көбінесе тәжірибелі дипломат келеді): ««авангард» болғанымен аңқауырақ екеліңіз! Жұмысшылардың экономикалық күресінің өзінде саяси сыйпат беру — біздің міндетіміз ғой, буржуазиялық демократияның алдыңғы қатардағы өкілдерінің міндеті ғой, бұл тіпті соны да түсінбейді екен. Бүкіл Батыс еуропалық буржуалар сыяқты, біздің де жұмысшылардың саясатқа тартқымыз келеді ғой, бірақ саясат болғандықтан социал-демократиялық саясатқа емес, тек тред-юниондық саясатқа тартқымыз келеді ғой. Жұмысшы табының тред-юниондық саясаты — жұмысшы табының нағыз буржуазиялық саясаты. Ал мынау «авангардтың» ең міндетін тұжырымдауы — нағыз тред-юниондық саясаттың тұжырымы! Сондықтан олар өздерін социал-демократтармыз деп тілегенінше атай берсін. Шынында, кү



атақ үшін ашуланатын, мен бала емеспін ғой! Жұрт осы зыянды ортодокс догматиктерге еріп кетпесе болғалы, «сын бостандығы», кімде-кім социал-демократияны санасыз түрде тред-юниондық арнаға қарай сүйреп отырса, «сын бостандығын» соларға берсін!»

Егер бұл конституцияшыл — социал-демократияның авангардтығы туралы сөз қылып жүрген социал-демократтардың кәзіргі уақытта, біздің қозғалысымызда стихиялылық толық үстем болып тұрған кезде, бәрінен де гөрі «стихиялық элементті кемітуден» қатты қорқатындығын, «қорытылып жеткен, тамаша идеяларды насихаттаудан гөрі күнделікті карапайым күрестің алға ұмтылған беталысының маңызын кемітуден» қатты қорқатындығын, т. с. білсе, біздің конституцияшылдың мырс еткен күлкісі шексілесі қатқанша күлетін қатты күлкіге айналар еді! Саналылық стихиялылықтан озып кетпегей еді деп қорқатын, тіпті пікірі басқа адамдарды жалпы мойындататын батыл «жоспар» алудан қорқатын отрядтың — «алдыңғы қатардағы» отряд болғаны ғой! Сірә, олар авангард деген сөзді арьерград деген сөзбен шатастырып отырған жоқ пе екен?

Шынында да, Мартыновтың мына төмендегі сөздерін ойлап қаранызшы. Ол 40-бетте былай дейді: «Искраның» әшкерелеу тактикасында сыңаржақтылық бар, «біз үкіметті құлату үшін қоғамдық жігерді жеткілікті белсенді түрде дамыта алмай тұрғанда, үкіметке қаншама сенімсіздік және өшпенділік туғызсақ та ойлаған мақсатымызға жете алмаймыз». Мұның өзі, жақшаға алып айтқанда, өз белсенділігін төмендетуге тырыса отырып, бұқараның белсенділігін көтерудің қамын жегендік қой, мұнысы бізге көптен мәлім. Бірақ кәзір әңгіме мұнда емес. Демек, Мартынов бұл арада *революциялық* жігер («үкіметті құлататын» жігер) туралы сөз қылып отыр. Ал сонда ол қандай қортындыға келіп отыр? Жәй уақытта қоғамның әртүрлі топтары сөзсіз бет-бетімен жүре беретін болғандықтан, «міне сондықтан, біз социал-демократтар әртүрлі оппозициялық топтардың белсенді істеріне бір мезгілде басшылық етіп отыра алмаймыз, олардың жасайтын қыймылының тиімді программасын айтып отыра алмаймыз, өздерінің мүдделері үшін күннен күнге қандай әдістер қолданып күресу керек екенін біз оларға көрсетіп отыра алмаймыз, бұл айқын... Өздерін біздегі саяси тәртіппен бетпе-бет түйістіре-

гін, өздерінің таяудағы мүдделері үшін жүргізетін белсенді күресі жөнінде либералдық топтардың өздері-ақ қам қылып отыр» (41), дейді. Сонымен, Мартынов революциялық жігер туралы, самодержавиені құлату жолындағы белсенді күрес туралы айта бастап, іле-шала кәсіптік жігерге, таяудағы мүдделер жолындағы белсенді күреске ауып кетті! Өздерінің «таяудағы мүдделері» үшін студенттердің, либералдардың, т. с. жүргізетін күресін басқарып отыра алмайтындығымыз өзінен өзі түсінікті, бірақ, әңгіме бұл жөнінде болған жоқ еді ғой, құрметті экономис-ау! Әңгіме, қоғамның әртүрлі топтарының самодержавиені құлатуға қатысуының мүмкіндігі мен қажеттігі туралы болған болатын, ал «әртүрлі оппозициялық топтардың» бұл белсенді ісін» біздің басқара алатындығымыз былай тұрсын, сонымен қатар — егерде «авангард» болғымыз келсе — оны сөзсіз басқаруға да міндеттіміз. Біздің студенттер мен либералдардың, т. с. «біздегі саяси тәртіппен бетпе-бет түйісуі» үшін олардың өздері ғана қам қылып қоймайды, — бұл жөнінде ең алдымен және бәрінен көбірек самодержавие үкіметінің чиновниктері мен полициясының өздері-ақ қам қылады. Ал «біз», егерде алдыңғы қатардағы демократ болғымыз келсе, тек университеттік немесе тек земстволық, т. с. тәртіптерге ғана наразы адамдарды бүкіл саяси тәртіптің жарамсыздығы туралы ойға түсіру үшін қам қылуымыз керек. Партиямызға және оның саяси күресіне оппозициялық топ атаулының бәрі де өздерінің қолынан келген көмегін көрсету үшін және шынымен көрсете бастау үшін біздің партияның басшылығымен жүргізіліп, істің барлық жағын түгел қамтыйтын саяси күресті ұйымдастыру міндетін біздің өз қолымызға алуымыз керек. Біз практик социал-демократтардан — істің барлық жағын түгел қамтыйтын саяси күрестің барлық түрлеріне басшылық ете алатын, ашынған студенттерге де, наразы болып жүрген земствошыларға да, ыза кернеген сектанттарға да, зәбір көріп реңжіген халық оқытушыларына да, тағы басқа сондайлардың бәріне де керекті минутінде, олардың «қыймылының тиімді программасын айтып бере алатын» саяси көсемдер дайындап шығаруымыз керек. Сондықтан Мартыновтың «бұлар жөнінде біз тәртіптерді әшкерелеушінің ұнамсыз ролін ғана атқара аламыз... Біз түрлі үкімет комиссияларынан тек бұлардың үмітін ғана үздіре аламыз» (курсив біздікі) деген

ээдері мүлде дұрыс емес. Мартынов бұл сөзімен революциялық «авангардтың» шын ролі жөніндегі мәселеге елгенде өзінің тіптен дәнемеде түсінбейтіндігін көрсетеді. Сондықтан оқушы мұны зейін қойып ұқса, Мартыновтың мына төмендегі қортынды сөздерінің де шын мағынасы оған түсінікті болады: ««Искра» — революциялық оппозицияның біздегі тәртіптерді әшкерелейтін, саяси тәртіптер халықтың әралуан топтарының мүдделеріне қатысты болатындықтан, көбінесе саяси тәртіптерді әшкерелейтін органы. Ал біз болсақ, пролетарлық күреспен біте қайнаған тығыз байланыс жасап, жұмысшылар ісі үшін қызмет етіп жүрміз және қызмет етпекшіміз. Өзіміздің ықпал өрісімізді тарылтумен бірге, біз сол ықпалдың өзін қыйындатып алып отырмыз» (63). Бұл қортындының шын мағынасы мынадай: «Искра» жұмысшы табының тред-юниондық саясатын (түсінбегендіктен, дайындығының кемдігінен, немесе сеніп қалғандығынан бізде практиктердің тред-юниондық саясаттан аса алмай қалып жүргендіктері сирек емес) социал-демократиялық саясаттың дәрежесіне көтергісі келеді. Ал «Рабочее Дело» социал-демократиялық саясатты тред-юниондық саясаттың дәрежесіне түсіргенше төмендеткісі келеді. Ал онымен қоймай, «Рабочее Дело» мұны «жалпы іске сыншыл позициялар» (63) ғой деп жұрттың бәрін сендірмек болады. О, *sankta simplicitate!*\*

Ілгері барайық. Бізде, өзіміздің насихатымыз бен үгітімізді халықтың барлық таптарының арасында жүргізерліктей күш барма? Әрине, бар. Екінші бірінде мұны жоққа шығаруға бейім тұратын біздің экономистер, қозғалысымыздың 1894 жылдан (шамамен айтқанда) 1901 жылға дейін орасан зор алға ілгерілегенін естерінен шығарып жүр. Нағыз «күйыршық» болғандықтан бұлар көбінесе қозғалыстың әлдеқашан өтіп кеткен бастапқы дәуірін біледі де содан озбайды. Ол кезде біздің күшіміз шығында да өте аз еді, ол кезде ешбір аландамас-тан жұмысшылардың арасына барып қызмет етуге бел байлауымыз да, бұл қызметтен бас тартушылықтың қандайын болса да қатты жазғыруымыз да табиғи және заңды нәрсе еді. Ол кездегі алда тұрған бар міндет — жұмысшы табының арасында бекініп алу еді. Ал кәзір

Неткен шаранатты қарапайымдылық десеңші! Ред.

қозғалысқа орасан көп күштер тартылып отыр, оқытаптардың жас ұрпақтарының таңдаулы адамдарын бәрі де бізге келіп жатыр, қозғалысқа қатысып жүрі немесе енді қатысқысы келетін, социал-демократияға (ірімделіп жүрген адамдар бүкіл провинцияның барлық жерлерінде де күтуге мәжбүр болып отыр (ал 1894 жылы орыс социал-демократтарын саусақпен санап шығуға болатын еді). Қозғалысымыздың саяси және ұйымдастыру ісіндегі негізгі кемшіліктерінің бірі сол, — бұл осы күштердің барлығын түгел пайдалана білмей отырмыз, бұлардың бәріне лайықты жұмыс тапсыра алмай отырмыз (бұл жөнінде келесі тарауда толығырақ айтып пақпыз). Бұл күштердің орасан көпшілігінің «жұмысшылар арасына баруға» мүлде мүмкіндігі болмайды, сондықтан күштерді өзіміздің негізгі жұмысымыздан басқа жаққа аударып жіберу қаупі жөнінде сөз де болуы мүмкін емес. Ал жұмысшыларға нағыз шын, әржақты, нақтылы саяси білім беру үшін барлық жерде де, барлық қоғамдық топтардың арасында да, біздің мемлекет механизмінің ішкі тетіктерін білуге мүмкіндік беретін орындардың бәрінде де «өз адамдарымыз», социал-демократтар болу керек. Мұндай адамдар тек насихат пен үгіт жұмысы үшін ғана емес, сонымен қатар әсіресе ұйымдастыру жұмысы үшін де керек.

Халықтың барлық таптарының арасында қызмет істеуге жағдай бар ма? Жағдайдың бар екендігін көрмей отырған адам, — өзінің саналылығы жағынан тағыда бұқараның стихиялық өрлеуінен кейін қалған адам болады. Жұмысшы қозғалысы біреулерде наразылық, екінші біреулерде оппозицияны қолдауға үміт туғызды, үшінші біреулерде самодержавиенің тұруы мүмкін емес, ол құламай қоймайды деген сенім туғызды, және туғыза дүр бермек. Егерде біз наразылықтың қандай да болсын барлық түрлерін пайдалануды, ұрық түріндегі қарсылық болса да қарсылықтың ұсақ түйіршіктерінің бәрін да баулып, соны іс қылып шығаруды өзіміздің міндетіміз деп білмесек, біз онда тек сөз жүзіндегі ғана «саясатшылар», сөз жүзінде ғана социал-демократтар боламыз едік (өмірде мұндай жағдайлар тіптен жиі-жиі болып отырады). Еңбекші шаруалардың, майдагерлердің, ұсақ қолөнершілердің, т. с. толып жатқан миллиондаған бұқарасы онша-мұнша енді социал-демократтың уағызын әрдайым зор ынтамен тыңдаған болар еді, ал бұл арада:

біз мұны сөз қылып та отырғанымыз жоқ. Халық ішінде правосыздық пен озбырлыққа наразы адамдары, топтары мен үйірмелері болмаған, сондықтан жұрттың нағыз көкей-кесті жалпы демократиялық мұқтаждарын айтып беруші социал-демократтың уағызын түсінбейтін тым болмаса бір тап бар деп айтуға бола ма? Ал кімдекім социал-демократтың халықтың *барлық* топтары мен *Барлық* топтарының арасында жүргізетін бұл саяси үгітін нақтылы білгісі келсе, біз ол адамға бұл үгіттің ең негізгі құралы, сөздің кең мағнасында айтқанда, *саяси тәртіптерді әшкерелеушілік* деп көрсетеміз (бірақ, әлбетте, бұл оның бірден-бір ғана құралы емес).

«Біз енді халықтың азды-көпті саналы топтарының бәрін *саяси* тәртіптерді әшкерелеуге кұмарландыруға тиіспіз, — деп мен өзімнің «Неден бастау керек?» («Искра» № 4, май, 1901 ж.) деген мақалада жазған болатынмын, ол мақала туралы төменде толығырақ сөйлесерміз. — Саяси әшкерелеу үні кәзіргі уақытта өте бәсең, сирек және батыл емес екен деп қысылмау керек. Мұның себебі — полицейлердің зорлық-зомбылығына тіпті де жаппай көніп қалғандықтан емес. Мұның себебі — әшкерелей алатын, әшкерелеуге дайын тұрған адамдардың шығып сөйлейтін трибунасы жоқ, — шешендерді кұмарлана тыңдап, дем беріп отыратын аудитория жоқ, — ол адамдар «күдіретті» орыс үкіметінің үстінен шағым етуге болатын күштерді халық ішінде еш жерден көре алмай жүр... Патша үкіметін бүкіл халық болып әшкерелеу үшін трибуна кұру кәзір біздің қолымыздан келеді және біз оны кұруға міндеттіміз де, — мұндай трибуна социал-демократиялық газет болуға тиіс»\*.

Саяси тәртіптерді әшкерелеу үшін нақ осындай таңдаулы аудитория болатын нәрсе — жұмысшы табы; істің барлық жағын түгел қамтыйтын, нақтылы саяси білім ең алдымен және бәрінен де көбірек осы жұмысшы табына керек; белсенді күрес тіпті ешбір «қолға ұстарлық нәтиже» бермесе де бұл білімді белсенді күреске айналдыру бәрінен көбірек осы жұмысшы табының қолынан келеді. Ал бүкіл халық болып әшкерелеу үшін тек жалпыорыстық газет қана трибуна бола алады. «Саяси орган болмаған күнде, кәзіргі Европада саяси қозғалыс деп атауға тұратын қозғалыс та болуы мүмкін емес», ал бұл жөнде Россия да, күмән жоқ, кәзіргі Европаның қатарына қосылады. Бізде баспасөз әлдеқашан-ақ күш болып алды, — олай болмаған болса, үкімет ол баспасөзді сатып алуға, Катковтер мен Мещерскийлер сықылды-

\* Қараңыз: В. И. Ленин, Шығармалар, қазақша 5-т., 10—11-беттері. Ред.

ларды қаражаттандыруға бірнеше мыңдаған сом ақш жұмсамас еді. Кұпия баспасөз цензураның құлпын біз зып, жарыя органдар мен консервативтік органдардың өздері туралы ашық сөйлеуге мәжбүр еткені самодержавиелі Россияда жаңалық нәрсе емес. 70 жылдарда да тіпті 50 жылдарда да солай болған. Ал кәзір құпия баспасөзді оқуға әзір және «Искраға» (№ 7)<sup>31</sup> хат жазған бір жұмысшының тілімен айтқанда, сол құпия баспасөзден «қалай тіршілік етіп, қалай өлуді» үйренуге әзір халық топтары бұрынғыдан әлденеше есе артты, әлденеше есе өсті. Экономикалық тәртіптерді әшкерелеу — фабрикантка қарсы қандай соғыс жарыялағандық болса, саяси тәртіптерді әшкерелеу де *үкіметке* қарсы нағай сондай соғыс жарыялағандық болады. Бұл әшкерелеу науқаны неғұрлым кең және неғұрлым күшті болса, *соғысты бастау үшін соғыс жарыялаған қоғамдық тап* неғұрлым көп және неғұрлым батыл болса, бұл сыяқты соғыс жарыялаудың жұрттың мінез-құлқына әсер ететін маңызы да соғұрлым зор болады. Сондықтан кәзір, саяси тәртіптерді әшкерелеу істерінің өзі бізге жау құрылысты *ірітетін* ең күшті құралдардың, жаудың кездейсоқ немесе уақтылы одақтастарын одан бөліп жіберетін құралдардың, самодержавиелік өкіметке ұдайы қатысы жүргендердің арасында өшпенділік, бір-біріне сенбеушілік туғызатын ең күшті құралдардың бірі болып табылады.

Біздің заманымызда нағыз *бүкіл халық* әшкерелеуін ұйымдастыратын партия ғана революциялық күштердің авангарды бола алады. Ал «бүкіл халық» деген бұл сөздің өте зор мазмұны бар. Жұмысшы табынан шықпаған әшкерелеушілердің орасан көпшілігі (ал авангард болу үшін нағай сол басқа таптарды тарта білу керек), — айы саясатшылар, сабырлы іскер адамдар. Олар, «күдіреп күшті» орыс үкіметінің үстінен «шағым етудің» қауіптілігі былай тұрсын, тіпті ұсақ чиновниктердің үстінен «шағым етудің» өзінің де қауіпсіз емес екендігін өте жақсы біледі. Сондықтан олар өздерінің шағымының іске жарайтындығына, біздің *саяси күш* екенімізге көздері жеткенде ғана олар наразылығын *бізге* шағып келетін болады. Басқа адамдардың алдында осындай күн болып көріну үшін, өзіміздің саналылығымызды, ынтамызды және жігерімізді *көтеру* жөнінде арымай-талмай көп еңбек етуіміз керек; мұның үшін арьергардтың теор-

риясы мен практикасына «авангард» деген атақты әкеліп жапсыра салу жеткіліксіз болады.

«Пролетарлық күреспен біте қайнаған тығыз байланысқа» әбден жаны кұмар адам бізден: ал егер біз үкіметті нағыз бүкіл халықтың әшкерелеуін ұйымдастыруды өз қолымызға алуға тиісті болсақ, онда біздің қозғалысымыздың таптық сыйпаты қандай болады? деп сұрап және кәзірдің өзінде-ақ сұрап отыр, — Я, оның таптық сыйпаты атап айтқанда мынадай болады: бүкіл халықтың әшкерелеу ісін ұйымдастырушы біз, социал-демократтар, боламыз; — үгіт арқылы көтерілген мәселелердің бәрі де марксизмді не әдейі, не білместіктен бұрмалаушылыққа ешбір кеңшілік берілместен бұлтарыссыз социал-демократиялық рухта түсіндіріліп отырады; — істің барлық жағын түгел қамтыйтын саяси үгітті партия жүргізетін болады, партия болғанда бүкіл халық атынан үкіметке тегеурін жасау ісін де, пролетариаттың саяси дербестілігін сақтай отырып, оған революциялық тәрбие беру ісін де, жұмысшы табының экономикалық күресіне басшылық ету ісін де біртұтас нәрсе етіп біріктіріп отыратын партия жүргізетін болады; бұл партия пролетариаттың үсті-үстіне жаңа топтарын көтеріп, оларды біздің жағымызға шығаратын пролетариат пен қанаушылардың арасындағы стихиялық қақтығыстарды пайдаланады!

Ал экономизмнің негізгі ерекше белгілерінің бірі — оның осы байланысты түсінбейтіндігі, тек ол ғана емес, оның үстіне: пролетариаттың ең керекті тілектері (саяси үгіт арқылы саяси тәртіптерді әшкерелеу арқылы жүргізілетін тыңғылықты саяси тәрбие) мен жалпы демократиялық қозғалыс тілектерінің үйлесімді екенін түсінбейтіндігі. Түсінбеушілік тек «Мартыновтың» сөздерінен ғана емес, сонымен қатар мағнасы жағынан сол сөздерге ұқсас бейне таптық көзқарасты дәлел қылудан да көрініп отыр. Мысалы, «экономистік» хаттың авторлары «Искраның» 12-номерінде\* бұл жөнде былай деген:

---

\* «Экономистерге өте-өте лайықты бұл хатқа біздің мейлінше толық жауап беруімізге «Искрада» орынның жеткіліксіздігі мүмкіндік бермеді. Бұл хаттың пайда бола қалғанына біз өте қуандық, өйткені «Искрада» таптық көзқарастан таюшылық бар екен деген лақап бізге тіпті жан-жақтан әлдеқашаннан-ақ жеткен болатын, сондықтан біз мұндай алыпқашты айыптауға жауап беру үшін тек қолайлы кезді немесе ондай айыптаудың жазылып шығуын күттік. Ал біз шабуылға жауап бергенде қорғану арқылы жауап бермей,

«Искраның». бәзбаяғы негізгі кемшілігі (идеологиян асыра бағалайтындығы), социал-демократияның әртүрлі қоғамдық таптар мен бағыттарға көзқарасы жөнінде мәселеде «Искраның» дәйексіздік көрсетуіне себеп болып отыр. Абсолютизмге қарсы күресуге дереу кірісу міндетін теориялық есеппен шеше салып...» («партиямен бірге өсетін партиялық міндеттердің өсуі...» арқылы шешпей «және, шамасы, істің кәзіргі жағдайында жұмысшылар үшін бұл міндеттің барынша ауыр екендігін сезіп»... (бұл міндет жас балалардың қамын жеп жүрген «экономистік» интеллигенттерден гөрі, жұмысшыларға жеңіліретін көрінетіндігін тек сезіп қана емес, оны жақсы біліп деңіз, өйткені, әйгілі Мартыновтың сөзімен айтқанда, жұмысшылар тіпті «ешбір қолға ұстарлық нәтижелер» бермейтін талаптар үшін де тартысуға дайын)... «бірақ бұл күрес үшін жұмысшылардың тағыда күш жыйнай түсуін күтуге шыдамай, «Искра» өзіне либералдар мен интеллигенцияның арасынан одақтастар іздей бастады»...

Ие, солай, біздің экономистер өздерінің артта қалғандығын жұмысшыларға жабуын қашан қоятындығын, өздерінің жігерінің жеткіліксіздігін бейне жұмысшылардың күшінің жеткіліксіздігінен деп ақтауын қашан қоятындығын «күте-күте» экономистер мұнысын қояды деп «келіструшілер» атаулының бәрі де бізге көптен уәде еткен осы жақсы заманды «күте-күте» біз расында да тіптен «шыдаудан» қалдық. Біз өзіміздің экономистерден: «бұл күрес үшін жұмысшылардың күш жыйнауы» қандай болу керек?, деп сұрап көрейік. Күш жыйнағанда жұмысшыларға саяси тәрбие беру арқылы, біздің жексұрын самодержавиенің барлық жақтарын жұмысшылардың алдында әшкерелеу арқылы жыйнауға болатындығы айқын емес пе? Бізге дәл осы жұмыс үшін, земствошыларға, оқытушыларға, санақшыларға, студенттерге, т. с. саяси шабуыл жасаушылықты бізбен бірге әшкерелеуге дайын тұрған «либералдар мен интеллигенцияның арасынан одақтастар» табу керек екендігі айқын нәрсе емес пе? Бұл таңқаларлық «айлалы механиканы» түсіну, шынында, соншалық қыйын болғаны ма? «Орыс социал демократтарының пролетариаттан басқа таптардың арасынан өздеріне жақтаушылар тауып алу, тура немесе

---

қайта шабуылға қарсы шабуыл жасау арқылы жауап беруге әдет тегенбіз.



жанама одақтастар тауып алу міндеті, бәрінен бұрын және көбінесе пролетариаттың өз ішінде жүргізілетін на-сихат жұмысының сыйпатына қарай шешіледі» деп, сіз-дерге П. Б. Аксельрод 1897 жылдан бері-ақ айтып келе жатқан жоқ па? Ал Мартыновтар мен басқа экономис-тер сонда да болса істің жайын осы күнге дейін былай күсініп келеді: жұмысшылар *эуелі* «қожайындар мен үкі-метке қарсы экономикалық күрес жүргізу арқылы» өзде-ріне күш жыйнап алулары керек (тред-юниондық саясат үшін), *сонан кейін* ғана, — шамасы, тред-юниондық «бел-сенділікті тәрбиелеуден» социал-демократиялық белсен-ділікке «көшулері» керек!

«...«Искра» өзнің ізденулерінде, — дейді мұнан соң экономистер, — тап қайшылықтарын көмескілендіріп, және, жұрттың үкіметке наразылығының себептері мен мөлшері «одақтастар» арасында тіптен әрқыйлы болса да, жұрттың үкіметке наразылығының бірбеткейлігін алдыңғы қатарға қойып, екінің бірінде таптық бағыттан тайып кетіп отырады. Мысалы, «Искраның» земствоға көзқарасы осындай»... «Искра» «үкіметтің берген сада-қаларына қанағаттанбай жүрген дворяндарға жұмысшы табы көмектеседі деп уәде береді»-мыс, «сөйте тұрып халықтың бұл топтарының арасындағы таптық араз-дық туралы жұмған аузын ашпайды»-мыс. Егерде оқу-шы «Самодержавие және земство («Искра»ның 2 және 4-номерлері) деген мақалаларды алып қараса, — хат-тың авторларының айтып отырғаны, сірә, осы мақалалар болу керек, — сонда ол бұл мақалалардың\* «сословие-лік-бюрократиялық земствоның жұмсак үгітіне», «тіпті дәулетті таптардың өз бетімен әрекет істеуіне» үкімет-тің қалай қарайтындығына арналып жазылғандығын кө-реді. Бұл мақалада: үкіметтің земствоға қарсы күресіне жұмысшылар нем кұрайды қарамасын, революциялық социал-демократия бар қабілетімен үкіметке күлшына қарсы шығып отырғанда, земствошылар да жұмсак сөз-дерін тастап, қатты, өткір сөздер айтатын болсын де-лінген. Хаттың авторларына мұның қай жері ұнамайды екен? — онысы белгісіз. Олар, әлде, жұмысшылар «дәу-летті таптар» және «сословиелік-бюрократиялық земст-

\* Ал бұл мақалалардың арасында («Искра», №3) біздің де-ревнядағы тап антагонизмдері туралы арнаулы мақала басылған. (Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 4-том, 441—450-беттері. Ред.).

во» деген сөздерге «түсінбейді» ғой деп ойлай  
екен? — әлде земствошыларды жұмсақ сөздерден қатты  
сөздерге көшуге *итермелеу* «идеологияны асыра бағала-  
ғандық болады» деп ойлай ма екен? Олар, әлде, жұ-  
мысшылар абсолютизмнің земствоға *да* қалай қарайты-  
ндығын білмесе, абсолютизммен күресу үшін жұмысшы-  
лар «өзіне күш жыйнап» ала алады деп білеміз еке-  
міз. Мұның бәрі тағыда белгісіз болып қалып отыр. Бұл ар-  
да тек бір-ақ нәрсе айқын: әлгі хаттың авторлары со-  
циал-демократияның саяси міндеттерін өте бұлдыр түсін-  
генді. ««Искраның» студенттер қозғалысына да көзқар-  
сы» (яғни «таптар антагонизмін көмескілендіретін» тәрі-  
зді көзқарасы) «нақ осындай» деген сөздерінен оларды  
бұл пікірі онан бетер айқын көрінеді. Зорлықтың, ба-  
сыздықтың және жүгенсіздіктің нағыз ұясы студентте  
емес, орыс үкіметі деп жұрт алдында жарыялауға жұ-  
мысшыларды шақырудың («Искра», № 2\*) орнына, бәлкі  
шамасы, «Рабочая Мысльдың» рухындағы пікірлерді ба-  
сып шығаруға тиісті екенбіз ғой! Ал мұндай пікірді со-  
циал-демократтар 1901 жылдың күзінде, февраль және  
март оқуығаларынан кейін, студенттер арасындағы жа-  
ңадан өрлеу қарсаңында айтып отыр, бұл өрлеу само-  
державиеге жасалған қарсылықтың «стихиялылығы» со-  
циал-демократияның қозғалысқа саналы басшылық ету-  
нен бұл жөнде де *озып кеткендігін* көрсетіп отыр. Поли-  
ция мен казактардан таяқ жеп жатқан студенттерге ба-  
лысқысы келген жұмысшылардың «стихиялық» талабы  
социал-демократия ұйымының саналы ісінен озып кетіп  
отыр!

«Оның бержағында — дейді бұдан соң хаттың авто-  
лары — «Искра» басқа мақалаларында келісімге келуді  
қандайын болса да қатты мінеп, мысалы, гедистердің  
өрескел мінез-қылықтарына ара түсіп отыр». Осы күні  
социал-демократтардың арасындағы алауыздықтар жиі-  
жиі әдетте сондай дандайсып, ұшқалақтықпен бірігіп  
алауыздықтар оншама мәнді нәрсе емес, жікке бөліну  
тұрарлық нәрсе емес деп жүрген адамдарға біз, бұл сөз-  
деріңізді жақсылап ойлап қараңдар деп кеңес береміз.  
Самодержавиедің нағыз әртүрлі таптарға дұшпан екенін  
анықтау жөнінде, халықтың нағыз әртүрлі топтарының  
самодержавиеге оппозиция екендігімен жұмысшыларды

\* Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 4-том, 335—340-бетте  
Р.д.

аныстыру жөнінде біз әлі тым аз іс істедік деп жүрген адамдармен бұл жөндегі істі «келісімге келгендік» деп ілетін, сірә, «кожайындар мен үкіметке қарсы экономикалық күрес жүргізу» теориясымен келісушілік деп білейін адамдардың бір ұйымда болып жемісті жұмыс істеулері мүмкін бе?

Біз шаруалардың азат етілуінің қырық жылға толуы жөнінде сөз қылғанда деревняға тап күресін енгізу кезек дедік (№ 3\*) және Виттенің жасырын хаты жөнінде сөз қылғанда, өзіндік басқармамен самодержавиенің бір-бірімен мүлде сыйыса алмайтындығы туралы айттық (№ 4); біз жаңа заң жөнінде сөз қылғанда жер иелерінің крепостниктігі мен оларға қызмет етіп отырған үкіметтің крепостниктігіне шабуыл жасадық (№ 8\*\*) және земствошылардың жалынышты өтініштер беруден күреске көшуін көтермелеп, земствоның құпия съезін құттықтадық (№ 8\*\*\*); — біз саяси күрестің қажеттігін түсіне бастаған және саяси күреске көше бастаған студенттерді көтермеледік (№ 3) және сонымен қатар, студенттерді көше демонстрацияларына қатнаспауға шақырып, «тек қана студенттер» қозғалысын жақтағандардың «дөрекі түсінбеушілігін» қатты сөктік (№ 3, Москва студенттерінің Аткару комитетінің 25 февральдағы үндеуі жайында); — біз «Россия»<sup>32</sup> газетінің либерал сұмдарының «мағнасыз қыялдары» мен «алдамшы екіжүзділігін» әшкереледік (№ 5) және сонымен қатар, үкіметтің «бейбіт әдебиетшілерді, қашаннан бергі профессорлар мен оқымыстыларды, белгілі либералдық земствошыларды азаптаған» тұтқын орнының айуандығын айттық (№ 5: «Полицейлердің әдебиетке шабуыл жасауы»); біз «жұмысшылар тұрмысын жөндеу туралы мемлекет қамқоршылығы» программасының шын мағнасын әшкереледік, «өзгерістің төменнен талап етілуіне кез болғаннан гөрі, оның төменнен талап етілуін болдырмау үшін өзгерісті жоғарыдан жасап жіберген артық» дейтін «бағалы мойындауды» құттықтадық (№ 6\*\*\*\*); — біз протестант-са-

\* Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 4-том, 111—150-беттері. *Ред.*

\*\* Қараңыз: В. И. Ленин, Шығармалар, қазақша 5-т., 88—93-беттері. *Ред.*

\*\*\* Қараңыз: В. И. Ленин, Шығармалар, қазақша 5-т., 94—95-беттері. *Ред.*

\*\*\*\* Қараңыз: В. И. Ленин, Шығармалар, қазақша 5-т., 80 беті. *Ред.*

накшыларды көтермеледік те (№ 7), ал штрейкберхер-накшыларды сөктік (№ 9). Кімде-кім бұл тактиканы претариаттың таптық санасын көмескілендіргендік және либерализммен келісімге келгендік деп тапса, ол адамның мұнысымен «Средо» программасының шын мағынасын өзінің мүлде түсінбейтіндігін көрсетеді және ол бұл программадан қаншама бездім десе де, de facto нақ сөз программаны жүргізеді! Өйткені ол, мұнысымен социал-демократияны «кожайындар мен үкіметке қарсы экономикалық күрес жүргізуге» сүйрейді және әрбір «либералдық» мәселеге белсене кірісуден бас тартып, бұл мәселеге өзінің, социал-демократиялық, көзқарасын белгілеуден бас тартып, либерализмге тізе бүгіп жол береді.

е) ТАҒЫДА „ЖАЛАҚОРЛАР“, ТАҒЫДА  
„МИСТИФИКАТОРЛАР“

Бұл сүйкімді сөздер «Рабочее Дело» екені оқушының есінде болар; «Рабочее Дело» бұл сөздерді біздің оны «жұмысшы қозғалысын буржуазиялық демократияның құралына айналдыру үшін жанама жолмен жағдай әзірлейді» деп айыптауымызға қарсы жауап ретінде қолданады. «Рабочее Дело» аңқаулықтың арқасында бұл айыптауды тек айтыс ретіндегі тәсіл деп біледі, мына озбыр догматиктер бізге неше түрлі ұнамсыз сөздерді айтуға бел байлаған екен деп ұйғарды: ал шынында буржуазиялық демократияның құралы болудан ұнамсыз не бар? Міне сөйтіп, ірі әріптермен мынадай «қарсы жауап» басып шығарды: «нағыз көрнеу жала» («Еңбек съезд», 30-бет), «мистификация» (31), «маскарад» (33), «Рабочее Дело» Юпитерге ұқсап (бірақ оның Юпитерге ұқсастығы да шамалы) ашуланады, ашуланғанда өз пікірі теріс болғандықтан ашуланып отыр, өзінің асығыс балағаттауы арқылы өзіне қарсы адамдардың ой-пікір желісін байымдауға қабілетсіз екендігін көрсетіп отыр. Ал бұқара қозғалысының стихиялылығына бас июшіліктің қандайы болса да, социал-демократиялық саясатты тред-юниондық саясаттың дәрежесіне түсіре төмендетушіліктің қандайы болса да жұмысшы қозғалысын буржуазиялық демократияның құралына айналдыруға жағдай әзірлеушіліктің нақ өзі болатын себебі не екенін түсіну үшін сәл ойласа да жететін еді ғой. Стихиялы жұмысшы қозғалысы өзінің тек тред-юнионизмді ғана тудыра алады

(сөзсіз тудырады да), ал жұмысшы табының тред-юниондық саясаты — жұмысшы табының нағыз буржуазиялық саясаты болып табылады. Жұмысшы табының саяси күреске, тіпті саяси революцияға да қатысуы оның саясатын әсте социал-демократиялық саясат ете қоймайды. «Рабочее Дело» мұны бекерге шығарғысы келмес пе екен? Ақырында ол халықаралық социал-демократия мен орыс социал-демократиясының толғағы жеткен мәселелерін өзінің қалай түсінетіндігін барша жұрт алдында бұлтармай, тура айтып бергісі келмес пе екен? — Жоқ, оның еш уақытта да тіпті олай еткісі келмейді, өйткені оның мықтап ұстаған бір тәсілі бар, мұны — «емес-емеспен кұтылу» тәсілі деп атауға болады. Мен — мен емес, ат менікі емес, мен арбакеш емеспін. Біз экономист емеспіз, «Рабочая Мысль» экономизм емес, Россияда экономизм атымен жоқ. Бұл өте айлалы, өте «саясатшылдық» тәсіл, мұның тек азғантай ғана қолдайсыз жері бар: бұл тәсілді қолданушы органдарды «не бұйырасыз?» деп атау рәсім болып отыр.

«Рабочее Делоның» ойынша, Россиядағы буржуазиялық демократия атаулы жай «елес» («Екі съезд», 32-бет)\*. Неткен бақытты адамдар! Түйекұс сыяқты, бұлар бастарын канаттарының астына жасырады да, осылай етсек, айналадағы нәрселердің бәрі де ғайып болып кетеді деп ойлайды. Марксизм ыдырап барады, тіпті жоғала бастады деп өз қуанышын ай сайын барша жұртқа мәлімдеп жүрген бірқатар либерал публицистер; тап күресін брентанша түсінушілікті, саясатты тред-юнионша түсінушілікті жұмысшыларға жеткізіп жүрген либералдарды көтермелеуші бірқатар либералдық газеттер («СПБ. Ведомости»<sup>33</sup>, «Русские Ведомости» және басқа бірталай газеттер); — шын ниетін «Средо» айқын көрсеткен және әдеби товарлары басқа әдебиеттен ерекше Рос-

---

\* Дәл осы арада «орыстың нақтылы жағдайлары жұмысшы қозғалысын революциялық жолға сөзсіз итермелейді» деп дәлелдемекші болады. Бұл адамдар жұмысшы қозғалысының революциялық жолы социал-демократиялық жол болмай қалуы да мүмкін екенін түсінгісі келмейді! Бүкіл батыс-европалық буржуазия абсолютизм тұсында жұмысшыларды революциялық жолға «итермеледі», әдейі итермеледі. Ал біз, социал-демократтар, бұған қанағаттанып қоя алмаймыз. Егерде біз қай жолмен болса да социал-демократиялық саясатты стихиялық, тред-юниондық саясаттың дәрежесіне дейін төмендетсек, біз дәл осы арқылы буржуазиялық демократияға қызмет еткен болып шығамыз.

сияда емін-еркін өріс алып жүрген, марксизмді сынаушылар тобы; — социал-демократиялық емес революциялық бағыттардың жандануы, әсіресе февраль, март оқығандарынан кейін жандануы; — міне осылардың бәрі, шамсы, жәй елес болса керек! Осылардың бәрінің буржуазиялық демократияға тіпті ешқандай қатысы болмай керек!

«Рабочее Дело» және «Искраның» 12-номеріндегі экономистік хаттың авторлары «көктемгі оқығандар социал-демократияның беделі мен абыройын күшейтудің орны социал-демократиялық емес революциялық бағыттарды жандандырған себебі не екендігін ойлауы» керек еді. Оның себебі: біз өз міндетімізді орындарлық дәрежеде болмадық, жұмысшы бұқарасының белсенділігі бізді белсенділігімізден жоғары болып шықты, бізде барлық оппозициялық топтардың сырын жақсы білетін және қозғалысты бастап кете алатын, стихиялық демонстрацияны саяси демонстрацияға айналдырып, оның саяси сыйпатын ұлғайта білетін және тағы сондайларды істеу білетін, жеткілікті дайындығы бар басшылар мен ұйымдастырушылар табыла қоймады. Мұндай жағдайлардың неғұрлым икемді, неғұрлым жігерлі, социал-демократия емес революционерлер біздің артта қалғандығымызды сөзсіз пайдаланады, ал жұмысшылар полициямен және әскермен қаншама жан аямай күрессе де, қаншама революциялық қыймыл жасаса да, тек әлгі революционерлерді қолдаушы күш болып қана шығады, социал-демократиялық авангард болмай, буржуазиялық демократияның арьергарды болып шығады. Герман социал-демократиясын алып қараңыз, ал біздің экономистерінің тек нашар жағын ғана алғысы келеді. Германияда бірде-бір саяси оқығандың социал-демократияның беделін, абыройын үсті-үстіне күшейтуге әсер етпей өтпейтін себебі не? Оның себебі: мұндай оқығанды аса революцияшы бағытпен бағалауда, озбырлыққа қарсы әрбір наразылықты қолдауда социал-демократия әрдайым ең алдында болып келеді. Герман социал-демократиясы экономикалық күрес жұмысшыларды олардың правосыздық жөніндегі мәселеге итермелейді және нақтылы жағдайлар жұмысшы қозғалысын революциялық жолға сөзсіз итермелеп отырады деген сөздермен өзін жұбатпайды. Ол саяси және әлеуметтік тұрмыстың барлық салаларына, барлық мәселелеріне араласып отырады: буржуазия

лық прогрессистерден қойылған қала бастығын Вильгельмнің бекітпей тастағаны жөніндегі мәселеге де (біздің экономистер: тегінде, бұлардың либерализммен мәмлеге келгендік деп әлі немістердің көзін ашып үлгірген жоқ!), «кұлықсыз» шығармалар мен суреттерге қарсы заң шығару мәселесіне де, профессорларды сайлауға үкіметтің ықпал жүргізетіндігі жөніндегі мәселеге де, т. т., т. с. мәселелердің бәріне де араласып отырады. Герман социал-демократтары барлық таптардың саяси наразылығын қоздыра отырып, ұйқышылдарды оята отырып, артта қалғандарды ілгері бастыра отырып, пролетариаттың саяси санасы мен саяси белсенділігінің дамуына әрқыйлы материалдар бере отырып, қай жерде болса да басқалардың алдында келеді. Осының нәтижесінде, алдыңғы қатарлы саяси күрескерге: тіпті социализмнің саналы дұшпандары да қадірлеп қарайтын болып жүр, сөйтіп, көп реттерде буржуазия былай тұрсын, тіпті бюрократия мен орда қарамағындағы кейбір маңызды документ қандай кереметпен болса да «vogwäppts» редакциясының кабинетіне келіп түсіп қалып жүр.

«Рабочее Делоға» «қайшылық» сыяқты болып көрінетін нәрсенің сыры міне осында, ал мұның өзі, «Рабочее Делоның» ұғым дәрежесінен жоғары екендігі соншалық, ол екі қолын көкке жайып: «маскарад»! деп бай балам салады. Шынында да ойлап қараңызшы: біз «Рабочее Дело», жұмысшылардың *бұқаралық* қозғалысын *ең басты мәселе* етіп қоямыз (және оны ірі әріппен басамыз), біз әркімді де, жұрттың бәрін де стихиялық элементтің маңызын кемітуден сақтандырамыз, біз экономикалық күрестің өзіне, нақ *өзіне*, *өзіне* саяси сыйпат бергіміз келеді, біз пролетарлық күреспен әмісе өте тығыз, біте қайнаған байланыс жасап отырғымыз келеді! Ал бізге: жұмысшы қозғалысын буржуазиялық демократияның құралына айналдыруға жағдай әзірлеп жүрсіндер деседі. Бұлай дейтіндер кімдер десеңізші? Бұлай дейтіндер әрбір «либералдық» мәселеге араласа кетіп, либерализммен «мәмлеге» келетін («пролетарлық күреспен біте қайнаған байланысты» мүлде түсінбеушілік қой бұл!), студенттерге де, тіпті (ой, сұмдық-ай!) земствошыларға да соншама көп көңіл бөлетін адамдар! Бұлай дейтіндер — күштерінің денін (экономистерге қарағанда) халықтың бипролетарлық таптарының арасындағы істерге жұмсағысы келетін адамдар! Бұл «маскарад» емей немене??

Сорлы «Рабочее Дело»-ай! Оның осы айлалы механиканың сырын байымдайтын кезі болар ма екен сірә?

#### IV

### ЭКОНОМИСТЕРДІҢ МАЙДАГЕРЛІГІ ЖӘНЕ РЕВОЛЮЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҰЙЫМЫ

«Рабочее Делоның» жоғарыда біз талдаған пікірлері — экономикалық күрес саяси үгіттің неғұрлым көп қолданылатын құралы, біздің кәзіргі міндетіміз — экономикалық күрестің өзіне саяси сыйпат беру деген сыяқты пікірлері, — біздің саяси міндеттерімізді ғана емес біздің ұйымдастыру жөніндегі міндеттерімізді де тайыз ұғынғандықты көрсетеді. «Қожайындар мен үкіметке қарсы экономикалық күрес жүргізу» үшін бір орталыққа бағынған жалпыорыстық ұйымның, яғни саяси оппозицияның барлық түрлерін, қарсылық пен ашынудың барлық түрлерін тұтас бір тегеуірін етіп біріктіретін ұйымның, кәсібі революционерлік болған адамдардан құралған ұйымның және бүкіл халықтың нағыз шын саяси көсемдері басшылық еткен ұйымның мүлде керегі жоқ, ондай күрестен мұндай ұйымның жасалып шығуы мүмкін де емес. Я, солай болатыны түсінікті де. Қандай мекеменің болса да ұйым сыйпаты сол мекеме қызметінің мазмұнына қарай белгіленетіндігі табиғи және сөзсіз нәрсе. Сондықтан «Рабочее Дело» өзінің жоғарыда талданған пікірлері арқылы саяси қызметтің шағындығына ғана емес, ұйымдастыру жұмысының шағындығын да қасиеттеп, заң етіп отыр. Ежелгісіндей бұл ретте де ол — саналылығы стихиялыққа бас иетін орган болып отыр. Ал оның бержағында ұйымның стихиялық түрде құралып жатқан түрлеріне бас июшілік, біздің ұйымдастыру жұмысымыздың қаншама шағын, қаншама анайы екендігін, осы маңызды жұмыс саласында біздің әлі де «майдагер» екендігімізді ұғынған сананың жоқтығы, нағ осындай сананың болмауы, деймін мен, біздің қозғалысымыздың нағыз ауруы болып табылады. Бұл кері кету ауруы емес, өсу ауруы екендігі өзінен өзі түсінікті. Бірақ нақ кәзір, стихиялық ашынудың толқыны қозғалыстың басшысы және ұйымдастырушысы болған біздерді басып кетіп отыр деуге болатын кезде, мешеулікті қорғаудың қандайына болса да қарсы, бұл істе тайыздықты заң етуге тырысушылықтың қандайына болса да



қарсы нағыз аяусыз күрес жүргізу өте-мөте қажет, практикалық жұмысқа қатнаскандардың бәрін де немесе практикалық жұмысты жаңадан қолға алуға ұмтылғандардың бәрін де бізде үстем болып отырған *майдагерлікке* наразы ету және майдагерліктен құтылу үшін олардың белін бекем бұғызу өте-мөте қажет.

а) МАЙДАГЕРЛІК ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Бұл сұрауға 1894—1901 жылдардағы кәдімгі социал-демократиялық үйірменің жұмысын көрсететін кішкентай сыйпаттама арқылы жауап беріп көрейік. Бұл дәуірдегі оқушы жастардың марксизмге жаппай әуестенгендігін біз жоғарыда айтып өттік. Бұл әуестену, әлбетте, теория ретіндегі марксизмге ғана әуестенгендік емес еді, тіпті онан гөрі — «не істеу керек?» деген сұрауға жауап беруге, жауға қарсы жорық жасауға шақыруға әуестенгендік болды. Сөйтіп, жаңа жасакшылар жорыққа аттанғанда кісі таңданарлық атамзамандағы әбзелмен, сондағыдай дайындықпен аттанысты. Көбінесе тіпті ешқандай әбзелдері де, ешқандай дайындықтары да болған жоқ. Олар, соқашы мужиктер сыяқты, жалғыз сойылмен ғана соғысқа шықты. Студенттер үйірмесі, қозғалыстың ескі қайраткерлерімен ешбір байланыс жасамастан, басқа жерлердегі, немесе тіпті бір қаланың басқа бөліміндегі (яки өзге оқу орындарындағы) үйірмелермен ешбір байланыс жасамастан, революциялық жұмыстың жеке тарауларын ешбір ұйымдастырмастан, айтарлықтай ұзақ уақытқа арналған ешбір системалы жоспары болмастан, жұмысшылармен байланыс жасайды да, іске кіріседі. Үйірме бірте-бірте үгіт пен насихат жұмысын үдеткен үстіне үдете береді, өзінің майданға шығу фактысы арқылы жұмысшылардың едәуір қалың топтарын өзіне тілектес етеді, білімді жұртшылықтың да кейбір бөлегін өзіне тілектес етеді: бұл білімді жұртшылық ақшалай көмек беріп, жастардың жаңа топтарын бірінен соң бірін «Комитеттің» қарамғына жіберіп отырады. Комитеттің (немесе күрес одағының) беделі артады, оның жұмыс өрісі ұлғаяды, сөйтіп, ол осы жұмысты мүлдем стихиялы түрде өрістетеді: бұдан бір жыл немесе бірнеше ай бұрын студенттердің үйірмелерінде сөз сөйлеп, «қайда бару керек?» деген мәселені шешкен адамдар, жұмысшылармен байланыс жасап, қатнасын үзбеген адамдар,

листоктер жазып, оны жарыққа шығарған адамдар революционерлердің, өзге топтарымен байланыс жасайды, әдебиетті іздестіріп табады, жергілікті газет шығаруға кіріседі, демонстрация жасау туралы сөз қыла бастайды, ақырында ашық соғыс қыймылына көшеді (оның бержағында, жағдайға қарай, бірінші үгілістогі де газеттің бірінші номері де, бірінші демонстрация да ашық соғыс қыймылы болып табылуы мүмкін). Және әдетте бұл қыймылдардың алғашқы бастамасының өзі-ақ дереу толық сәтсіздікке ұшыратады. Дерек және толық сәтсіздік болатын себебі — бұл соғыс қыймылдары қажырлы, ұзақ күрестің күнібұрын көңілге тоқылған, астыртын дайындалған системалы жоспарының нәтижесінде тумай, дәстірлі үйірме жұмысының әншейін стихиялық өсуінің нәтижесі болып келді; өйткені полиция жергілікті қозғалыстың барлық басты қайраткерлерін — студент кездерінен бастап-ақ өздерін «танытқандарды» — қашанда дерлік сөзсіз біліп отырды, бірақ отырып, полиция оларды ұстауға тек ең ыңғайлы кезеңді күтеді, айтарлықтай *casus delicti*\* табу үшін полиция үйірменің жеткілікті түрде өсуіне, етек алуына әдейі мүмкіндік береді, өзіне белгілі бірнеше адамдарды «ұйытқы» ретінде әдейі қалдырып отырады («ұйытқы» деген сөз, менің білуімше, біздерде де, жандармдарда да қолданылатын техникалық сөз). Мұндай соғысты сойылмен қаруланған шаруалар шайқаларының кәзіргі замандағы әскерге қарсы жасаған жорығымен барабар демеске болмайды. Тек бір танданарлық нәрсе, соғысушылардың ешбір дайындықтары болмауына қарамастан, қозғалыс басылмай өршіп отырды, өсіп, ұлғайып, жеңіске жетіп отырды. Рас, тарих тұрғысынан қарағанда, әбзелдің алғашында анайы әбзел болмайтын ылажы жоқ екені былай тұрсын, жасақшыларды көп тартудың бір шарты ретінде *тіпті заңды* нәрсе еді. Ал елеулі соғыс қыймылдары басталысымен-ақ (ал бұл қыймылдар, шынында, 1896 жылғы жазғы стачкалардан басталды) — әскери ұйымымыздың кемшіліктері бірден бірге қатты сезілер берді. Алғашқы кездерде сасып қалып, бірсыпыра қателіктер істеген үкімет (қателіктері — социалистердің жауыздығын сыйпаттап қоғамға үндеу жазу немесе жұмысшыларды астаналардан провинциядағы өнеркәсіпті

\* — қылмыс құрамын. *Ред.*

орталықтарға айдап жіберу сыяқты кателіктер еді), көп ұзамай-ақ күрестің жаңа жағдайларына төселіп алды, сөйтіп, кару-жарағы сайма-сай, өзінің провокаторлардан, тыңшылардан, жандарымдардан құралған отрядтарын тиісінше орны-орнына қоя білді. Ойрандау істері жиі-жиі қайталап толып жатқан адамды қамтығандығы, жергілікті үйірмелерді түк қалдырмай жайпап кеткендігі соншалық, жұмысшы бұқарасы тіпті барлық басшыларынан айрылып қалып отырды, қозғалыс адам айтқысыз үздік-создық түрге енді, жұмыста тіпті ешқандай сабақтастық, ешқандай байланыстылық бола алмады. Жергілікті қайраткерлердің таңғажайып бытыраңқылығы үйірмелердің кездейсоқ адамдардан құралуы, дайындықтың болмауы және теориялық, саяси, ұйымдастыру мәселелері жөнінде ой өрісінің тар болуы жоғарыда көрсетілген жағдайлардан еріксіз туған нәтиже еді. Іс мынаған дейін жетті: бізде ұстамдылықтың, құпиялылықтың жеткіліксіз болғандығынан кейбір жерлерде жұмысшылар интеллигенцияға сенбестік білдіріп, одан іргесін аулақ салатын болды, жұмысшылар: интеллигенттер алды-артын ойламай, бізді орға әкеліп жығады! дейтін болды.

Бұл майдагерліктің кесел екенін ойшыл социал-демократтардың бәрі де ақырында сезе бастағанын қозғалыспен аз да болса таныс адамдардың әрқайсысы-ақ біледі. Ал қозғалыспен таныстығы жоқ оқушы — бізді қозғалыстың ерекше бір кезеңін немесе ерекше бір ауруын қолдан «қыйыстырып» отыр екен деп ойлап қалмауы үшін жоғарыда аты аталған күәнің сөзін келтірелік. Көшірме тым ұзақ екен деп жұрт бізге налымас.

«Егерде неғұрлым өрісі кең практикалық жұмысқа бірте-бірте көшушілік, — деп жазады Б—в «Рабочее Делоның» 6-номерінде, — көшу болғанда, орыс жұмысшы қозғалысының басынан кешіріл отырған жалпы өткінші дәуірге тікелей байланысты көшушілік ерекше өзгешелік болып табылатын болса... онда орыс жұмысшы революциясының жалпы механизмінде бұдан кем соқпайтын тағы бір өзгешелік бар. Біздің айтып отырғанымыз — тек Петербургте ғана емес, бүкіл Россияда да іске жарамды революцияшыл күштердің жалпы кемшілігі\*. Жұмысшы қозғалысының жалпы жандануымен, жұмысшы бұқарасының жалпы дамуымен, стачкалардың үсті-үстіне жиілене беруімен, үкіметтің қудалауын, тұтқынға алуын, айдауын, жер аударуын күшейтетін, жұмысшылардың күннен күнге өсіп келе жатқан ашық күресімен қоса алғанда, бұл кемшілік сапасы жоғары революцияшыл күштерде барған сайын көбірек бай-

\* Барлық жерге де курсив біздікі.

қалып отыр, және бұл кемшілік, күмән жоқ, қозғалыстың тереңдігіне, жалпы сыйпатына әсер етпей қоймайды. Көп стачкалар революциялық ұйымдардың қолма-қол ететін күшті әсерінсіз өтіп жатыр... үгіт листоктері мен құпия әдебиеттің жеткіліксіздігі сезілді... жұмысшы үйірмелері үгітшілерсіз қалып отыр... Мұнымен қатар ақша қаражатына үнемі мұқтаждық байқалады. Қысқасы, жұмысшы қозғалысының өсуі революциялық ұйымдардың өсіп, дамуын басып озуда. Толқыған бүкіл жұмысшы бұқарасына бір қолдан өздері ықпал жүргізіп отыру үшін, барлық толқуларға тәртіптіліктің, ұйымшылдықтың ең болмаса реңкін беру үшін әрекет істеуші революционерлердің нақтылы саны тым мардымсыз болып шығады... Жеке үйірмелер, жеке революционерлер жыйналмаған, біріктірілмеген, бұлар бөлімдері орны-орнымен дамыған біртұтас, күшті, тәртіпті ұйым бола алмай отыр»... Сөйтіп, талқандалған үйірмелердің орнына жаңа үйірмелердің дереу пайда болуы «қозғалыстың өршігіш екендігін ғана дәлелдейді... бірақ әбден жарамды революцияшыл қайраткерлердің саны жеткілікті екендігі бұдан әлі көріне қоймайды» дей келіп, автор мынадай қортынды жасайды: «Петербург революционерлерінің практика жүзіндегі шалағайлығы олардың жұмыс нәтижелерінен де білініп отырады. Соңғы процестер, әсіресе, «Өзін өзі азат ету» тобы мен «Еңбектің капиталмен күресі»<sup>11</sup> тобының процестері мынаны айқын көрсетті: белгілі бір заводтағы еңбек жағдайымен, демек, үгіт жағдайымен де жете таныс емес, құпиялықтың принциптерін білмейтін, социал-демократияның тек жалпы көзқарастарын ғана ұғынған» (ұғынған ба?) «жас үгітші небәрі 4, 5, 6 ай ғана жұмыс істей алады. Одан кейін қамау басталады, көбінесе осымен қоса-қабат бүкіл ұйым немесе ең кемі оның бір бөлімі талқандалады. Мынадай сұрақ туады: егер бір топтың өмір сүретін уақыты бірнеше ай ғана болса, ол топтың жұмысы ойдағыдай, жемісті бола ала ма?.. Анығында, кәзіргі ұйымдардың кемшіліктерін түгелімен өткінші уақытқа жатқызу дұрыс болмайды... анығында, жұмыс істеуші ұйымдардың адамдарының сан жағы, әсіресе сапа жағы бұл арада әжептәуір роль атқарады, сондықтан біздің социал-демократтардың бірінші міндеті... мүшелерді қатал іріктеп ала отырып, ұйымдарды іс жүзінде біріктіру болуға тиіс».

#### б) МАЙДАГЕРЛІК ЖӘНЕ ЭКОНОМИЗМ

Біз енді шамада кәзірдің өзінде-ақ әрбір оқушының ойында туған бір мәселеге тоқтап өтуге тиіспіз. Бүкіл қозғалысқа тән өсу ауруы болып отырған бұл майдагерлікті орыс социал-демократиясының бір ағымы болып отырған экономизммен байланысты деуге бола ма? Біздің ойымызша болады. Практика жүзіндегі шалағайлық, ұйымдастыру жұмысын жүргізе білмеушілік шынында біздің бәрімізге де оның ішінде әуелден-ақ бұлжымастан революцияшыл марксизмнің көзқарасында болған адамдарға да ортақ нәрсе. Әңгіме шалағайлықтың бір өзінде ғана болса, бұл үшін практиктерді, әрине, ешкім де айып-

ғай алмас еді. Бірақ шалағайлықпен қоса, «майдагерлік» деген ұғымға кіретін басқа нәрсе де бар, ол: жалпы алғанда бүкіл революциялық жұмыс өрісінің тарлығы, мұндай өрісі тар жұмыс үстінде революционерлердің жақсы ұйымы құрыла алмайтындығын түсінбеушілік, ақырында — басты нәрсе де осы — бұл өрісі тарлықты ақтауға, оны бір айрықша «теория» етуге әрекеттенушілік, яғни бұл ретте де стихиялыққа бас июшілік. Осындай әрекеттер білінгеннен кейін-ақ, майдагерліктің экономизммен байланысты екендігі, біз экономизм атаулыдан (яғни марксизмнің теориясын да, социал-демократияның ролінде, оның саяси міндеттерін де тайыз ұғынушылықтан) арылмайынша ұйымдастыру ісіндегі қысандықтан да құтыла алмайтындығымыз даусыз нәрсе болып отыр. Ал бұл әрекеттер екі түрлі бағытта білінді. Біреулер былай дейгін болды: революционерлер «танып» отырған күрделі, айбынды саяси міндеттерді жұмысшы бұқарасы өздігінен әлі алға қойған жоқ, оның өзі әлі де *таяудағы* саяси талаптар жолында күресуге тиіс, «қожайындар мен үкіметке қарсы экономикалық күрес» жүргізуге тиіс\* (ал бұқаралық қозғалысқа «ыңғайлы» бұл күреске іпті түк дайындығы жоқ жастарға да «ыңғайлы» ұйымның сәйкес келетіндігі табиғи нәрсе). Ал «бірте-бірте-ліктің» қандайына болса да бойын аулақ салатын екінші біреулер былай дейгін болды: «саяси революция жасау» мүмкін де, керек те нәрсе, бірақ бұл үшін пролетариатты табанды, қажырлы күрес арқылы тәрбиелейтін революционерлердің мықты ұйымын құрудың ешқандай қажеттігі жоқ; бұл үшін тек бәріміз бірдей өзімізге «ыңғайлы» және үйреншікті сойылды қолға алсақ болғаны. Бейнелемей айтқанда — жаппай стачка жасасақ болғаны;\*\* немесе біз жұмысшы қозғалысының «сылбыр» жүрісін «эксцитативтік террор» арқылы жылдамдатсақ болғаны\*\*\*. Бұл екі бағыттың екеуі де, оппортунистер де, «революцияшылдар» да, үстем болып отырған майдагерлікке бас неді, одан құтылудың мүмкіндігіне сенбейді, біздің бірінші және ең зәру практикалық міндетімізді:

\* «Рабочая Мысль» және «Рабочее Дело», әсіресе Плехановқа «Жауап».

\*\* «Саяси революцияны кім жасайды?» деген кітапша, — «Пролетарнат күресі» деген, Россияда шыққан жыйнақта басылды. Мұны Киев комитеті де қайтадан басып шығарған.

\*\*\* «Революционизмнің қайта тууы» және «Свобода».

саяси күрестің қуатты, тұрақты, сабақтас болуын қамтамасыз ете алатын *революционерлер ұйымын* құру жөніндегі міндетімізді түсінбейді.

Біз әлгінде Б—втың «жұмысшы қозғалысының өсуі революциялық ұйымдардың өсіп, дамуынан басып озуда» деген сөздерін келтірдік. Осы «Жақын бақылаушының бағалы сөзі» (Бұл «Рабочее Дело» редакциясының Б—втың мақаласы туралы айтқан пікірі) біз үшін екі есе бағалы. Бұл сөз орыс социал-демократиясындағы кәзіргі дағдарыстың негізгі себебі — *басшылардың* («идеологтердің», революционерлердің, социал-демократтардың) *бұқараның стихиялық өрлеуінен кейін қалғандығынан* деген біздің пікіріміздің дұрыс екенін көрсетеді. Бұл сөз экономистік хаттың («Искраның» 12-номеріндегі) авторлары Б. Кричевский мен Мартыновтың стихиялық элементтің, күнделікті қарапайым күрестің маңызын кемітудің қауіпті екендігі туралы, тактика-процесс, т. б. туралы айтқан жорамалдарының бәрі де майдагерлікті дәріптеп, қорғағандық болып табылатындығын көрсетеді. «Теоретик» деген сөзді беттерін тыржыйтпай айта алмайтын, тұрмыстағы шалағайлық пен мешеулікке өздерінің тізе бүгетіндігін «тұрмысты білгендік» дейтін осы адамдар іс жүзінде біздің ең зәру *практикалық* міндеттерімізді түсінбейтіндіктерін көрсетіп отыр. Кейін қалып қойған адамдарға: қатар басындар! озбаңдар! деп айқайлайды. Ұйымдастыру жұмысында ынта-жігерінің кемдігінен, істі кеңінен толғап, жүрексіңбей қозғайтын «жоспарларының» кемдігінен азап шеккен адамдарға «тактика-процесс» деп айқайлайды! Біздің негізгі күнәміз — өзіміздің саяси және *ұйымдастыру* міндеттерімізді күнделікті экономикалық күрестің таяудағы, «қолға ұстарлық», «нақтылы» мүдделерінің дәрежесіне түсіре *төмендетуде* болып отыр, ал соның өзінде бізге: экономикалық күрестің өзіне саяси сыйпат беру керек! деулерін қоймайды. Тағыда айтамыз: өлікті қоюға апара жатқандарды көріп: «көмбелерің көбейсін!» деп айқайлаған халық ертесіндегі геройдың «тұрмысты білгендігі» қандай болса, бұл да нақ сондай нәрсе болып табылады.

Бұл даналардың өлшеусіз пандықпен, нағыз «нарцисше» менмендіктен Плехановқа қалай ақыл үйреткенін есіңізге түсіріңіз: «тегінде жұмысшы *үйірмелеріне* (sic!) сөздің шын, *практикалық* мағнасындағы саяси міндеттер, яғни саяси таланттар үшін жүргізілетін, мақсатқа

лесімді және ойдағыдай *практикалық* күрес мағнасын-ғы саяси міндеттер ыңғайсыз нәрсе» («Рабочее Де-» редакциясының жауабы», 24-бет). Үйірменің де үйір-сі бар, мырзалар! «Майдагерлердің» үйірмелеріне, ол майдагерлер өздерінің майдагерліктерін мойындамай, тап арылмай тұрған уақытта, саяси міндеттер, әрине, қолжеткісіз болады. Ал егер бұл майдагерлер оның істіне өздерінің майдагерліктеріне сүйсінетін болса, егер олар «практикалық» деген сөзді ылғый курсивпен жа-лып, практикашылдық өз міндеттерінді бұқараның ең ме-кеу топтарының ұғымына шақтап төмендетуді керек-ті болады деп ойлайтын болса, — онда, әлбетте, ондай майдагерлерден үміт қылуға болмайды және оларға, таптың ішінде, *саяси міндеттер тегінде қолжеткісіз*. Бірақ Алексеев пен Мышкин, Халтурин мен Желябов сыяқты корифейлердің үйірмелеріне сөздің нағыз шын, нағыз практикалық мағнасындағы саяси міндеттер әбден ың-ғайлы, ыңғайлы болғанда, олардың жалынды уағызын стихиялы түрде оянып келе жатқан бұқара мақұлдап қарсы алатындықтан, олардың қайнаған жігерін револю-цияшыл таптың жігері іліп алып, барынша қолдап оты-ратындықтан, нақ осы себептен ыңғайлы. Плехановтың сол революцияшыл тапты көрсетіп қана қоймай, ол тап-тың стихиялы түрде қалайда, сөзсіз оянатындығын дә-лелдеп қана қоймай, сонымен бірге «жұмысшы үйірмеле-рінің» алдына өрелі, ұлы саяси міндеттерді де қойғаны-мың мәртәбе дұрыс еді. Ал сіздер сонан бергі туған бұ-қаралық қозғалысты сөз қылғанда, осы міндетті *төмен-дету* үшін, «жұмысшы үйірмелерінің» жігерін, оның істей-гін ісінің өрісін *тарылту* үшін сөз қыласыздар. Мұның өзі майдагердің өз майдагерлігіне сүйсінгендігі емей немене? Сіздер өз практикашылдықтарыңызды айтып мақтана-сыздар, бірақ әрбір орыс практигіне мәлім фактыны — революция ісінде үйірменің ғана емес, тіпті жеке адам-ның да жігері қандай кереметтер жасай алатындығын көрмей отырсыздар. Әлде сіздер 70-жылдарда болған корифейлер сыяқты корифейлер біздің қозғалысымызда болмайды деп ойлайсыздар ма? Неге болмайды? Біздің дайындығымыз кем болғандығынан ба? Бірақ біз дайын-далып жатырмыз, дайындала береміз және дайындалып шығамыз да! Рас, «қожайындар мен үкіметке қарсы экономикалық күрестің» қас суында, біздің сорымызға, көкзең пайда болды, стихиялыққа жүгініп, табынатын

адамдар, орыс пролетариатының «сыртына» (Плехановтың сөзімен айтқанда) телміре көз тігетін адамдар пайда болды. Бірақ біз бұл көкзеңнен кұтыла аламыз. На кәзіргі кезде орыс революционері, нағыз революциялы теорияны колдана отырып, стихиялы түрде оянып кел жатқан, нағыз революцияшыл тапқа сүйене отырып ақыр соңында — ақыр соңында! — еңсесін көтеріп, аяғын тік басып, өзінің алып күшін көрсете алады. Бұ үшін тек көптеген практиктер, тіпті мектепте оқып жүрген кезінен-ақ практикалық жұмыс істеуді арман қылатын, олардан да көп адамдар, біздің саяси міндеттерімізді төмендетуге және біздің ұйымдастыру жұмысымыздың өрісін тарылтуға әрекеттенушіліктің қандайын болса да мазақтап, келемеждеп отырулары керек. Ал біз осыны істейміз, бұған күмәнданбаңыздар, мырзалар!

«Неден бастау керек?» деген мақалада мен «Рабочее Делоға» қарсы былай деп жазған болатынмын: «Белгілібір арнаулы мәселе жөніндегі үгіт тактикасын, партия ұйымының белгілібір жеке істерін жүзеге асыру тактикасын 24 сағаттың ішінде өзгертуге болады, ал жауынгер ұйым мен бұқара арасындағы саяси үгіт тегінде, әрдайым және сөзсіз керек пе, жоқ па деген мәселе жөнінде өзінің көзқарасын 24 сағат былай тұрсын, тіпті 24 айдың ішінде өзгерту ешбір тұрағы жоқ адамдардың ғана қолынан келеді»\*. «Рабочее Дело» бұған былай деп жауап қайырады: ««Искраның» таққан айыптарының ішіндегі нақтылы деген бірден-бір айыптауының өзінде ешбір дәлел жоқ. Біздің ең әуелден-ақ, «Искраның» шығуын күтпестен, саяси үгітке шақырып қана қоймағанымызды «Рабочее Делоның» оқушылары жақсы біледі»... (бұған мынадай сөз қосады: жұмысшы үйірмелері былай тұрсын, «тіпті бұқаралық жұмысшы қозғалысына да абсолютизмді кұлатуды бірінші саяси міндет етіп қою мүмкін емес», тек таяудағы саяси талаптар жолында күресуді ғана бірінші міндет етіп қоюға болады, ал «таяудағы саяси талаптар бір стачкадан кейін немесе, ең әрі кеткенде бірнеше стачкадан кейін бұқараға қолайлы талаптар болады»)... «сонымен бірге, Россияда істеуші жолдастарға *бірден-бір* социал-демократиялық саяси-үгіт материалын өзіміздің баспа-

\* Қараңыз: В. И. Ленин, Шығармалар, казакша 5-т., 6-беті. *Ред.*



мыз арқылы шет елден жеткізіп тұрдық»... (онан соң сіздер осы бірден-бір материалдарыңызда саяси үгітті тек экономикалық күрес негізінде өте-мөте кең қолданып қана қоймай, сонымен бірге бұл қысаң үгітті «неғұрлым көп қолданыларлық» үгіт деген ойға да түсініңіздер. Ал сіздердің келтірген дәлелдеріңіз «Искраның» — осындай бірден-бір материал барда — өте қажет екендігін және «Искраның» «Рабочее Делоға» қарсы күресуі қажет екендігін дәлелдейтінін сіздер байқамайсыздар ма, мырзалар?)... «Екінші жағынан, біздің баспа жұмысымыз іс жүзінде партияның тактикалық бірлігін дайындайды»... (тактика) деген нәрсе партиямен бірге өсетін партия міндеттерінің өсу процесі деген пікірдің бірлігі ме? Қымбат бірлік екен!)... «және осы арқылы «жауынгер ұйым» құрудың мүмкіндігін көрсетті, ол ұйымды қуру үшін Одақ шет елдегі ұйымға ыңғайлы істің бәрін істеді» («Рабочее Дело» № 10, 15-бет). Бұлтарып кету үшін істелген бос әрекет! Сіздер ыңғайы келген нәрсенің бәрін істеп бақтыңыздар, мен оны еш уақытта да беркеге шығармақшы болған емеспін. Мен бұрын да айтқанмын, кәзір де айтамын — сіздерге «ыңғайлы» нәрсенің шеңбері өз ұғымдарыңыздың тайыздығынан тарылып отыр. «Гаяудағы саяси талаптар» жолында күресетін немесе «қожайындар мен үкіметке қарсы экономикалық күрес» жүргізетін «жауынгер ұйым» туралы сөз қылудың өзі адам күлерлік нәрсе.

Ал егер оқушы майдагерлікке «экономистікпен» сүйсінушіліктің үлгілерін көрем десе, онда ол, әлбетте, эклектикашыл және тұрақсыз «Рабочее Делоны» қоя тұрып, дәйекті және батыл «Рабочее Мысльға» назар аударуға тиіс. Р. М. «Жеке қосымшаның» 13-бетінде былай деп жазды: «Енді революцияшыл интеллигенция дейгіндер туралы бір-екі сөз айталық; рас, олар «царизммен батыл шайқасуға» өздерінің әбден дайын екендігін іс жүзінде талай рет көрсетті. Тек бар пәле мынау: саяси полициядан аяусыз қуғын-сүргін көріп жүрген біздің революцияшыл интеллигенция осы саяси полицияға қарсы күресті самодержавиеге қарсы саяси күрес деп түсінді. Сондықтан да «самодержавиеге қарсы күресу үшін керекті күшті қайдан алу керек?» деген мәселе оларға осы күнге дейін анықталмаған мәселе болып қалып отыр».

Рас емес пе: стихиялық қозғалысқа бас июшінің (бас июші болғанда жаман мағнада бас июшінің) полицияға

қарсы күресті мұндай менсінбеушілігі ұқсасы жоқ тамаша нәрсе ғой? Ол біздің құпиялыққа олақтығымызды бұқараның стихиялық қозғалысы кезінде саяси полициямен күресудің өзі біз үшін, шынында, маңызды нәрсе емес деп *ақтауға* дайын!! Мұндай сорақы қортындыға қол қоятын адамдар өте-мөте аз табылар: біздің революциялық ұйымдарымыздың кемшіліктері жөніндегі мәселе әркімнің де көкейін тесіп болған. Ал егер осы қортындыға, мәселен, Мартынов қол қоймаса, онда ол өзінің қағыйдаларын жете ойлай білмейтіндіктен немесе бұған батылы бармайтындықтан қол қоймайды. Шынында, бұқараның қолға ұстарлық нәтижелер беретін нақтылы талаптар ұсынуы сыяқты «міндет» революционерлердің бір орталыққа бағынған, берік жауынгер ұйымын құру жөнінде айрықша қам істеуді керек қыла ма? мұндай «міндетті» әсте «саяси полициямен күреспейтін» бұқара да орындамай ма? Ол ол ма: егер аздаған басшылардан басқа бұл міндетті «саяси полициямен күресуге» әсте *қабілеті жоқ* жұмысшылар да (солардың орасан көпшілігі) қолға алмаған болса, бұл міндет орындалар ма еді? Мұндай жұмысшылар, бұқараның орта адамдары, стачкада, полиция мен әскерге қарсы көшеде жүргізілетін күресте зор қайрат, жанаямас ерлік көрсете алады, бүкіл қозғалысымыздың тағдырын *шеше* алады (бұл іс тек солардың ғана қолынан келеді), — ал нақ сол саяси полицияға қарсы күрестің өзі айрықша сапаны керек етеді, *түпкілікті* революционерлерді керек етеді. Сондықтан біз бұқараның нақтылы талаптарды ғана «ұсынуын» көздемей, сонымен бірге жұмысшылар бұқарасының осындай түпкілікті революционерлерді неғұрлым көп «ұсынып отыруын» да көздеуге тиіспіз. Сөйтіп, біз енді профессионал революционерлер ұйымы мен таза жұмысшы қозғалысының арақатнасы туралы мәселеге жеттік. Әдебиетте аз қозғалған осы мәселені біз, «саясатшылар», экономизмге азды-көпті бейім жолдастармен әңгімелескенде, таласқанда көп талқыладық. Бұл мәселеге ерекше тоқталып өту керек. Бірақ алдымен майдагерліктің экономизммен байланыстылығы жөнінде айтқан өз қағыйдамызды тағыда бір цитата келтіріп аяқтайық. N. N<sup>35</sup> мырза өзінің «жауабында» былай деп жазды: «Еңбекті азат ету» тобы үкіметке қарсы тікелей күрес жүргізуді талап етеді, бірақ сол күресті жүргізу үшін материалдық күштің бар-жоқтығымен есептеспейді,

ның жолын көрсетпейді». Жәнеде автор соңғы сөздерінің астын сызып, «жолын» деген сөзге мынадай ескерту жасайды: «Бұл жағдайды құпиялық мақсаттармен түсіндіруге болмайды, өйткені программада заговор туралы айтылып отырған жоқ, *бұқаралық қозғалыс* туралы айтылып отыр. Ал бұқара құпия жолдармен жүре алмайды. Құпия стачканың болуы мүмкін бе? Құпия манифестация мен петицияның болуы мүмкін бе?» («Vadetesit», 59-бет) Автор осы «материалдық күшке» де (стачкалар мен манифестацияларды жасаушылар), күрес жүргізу үшін керекті «жолдарға» да таяу келді, бірақ сөйткенмен де саскалақтап дал болып қалды, өйткені ол бұқаралық қозғалысқа «бас неді», яғни қозғалысқа біздің революциялық белсенділігімізді сергітіп, ілгері *итермелеуге* тиісті нәрсе деп қарамайды, оған бізді өзіміздің революциялық белсенділігімізден *құтқаратын* нәрсе деп қарайды. Стачкаға қатынасушылар үшін және стачкамен қолма-қол байланыс жасаушы адамдар үшін құпия стачканың болуы мүмкін емес. Бірақ орыс жұмысшыларының көпшілігі үшін бұл стачка «құпия» күйінде қала алады (және көбінесе «құпия» болып қалып та жүр), өйткені үкімет стачкашылармен қандай да болса байланыс жасаттырмаудың қамын істейді, стачка туралы хабардың қандайын болса да тараттырмаудың қамын істейді. Міне, дәл осы арада «саяси полицияға қарсы айрықша күрес» жүргізу керек, мұндай күресті стачкаларға қатыналатын бұқарадай қалың бұқара еш уақытта да белсеніп жүргізе алмайды. Бұл күресті революциялық қызметпен ұдайы шұғылданып жүрген адамдар «әнер білімнің барлық ережелеріне сәйкес» ұйымдастыруға тиіс. Қозғалысқа бұқараның стихиялы түрде қатысқандығынан бұл күресті ұйымдастыру *қажеттігі кеміді* дегуге болмайды. Қайта осы себепті ұйымның *қажеттігі* артып отыр, өйткені біз, социалистер, полицияның әрбір стачканы, әрбір манифестацияны құпия етуіне кедергі жасай алмаған болсақ (ал кейде өзіміз де құпия түрде дайындамаған болсақ), онда өзіміздің бұқара алдындағы тікелей міндеттерімізді орындамаған болар едік. Ал біз мұны *істей аламыз*, себебі стихиялық түрде оянып келе жатқан бұқара да «түпкілікті революционерлерді» бірден-бірге көбейте *эз ортасынан шығара бермек* (егер біз жұмысшыларды бір орынды таптап тұрып қалыңдар деп шақырмасақ, мұны орындай аламыз).

Егер социал-демократ үшін саяси күрес деген ұғым «қожайындар мен үкіметке қарсы экономикалық күрес» ұғымымен астарлас болса, онда ол үшін «революционерлер ұйымы» деген ұғым «жұмысшылар ұйымы» деген ұғыммен азды-көпті астарласады деп ойлау табиғи нәрсе. Шынында да осындай жағдай кездесіп отырады, солай болғансын, ұйым туралы сөз қылғанда, біз әртүрлі тілде сөйлесіп отырған адам сыяқты боламыз. Мысалы, өзім бұрын білмейтін әжептәуір дәйекті бір экономиспен сөйлескенім, тап кәзіргідей, әлі есімде. «Саяси революцияны кім жасайды?» деген кітапша жайында әңгіме болған еді, біз екеуміз кітапшаның негізгі кемшілігі — ұйым туралы мәселені елемеушілік те деген пікірге тез-ақ қосылдық. Біз екеуіміздің де пікіріміз бір жерден шығады екен деп ойлаған едік, бірақ... сөйлесе келе, екеуіміздің екі түрлі нәрсе туралы айтып отырғандығымыз анықталды. Менімен әңгімелескен адам авторға стачка кассаларын, өзара жәрдем қоғамдарын, т. с. елемепті деп айыптайды, ал менің айтқаным саяси революцияны «жасау» үшін қажетті революционерлер ұйымы еді. Сөйтін, осы алауыздық білінісімен-ақ, жалпы қандай принципті мәселе жөнінде болса да бұл экономиспен менің келіскен жерім жоқ шығар деймін!

Біздің алауыздықтардың түп негізі неде? Атап айтқанда түп негізі мынада: экономистер ұйымдастыру міндеттеріне келгенде де, саяси міндеттердегісі сыяқты, үнемі социал-демократизмнен тред-юнионизмге ауытқып кетіп отырады. Социал-демократияның саяси күресі жұмысшылардың қожайындар мен үкіметке қарсы жүргізетін экономикалық күресінен анағұрлым зор, анағұрлым күрделі. Дәл сол сыяқты (және сондықтан) мұндай күресті жүргізу үшін революцияшыл социал-демократия партиясының ұйымы жұмысшылардың ұйымынан сөзсіз *басқаша* болуы керек. Жұмысшылар ұйымы, біріншіден, кәсіпшілік ұйым болуға тиіс; екіншіден, ол ұйым мүмкінше неғұрлым кең болуға тиіс; үшіншіден, ол ұйым мүмкінше құпиялығы кемірек ұйым болуға тиіс (мен бұл жерде де, төменде де, әлбетте, тек самодержавиялы Россияны ғана айтып отырмын). Ал революционерлер ұйымы, мұның керісінше, ең алдымен және әсіресе түпкілікті қызметі революциялық қызмет болған адамдарды

ріктіруге тиіс (сондықтан да мен *революционерлер ұйы-  
ы* дегенде социал-демократ революционерлерді айтып  
гырмын). Мұндай ұйым мүшелерінің осы сыяқты ортак  
елгісі болғандықтан, жеке қызметтерінің айырмашылы-  
ын айтпағанның өзінде, *жұмысшылар мен интеллигент-  
ер арасындағы айырмашылық атаулы мүлдем жоғалу-  
а тиіс*. Бұл ұйым онша кең ұйым болмауға тиіс және  
мүмкінінше неғұрлым кұпия ұйым болуы керек. Осы үш  
түрлі айырмашылыққа тоқтап өтейік.

Саяси бостандығы бар елдерде тред-юниондар мен со-  
циал-демократияның айырмасы қалай айқын болса, про-  
фессиялық ұйым мен саяси ұйымның айырмасы да, со-  
лай әбден айқын. Социал-демократияның тред-юнион-  
дарға қатнастары, әрине, түрлі елдерде тарихи, заң жә-  
не өзге жағдайларға қарай сөзсіз өзгеріп отырады, бұл  
қатнастар азды-көпті тығыз болуы да, қыйын болуы да,  
және басқаша болуы да мүмкін (біздің пікірімізше, бұл  
қатнастар мүмкінінше неғұрлым тығыз және мүмкінінше  
қыйындығы кемірек болуға тиіс), бірақ бостандығы бар  
елдерде кәсіпшілер одақтарының ұйымы социал-демо-  
кратия партиясының ұйымымен бір болады деген сөздер  
ауызға да алынбайды. Ал Россияда, тосыннан қараған-  
да, самодержавиедің езгісі социал-демократиялық ұйым  
мен жұмысшылар одағының арасындағы барлық айыр-  
машылықты жоғатын сыяқты болып көрінеді, өйткені жұ-  
мысшы одақтарының, *бәрине-де* үйірмелердің *бәрине-де*  
тыйым салынған, өйткені жұмысшылардың экономика-  
лық күресінің басты көрінісі мен кұралы болған стачка  
жалпы қылмысты іс (ал кейде тіпті саяси қылмыс!) бо-  
лып саналады. Сөйтіп, біздегі жағдайлар, бір жағынан,  
экономикалық күрес жүргізуші жұмысшыларды саяси  
мәселелерге қатты «итермелейді», ал, екінші жағынан,  
социал-демократтарды тред-юнионизмді социал-демо-  
кратизммен араластыруға «итермелейді» (ал біздің  
Кричевскийлер, Мартыновтар және олардың серіктері  
«итермелеудің» біріншісін бар ынтасымен сөз қылады  
да, «итермелеудің» екіншісін байқамайды). Шынында да,  
«кожайындар мен үкіметке қарсы экономикалық күрес-  
ке» өз жігерінің жүзден 99 бөлегін жұмсап жүрген  
адамдарды алып қараңыз. Олардың біреулері өздерінің  
қызмет еткен бүкіл дәуірінде (4—6 ай бойы) револю-  
ционерлердің неғұрлым күрделі ұйымын кұрудың ке-  
ректігі туралы мәселеге бір де бір кездеспейді; екінші-

лері, бәлкім біршама көбірек таралған бернштейншілдік әдебиетке «кездеседі»де, бұл әдебиеттен «күнделікті қарапайым күрестің алға ұмтылған бет алысының» зор маңызы бар деген ұғым алады. Ақырында, үшіншілері, мүмкін, «пролетариаттың күресімен біте қайнасқан, тығыз байланыстың», кәсіпшілік қозғалыс пен социал-демократиялық қозғалысты байланыстырудың жаңа үлгісін әлемге таныту жөніндегі еліктіргіш идеяға әуестенер. Мұндай адамдар былай деп пікір айтуы мүмкін: бір ел капитализм жолына, демек, жұмысшы қозғалысының жолына неғұрлым кеш түсетін болса, социалистер кәсіпшілік қозғалысқа соғұрлым көп қатнасып, оны қолдай алады, социал-демократиялық емес кәсіпшілер одақтары соғұрлым аз болады және аз болуға тиісті де. Осы күнге дейін бұл пікір әбден дұрыс болып келді, бірақ бір қырсық жері сол — бұлар бұдан да асып түсіп, социал-демократизм мен тред-юнионизмді толық біріктіруді арман етіп жүр. Бұл қыялдардың біздің ұйымдастыру жоспарларымызға қаншалық зыян келтіретінін біз кәзір «С.-Петербург күрес Одағы уставының» тәжірибесінен көреміз.

Экономикалық күрес жүргізетін жұмысшы ұйымдары кәсіпшілік ұйымдар болуға тиіс. Әрбір жұмысшы социал-демократ мүмкін қадерінше бұл ұйымдарға жәрдем беріп, белсеніп жұмыс істеуі керек. Бұл солай. Бірақ «цехтық» одақтарға тек социал-демократтар ғана мүше болсын деп талап етудің бізге ешқандай пайдасы жоқ: бұл біздің букараға ететін әсеріміздің көлемін тарылтар еді. Қожайындар мен үкіметке қарсы күрес жүргізу үшін бірігудің қажеттігін ұққан әрбір жұмысшы цехтық одаққа қатыса берсін. Егер цехтық одақтар тым болмаса осы жадағай ұғым дәрежесіне пайымы жететіндердің бәрін біріктірмеген болса, егер осы цехтық одақтар өте көлемді ұйымдар болмаған болса, онда бұл одақтар өз мақсатына жете алмас еді. Сондықтан бұл ұйымдар неғұрлым көлемді болса, біздің оларға жүргізетін ықпалымыз да соғұрлым зор болады; бұл ықпал экономикалық күрестің «стихиялық» түрде дамуы арқасында ғана емес, сонымен бірге одақтың социалист мүшелерінің өз жолдастарына тікелей, саналы әсер етуі арқасында да жүргіземіз. Ал ұйымның өзі көлемді болып тұрғанда, қатаң құпиялылық сақтау мүмкін емес (мұның өзі экономикалық күреске қатнасудағыдан анағұрлым көбірек дайын-

ықты керек етеді). Ұйымның көлемді болу қажеттігі ен қатаң құпиялылық сақтау қажеттігінің арасындағы сы қайшылықты қалай қыюластыру керек? Цехтық ұйымдардың құпиялылығы мүмкінше азырақ болуын қалай қамтамасыз ету керек? Бұл үшін, жалпы айтқанда, тек екі ғана жол бар: не цехтық одақтарды жарыя ету керек (бұл кейбір елдерде социалистік және саяси одақтарды жарыя етуден бұрын іске асырылды), не ұйымды құпия күйінде, бірақ ұйым мүшелерінің көпшілігі үшін оның құпиялылығы жоққа тән боларлықтай етіп, «еркін», онша қалыптаспаған, немістерше айтқанда *loose* ұйым күйінде сақтау керек.

Социалистік емес және саяси емес жұмысшы одақтарын жарыя ету ісі Россияда кәзірдің өзінде-ақ басталды, біздің қаулап өсіп келе жатқан социал-демократиялық жұмысшы қозғалысының әрбір адымы осы жарыя ету әрекеттерін өршітіп, көтермелеп отыратындығына ешбір күмән келтіруге болмайды, ал бұл әрекеттер көбінесе кәзіргі құрылысты жақтаушылар тарапынан да, ішінара жұмысшылардың өздері мен либерал интеллигенция тарапынан да істеліп жүр. Жарыя ету туын Васильевтер мен Зубатовтар кәзірдің өзінде-ақ көтеріп шықты, ал Озеровтар мен Вормстар сыяқты мырзалар оған көмек көрсетуге уәде беріп, жәрдемдесіп те отыр, жаңа ағымды жақтаушылар кәзірде жұмысшылар арасында да бар. Сондықтан біз ендігі жерде бұл ағыммен санаспай отыра алмаймыз. Қалай санасу керек, — бұл жөнде социал-демократтар арасында екі түрлі пікір бола қоймас. Біз Зубатовтар мен Васильевтердің, жандармдар мен поптардың бұл ағымға қандай жолмен болса да қатысуын талмай әшкерелеп отыруға міндеттіміз, бұл қатысушылардың шын ниеттерін жұмысшыларға түсіндіріп отыруға міндеттіміз. Сонымен бірге біз жұмысшылардың ашық жыйылыстарында либерал қайраткерлердің сәйлейтін сөздерінен естіліп отыратын түрлі ымырашылдық, «үйлесімді» сарындарды да әшкерелеп отыруға міндеттіміз, — бұл либерал қайраткерлер осы сарындарды таптардың бейбіт түрде істес болуының пайдалы екендігіне көздері әбден жеткендіктен ұсына ма, бастықтарға жағыну үшін ұсына ма, немесе, тіпті, ұялғаннан істей ме, — бұл жағы есепке алынбауы керек. Біз, ақырында, жұмысшыларды полицияның әлсін-әлі құратын торынан ал-

дын-ала сақтандырып отыруға міндеттіміз, өйткені полиция әлгі ашық жыйналыстарда және рұхсат етілген қауымдарда «уытты адамдарды» аңдйды, жарыя ұйымдар арқылы кұпия ұйымдарға да провокаторларын жіберуге тырысады.

Бірақ осының бәрін істеу дегеннің мәнісі — жұмысшы қозғалысын жарыя ету ісі *сайып келгенде* Зубатовтарға емес, нақ бізге пайда келтіретінін ұмыту керек деген сөз емес. Қайта, біз дәл өзіміздің әшкерелеу науқанымыз арқылы бидайды арам шөптен айырамыз. Арам шөпті біз көрсетіп өттік. Бидай дегеніміз — жұмысшылардың бұрынғыдан да қалың топтары мен ең артта қалған топтарының назарын әлеуметтік және саяси мәселелерге аудару деген сөз, бұл — біздерді, революционерлерді, анығында жарыя қызмет болып табылатын қызметтерден (жарыя кітаптарды тарату, өзара жәрдем, т. б.) босату деген сөз, ал бұл қызметтерді дамыту ісі біздің үгіт жүргізуімізге керекті материалды неғұрлым көп беріп отыратыны сөзсіз. Бұл мағнада біз Зубатовтар мен Озеровтарға былай деп айта аламыз, осылай деуге тиіспіз де: тырысып бағындар, мырзалар, тырысып бағындар! Сендер жұмысшыларға тор кұрып отырғандықтан (мұны тіке провокаторлық мақсатпен кұрсаңдар да, жұмысшыларды «струвешілдік» арқылы «адал» жолмен аздыруды көздеп кұрсаңдар да) біз сендерді әшкерелеу камын істейміз. Ал сендер шынымен бір адым ілгері басады екенсіңдер — ол адым нағыз «жасқаншақтың ирек» адымы түрінде болғанмен, әйтеуір ілгері басқан адым болса — біз: марқабат етіңдер! — дейміз. Жұмысшыларға, аздап болса да, шын мәнісінде кеңшілік беретін адым ғана шынымен бір адым ілгері басқандық болады. Ал мұндай кеңшіліктің қандайы болса да бізге пайда келтіріп, провокаторлардың социалистерді аулауына емес, социалистердің өздеріне мыяткерлерді аулауына жағдай жасайтын жарыя қоғамдардың тууын тездетеді. Бір сөзбен айтқанда, біздің ендігі істейтін ісіміз арам шөптерге қарсы күресу. Үйдегі кумыраларға бидай өсіру біздің ісіміз емес. Арам шөптерді отай отырып, біз осы арқылы бидай урығы тебіндеп өсетін жерді тазартамыз. Афанасий Ивановтар мен Пульхерия Ивановналар үй өсімдіктерін өсірумен айналысып жатқанда, біз



бүгінгі арам шөпті де шаба алатын, ертеңгі бидайды да  
ора алатын оракшыларды дайындауымыз керек\*.

Сонымен, жарыя ету арқылы біз мүмкінінше кұпиялы-  
тығы кемірек және мүмкінінше неғұрлым көлемді кәсіп-  
шілік ұйымын кұру мәселесін *шеше* алмаймыз (ал егер  
Зубатовтар мен Озеровтар бізге мәселені осылай шешу-  
ге азғантай болса да мүмкіншілік туғызса, біз өте қуа-  
нар едік, — бұл үшін біз оларға қарсы мүмкіндігінше жі-  
герлі түрде күресуіміз керек!). Ендігі қалып отырған жол  
— кұпия кәсіпшілік ұйымдар жолы, сондықтан *біз* осы  
жолға кәзірдің өзінде-ақ түсе бастаған (бұл бізге әбден  
белгілі) жұмысшыларға мейлінше көмек көрсетуге *тиіс-*  
*тіз*. Кәсіпшілік ұйымдар экономикалық күресті дамытып,  
баянды ету ісінде орасан зор пайда келтіріп қана қой-  
май, сонымен бірге саяси үгіт пен революциялық ұйым-  
ның өте маңызды жәрдемшісі де бола алады. Бұл нәти-  
жеге жету үшін, басталып келе жатқан кәсіпшілік қоз-  
ғалысты социал-демократияның тілеген арнасына түсіру  
үшін, — ең алдымен Петербург экономистерінің бес жыл-  
дан бері дерлік бетке ұстап жүрген ұйым жоспарының  
мағнасыз жоспар екенін айқын түсіну қажет. Бұл жос-  
пар 1897 жылы июльде шыққан «жұмысшы кассасының  
уставында» да көрсетілген («Рабочая Мысльдің» 1-номе-  
рінде басылған «Рабочий» Листогі» № 9—10, 46-беті),  
1900 жылғы октябрьдегі «Одақтың жұмысшы ұйымының  
уставында» да көрсетілген (С. Петербургте басылған  
және «Искраның» 1-номерінде айтылған ерекше листок).  
Екі уставтың да негізгі кемшілігі — көлемді жұмысшы  
ұйымының кұрылысын тәптіштеп көрсетеді де, революцио-  
нерлердің ұйымдарын осы ұйыммен шатастырып жібе-

---

\* «Искраның» арам шөптерге қарсы күресі «Рабочее Делоның»  
мынадай бір долылық көрсетуіне себеп болды: «Ал «Искра» үшін  
осы (көктемгі) зор оқыйғалардан гөрі Зубатов агенттерінің жұмыс-  
шы қозғалысын «ашық ету» жөніндегі болмашы әрекеттері замана  
туы болып отыр. Бұл фактылар дәл оның өзіне қарсы болып  
отырғандығын «Искра» көрмейді; ал бұл фактылар үкіметтің кәз  
алдында жұмысшы қозғалысының аса қауіп келтірерліктей болып  
етек алып кеткендігін көрсетеді» («Екі съезд», 27-бет). Осының бә-  
ріне айыптылар — «өмірдің өктем талаптарына керенау» қарайтын  
сы ортодокстердің «догматизмі» көрінеді! Бұлар бойы бір кез  
бидай егінін қасарып көргісі келмей, бойы бір елі арам шөптерге  
қарсы күреседі. Мұның өзі «орыс жұмысшы қозғалысы жөніндегі  
перспектива сезімін бұрмалағандық» емей немене (бұ да сонда.  
27-бет)»

реді. Ең тыңғылықтысы болған екінші уставты алып қарайық. Оның тұрқы *елу екі* параграфтан құралған: оның 23 параграфы әрбір фабрикада құрылатын және «орталық (фабрикалық) топтарды» сайлайтын «жұмысшы ұйірмелерінің» («10 адамнан артық емес») ведомствосының құрылысын, іс жүргізу тәртібін, шеңберін баяндайды. 2-параграфта былай делінген: «Орталық топ өз фабрикасында немесе өз заводында болып жатқан барлық істерді қадағалап отырады, ондағы оқығалар хроникасын жазып отырады». «Орталық топ барлық төлеушілерге кассаның жайы туралы ай сайын есеп беріп отырады» (§ 17), т. с. 10 параграф «аудандық ұйымға», 19 параграф «Жұмысшы ұйымының комитеті» мен «СПБ. Күрес Одағы Комитетінің» өте қым-қыйғаш қатнасына арналған (әрбір ауданнан және «атқару топтарынан» сайланатындар — «насихатшылар топтары, провинциямен байланыс жасайтындар, шет елмен байланыс жасайтындар, складтарды, баспа тобын, касса тобын басқаратындар»).

Жұмысшылардың экономикалық күресі жөнінде социал-демократия = «атқарушы топтар» болады екен. Экономистің ойы социал-демократизмнен тред-юнионизмге қалай ауатындығын, социал-демократтың ең бірінші міндеті — пролетариаттың *бүкіл* азаттық күресін басқаратын революционерлер ұйымы туралы ойлау болып табылатындығы экономиске қандай жат нәрсе екендігін бұдан айқын көрсету қиыны болар. «Жұмысшы табының саяси азаттық алуы» туралы, «патшаның озбырлығына» қарсы күресу туралы сөз қыла отырып, ұйымның осындай уставтарын жазып шығару — социал-демократияның нағыз саяси міндеттерін мүлдем түсінбегендік болады. Елді параграфтың бірде-бірі орыс абсолютизмінің барлық жақтарын ашып көрсету үшін, Россиядағы түрлі қоғамдық топтардың бар бейнесін ашып көрсету үшін бұқаралар арасында саяси үгіт жұмысын мейлінше кең жүргізу қажет екендігін түсінгендіктің саңлауын да көрсетпейді. Мұндай устав арқылы саяси мақсаттар былай тұрсын тіпті тред-юниондық мақсаттар да жүзеге аспады, өйткені тред-юниондық мақсаттар ұйымды *кәсіптерге қарай* құруды талап етеді, ал мұндай ұйым уставта тіпті ауызға да алынбайды.

Бірақ үш сатылы сайлау системасы арқылы әрбір же

е фабриканы «комитетпен» байланыстырғысы келетін, айланыстырғанда бір қалыпты және адамның күлкісін елтірерліктей ұсақ ережелер арқылы байланыстырғысы елетін осы «системаға» өте-мөте тән нәрсе — мұның аңғажайып сөлекеттігі екендігіне ешкім де таласа алмас. Экономизмнің шолақ ой өрісінен туған шала пікір ұл арада ұсақ-түйекке салынып отыр, ал осы ұсақ-түйектен былық пен кеңсешілдіктің исі аңқыды. Іс жүзінде барлық осы параграфтардың төрттен үші, әрине, еш ақытта да қолданылмайды, бірақ оның есесіне әрбір фабрикада орталық тобы бар осындай «кұпия» ұйым қандармдардың адам айтқысыз ойраншылдық жұмысының өріс алуын жеңілдетеді. Польшалық жолдастар қозғалыстың мұндай кезеңін басынан кешірді, онда жұртының бәрі жұмысшы қассаларын көп құруға әуес болды, бірақ бұлай еткенде тек жандармдарға мол азық беріңдігіне көздері жетіп, олар бұл ойдан тез-ақ бастартты. Егер біз жұмысшылардың көлемді ұйымдары болсын десек және бұл ұйымдар жаппай сәтсіздікке ұшырамауын десек, жандармдарды қуантпайық десек, онда біз бұл ұйымдардың мүлде қатталмауын көздеуге тиісіміз. — Онда олардың жұмыс істеуге мүмкіндігі бола ма? — Оны білу үшін мына қызметтерді-ақ алып қараныз: «...фабрикада болып жатқан барлық істерді қадағалап отыру, ондағы оқыйғалар хроникасын жазып отыру» (уставтың 2-параграфы). Мұны да сөзсіз қаттап отыру керек болғаны ма? Бұл үшін ерекше топтар құрмай-ақ, мұның бәрін жасырын газеттерге жіберілетін хат-хабарлар арқылы анағұрлым жақсы істеуге болмай ма екен? «... Жұмысшылардың заводтағы тұрмыс-жағдайын жақсарту жолындағы күресіне басшылық ету» (уставтың 3-параграфы). Бұл арада да қаттап отырудың керегі жоқ. Жұмысшылардың қандай талантар ұсынғысы келетіндігін аздап болса да саңлауы бар әрбір үгітші жәй әңгімеден-ақ әбден анықтап біліп алады, ал біліп алған соң, тиісті листокті жеткізу үшін мұны кең ұйымға емес, революционерлердің шағын ұйымына білдіреді. «... Сомына 2 тыйыннан жарна алып... ұйымдастыру» (§ 9) — және онан соң барлық мүшелерге қассаның жәй-күйі туралы ай сайын есеп беру (§ 17), жарна төлемейтіндерді мүшеліктен шығару (§ 10), т. с. Міне бұл полиция үшін нағыз ұжмақ қой, өйткені «фабриканың орталық қассасының» осындай бар құпиялылығын ашып, ақ-

шасын конфискациялаудан да, барлық жақсы адамдарын тұтқынға алудан оңай нәрсе жоқ. Онан да белгі (өте шағын, өте құпия) ұйымның штемпелі басылған бейтұйындық немесе екі бейтұйындық маркаларды таратқа жақсы емес пе, немесе жарнаны ешбір маркасыз-ажыйнаған жақсы емес пе, бұл жөніндегі есеп-қыйсапты белгілі шартты пароль бойынша құпия газет басып шығарып отырса болмай ма? Сонда дәл ойдағы мақсат орындалады, ал жандармдардың істің ұшығына жету жүз есе қыйын болады.

Мен уставты мысал ретінде талқылай берер едім, бірақ осы айтылғанның өзі де жетер деп ойлаймын. Есенімді, тәжірибелі, шыныққан жұмысшылардан құралған, басты аудандарда сенімді адамдары бар және қатаң құпиялылықтың барлық ережелеріне сәйкес революционерлер ұйымымен байланысқан, бірлігі күшті кішігірім топ бұқараның мейлінше көмектесуі арқасында және ешқандай қаттау жүргізбей-ақ, кәсіпшілік ұйымға жүктелген *барлық* міндеттерді орындай алады, орындағанда дәл социал-демократияның дегеніндей етіп орындайды. Тек осы жолмен ғана, жандарм атаулының бар қырсығына қарамастан, *социал-демократиялық* кәсіпшілік қозғалысты *нығайтып*, дамытуға болады.

Жұрт маған: ұйымның *lose\** ұйым екендігі сонша тіпті ол мүлде қатталмаған да, тіпті оның барлығы-жоқты тіркелген ешқандай мүшелері де жоқ, сондықтан оны ұйым деп атауға да болмайды деп қарсы пікір айтар. — Бәлкім солай болар. Мен ұйымның атын қуып отырғаным жоқ. Бірақ осы «мүшесіз ұйым» керек болған нәрсеңіз бәрін де істейді және біздің болашақтағы тредюниондарымыздың социализммен берік байланыс жасауын әуел бастан-ақ қамтамасыз етеді. Ал кімде-кім абсолютизм тұсында жұмысшылардың сайланып қойылатын, есеп беріп отыратын, жалпыға бірдей дауыс берумен сайланатын, т. с. болатын *көлемді* ұйымын құрамдесе, — ондай адам ешбір түзелмейтін утопист болып табылады.

Бұдан шығатын нақыл айқын: егер біз істі революционерлердің берік ұйымын мықтап құрудан бастасақ, онда біз бүкіл қозғалыстың тұрақты болуын қамтамасыз ете аламыз, социал-демократиялық мақсаттарды да, нағыз

---

\* — еркін, кең. *Ред.*

тред-юниондық мақсаттарды да жүзеге асыра аламыз. Ал егер біз істі бұқараға неғұрлым «қолайлы» делінетін ал іс жүзінде жандармдарға неғұрлым ыңғайлы болатын және революционерлерді полицияның ұстауын оңайлататын) көлемді жұмысшы ұйымын құрудан бастасақ, онда біз бұл мақсаттардың екеуін де жүзеге асыра алмаймыз, майдагерліктен арыла алмаймыз, өзіміздің бытыраңқылығымыздың, үнемі талқандалып отыратындығымыздың салдарынан бұқараға тек Зубатовтың немесе Озеровтың тред-юниондары сыяқты тред-юниондарды ыңғайлы ететін боламыз.

Тегінде осы революционерлер ұйымының міндеттері қандай болмақ? — Бұл туралы біз кәзір толығырақ сөйлесеміз. Бірақ алдымен біздің террористің тағы бір өте үйреншікті сөзін талдап өтейік, бұл террорист тағыда экономистің ең жақын көршісі болып шығады (өз мандайының соры да!). Жұмысшыларға арналған «Свобода» деген журналда (№ 1) «ұйым» деген мақала басылған, бұл мақаланың авторы өзінің таныстарын, Иваново-Вознесенскі жұмысшы-экономистерін қорғамақ болады.

«Тобырдың үнсіз, санасыз болуы, қозғалыстың төменнен басталмауы жаман-ақ, — деп Жазады ол. — Міне өздеріңіз қараңыздаршы: университеті бар қаладан студенттер мейрамдарда немесе жазда үй-үйіне тарап кетеді, — сонда жұмысшы қозғалысы тоқтап қалады. Өзгенің игермелеуімен жүретін мұндай жұмысшы қозғалысын күш бола ала ма? Қайдан болсын... Ол әлі аяқтанып өздігінен жүруді де үйренген жоқ, оны жетектеп жүргізеді. Барлық істе де осылай болады: студенттер тарап кетсе — іс тоқтала қалады; ең татымды қаймағын сыпырып алған соң, сүт іриді; «Комитетті» қамауға алса, — жаңа комитет құрылғанша, қайтадан жым-жырт болады; оның үстіне қандай комитет құрылатындығы да белгісіз — бәлкім бұрынғыға ұксамайтын комитет құрылар: бұрынғы комитет бір түрлі сөз айтқан болса, бұл комитеттің басқаша айтуы мүмкін. Кешегі күн мен бүгінгі күннің арасында байланыс болмайды, өткен күндердің тәжірибесі алдағы күндерге сабақ болмай қалады. Мұның бәрі де тамырдың тереңге, тобырлардың арасына тарамауынан болып отыр, жұмысты жүз ақымақ істемей, он ақылдың істегендігінен болып отыр. Оншақты кісіні шортан бір-ақ жұтуы мүмкін, ал егер ұйым тобырға тараса, барлық іс тобырдан шығып отырса, — ол істі күрту ешкімнің де қолынан келмейді» (63-бет).

Фактылар дұрыс суреттелген. Біздегі майдагерліктің бейнеленген суреті жаман емес. Бірақ қортындылары — байымсыздығы жағынан да, саяси әдепсіздігі жағынан да «Рабочая Мысльға» лайықты. Бұл — барып тұрған байымсыздық, өйткені автор қозғалыстың «тереңге» тарайтын «тамырлары» жөніндегі философиялық және

әлеуметтік-тарихи мәселені жандармдармен қайткенді жақсырақ күресуге болады деген техникалық-ұйымдастыру мәселесімен шатастырып отыр. Бұл — барып тұрған саяси әдепсіздік, өйткені жаман басшыларды қойып, жақсы басшыларға жүгінудің орнына, автор жалпы басшыларды қойып, «тобырға» жүгінеді. Саяси үгіттің орнына эксцитативтік террорды қолдану керек деген пікірімізді саясат мәселесінде қалай кері сүйреп отырған болса, бұл да — ұйымдастыру мәселесінде бізді нақ солай кері сүйреуге тырыскандық болады. Мен, шынымды айтсам, «Свобода» бізге ұсынып отырған шырмауды қажағынан шешу керек екенін білмей, нағыз *embarras de richesses\** халде отырмын. Көрнекті болуы үшін мысал келтіруден бастайын. Немістерді алып қараңыз. Оларды ұйымы тобырды қамтыйтындығын, істің бәрі тобырда шығатынын, жұмысшы қозғалысы өз аяғымен жүріп үйренгендігін сіз бекер дей алмассыз деп ойлаймын? Аоның бержағында осы миллиондаған тобыр өзінің сыннан өткен «оншақты» саяси көсемдерін қандай бағалай біледі, олардың етегінен қалай мықтап ұстаған десеңізші? Парламентте жау партиялардың депутаттары социалистерді бір емес, талай рет былайша мазақтаған болатын: «демократ-ақ екенсіңдер! Сендердің жұмысшы табыны қозғалысы дегендерің сөз жүзінде ғана айтылатын нәрсе, — ал іс жүзінде бой көрсетушілер баяғы бір көсемдер тобы. Жылма-жыл, ондаған жылдар бойы ылғи кәдімгі Бебельді, кәдімгі Либкнехтты көресін. Ал сендердің жұмысшылардан сайланған-сымақ делегаттары император тағайындайтын чиновниктерден бетер ауыспайтын адамдар!». Бірақ «көсемдерге» «тобырды» қарсы қоймақ болған, соңғысының баккұмарлық, жаман сезімдерін қоздырмақ болған, «оншақты ақылдыларға» бұқараның сенімін кетіру арқылы қозғалыстың беріктігін, табандылығын жоймақ болған мұндай демогогиялық әрекеттерге немістер кекесінді мысқылмен жауап беретін. Немістердің саяси ой-пікірі айтақаларлықтай дамығандығы, айтақаларлықтай саяси тәжірибе алғандығы соншалық, олар сыннан өткен, түпкілікті жұмыста шыныққан, ұзақ өнегелі жолда оқып үйренген, бірімен бірі тамаша істес болған, талантты (ал талант деген жүздеп тумайды) «оншақты» көсемі болмаса, кәзіргі қоғамда ешбір

\* — молшылықтан қыйналған. *Ред.*

аптың да күрес жүргізе алмайтындығын түсіне біледі. «Жүздеген ақымақтарға» жағынып, оларды «ондаған қылдылардан» жоғары бағалайтын, бұқараның «шоғындай жұдырығын» дәріптеп, оны (Мост немесе Гесельман сықылды) жөнсіз «революциялық» қыймылға итермелейтін, сөйтіп, табанды, ұстамды көсемдерге сепімсіздік туғызбақ болған демагогтерді немістер өз орасынан да көрген. Тек социализм ішіндегі әралуан демагог элементтерге қарсы үздіксіз, аяусыз күрес жүргізу арқасында ғана неміс социализмі осылайша өсіп, нығайды. Ал біздегі даналар, орыс социал-демократияның бүкіл дағдарысы, — стихиялы түрде оянған бұқараның жете дайындалған, ысылған, тәжірибелі басшыларының жоқтығынан туып отырғанына қарамастан, алаңдасар Иванушкадай білгішсініп: «қозғалыстың төменнен басталмауы жаман-ақ» — дейді!

«Студенттерден құралған комитет жарамсыз, ол тұрақсыз». — Дұп-дұрыс. Бірақ бұдан шығатын қортынды: профессионал революционерлерден құралған комитет керек, ал өзін профессионал революционер етіп шығаратын адам жұмысшы бола ма, студент бола ма, оның бәрібір. Ал сіз жұмысшы қозғалысын сырттан итермелеу жөн емес деп қортынды жасайсыз! Өзіңіздің саяси аңқаулығыңыздың салдарынан сіз осы арқылы біздегі экономистер мен біздегі майдагерліктің сойылын соғып отырғандығыңызды байқамайсыз да. Сұрауға рұхсат етіңіз: біздің студенттер біздің жұмысшыларды қалай «итермеледі»? Тек қана былай: студент саяси білімнен алған үзінділерді ғана, социалистік идеялардан өз үлесіне тиген қоқымды ғана жұмысшыға жеткізіп отырды (өйткені осы күнгі студенттің еңбасты ақыл-ой азығы болған жарыя марксизм студентке әліппеден басқа, қоқымнан басқа еш нәрсе де бере алған жоқ.). *Нақ осы «сырттан итермелеушілік»* біздің қозғалысымызда онша көп болған жоқ, қайта, тым аз болды, адам айтқысыз, сұмдық аз болды, өйткені біз тым өзімізбен өзіміз болып кеттік, «жұмысшылардың қожайындар мен үкіметке қарсы жүргізетін» жеңіл-желпі «экономикалық күресіне» тым кұлша бас иіп жүрдік. *Нақ осы «итермелеушілікті»* біз, профессионал революционерлер, жүз есе артық қолдануға тиіспіз, қолданбақпыз да. Бірақ сіз «сырттан итермелеу» деген сыяқты жексұрын сөзді қолдану арқылы, — жұмысшыға сырттан саяси білім мен революция-

лық тәжірибе беретін адамдардың *бәріне де* сол жұмышының (ең болмағанда, дәл сіз сыяқты, жетілмеген жұмысшының) сөзсіз сенбестігін туғызатын, осындай адамдардың *бәріне* қарсы шығарлық соқыр сезім туғызатын жексұрын сөзді қолдану арқылы *демагог* болып шығасыз, ал демагогтер жұмысшы табының ең барып тұрған жауы.

Солай, солай! Менің айтысымның «жолдастыққа жапайтын тәсілдері» жөнінде байбалам салуға асықпай тұра тұрыңыз! Сіздің ниеттеріңіздің тазалығына шәк келтірейін деп отырған мен де жоқ, тек мен жоғарыда айтып өйді, саяси аңқаулықтың бір өзі-ақ кісіні демагог ете алады. Ал мен сіздің демагогтікке салынғаныңызды көрсеттім. Сондықтан демагогтер жұмысшы табының ең барып тұрған жауы деген сөзімді қайталаудан мен енді уақытта да жалықпаймын. Ең барып тұрған жауы болып тын себебі, атап айтқанда — олар тобырдың жаман сезімдерін қоздырады, жетілмеген жұмысшыларға сол жалдардың шын сырын ашу мүмкін емес, өйткені олар жұмысшылардың досы ретінде бой көрсетеді, кейде шын ниетімен бой көрсетеді. Ең барып тұрған жауы болып тын себебі — олар ыдыраушылық пен ауытқушылық дәуірінде, қозғалысымыздың пішіні жаңа-жаңа қалыптасып келе жатқан дәуірде, тобырды демагогтікпен еліктіріп акетуден оңай еш нәрсе жоқ; ал тобыр тек ең ауыр азаптарды басынан кешіргеннен кейін ғана өзінің қаталескендігіне көзі жетеді. Міне сондықтан кәзіргі орыс социал-демократының бүгін таңдағы ұраны — демагогияға салынған «Свободаға» да қарсы, демагогияға салынған «Рабочее Делоға» да қарсы қатты күресу болуы тиіс (бұл жөнде төменде әлі толығырақ айтамыз\*).

«Жүз ақымақтан гөрі оншақты ақылдыны қолға тарту сізге оңайырақ». Сіз өзіңіздің сөзіңізде бір мәселеден екінші мәселеге аттап өткендіктен ғана бұл тамақ шындық өзінен өзі айқын көрінетін шындық сыяқты болып отыр (бұл шындықты әкеп тартқандығыңыз үшін

\* Бұл арада тек мынаны ескертіп өтейік: «сырттан итермеленушілік» жөнінде және «Свободаның» ұйым туралы бұдан былай барлық пікірлері жөнінде біз айтқан сөздің барлық экономистері оның ішінде «рабочеделошыларға» да толық қатысы бар, өйткені бұлардың бір бөлегі ұйым мәселелері жөніндегі әлгі көзқарастады барынша уағыздап, қорғап отырды, екінші бөлегі сол көзқарастарға бой ұрып отырды.



ізге жүз ақымақ әрдайым қол шапалақтайды). Сіз әуе-і «комитетті» қолға түсіру туралы, «ұйымды» қолға түсіру туралы сөйлей бастадыңыз және сол туралы тынай сөйлеп те отырсыз, ал енді қозғалыстың «тереңдегі амырларын» қолға түсіру туралы мәселеге аттап өттіңіз. Әрине, біздің қозғалысымыздың тереңге тараған күз мыңдаған тамырлары бар, тек сондықтан ғана ол шкімге ұстатпайды, бірақ әңгіме мүлде бұл туралы болып отырған жоқ қой. «Тереңдегі тамырлар» мағнасында алғанда, біздің бар майдагерлігімізге қарамастан, ізді кәзірде де «қолға түсіре» алмайды, солай болса да, «ұйымдарымыз» қолға түседі деп бәріміз на-ыймыз, налымасқа ылажымыз да жоқ, өйткені ұйымның қолға түсуі қозғалыстың бүкіл сабақтастығын бұзатын. Ал егер сіз *ұйымдардың* қолға түсуі туралы мәселе өтеріп, бұл мәселеден тайып кетпейді екенсіз, онда мен сізге былай деймін: жүз ақымақтан гөрі оншақты ақылдының қолға түсіру анағұрлым қыйын. Менің «антидемократизмім» үшін, т. с. үшін тобырды маған қарсы қанша айдап салсаңыз да, мен осы қағыйданы қорғаймын. Ұйымдастыру ісі жөнінде «ақылдылар» деп, менің жоғарыда әлденеше рет ескерткенімдей, тек *профессионал революционерлерді* ғана айту керек, бұлар студенттерден тәрбиеленіп шыға ма, жұмысшылардан тәрбиеленіп шыға ма — оның бәрібір. Сондықтан менің кесіп айтатыным: 1) басшылардың тұрақты, сабақтастық сақтайтын ұйымы болмаса, революциялық қозғалыстың бірде-бірі баянды бола алмайды; 2) күреске стихиялы түрде тартылатын, қозғалыстың негізі болатын және қозғалысқа қатналатын бұқара неғұрлым көп болса, мұндай ұйымның қажеттігі соғұрлым арта түседі және бұл ұйым соғұрлым берік болуға тиіс (өйткені түрлі демагогтердің бұқараның жетілмеген топтарын еліктіріп әкетуі соғұрлым оңай болады); 3) мұндай ұйым ең алдымен, революциялық жұмыспен түпкілікті шұғылданатын адамдардан құралуға тиіс; 4) самодержавиелі елде мұндай ұйым мүшелерінің санын біз неғұрлым *ықшамдасақ*, бұл ұйымға тек революциялық жұмыспен түпкілікті шұғылданатын адамдарды ғана, саяси полицияға қарсы күресу өнерінде түпкілікті тәжірибе алған адамдарды ғана қатысатын етсек, мұндай ұйымды «қолға түсіру» соғұрлым қыйын болады, және — 5) қозғалысқа қатнасуға, онда белсене жұмыс істеуге мүмкіндік алатын, жұмысшы та-

бынан да, қоғамның өзге таптарынан да шыққан адамдардың саны соғұрлым мол болады.

Біздің экономистер, террористер және «террорист экономистер»\* бұл қағыйдаларды теріске шығарып бақсыншы; ал енді мен бұл қағыйдалардың соңғы екеуіне тоқталамын. «Оншақты ақылды» мен «жүз ақымақты» қолға түсірудің оңайлығы туралы мәселе жоғарыда талқыланған мәселеге — қатаң құпиялық керек болып тұрған жағдайда бұқаралық ұйымның болуы мүмкін бе деген мәселеге келіп тіреледі. Кең ұйымды біз еш уақытта да ойдағыдай құпия ете алмаймыз, ал құпиялық болмаса, үкіметке қарсы сабақтастық сақтайтын, қажырлы күрес жүргізу туралы әңгіме қылуға да болмайды. Ал барлық құпия қызметтерді неғұрлым азғана профессионал революционерлердің қолына жыйнақтаудың мәнісі — әсте, бұлар «барша жұрт үшін ойлайды», тобың қозғалысқа белсене қатыспайды деген сөз емес. Қайта, бұл профессионал революционерлерді тобыр үсті-үстіне көп шығаратын болады, өйткені онда тобыр «комитет» құру үшін бірнеше студенттің немесе экономикалық күрес жүргізуші бірнеше жұмысшының жыйналуы жеткіліксіз екенін түсінеді, өзін талай жылдар бойы профессионал революционер етіп тәрбиелеу қажет екенін түсінеді, сонда тобыр тек жалғыз ғана майдагерлік туралы ойламай, өзін профессионал революционерлер етіп шығару туралы да «ойлайтын» болады. *Ұйымның* құпия жұмыстарын бір орталыққа бағындырудың мәнісі *қозғалыстың* барлық жұмыстарын бір орталыққа бағындыру деген сөз екен деуге тіпті де болмайды. «Оншақты» профес-

\* Бұл термин «Свобода» жөнінде қолданылса, мүмкін, бұрынғы терминнен гөрі дұрысырақ та болар еді, өйткені «Революционизмнің қайта тууы» деген жыйнақта терроризм жақталса, талқыланып отырған осы мақалада экономизм жақталады. Тегінде «Свобода» жөнінде: талабы зор, ақыры сор! десе болады. Талабы да, ниеті де сондай жақсы, — бірақ нәтижесі шым-шытырық; шым-шытырық болуының басты себебі — «Свобода» ұйымның сабақтас болуын қорғай отырып, революциялық ой мен социал-демократиялық теорияның сабақтас болуын мойындағысы келмейді. Профессионал революционерді қайта жандандырам деп әрекеттену («Революционизмнің қайта тууы»), ол үшін, біріншіден, эксцитативтік террор қолданылсын, ал, екіншіден, «сырттан итермелеуді» кемірек керек қылатын «орташа жұмысшылар ұйымы» болсын деу («Свобода», № 1, 66-бет және келесі беттер) — мұның өзі шынында, өз үйінді жылыту үшін, сол үйдің өзін отын қылып жаққанмен бірдей.

онал революционер бұл істің құпия функцияларын бір орталыққа бағындырғаннан ең қалың бұқараның құпия әдебиетке қатысуы азаймайды, қайта он есе күшейеді. Тек осылай еткенде ғана біз жасырын әдебиетті оқу, онда қызмет істеу, шінара тіпті оны тарату ісі де *құпия іс болуына қалады дерлік* халге жетеміз, өйткені мындап басылып, таратылатын баспасөздің әрбір данасына бола сотталып, әкімшілік етіп әуреленуден түк те шықпайтынын, мұның өрескелдік екендігін полиция да көп ұзамай ұғынатын болады. Ал мұның тек баспасөзге ғана емес, сонымен бірге қозғалыстың демонстрацияға дейінгі барлық жұмыстарына да қатысы бар. Сыннан өтіп, машықтанған, бұл жағынан өзіміздің полициядан кем соқпайтын «ондақты» профессионал революционерлер істің барлық құпия түрлерін бір орталыққа бағындырса, листоктер жинау, шамалап жоспар жасау, қаланың әрбір ауданына, фабриканың әрбір кварталына, әрбір оқу орнына, т. б. арнап басшылар отрядын белгілеу ісін бір орталыққа бағындырса, бұдан бұқараның демонстрацияға мейлінше белсене, мейлінше мол қатнасуы кемімейді, қайта, анағұрлым артатын болады (менің көзқарасымды «демократиялық емес» деушілер болатынын білемін, бірақ мен бұл мүлде орынсыз сөзге төменде толығырақ жауап беремін). Революционерлер ұйымының өте-мөте құпия қызметтерді бір орталыққа бағындыруы қалың бұқараға арналған, сондықтан да мүмкін қадерінше азырақ қатталған, мүмкін қадерінше азырақ құпиялы болатын толып жатқан өзге ұйымдардың атқаратын ісінің өрісін де, мазмұнын да әлсіретпейді, қайта, ұлғайта түседі: жұмысшылардың кәсіпшілік одақтарының да, жұмысшылардың өз бетімен білім алатын және құпия әдебиет оқыйтын үйірмелерінің де, халықтың *барлық* өзге топтарының арасындағы социалистік және демократиялық үйірмелердің де, тағы басқалардың да атқаратын ісінің өрісі мен мазмұнын ұлғайтады. Мұндай үйірмелер, одақтар және ұйымдар барлық жерде де *барынша көп* болуы керек, бұлардың функциялары барынша әртүрлі болуы керек, бірақ мұндай ұйымдарды *революционерлердің* ұйымымен *шатастырушылық*, олардың арасындағы айырманы жоғалтушылық әрі сорақы, әрі зыянды нәрсе, бұқаралық қозғалысты «жүргізу» үшін социал-демократиялық жұмысқа әбден берілген адамдар керек, мұндай адамдар табанды,

шыдамды түрде өздерін профессионал революционер еті шығаруы керек деген, бұқараның арасында онсыз дорасан көмескіленген сананы сөндірушілік өте зыянды нәрсе.

Рас, бұл сана-сезім орасан қатты көмескіленді. Біздің ұйымдастыру жөніндегі негізгі күнәміз — *біз өзіміздің майдагерлігіміз арқылы Русьтегі революционердің беделін түсірдік*. Теория мәселелерінде босаң және тұрлаусыз ой-өрісі тар, өзінің босандығын ақтау үшін бұқараның стихияшылдығын дәлел қылушы, халық трибунына гөрі тред-юнион секретарына көбірек ұқсас, тіпті дұшпандарға да сыйлатқызатын кұлашы кең және батыл жоспар жасай білмейтін, өзінің профессионалдық өнерінде — саяси полицияға қарсы күресте — тәжірибесіз, сөлекет кісі — ғапу етіңіз! — бұл революционер емес, бір бишара майдагер.

Менің мұндай қатты сөзіме ешбір практик ренжімесін өйткені әңгіме дайындықсыздық туралы болып отырғандықтан, бұл сөзді мен ең алдымен өзіме тигізіп айтып отырмын. Мен бір үйірмеде<sup>36</sup> істедім, бұл үйірме өзінің алдына барлық мәселелерді қамтыйтын өте үлкен міндеттер қойған еді, — сонда осы үйірмеге мүше болып жүрген біздердің барлығымыз, белгілі нақыл сөзді өзгертіпкіреп: бізге революционерлер ұйымын берсеңіз — біз Россияны төңкереміз! — деп айтуға болатын осындай тарихи кезеңде, өзіміздің майдагер болып шығып отырғандығымызды сезгендіктен, қатты қынжылып, қасірет тартқан едік! Ал сондағы өзім бастан кешірген ыстық оттай ұятты сезімім есіме түскен сайын, өздерінің уағызы арқылы «революционерлердің дәрежесін масқаралайтын», біздің міндетіміз революционерлерді майдагердің қатарына түсіре төмендету емес, майдагерді революционерлер дәрежесіне жеткізе көтеру екендігіне түсінбейтін жалған социал-демократтарға зығырым қайнайды.

#### г) ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҰМЫСЫЧЫҢ ӨРІСІ

Біз жоғарыда Б—втың: «тек Петербургте ғана емес, бүкіл Россияда да іске жарамды революцияшыл күштердің кемшілігі туралы» айтқан сөзін естідік. Бұл фактыны бекер деп таласатын кісі бола қоймас. Бірақ бұл фактыны қалай түсіндіру керек?—мәселе сонда болып отыр. Б—в былай деп жазады:

«Біз бұл кұбылыстың тарихи себептерін ашып, анықтап жат-  
ймыз; тек мынаны ғана айтамыз: ұзақ уақыттық саяси реакция-  
ның салдарынан кұты қашқан, бұрынғы және кәзіргі экономика-  
лық өзгерістер арқылы бөлшектенген қоғам өз арасынан *револю-  
циялық жұмысқа жарамды адамдарды өте аз шығарады*: жұмысшы  
бы өз арасынан революционер-жұмысшыларды жарыққа шыға-  
п, кұпья ұйымдардың қатарын шінара толықтырады, бірақ он-  
ның революционерлердің саны кәзіргі мұқтаждықты өтей алмайды.  
ның үстіне, фабрикада  $11\frac{1}{2}$  сағат жұмыс істейтін жұмысшы өзі-  
нің халіне қарай көбінесе үгітшінің міндетін атқара алады; ал на-  
хат пен ұйымдастыру жұмысы, кұпья әдебиет жеткізу және оны  
айта бастырып шығару, үндеухаттар шығару, т. т. зор ауыртпалық  
етінде өте азғана интеллигенттердің мойнына еріксіз жүктеледі»,  
«Рабочее Дело» № 6, 38—39-бет).

Біз Б—втың бұл пікірінің көп жерлеріне қосылмаймыз,  
сіресе біз астын сызған сөздеріне қосылмаймыз, ол сөз-  
дер мынаны өте айқын көрсетеді: біздің майдагерлігі-  
міздің салдарынан Б—в бірсыпыра қасірет тартып (азға-  
на оіі жүгірткен әрбір практик сыяқты), экономизмнің қыс-  
тағына түскендіктен бұл төзімсіз ауыр халден қалай кұ-  
ғылуды білмейді. Жоқ, қоғам «іске» жарамды адамдар-  
ды өте көп шығарып отырады, бірақ біз олардың бәрін  
пайдалана білмей жүрміз. Осы тексеріп отырған ретте  
біздің қозғалыстың ауыр, өткінші халін: *адам әрі жоқ,  
әрі көп* деген сөздермен тұжырымдауға болады. Адам  
көп, өйткені жұмысшы табы да, қоғамның әргүрлі топ-  
тары да абсолютизмге қарсылық көрсетуді тілейтін, оны-  
мен күресуге қолынан келген көмегін көрсетуге дайын,  
наразы адамдарды жылдан жылға көбейтіп шығарып  
отыр, ал абсолютизмнің адам төзгісіздігін жұрттың бәрі  
түгел ұғына қойған жоқ, бірақ қалың бұқара мұны күн  
санап көбірек және айқынырақ сезіп келеді. Мұнымен  
бірге адам жоқ, өйткені басшылар жоқ, саяси көсемдер  
жоқ, әрбір күшті, тіпті болмашы күшті де жұмсауға  
мүмкіндік беретін келелі жұмысты, сонымен бірге бірың-  
ғай, үйлесімді жұмысты жүргізе білетін ұйымдастырғыш  
таланттар жоқ. «Революциялық ұйымдардың өсіп, да-  
муы» жұмысшы қозғалысының өсуінен ғана қалып  
қойып отырған жоқ, мұны Б—в та мойындайды, сонымен  
қатар халықтың барлық топтарының жалпы демократия  
лық қозғалысының өсуінен де кейін қалып отыр. (Тегін  
де, кәзір Б—в бәлкім, мұны да өз қортындысына қосым-  
ша деп білер еді). Революциялық жұмыстың өрісі қозға-  
лыстың етек алған стихиялы негізімен салыстырғанда  
тым тар, «қожайындар мен үкіметке қарсы экономика

лык күрес» деген бишара теорияның салдарынан тым қушыйып қалған. Ал оның бержағында кәзір тек саяси үгітшілер ғана емес, ұйымдастырушы-социал-демократтар да «халықтың барлық таптарына баруға» тиіс\*. Ал социал-демократтардың әртүрлі таптардың жеке өкілдеріне өздерінің ұйымдастыру ісінің мыңдаған бөлшектері таратып бере алатынына бірде-бір практик күмәндана қоймас. Мамандандыру кемістігі — біздің техникамыздағы ең ірі кемістіктердің бірі, Б—втың бұған соншалық қатты күйінуі өте орынды. Жалпы істің жеке «амалдары» неғұрлым ұсақ болса, ондай амалдарды орындауға қабілетті (ал профессионал революционер болуға көбінесе мүлде қабілетсіз болатын) адамдарды соғұрлым көп табуға болады; және де полицияның барлық сондай «тетікші қызметкерлерді» «қолға түсіруі» соғұрлым қыйын болады, ұсақ нәрсемен айналысып жүрген адамды ұстап алған полицияның қазынаның «қорғану» ісіне жұмсаған қаражатын ақтарлық «іс» жасауы да соғұрлым қыйын болады. Ал бізге жәрдем беруге дайын адамдардың санын алсақ, бірер бес жылдың ішінде ғана бұл жөнде болған орасан зор өзгерісті біз өткен тарауда да көрсеткенбіз. Бірақ, екінші жағынан, осы ұсақ бөлшектердің бәрін бір жерге жыйнау үшін де, қозғалыстың жұмыстарымен бірге қозғалыстың өзін бөлшектеп жібермеу үшін де, ұсақ қызметкерді орындаушының істеген ісінің маңызды, қажет іс екеніне көзін жеткізу үшін де, — ал мұнсыз ол еш уақытта жұмыс істемейді\*\*, — осының бә-

---

\* Мысалы, әскер арасында соңғы кезде демократиялық рухтың күмәнсіз жанданғандығы сезіледі, мұның бір себебі — жұмысшылар мен студенттер сыяқты «жауларға» қарсы көше күресінің жиіленгендігінен болып отыр. Сондықтан біз, қолдағы күшіміз мүмкіндік берген күннен бастап, солдаттар мен офицерлер арасында насихатпен үгіт жұмысын жүргізуге қатты көңіл бөлуіміз керек, біздің партияға қосылатын «әскер ұйымдарын» құруға күш салуымыз керек.

\*\* Әлі есімде, маған бір жолдас: социал-демократтарға жәрдем беруге дайын және жәрдем беріп те жүрген бір фабрикалық инспектордың өзінің «мәліметі» нағыз революциялық орталыққа жетіп жүргенін, не жетпей жүргенін, оның көмегінің қаншалық керек екенін, оның кішкене, ұсақ қызметтерін пайдаланарлық мүмкіндік баржоғын біле алмай, қатты ренжіп жүргенін айтқан болатын. Майдагерліктің бізді одақтарымыздан айырғаны бір емес, бұл сыяқты әлденеше реттері болғанын әрбір практик, әрине, біледі. Ал жеке алғанда «ұсақ», бірақ түгел алғанда аса бағалы қызметтерді бізге фабрика қызметкерлері мен чиновниктері түгіл, почта, теміржол, таможня чиновниктері мен қызметкерлері де, дворяндардың, поптардың қызметіндегілер де, және басқа әртүрлі қызметтегілер де,

і үшін сыннан өткен революционерлердің нақ берік ұйымы керек. Мұндай ұйым бар да, бұл ұйым неғұрлым құпиялы болса, партияның күшіне сенушілік соғұрлым нығая түседі, соғұрлым арта түседі, — ал соғыста ең қажет нәрсе: өз күшіне өз армиянды ғана емес, жауды да, барлық *бейтарап* элементтерді де сендіре білу керек, бұл әбден белгілі жәй; достық бейтараптық кейде істің тағдырын шеше алады. Социал-демократиялық органы бар, мықты теориялық негізге сүйенген мұндай ұйым барда, қозғалысқа сырттан тартылған, көптеген «бөгде» элементтер қозғалысты жолдан тайдырар деп қорқатын дәнене жоқ (қайта, нақ кәзір, майдагерлік үстем болып тұрған кезде, тек өздерін ғана социал-демократ деп есептейтін социал-демократтардың көпшілігі «Средо-ның» жолына тартып отырғандығын байқап отырмыз). Бір сөзбен айтқанда, мамандандыру ісі бір орталыққа бағындыруды сөзсіз керек етеді және өзі сөзсіз соның болуын талап етеді.

Бірақ мамандандырудың мейлінше қажет екендігін сондай жақсы суреттеген Б—втың өзі, біздің ойымызша, жоғарыда біз келтірген сөзінің екінші бөлімінде оны жеткілікті бағаламай отыр. Жұмысшылардан шыққан революционерлердің саны жеткіліксіз, дейді ол. Бұл өте дұрыс айтылған сөз, сондықтан біз тағыда баса айтамыз: «жакын байқаушының бағалы хабары» — социал-демократиядағы кәзіргі дағдарыстың себептері жөніндегі, олай болса, одан сауығу шаралары жөніндегі біздің көзқарастарымызды әбден дәлелдейді. Тек жалпы революционерлер ғана бұқараның стихиялы өрлеуінен кейін қалып қоймай, сонымен бірге, тіпті жұмысшы революционерлер де жұмысшы бұқарасының стихиялы өрлеуінен кейін қалып келеді. Ал бұл *факт*, тіпті «практикалық» жағынан қарағанда да, жұмысшылар жөніндегі біздің міндеттері-

тіпті полициялық қызметтегілер мен орда қызметкерлері де істей алар еді, істер де еді! Егер бізде кәзір нағыз партия болса, революционердің нағыз жауынгер ұйымы болса, біз мұндай «көмекшілерді» салған жерден қолға алмас едік, оларды «құпия істің» нақ өзегіне сөзсіз, әрдайым сүйрей беруге асықпас едік, қайта, оларды мұқият сақтап едік, тіпті мұндай іске әдейілеп кісілер даярлар едік, өйткені студенттердің көбі «қысқа мерзімді» революционерлер болғаннан гөрі, осы сықылды «көмекші» — чиновниктер болып істесе, партияға көбірек пайда келер еді. Бірақ — тағыда айтайын — белсенді күштерден кенделігі жоқ, әбден берік ұйым ғана мұндай тактиканы қолдануға ерікті.

міз туралы мәселені талқылағанда, бізге екiнiң бiрiнде ұсынылып жүрген «педагогияның» өрескел екендiгi былай тұрсын, оның *саяси реакциялық* нәрсе екенiн де өте мөте айқын көрсетедi. Бұл факт бiздiң ең бiрiншi, ең басты мiндетiмiз — *партиялық қызмет жөнiнде* революционер интеллигенттермен бiр дәрежеде тұратын жұмысшы революционерлердiң дайындалып шығуына көмектесу екенiн дәлелдейдi (бiз: партиялық қызмет жөнiнде деген сөздi баса айтамыз, өйткенi басқа реттерде жұмысшылардың ондай дәрежеге жетуi қажет болса да, бұл онша жеңiл де емес, онша зәру де емес). Сондықтан жұмысшыларды революционерлердiң дәрежесiне жеткiзе *көтеруге басты* көңiл бөлу керек, бiрақ экономистердiң тiлегенiндей, қайткенмен де өзiмiз «жұмысшы бұқарасының» дәрежесiне, «Свободаның» тiлегенiндей, қайткенмен де «орташа жұмысшылардың» дәрежесiне әсте *түспеуiмiз* керек («Свобода» бұл жөнде экономикалық «педагогияның» екiншi басқышына өрледi). Мен жұмысшыларға түсiнiктi әдебиет қажет емес деген ойдан аулақпын, әсiресе өте мешеу жұмысшылар үшiн айрықша түсiнiктi әдебиет қажет емес деген ойдан аулақпын (әрине, ол әдебиет тек қокыс әдебиет болмауға тиiс). Бiрақ менi ызаландыратын нәрсе жүрттың педагогияны саясат мәселелерiне, ұйымдастыру мәселелерiне әкелiп ылғый шатастыра беретiндiгi. Сiздер, «орташа жұмысшының» қамын жеушi мырзалар, асылында, жұмысшы саясаты туралы немесе жұмысшы ұйымы туралы сөз айтудан бұрын, қалайда *еңкеюге* кұмарсыздар, сiздер осы арқылы жұмысшыларды қорлайсыздар. Сiздер маңызды нәрселер туралы тiк тұрып сөйлессеңiздершi, педагогияны саясатшылар мен ұйымдастырушыларға ұсынбай, педагогтерге берiп қойсаңыздаршы! Әлде интеллигенцияның арасында да алдыңғы қатарлылар, «орташалар» және «бұқара» жоқ па? Әлде интеллигенция үшiн де түсiнiктi әдебиеттiң керек екендiгiн жүрттың бәрi мойындамай отыр ма, ондай әдебиет жазылмай отыр ма? Бiрақ ойлап қараңызшы, студенттердi не гимназистердi ұйымдастыру жөнiндегi мақаласында автор, белгiлiбiр жаңалық ашқандай, ең алдымен «орташа студенттердiң» ұйымы керек деп мылжындаған екен дейiк. Ондай авторды жүрт күлкi қылар едi, — бұлай ету орынды да болар едi. Оған жүрт былай дер едi: сiз бiзге, егер өзiңiзде бар болса, ұйым-



дастыру идеяларыңызды айтыңызшы, одан кейін біздің қайсымыз «орташа», қайсымыз жоғары, қайсымыз төмен екенімізді өзіміз айырып алармыз. Ал егер сіздерде өздеріңіздің ұйымдастыру идеяларыңыз жоқ болса, онда сіздің «бұқара» мен «орташалар» жөнінде күшенулеріңіздің бәрі де тек іш пыстыратын нәрсе болады. Түсінсеңіздерші, «саясат» туралы, «ұйым» туралы мәселелердің маңызы соншалық үлкен — бұл мәселелер туралы әбден шындап сөз қылмасқа болмайды: жұмысшыларды (студенттерді де, гимназистерді де) осы мәселелер туралы *сөйлесуге боларлықтай* етіп *дайындауға* болады, дайындау керек те, бірақ сіздер ол мәселелер туралы сөз бастағаннан кейін, шындап жауап беріңіздер, «орташаларға» яки «бұқараға» қарай кейін шегінбеңіздер, тақпақпен яки сылдыр сөзбен кұтылмаңыздар\*.

Революционер жұмысшы да өзінің жұмысына толық дайындалуы үшін профессионал революционер болуға тиіс. Сондықтан Б—втың: жұмысшы фабрикада 11½ сағат жұмыс істейді, олай болса, өзге революциялық қызметтердің бәрі де (үгіттен басқасы) «өте азғана интеллигенттердің мойнына аса ауыр жүк болып *еріксіз* жүктеледі», деуі дұрыс емес. Бұл тіпті де «еріксіз» істеліп отырған іс емес, біздің артта қалғандығымыздың салдарынан істеліп отырған іс, өйткені біз өзінің қабілеттілігі жағынан көрнекті әрбір жұмысшының *профессионал* үгітші, ұйымдастырушы, насихатшы, әдебиет таратушы, тағы сол сыяқты болуына жәрдем беруге міндетті екендігімізді ұғынбаймыз. Бұл жөнде біз айрықша назар салып, күтіп өсіруге керекті нәрсені сақтай білмей, өз күшімізді өзіміз тура маскара ысырап қылып отырмыз. Немістерді алып қараңыз: олардың күштері біздегіден жүз есе артық, бірақ олар нағыз қабілетті үгітшілер, т. б. «орташалардан» онша жиі шықпайтындығын өте жақсы түсінеді. Сондықтан олар әрбір қабілетті жұмысшының

\* «Свобода» № 1, «Ұйым» деген мақала, 66-бет: «жұмысшы адыбының салмақты адымы Россия Еңбегінің атынан ұсынылған барлық талаптарды нығайта бермек», — Еңбегінің деген сөзді әдейі үлкен әріппен жазады! Дәл сол автор тағыда былайша лепіреді: «мен интеллигенцияны тіпті де жек көрмеймін, бірақ»... (бұл *бірақ* Щедриннің — кулак маңдайдан аспайды! — деп аударған сөзі)... «бірақ біреу келіп, өте көркем, өте жақсы сөздерді айтып-айтып, соның бәрі өзінің (оның?) көркемдігі және басқа қасиеттері ретінде қабылдануын талап етуі мені ылғый қатты ызаландырады» (62). Я. бұл мені де «ылғый қатты ызаландырады»...

кабілеттілігі толық дамуына, толық іске асуына дере жағдай жасауға тырысады: оны профессионал үгітші ете ді, оны өзінің қызмет көлемін ұлғайтуға итермелейді, оның қызметін бір фабрикадан бүкіл кәсіпке, бір жер ден бүкіл елге жаяды. Ол өз мамандығында тәжіриб алады, ептілікке үйренеді, ол өзінің ой-өрісі мен білімін арттырады, ол басқа жерлердің, басқа партиялардың көрнекті саяси көсемдерін қатар жүріп байқайды, оны өзі де дәл сондай дәрежеге жетуге тырысады, өзінің жұмысшы қауымы жөнінде алған мәліметі мен социалистік жаңа ұғымдарды профессионалдық өнермен ұштастыруға тырысады, ал мұндай өнері болмаса, пролетариат өз жауларының тамаша жақсы машықтанған топтарына қарсы қажырлы күрес жүргізе алмайды. Жұмысшы бұқарасының ішінен Бебельдер мен Ауэрлер осылайша, тек осылайша ғана өсіп шығады. Ал саяси бос тандығы бар елде көбінесе өзінен өзі істелетін нәрсе бізде өзіміздің ұйымдарымыз үздіксіз жүргізіп отыруға тиіс. Жұмысшылардан шыққан белгілі бір таланты ба және «болашағы бар» үгітші фабрикада 11 сағат жұмыс істеуге *тиісті емес*. Біз үгітшінің партия қаржысымен күнелтуіне, дер кезінде оның кұпия жағдайға көше білуіне, өзінің қызмет орнын ауыстыра білуіне жағдай жасауға тиіспіз, өйткені бұлай етпейінше ол көп тәжіриб ала алмайды, өзінің ой-өрісін кеңейте алмайды, жандармдарға қарсы, ең кем болғанда, бірнеше жыл күрес жүргізіп тұра алмайды. Жұмысшылар бұқарасының стихиялы өрлеуі неғұрлым кең, неғұрлым терең болса, олар өздерінің ішінен талантты үгітшілерді ғана емес, нағыз айтулы талантты ұйымдастырушыларды да, насихатшыларды да, «практиктерді» де соғұрлым мол шығарады (бұлар көбінесе россиялықша аз-кем салақ, икемсіз интеллигенциямыздың арасында өте аз кездеседі). Бізде әдейі дайындалған және революционер жұмысшыларды (онда да, «кұралдың барлық түрлеріне» жетік революционерлердің) ұзақ мектебінен өткен отрядтар болған кезде, — міне сонда дүние жүзіндегі полицияның бірде бірі бұл отрядтарға еш нәрсе істей алмайды, өйткені революцияға жан-тәнімен берілген адамдардан құрылған бұл отрядтарға жұмысшылардың қалың бұқарасының сенімі де сондай күшті болады. Біз жұмысшыларды олармен «интеллигенттерге» ортақ профессионалдық-революциялық білім алу жолына өте аз «итермелеп отырмыз»

өзіміздің жұмысшы бұқараға, «орташа жұмысшыларға», тағы сондайларға «қолы жететін» нәрселер жөнінде сөйлеген өрескел сөздеріміз арқылы оларды жиі-жиі кейін сүйрейміз, ал бұл — біздің нақ өз кінәміз.

Өзге реттердегі сыяқты, бұл реттерде де ұйымдастыру жұмысының өрісінің тарлығы біздің теориямыз бен саяси міндеттеріміздің тарылуымен сөзсіз және тығыз байланысып отыр (мұны «экономистер» мен істі жаңадан бастаған практиктердің орасан көпшілігі мойындамайды). Стихиялылыққа бас июшілік бұқараға «ыңғайлы» нәрседен бір қадам болса да алыстаудан қорқушылықты туғызады, бұқараның таяудағы, төтенше тілектерін жәйша өтеуден тым жоғары өрлеуден қорқушылықты туғызады. Қорықпаңыздар, мырзалар! Ұйымдастыру жөнінде біздің төмен тұрғандығымыз сонша, біз *тым* жоғары өрлей аламыз деген ойдың өзі де қыйсынсыз ой екендігін естеріңізден шығармаңыздар!

д) „ЗАГОВОРШЫЛАР“ ҰЙЫМЫ  
ЖӘНЕ „ДЕМОКРАТИЗМ“

Ал біздің арамызда «тұрмыс үніне» кұлағын тіге қоятын адамдар өте көп, олар бәрінен де гөрі міне осыдан көбірек қорқады, осы баяндалып отырған көзқарастағы адамдарды «народоволяшылдар» деп, «демократизмді» түсінбейтіндер, т. б. деп айыптайды. Бұл айыптауларға, әлбетте, «Рабочее Дело» да іле көтерген айыптауларға тоқтап өтуге тура келеді.

Петербургтегі экономистердің тіпті «Рабочая Газетаны» да «народоволяшыл» орган деп айыптағанын осы сөздерді жазып отырған адам өте жақсы біледі (бұл газетті «Рабочая Мысльмен» салыстырсак, олай болуы түсінікті де). Сондықтан да, «Искра» жарыққа шыққаннан кейін көп ұзамай X қаласындағы социал-демократтар «Искраны» «народоволяшыл» орган деп атайды деп бір жолдас бізге білдіргенде, біз оған тигтей де таңқалған жоқпыз. Бізге бұл айыптау, әлбетте, тек жағымды болды, өйткені экономистердің жөні түзу социал-демократты народоволяшыл деп айыптамаған жері бар ма?

Бұл айыптаулар екі түрлі түсінбеушіліктен туып отыр. Біріншіден, бізде жұрт революциялық қозғалыстың тарихын нашар білетіндігі сонша, царизмге қарсы үзілді-кесілді соғыс жарыялайтын, бір орталыққа бағынған айбынды ұйым жөніндегі әрбір идеяны «народоволяшыл-

дық» деп атайды. Бірақ 70-жылдардағы революционерлердің тамаша жақсы ұйымын, біздің бәрімізге үлгі болуға тиісті ұйымын құрған әсте народоволяшылар емес *землеволяшылар*, бұлар соңынан чернопередельшілер және народоволяшылар болып екі айырылып кеткен. Сонымен, айбынды революциялық ұйымда народоволяшылыққа тән бірдеңе бар деп білу тарих жағынан да, логика жағынан да қыйсынсыз нәрсе, өйткені революциялық бағыттың қандайы болса да, егерде ол бағыт күрделі күрес туралы шынымен ойлайтын болса, мұндай ұйымсыз еш нәрсе бітіре алмайды. Народоволяшылардың қатесі — олардың наразы адамдардың *бәрін де* өз ұйымына тартуға тырысқандығында емес және бұл ұйымды самодержавиеге қарсы үзілді-кесілді күреске жұмсауға тырысқандығында да емес. Бұл, қайта, олардың тарих жүзінде сіңірген ұлы еңбегі болып табылады. Олардың қатесі сол — олар асылына келгенде мүлде революциялық емес теорияға сүйенді, және де олар өз қозғалысын дамып келе жатқан капиталистік қоғамның ішіндегі тап күресімен тығыз байланыстыра білмеді немесе байланыстыра алмады. Сөйтіп, жұмысшылардың бұқаралық, стихиялы қозғалысының тууы земляволяшылардың ұйымы сыяқты жақсы ұйымды, революционерлердің одан да артық жақсы ұйымын құру міндетінен бізді *құтқарады* деген ой марксизмді тіпті мүлде түсінбеушіліктен ғана (немесе оны «струвизм» рухында «түсінүшіліктен» ғана) туды. Қайта, бұл қозғалыс бізге міне нақ осы міндетті *жүктейді*, өйткені пролетариаттың стихиялық күресі, бұл күреске революционерлердің берілген ұйымы басшылық еткенге дейін, пролетариаттың нағыз «таптық күресі» бола алмайды.

Екіншіден, бірсыпыра адамдар — мұның ішінде сіре Б. Кричевский де болу керек («Рабочее Дело» № 10, с. 18) — саяси күрес жөніндегі «заговоршылдық» көзқарасқа қарсы социал-демократтардың әрдайым жүргізіп келген айтыстарын теріс түсінеді. Біз саяси күресті заговордың шеңберіне түсіре *тарылтушылыққа* әрдайым қарсы шығып отырдық, бұдан былайда, әрине, қарсы шығамыз\*, бірақ мұның мәнісі — берік революциялық

---

\* Салыстырыңыз: «Орыс социал-демократтарының міндеттері» 21-бет, П. Л. Лавровка қарсы айтыс. (Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 2-том, қазақша 375—376-бет. *Ред.*)

ұйымның қажеттігін, әлбетте, әсте бекерге шығарғандық емес. Мәселен, ескертуде айтылған кітапшада саяси күресті заговорға айналдыруға қарсы бағытталған айтыспен бірге (социал-демократиялық идеал ретінде) ұйым құру мәселесі де суреттеледі, ұйым болғанда «абсолютизмді батыл соққы беру үшін» «көтерілісті» де, «шабуылдың басқа бір жолын» да «қолдана алатындай»\* берік ұйым құру мәселесі суреттелген. Өзінің формасы жағынан мұндай берік революциялық ұйымның самодержавиелі елде «заговоршыл» ұйым деп аталуы да мүмкін, өйткені француздардың «конспирация» — «кұпия» деген сөзі орыстың «заговор» деген сөзімен бірдей, ал мұндай ұйым үшін құпиялылық барынша керек нәрсе. Құпиялылық дегеніміз — мұндай ұйымның аса қажетті шарты, ал өзге шарттардың бәрі де (мүшелер саны, оларды іріктеп алу, қызмет саласы, т. б.) осы шартқа сәйкес болуға тиіс. Сондықтан бізді, социал-демократтарды, заговоршыл ұйым құрғалы жүр деп айыптаудан қорқатын болсақ, мұнымыз барып тұрған аңқаулық болар еді. Экономизмнің әрбір жауы үшін «народоволяшылдық» деген айыптаулар қандай жағымды болса, бұл айыптаулар да сондай жағымды болуға тиіс.

Біреулер бізге қарсы шығып: құпия істің барлық тізгіндерін өз қолына жыйнап алатын мұндай өте құпия, мықты ұйым, қажеттігіне қарай орталық болып отырған ұйым, мезгілсіз шабуылға оп-оңай бой ұруы мүмкін, жұмысшы табының ашынуы, саяси наразылығы, т. б. пісіп жетпей тұрып, байқаусызда қозғалысты күн ілгері ушықтырып жіберуі мүмкін, — дер. Бұған біздің жауабымыз: абстрактылап айтқанда, жауынгер ұйымының әбес ұрыс-

\* «Орыс социал-демократтарының міндеттері», 23-бет (қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 2-том, қазақша 378-бет. Ред.). Айта кетелік, «Рабочее Делоның» не өзінің айтқанын не түсінбейтіндігін, өзінің көзқарасын «желдің ығына қарай» өзгертетіндігін суреттейтін тағы бір мысал мынау. «Рабочее Делоның» 1-номерінде курсивпен былай деп жазылған: «кітапшаның баяндалған мазмұны «Рабочее Делоның» редакциялық программасына бүтіндей дәл келеді» (142-бет). Шыннан солай ма? Бұқаралық қозғалысқа самодержавиені құлатуды бірінші міндет етіп қоюға болмайды деген көзқарас «Міндеттерге» дәл келе ме? «қожайындар мен үкіметке қарсы экономикалық күрес» жүргізу теориясы дәл келе ме? стадия теориясы дәл келе ме? «Дәл келушілікті» соншалық ерекше түсінетін органның принциптік тұрақтылығы жөнінде сөз болуы мүмкін бе, — мұның төрелігін оқушылардың өздері берсін.

қа ұшыратуы мүмкін екенін, ол ұрыстың басқа жағдайларда жеңілумен тынбаса да, бұл жолы жеңіліп тынуы мүмкін екенін, әрине, бекер деуге болмайды. Бірақ мұндай мәселеде абстрактылы пікірлер айтумен ғана тынуға болмайды, өйткені ұрыстың қай-қайсында болса да жеңілістің абстрактылы мүмкіндігі болады, сондықтан бұл мүмкіндікті *азайту* үшін ұрысқа ұйымдасқан түрде дайындалудан басқа жол жоқ. Ал егерде біз мәселені орыстың осы күнгі жағдайларының нақтылы негізіне келтіріп алсақ, онда қозғалысты тұрақты ету үшін, оны әбес шабуыл жасау мүмкіндігінен *сақтау* үшін нақ осындай берік, революциялық саяси ұйым сөзсіз керек дегенді жақтап қортынды жасауға тура келеді. Дәл кәзір, мұндай ұйым жоқ болып отырған кезде, революциялық қозғалыс стихиялы түрде тез өсіп отырған кезде қарама-қарсы екі түрлі ұшқарылық *анық байқалады* (бұлар өзара «қабысады», сөйтуі тиіс те): біресе мүлде қыйсынсыз экономизм мен баяулықты уағыздаушылықты көресіз, біресе, «дамып, нығайып келе жатқан, бірақ әліде аяғынан гөрі басына жақын қозғалыстың аяқталғандық белгілерін қолдан жасауға» (В. Засулич, «Заря» № 2—3, с. 353) тырысатын, нақ сондай қыйсынсыз «эксципативтік террорды» көресіз. Сөйтіп, «Рабочее Дело» жөніндегі мысал ұшқарылықтың екі түріне де басметін социал-демократтардың *кәзірдің өзінде-ақ бар* өкендігін көрсетеді. Мұндай көрініс таңданарлық нәрсе емес, оның басқа себептерден бөлек, тағыда бір себебі — «қожайындар мен үкіметке қарсы экономикалық күрес» революционерлерді *еш уақытта да қанағаттандырмайды*, сондықтан қарама-қарсы ұшқарылықтар біресе мына жерден, біресе ана жерден әрдайым шығып отырады. Социал-демократияның саясатын аумай жүргізіп отыратын және, былайша айтқанда, революциялық сезім мен талаптарды қанағаттандыратын, бір орталыққа бағынған жауынгер ұйым ғана қозғалысты әбес шабуылдан сақтап, табысқа жеткізетін шабуылды дайындай алады.

Бізге тағы біреулер қарсы шығып: ұйым жөнінде айтылып отырған пікір «демократиялық принципке» қайшы келеді, — дер. Алғашқы айыптау қаншалық дәрежеде дербес орыс жағдайынан туған нәрсе болса, ал бұл айыптау соншалық дәрежеде — *дербес шетелдік* жағдайдан туған нәрсе. Тек шет елдегі ұйым ғана («Орыс:

социал-демократтарының одағы») өз редакциясына, өзгешесімен қатар, мынадай нұсқауды да бере алды:

*«Ұйымдастыру принципі.* Социал-демократияны ойдағыдай дамытып, біріктіру үшін оның партия ұйымының кең демократиялық принципін баса көрсетіп, оны дамытып, сол жолда күресуіміз керек, партиямыздың қатарында антидемократиялық бағыттар білініп отырғандықтан бұлай ету өте-мөте қажет» («Екі съезд», 18-бет).

«Искраның» «антидемократиялық бағыттарына» қарсы «Рабочее Делоның» дәл қалай күресіп отырғанын біз келесі тарауда көреміз. Ал кәзір экономистер ұсынып отырған осы «принципке» кұнттап зер салып көрейік. «Кең демократиялық принциптің» өзінде мынадай екі шарт бар екендігіне әркім-ақ қол қояр деймін: ол, біріншіден, толық жарыялылықты керек етеді, екіншіден, барлық қызметтерге адамның сайланып қойылуын керек етеді. Жарыялылық болмаса, онда да ұйым мүшелерімен ғана тынбайтын жарыялылық болмаса, демократизм туралы сөз қылудың өзі ерсі болар еді. Біз немістердің социалистік партиясының ұйымын демократиялық ұйым дейміз, өйткені онда партия съезінің мәжілістеріне дейінгі барлық жұмыс ашық жүргізіледі; бірақ партияға мүше еместердің бәрінен де тасаланып кұпиялық пердесін жамылған ұйымды ешкім де демократиялық ұйым дей алмайды. Мынадай сұрақ туады: бұл принциптің негізгі шарты кұпия ұйым үшін *орындалмайтын* принцип болса, онда «кең демократиялық принципті» ұсынуда қандай мағна бар? «Кең принцип» дегеніңіз сарынды сөз болғанымен, бос сөз күйінде қалады. Ол ол ма. Бұл бос сөз ұйымдастыру жөнінде бүгін таңдағы күрделі міндеттерді мүлде түсінбегендікті көрсетеді. Бізде революционерлердің «калың» бұқарасының кұпиясыздығы орасан күшті екендігін жұрттың бәрі біледі. «Мүшелерді әбден іріктеп алу»ды («Рабочее Дело» № 6, 42-бет) өте орынды талап етіп отырған Б—втың бұған қатты налығанын біз көрдік. Нақ осы арада өздерінің «гұрмысты білетіндігін» айтып мақтанатын адамдар шыға келеді де, істің жәйі осылай болып отырған кезде қатаң кұпиялылықтың және мүшелерді әбден екшеп (демек, неғұрлым қолма-қол) іріктеп алудың қажеттігін емес, «кең демократиялық принциптің» қажеттігін баса көрсетеді! Айдалаға лағу деп міне осыны айтады.

Демократизмнің екінші белгісі болып табылатын сайламалылық жөніндегі мәселенің жәйі да мәз емес. Сая-

еи бостандығы бар елдерде бұл шарттың болатындығы өзінен өзі түсінікті нәрсе. Неміс социал-демократия партиясының ұйымдастыру уставының бірінші параграфында: «Партия программасының принциптерін мойындайтын және партияны әлі келгенінше қолдайтын әрбір адам партия мүшесі болып саналады» делінген. Театрда отырған адамдарға сахна алаңы қандай ашық көрінсе, бүкіл саяси майдан да жұрттың бәріне сондай ашық көрінеді сондықтан бұл мойындаушылық не мойындамаушылық қолдаушылық немесе қарсы тұрушылық газеттерден де халық жыйылыстарынан да әркімге мәлім. Пәлендей саяси қайраткер істі пәленнен бастады, пәлендей эволюцияны бастан кешірді, өмірдің қысыл-таяң кезінде өзін былайша көрсете білді, жалпы айтқанда оның пәлендей қасиеттері бар деп, жұрттың бәрі біліп отырады, — сондықтан істің анығына жеткен, партия мүшелерінің *бәрі*, әрине, мұндай қайраткерді партияның белгілі қызметіне сайлауға да, сайламауға да ерікті. Партия адамының саясат майданында әрбір басқан адымын жаппай (сөздің дәлме-дәл мағнасында) бақылау өздігінен қыймылдайтын механизм туғызады, бұл механизм биологияның тілімен айтқанда «өте-мөте икемділердің өмір сүруіне» мүмкіндік береді. Толық жарыялылықты, сайламалылықты, жаппай бақылауды «табиғи түрде екшеп алу» нәтижесінде камтамасыз етілетін нәрсе: әрбір қайраткер сайып келгенде «өз орнында» болып шығады, өз күшіне, өз қабілетіне сай келетін іске кіріседі, өз қателерінің барлық зардабын өз басынан кешіретін болады және өз қателерін мойындай алатындығын, ендігәрі қателеспейтіндігін барша жұрттың алдында дәлелдейді.

Осы бейнені біздің самодержавиенің шеңберіне сыйғызып көріңізші! «Партия программасының принциптерін мойындайтын және партияны әлі келгенінше қолдайтын» адамдардың бәрі бірдей кұпияшыл революционердің әрбір қадамын бақылап отыруы бізде мүмкін бе? Революционер жұмыстың мүддесін көздеп осы айтылған «бәрінің» онның тоғызынан өзінің кім екендігін жасыруға *міндетті* болса, бұлардың бәрі бірдей кұпияшыл революционерлердің ішінен белгілібір адамды сайлап алуына бола ма? «Рабочее Делоның» таратып жүрген даурықпалы сөздерінің шын мәнісін азынаулақ болса да аңдап қараңызшы, — сонда сіз самодержавиенің кара түнегінде, іріктелген жандармдар үстемдік етіп отырған уақытта партия ұйымының «кең демократизмі» дегеніміз тек



қана мағнасыз және зыянды ойыншық екенін көресіз. Бұл — мағнасыз ойыншық, өйткені іс жүзінде революциялық ұйымның қай-қайсысы болса да тіпті қанша құлшынғанмен еш уақытта да кең демократизмді жүргізген емес, жүргізе алмайды да. Бұл — зыянды ойыншық, өйткені «кең демократиялық принципті» іс жүзінде жүргізем деп әрекеттенушілік — полицияның қақпанына түсуді оңайлатады және үстем болып отырған майдагерлікті мәңгілік етіп қалдырады, өздерін профессионал революционерлер етіп шығару жөніндегі күрделі міндеттен практиктердің ойын бөліп, оларды «қағаз жүзінде» сайлау тәртібі туралы толық уставтар жазуға салындайды. Осы «демократизм ойыны» тек шет елде ғана, өздеріне нағыз, мандымды іс таба алмай жүрген адамдар жиі-жиі жыйналатын кейбір жерлерде ғана, әсіресе әртүрлі ұсақ топтарда ғана өрістеуі мүмкін.

Революция ісіндегі демократизм сыяқты көрікті «принцип» ұсынуда «Рабочее Делоның» тәуір көретін тәсілінің мейлінше көріксіз екендігін оқушыға көрсету үшін біз бұл жолы да куәге сүйенейік. Бұл куә — Е. Серебряков, — Лондондағы «Накануне» деген журналдың редакторы, «Рабочее Делоны» өте ұнатады, ал Плеханов пен «плехановшылдарды» өте жек көреді; шет елдегі «Орыс социал-демократтары одағының» екіге жарылуы жөніндегі мақалаларында «Накануне» журналы біржолата «Рабочее Делоның» жағына шығып, Плехановқа қарсы бірталай шірік сөздерді жаңбырдай жаудырды. Сондықтан да бұл куәнің осы мәселе жөніндегі сөзін келтіру біз үшін аса қажет. «Накануненің» 7-номерінде (июль, 1899 ж.), «Жұмысшылардың өзін-өзі азат ету тобының үндеуі жөнінде» деген мақалада Е. Серебряков «күрделі революциялық қозғалыста өзін-өзі еліктіру туралы, басшы болу туралы, ареопаг дейтін нәрсе туралы» мәселе көтеру «әдепсіздік» екенін айта келіп, оның бер жағында, былай деп жазды:

«Мышкин, Рогачев, Желябов, Михайлов, Перовская, Фигнер және басқалар өздерін еш уақытта да басшы адамдар деп санаған емес, оларды ешкім сайлаған да емес, тағайындаған да емес, ал шынында олар басшы адамдар еді, өйткені насихат жүргізу дәуірінде болсын, үкіметке қарсы күресу дәуірінде болсын, олар жұмыстың зор ауыртпалығын өздері көтерді, өте-мөте қауіпті жерлерге барды, сондықтан олардың ісі де өте-мөте жемісті болды. Ал басшы болғандығы олардың тілектерінің нәтижесі емес, олардың ақылына, олардың қуатына, іске берілгендігіне айналасындағы жолдастарының сенушілігінің нәтижесі еді. Қозғалысты өз бетінше

басқарып кетер деп қайдағыбір ареопагтен қорку (қорықпайты болса, ол туралы жазудың керегі не) барып тұрған аңқаулы Оның айтқанын кім тыңдамақ?».

Біз оқушыдан: «ареопагтің» «антидемократиялық бағыттардан» қандай айырмашылығы бар? деп сұраймы: «Рабочее Делоның» «көрікті» ұйымдастыру принципі дәрі аңқаулық, дәрі әдепсіздік екендігі анық емес пе; аңқаулық болатын себебі — «олардың ақылына, қуатына іске берілгендігіне айналасындағы жолдастары» сенбейтін болғандықтан «ареопагтің» немесе «антидемократиялық бағыттағы» адамдардың тілін ешкім де алмайды. Әдепсіздік болатын себебі — мұның өзі біреулердің даңғойлығын, екіншілердің біздегі қозғалыстың шын жайы мен таныс еместігін, үшіншілердің дайындығының жоқтығын және революция қозғалысының тарихымен таныс еместігін пайдаланатын демагогтік қылық. Біздің қозғалыстың қайраткерлері үшін бірден-бір елеулі ұйымдастыру принципі болуға тиісті нәрселер: қатаң құпиялылық, мүшелерді әбден екшеп іріктеп алу, профессионал революционерлерді дайындау. Бұл қасиеттер бар болса, — «демократизмнен» гөрі ардақты нәрсе қамтамасыз етіледі, атап айтқанда: революционерлердің өзара толық жолдастық сенімі қамтамасыз етіледі. Ал осы ардақты нәрсе бізге сөзсіз қажет, өйткені оның орнына жаппай демократиялық бақылау жүргізу туралы біздің Россияда сөз болуы да мүмкін емес. Жәнеде нағыз «демократиялық» бақылаудың жоқтығы революциялық ұйымның мүшелерін бақылаусыз етеді деп ойлау үлкен қателік болар еді: демократизмнің (бір-біріне толық сенетін тығыбайланысы бар ұйымшыл жолдастардың арасындағы демократизмнің) ойыншық формалары туралы ойлауға олардың қолы да тимейді, бірақ өздерінің *жауапкершілігін* олар өте жақсы сезеді, оның бержағында жарамсыз мүшелерден қутылу үшін нағыз революционерлердің ұйымы қандай шараларды болса да қолданудан тайынбайтындығын олар тәжірибеден біледі. Оның үстіне біз орыстың (және халықаралық) революцияшыл қауымының жеткілікті өркендеген, өзінің бүтіндей, тарихы болған жұртшылық пікірі бар, бұл пікір жолдастық борыштан қыя басқандықтың қандайын болса да аяусыз жаза лап отырады (ал «демократизм», ойыншық демократизм емес, нағыз демократизм, бүтіннің бөлшегі ретінде жолдастық деген ұғымға кіреді ғой!). Осының бәрін еск

алыңызшы — сонда сіз «антидемократиялық бағыттар» туралы бұл сөздер мен қарарлардан шет елдегілердің кемеңгерсіп қоңаштануының шірік исі шығатынын түсінесіз!

Сонан соң мынаны да айта кету керек: мұндай сөздердің екінші бір көзі, яғни аңқаулық, демократияның сыйпаты жөніндегі ұғымның көмескілігін де қорек етеді. Ерлі-зайыпты Веббтің ағылшын тред-юниондары туралы жазған кітабында «анайы демократия» деген бір қызық тарау бар. Бұл кітапта авторлар мынаны айтады: жұмысшы одақтарының құрылған алғашқы дәуірінде ағылшын жұмысшылары демократияның бір көрнекті белгісі — одақтарды басқару жөніндегі барлық істі жұрттың бәрі істеуге тиіс деп есептеген: барлық мәселелерді барлық мүшелердің даусына салу арқылы шешу былай тұрсын, сонымен бірге түрлі қызметті де барлық мүшелер кезекпен атқаруы керек деп білген. Демократия жөніндегі осындай ұғымның сорақы екендігін түсіну үшін және бір жағынан өкілдік мекемелер, екінші жағынан кәсіпшілік қызмет адамдарының болуы керектігін жұмысшылардың түсінуі үшін ұзақ тарихи тәжірибе керек болды. Төленіп жүрген жарналар мен алынып жүрген жәрдемдердің шамалас болуы туралы мәселе бір ғана демократиялық жолмен дауысқа салу арқылы шешіле қоймайтынын, бұл жөнде қамсыздандыру ісі маманының пікірі де қажет екенін жұмысшылардың түсінуі үшін одақ қассаларының ақша жағынан бірнеше рет күйреуі керек болды. Сонсын, Каутскийдің парламентаризм және халықтық заң туралы кітабын алып қараңызшы — сонда сіз марксист теоретиктің қортындылары «стихиялы түрде» біріккен жұмысшылардың көп жылдық тәжірибеден алған сабағымен дәлме-дәл келетінін көресіз. Каутский Риттинггаузеннің демократия жөніндегі анайы ұғымына үзілді-кесілді қарсы шығады, демократия үшін «халық газеттерінің редакциясын халықтың өзі қарайтын болсын» деуден тайынбайтын адамдарды мазақтайды, пролетариаттың таптық күресіне социал-демократиялық басшылық ету үшін *профессионал*: журналистердің парламентшілердің және басқалардың керектігін дәлелдейді, «атаққұмарлыққа салынып» тікелей халық заңына асыра дәріптейтін және кәзіргі қоғамда оның қолданылуы тіпті екігалай нәрсе екендігін түсінбейтін «анархис-

тер мен әдебиетшілердің социализміне» шабуыл жасайды.

Біздің қозғалысымызда практика жүзінде жұмыс істегендер оқушы жастар мен жұмысшылардың қалың бұқарасының арасына демократия жөнінде «анайы» көзқарастың кең таралғандығын біледі. Сондықтан бұл көзқарастың уставтарға да, әдебитке де еніп отырғандығы таңданарлық нәрсе емес. Бернштейншілдік бағыттағы экономистер өз уставтарында былай деп жазды: «§ 10. Бүкіл одақ ұйымының мүдделеріне қатысы бар істердің бәрі де оның барлық мүшелерінің көпшілік даусымен шешіледі». Террористік бағыттағы экономистер оларға былайша үн қосады: «Комитеттің қарарлары барлық үйірмелерден өтетін болсын, тек сонан кейін ғана нағыз қарар болатын болсын» («Свобода» № 1, с. 67). Есіңізде болсын, референдумды кең қолдану жөніндегі бұл талап *бүкіл* ұйымды сайлау негізімен құру керек деген талаптың *үстіне* ұсынылып отыр! Әрине, біз мұнысы үшін нағыз демократиялық ұйымдардың теориясымен және практикасымен танысуға мүмкіндігі өте аз болған практиктерді айыптаудан аулақпыз. Ал басшылық рольді қалап жүрген «Рабочее Дело» осындай жағдайларда тек кең демократиялық принцип туралы қаулы алумен ғана тынып отырған болса, мұны жәй «атакқұмарлыққа салыну» демей не дейсіз?

#### е) ЖЕРГІЛІКТІ ЖҰМЫС ПЕН ЖАЛПЫОРЫСТЫҚ ЖҰМЫС

Егерде бұл жерде айтылып отырған ұйым жоспарына қарсы шығушылардың бұл ұйым демократиялық ұйым емес, заговоршылдық сыйпаты бар ұйым деген пікірлері мүлдем қыйсынсыз болса, онда өте жиі ұсынылып жүрген және жете тексерілуге тиісті тағыда бір мәселе қалады. Ол — жергілікті жұмыс пен жалпыорыстық жұмыстың арақатнасы туралы мәселе. Бір орталыққа бағынған ұйымды құру ісі салмақтың дені жергілікті жұмыстан жалпыорыстық жұмысқа ауысуына себепші болмас па екен? мұның өзі жұмысшылар бұқарасымен байланысымыздың бекемдігін және, жалпы айтқанда жергілікті үгіттің тұрақтылығын әлсіретіп, қозғалысқа зыян келтірмес пе екен? деп қауіптенушілер бар. Біз бұған былай деп жауап береміз: біздің соңғы жылдардағы қозғалысымызға нұқсан келтіріп жүрген нәрсе жергілік-

ті қайраткерлеріміз жергілікті жұмыспен шектен тыс шұғылданып кетті; сондықтан салмақтың денін жалпыорыстық жұмысқа аздап аудару сөзсіз керек нәрсе; мұның өзі байланысымыздың бекемдігін де, жергілікті үгітіміздің тұрақтылығын да әлсіретпейді, қайта нығайта түседі. Орталық орган мен жергілікті органдар туралы мәселені алып қарайық, газет ісінің біз үшін өлшеусіз зор және жалпы әралуан революциялық істі көрсететін үлгі болып табылатындығын оқушылардың ұмытпауын сұраймыз.

Бұқаралық қозғалыстың алғашқы дәуірінде (1896—1898 жылдары) жергілікті қайраткерлер жалпыорыстық орган — «Рабочая Газетаны» ұйымдастыруға тырысты; келесі дәуірде (1898—1900 жылдары) — қозғалыс ілгері қарай орасан ірі кадам басты, бірақ басшылардың көңілі бүтіндей жергілікті органдарға аударылды. Егерде осы жергілікті органдардың бәрін қосып есептесек, онда ай сайын газеттің дәл бір саны шығып тұрғанын көреміз\*. Бұл біздің майдагерлігіміздің айқын суреті емес пе? Бұл біздің революциялық ұйымның қозғалыстың стихиялық өрлеуінен артта қалып қойғандығын өте айқын көрсетпей ме? Егерде газет номерлерін *нақ осы мөлшерде* бытыраңқы жергілікті ұйымдар шығармай, тұтас бір ұйым шығарған болса, — біз бірталай күшгерді сақтап қалу былай тұрсын, сонымен бірге жұмысымыздың өлшеусіз зор тыянақтылығы мен сабақтастығын да қамтамасыз еткен болар едік. Осы жәй ғана пікірді ылығый жергілікті органдарда *белсене* жұмыс істейтін практиктер де (амал не, өте көп реттерде істің жәйі кәзірде де осылай болып отыр), бұл мәселеде таңқаларлықтай дон-кихоттық көрсетуші публицистер де аса жиі ұмытып кетіп жүр. Көбінесе практик жергілікті қайраткерлерге жалпыорыстық газет шығару «қыйын»\*\*, сондықтан ешбір газет болмағаннан гөрі жергілікті газеттердің болғаны артық деген пікірмен қанағаттанады. Соңғы пікірі,

---

\* Қараңыз: «Париж конгресіне жасалған баяндама»<sup>33</sup>, 14-бет. «Сол уақыттан (1897 жылдан) бастап 1900 жылдың көктеміне дейін бірнеше жерлерде әртүрлі газеттердің 30 номері шықты... Орта есеппен алғанда айына бір номерден көбірек шығып тұрды».

\*\* Бұл қыйындық — тек елес сыяқты қыйындық. Шындығында жалпыорыс ісінің белгілібір функциясына белсене кірісуге мүмкіндігі болмайтын бірде-бір жергілікті үйірме жоқ. «Істей алмаймын деме, істегім келмейді де».

әрине, әбден дұрыс, және де біз *жалпы* жергілікті газеттердің орасан зор маңызы, орасан зор пайдасы бар екендігін мойындауда ешқандай практиктен кем түспейміз. Бірақ әңгіме бұл туралы болып отырған жоқ қой, әңгіме бүкіл Россияда 2½ жылдың ішінде жергілікті газеттердің 30 номерінде айқын көрініп келген бытырандылықпен майдагерліктен кұтылуға болмас па екен деген мәселе туралы болып отыр. Жергілікті газет атаулы пайдалы деген даусыз қағыйдамен, бірақ тым жалпы қағыйдамен канағаттанбаңыздар, олардың екіжарым жылдың тәжрибесі арқылы анықталған жаман жақтарын мойындауға да ерліктерің жететін болсын. Бұл тәжрибе жергілікті газеттердің біздің жағдайларымызда көбінесе принцип жағынан тұрақсыз, саяси жағынан маңызсыз болатындығын дәлелдейді, революциялық күштерді жұмсау жөнінде тым қымбатқа түсетіндігін, техникалық жағынан мүлде канағаттанғысыз екендігін дәлелдейді (менің айтып отырғаным, әлбетте, газет бастыру техникасы емес, шығуының жиілігін және мезгілінде шығарылуын айтып отырмын). Ал көрсетіліп өткен кемшіліктердің бәрі де кездейсоқ нәрселер емес, бытырандылықтың сөзсіз нәтижесі болып табылады, бұл бытырандылық, бір жағынан, сөз болып отырған дәуірдің ішінде жергілікті газеттердің басым болғандығын көрсетсе, екінші жағынан, оның өзі де сол басымдылыққа *сүйеніп* отырады. Өз газетінің принциптік тұрақтылығын камтамасыз етуге, оны саяси органның дәрежесіне көтеруге жеке жергілікті ұйымның ешбір *әлі келмейді*, біздің бүкіл саяси тұрмысымызды көрсету үшін жеткілікті материалдарды жыйнап, пайдалануға *әлі келмейді*. Ал бостандығы бар елдерде жергілікті газеттердің көп болуының қажеттігі жөнінде әдетте келтіріліп жүрген дәлел — жергілікті жұмысшылар басып шығарғанда газеттер арзанға түседі және жергілікті халыққа әрі толық, әрі тез мәлімет беріп отыруға болады деушілік — бұл дәлел, тәжрибеге қарағанда, бізде жергілікті газеттерге *қарсы* келіп отыр. Революциялық күштерді жұмсау мағнасында олар тым қымбатқа түседі және *әсіресе* өте сирек шығады, себебі *құпья* газетке, ол қандай кішкентай болса да, өте ірі құпья аппарат керек, бұл аппарат фабрикалық ірі өнеркәсіпті керек етеді, өйткені майдагерлік мастерскойда бұл аппаратты жасап шығара алмайсын. Ал құпья аппараттың анайылығы көбінесе мынаған әкеліп соғады

Әрбір практик мұндай мысалдардың талайын біледі): газеттерді *жаппай* қыйрату үшін полиция газеттердің бірекі номерінің шығып, таралуын пайдаланады, осының салдарынан бар істен түк нәтиже қалмайтындығы сонша, істі басынан қайта бастауға тура келеді. Жаксы кұшыялы аппарат революционерлердің жаксы профессиялық дайындығы болуын және еңбек бөлінісін өте дәйектілікпен жүргізуді талап етеді, ал жеке жергілікті ұйым сол минутте қандай күшті болса да, бұл талаптардың екеуін де орындай алмайды. Бүкіл қозғалысымыздың жалпы мүдделері (жұмысшыларға принцип жағынан тұрақты социалистік және саяси тәрбие беру ісі) былай тұрсын, тіпті арнаулы жергілікті орындардың мүдделерін де *жергілікті емес органдар жақсырақ орындайды*: бұл тек ә дегенде ғана парадокс болып көрінер, ал шынында біз айтып өткен екіжарым жылдық тәжірибе мұны сөзсіз дәлелдейді. Газеттің 30 номерін шығарған әлгі жергілікті күштердің бәрі бір газетпен ғана айналысқан болса, онда бұл газеттің жүз номері демесек те, 60 номері оп-оңай шығып тұрар еді, демек, кілең жергілікті қозғалыстың барлық өзгешеліктерін де толығырақ көрсеткен болар еді, бұған кім болса да қосылады. Күмән жоқ, мұндай ұйымшылдық онай емес, бірақ біз соның қажет екендігін түсінуіміз керек қой, әрбір жергілікті ұйірме сырттан түрткі болуын күтпей, жергілікті орыган — біздің революциялық тәжірибеміздің деректеріне қарағанда көбінесе кұр сағым болып отырған жергілікті орган — әрі ыңғайлы, әрі жақын дегенге алданбай, ұйымшылдық жөнінде ойланып, *белсене жұмыс істеуін* көздеуіміз керек қой.

Сондықтан өздерін практиктерге өте-мөте жақынбыз деп есептеп, бұл сағымды көрмейтін және: жергілікті газеттер де керек, аудандық газеттер де керек, жалпы-орыстық газеттер де керек деген мейлінше кұнсыз. Мейлінше бос сөздермен кұтылмақшы болатын публицистер практикалық жұмысқа зыяннан басқа пайда келтірмейді. Әрине, жалпы айтқанда, бәрі де керек нәрселер, бірақ нақтылы ұйымдастыру мәселесін қолға алады екенсіз, орта мен уақыт жағдайлары жөнінде де ойлау керек қой. Шынында да «Свободаның» (№ 1, 68-бет) «газет туралы мәселеге» әдейі «тоқтала келіп»: «Біздің ойымызша, жұмысшылардың азды-

көпті жыйналған жерінде — жұмысшылардың өзінің меншікті газеті болуы керек. Басқа бір жақтан келетін газет емес, өзінің меншікті газеті болуы керек» деп жазғаны дон-кихоттық емес пе? Егер бұл публицист өз сөздерінің мәнісін ойлағысы келмесе, оның орнына ең болмағанда, оқушы, сіз ойлап қараңыз: «жұмысшылардың азды-көпті жыйналған жерлері» Россияда жүздеп демесек те, ондап саналады, сондықтан әрбір жергілікті ұйым шынымен өзінің меншікті газетін шығаруға кіріссе, бұл біздің майдагерлігімізді сондай мәңгілік етіп қалдырғандық болар еді! Бұл бытырандылық жергілікті қайраткерлеріміз жұмысты жаңа ғана бастаған кезінде, олардың нағыз революционерлер болып жетілуіне жол берместен жандармдардың ұстап алуын — онда да «азды-көпті» еңбек сіңірмей-ақ ұстап алуын сондай жеңілдеткен болар еді! Онан соң автор былай дейді: жалпыорыстық газетте фабриканттардың қылықтары жөнінде және «өз қаласы емес, басқа қалалардағы фабрика тұрмысының ұсақ-түйектері жөнінде» жазу қызық болмайды, ал «орелдіктер өзінің орелдік істері туралы жазылғандарды жалықпай оқыйды. Кімді «қармағанын», кімді «қаралағанын» ол әрдайым біліп отырады, сөйтіп, оның рухы шарықтайды» (69-бет). Рас, рас орелдіктің рухы шарықтайды, ал біздің публицистің ой-пікірі де тым «шарықтап» кетіп отыр. Мұндай уақшылдықты жақтау лайық па? — міне оның осыны ойлауы керек еді. Фабрикадағы қылықтарды әшкерелеудің керектігін, маңыздылығын мойындау жөнінде біз ешкімнен кем соқпаймыз, бірақ мынаны да ұмытпау керек қой: тіпті петербургтіктер де Петербургтегі «Рабочая Мысль» газетінде басылған Петербург хат-хабарларын оқуға жалығатын болды, — біз міне осындай халге жеттік. Жер-жерлерде фабрикадағы қылықтарды әшкерелеу үшін бізде әрдайым листоктер болып келді және *әрдайым болып отыруға тиіс те*, — бірақ *газет* дәрежесін біз фабрикалық листокке түсіре төмендетпей, көтеріп отыруға тиіспіз. Бізге «газет» үшін «ұсақ-түйектерді» әшкерелеуден гөрі фабрика тұрмысына тән ірі кемшіліктерді әшкерелеу көбірек керек, бұл кемшіліктерді әшкерелеу ісін айрықша айқын мысалдармен, сондықтан да *барлық* жұмысшыларды және қозғалыстың барлық жолбасшыларын қызықтыра алатын, олардың білімін байытып ой-өрісін кеңейте алатын,



жана ауданның, жұмысшылардың жаңа проффессиялық тобының оянуына негіз сала алатын етіп жүргізу керек.

«Онан соң, жергілікті газетте фабрикадағы бастықтардың немесе өзге әкімдердің барлық қылықтарын ізін суытпай табанда іліп әкетуге болады. Ал алыстағы жалпы газетке бұл хабар қашан жеткенге дейін — болған оқығаны жергілікті орындарда жұрт ұмытып та үлгіреді: «Бұл қашан болып еді, кұдай естен айырмасын!» (бұл да сонда). Дәл солай: кұдай естен айырмасын! 2½ жылдың ішінде бастырылып шығарылған газеттің 30 номері 6 қалаға келеді, мұны біз әлгі мәліметтен білдік. Бұл орта есеппен қала басына *жарты жылда газеттің бір номері* келеді деген сөз! Ал егер біздің ұшқалақ публицист жергілікті жұмыс өнімділігін ойша *үш есе* арттырса да (бұл орташа қала жөнінде сөзсіз теріс болған болар еді, өйткені майдагерліктің шеңберінде өнімділікті айтақаларлықтай арттыру мүмкін емес), — сонда да газеттің номері екі айға біреуден ғана келеді, яғни, «ізін суытпай іліп әкетуге» ешбір ұқсамайтын бір нәрсе болып шығады. Ал оның бержағында жергілікті ұйымдардың оншақтысы бірігіп, өз делегаттарын жалпы газетті ұйымдастыру жөніндегі қызу жұмыстарға косса, — онда *бүкіл Россияда* ұсақ-түйектерді емес, шын мәнісінде ірі, нағыз сорақылықтарды екі жұмада бір рет «іліп әкетіп» отыруға болар еді. Біздің ұйымдарымыздағы істердің жайымен таныстығы бар адамның бірде-бірі бұған күмән келтірмейді. Ал жаудың қылмысын табанда әшкерелеу туралы, егер мұны тек сылдыр сөз мағнасында түсінбей, шын мағнасында түсінсек, кұпыя газетке тегінде ойлаудың да керегі жоқ: бұл тек ұлтарақтай листокке ғана тән нәрсе, өйткені ондай әшкерелеудің арғы шегі көбіне бір-екі күннен аспайды (мысалы, кәдімгі қысқа мерзімді стачканы не фабрикада болатын төбелесті немесе демонстрацияны, т. с. алып қараңыз).

Біздің автор мейлінше дәйектілікпен жеке мәселеден жалпы мәселеге көтеріле келіп тағыда: «Жұмысшы фабрикада ғана емес, қалада да тұрады» дейді, ал бұл дәйектілігі Борис Кричевскийдің өзінің де абройын арттырар еді. Сонсын, ол жұмысшы газеті жалпы қалалық істерді елемей өтпеуі керек деген талапты қоя отырып, қалалық думалар, қалалық ауруханалар, қалалық мектептер туралы мәселелерді көрсетеді. — Бұл өздігінен де өте жақсы талап, бірақ мұның өзі жергілікті газеттер

туралы әңгіме болғанда көбінесе-ақ жұртты шырмап алатын мазмұнсыз абстрактылықты өте-мөте айқын көрсетеді. Біріншіден, егер «жұмысшылардың азды-көпті көбірек жыйналған жерлерінің бәрінде» «Свобода» айтқандай, қалалық істерді егжей-тегжейіне дейін жазатын бөлімі бар газеттер шыға бастаса, онда бұл іс, біздің орыс жағдайларында, қалайда нағыз уақшылдыққа айналып кетер еді, патша самодержавиесіне қарсы жалпыорыстық революциялық қысым жасаудың маңызын түсінушілікті әлсіретуге әкеліп соғар еді, мұның өзі дүниеде жоқ парламентті көп айтып, дүниеде бар қалалық думаларды тіпті аз айтатын революционерлер жайындағы белгілі нақыл сөзбен даңқы жайылған бағыттың өте жансебіл ұрығын күшейтер еді, өйткені ол бағыт түбірімен жұлынып алынған жоқ, тек қалтарыста немесе жәй жапырылып қалды. Біз қалайда дегенде, осы сөз арқылы, «Свободаның» оны әдейі тілемейтінін, қайта, оның тілейтіні мүлде басқа екенін баса көрсетіп отырмаймыз. Бірақ жалғыз ізгі ниеттің болуы жеткіліксіз. — Қала істерін бүкіл жұмысымызға үйлесімді перспективада жөнге қою үшін *алдымен* сол перспективаның өзі толық жасалып алынуы керек, сөз жүзінде ғана емес, толып жатқан мысалдар арқылы *дәстүр* сыяқты берік орнығуы керек. Бұл бізде әлі де жоқ, жергілікті өрісі кең баспасөз туралы ойлап, әңгіме қылудан бұрын *ең алдымен* сол перспектива керек.

Екіншіден, қала істері туралы айтақаларлықтай жақсылап қызықты етіп жазу үшін, ол істерді кітаптан ғана емес, былайша да өте жақсы білу керек. Ал ондай мәліметі бар социал-демократтар *бүкіл Россияда* мүлдем жоқ деуге болады. Қалалық және мемлекеттік істер туралы газетке (көпшілікке арналған кітапшада емес) жазу үшін, іске жетік адамның қолымен жыйналып, жөнге салынған, әртүрлі тың материал керек. Ал ондай материалды жыйнап, өңдеу үшін барлық жұмысты жұрттың бәрі бірдей істейтін, референдум ойынына мәз болатын анайы үйірменін «анайы демократиясы» жеткілікті емес. Бұл үшін маман-жазушылардың, маман-тілшілердің штабы керек, қай жерде болса да, қай жермен болса да байланыс жасай алатын, «мемлекеттік кұпиялардың» қандайынан болса да (Россия чиновнигі ол кұпияны білетіндігіне әлдеғандай болады, бірақ сөйте тұрса да әңгүдіктеніп ол сырды оп-оңай жарыялап қояды) хабар

ала білетін, жұртшылықтан «жасырын істелетін» істердің бәрін де біле алатын социал-демократ репортерлердің армиясы керек; өзінің «қызметі бойынша» болмайтын жері жоқ, бәрін бірдей білетін адамдардың армиясы керек. Ал экономикалық, саясаттық, әлеуметтік, ұлттық қысымдардың *бәріне де* қарсы күресетін партия болып отырған біздер — бәрін білетін адамдардан кұралған армияны тауып, жыйнап, үйретіп, аттанысқа жұмылдыра аламыз, жұмылдыруымыз да керек, — бірақ мұны әлі істеу керек қой! Ал бізде өте көп жерлерде бұл жөнде әлі күнге дейін ешнәрсе істелмегені былай тұрсын, тіпті көбінесе оны істеудің керектігін *ұғынушылық та* жоқ. Біздің социал-демократиялық баспасөзден нақтылы; қызық мақалаларды, хат-хабарларды және біздегі дипломатиялық, әскери, шіркеулік, қалалық, финансылық, т. т., т. с. істерді әшкерелеген мақалаларды іздеп қараңызшы: *сіз жөнді ешнәрсе* таба алмайсыз немесе тіпті аз табасыз\*. Сондықтан да «жұмысшылардың аздықөпті көбірек жыйналған жерлерінің бәрінде де» фабриканың болсын, қаланың болсын, мемлекеттің болсын сорақылықтарын әйгілейтін газеттің қажеттігі туралы «біреудің айтқан өте көркем, өте жақсы сөздері мені ылығы қатты ызаландырады»!

Орталық баспасөзден жергілікті баспасөздің басым болуы — не кемтарлықтың, не молшылықтың белгісі. Қозғалыс ірі өндіріс үшін керекті күшгерді әлі күнге дайындап шығармаса, қозғалыс әлі де болса майдагерліктен шыға алмай, «фабрикалық өмірдің ұсақ-түйегіне» белшесінен батып жатса, — бұл кемтарлықтың белгісі. Қозғалыс жаппай әшкерелеу, жаппай үгіт жүргізу мін-

---

\* Сондықтан да жергілікті аса оңды органдардың тәжірибесінің өзі біздің көзқарасымызды әбден дәлелдейді. Мысалы, «Южный Рабочий» — өте жақсы газет, принциптік жағынан тұрақсыз болу жөнінде ол газет тіпті де айыпты емес. Бірақ, оның жергілікті қозғалысқа бермек болғаны газеттің сирек шығып, жиі-жиі ойрандалғандығы себепті ойлаған жерден шықпады. Партияға нақ осы уақытта аса қажет болған нәрсе — қозғалыстың негізгі мәселелерін принцип жағынан алып көтеру және жаппай саяси үгіт жүргізу ісі — жергілікті органның қолынан келмей отыр. Ал енді, оның айрықша жақсы істегені, мысалы, тау-кен өнеркәсіп иелерінің съезі, жұмыссыздық, т. с. туралы мақалалары нағыз жергілікті материал емес, олар жалғыз оңтүстікке ғана емес, бүкіл *Россияға керек нәрсе болып шықты*. Мұндай мақалалар біздің бүкіл социал-демократиялық баспасөзімізде де болып көрген емес.

детін толық игеріп алғандықтан орталық баспасөз органдарынан басқа толып жатқан жергілікті баспасөз органдары керек болатын болса, — бұл молшылықтың белгісі. Бізде кәзіргі уақытта жергілікті газеттердің басымы болуы ненің айғағы екендігін әркім өзінше шешсе берсін. Түсініспеушілікке жол бермеу үшін мен енді өкорттындымды дәл тұжырымдаумен тоқталамын. Осы күнге дейін біздің жергілікті ұйымдардың көпшілігі бірыңғай жергілікті газеттер туралы ғана ойлайды, сол газеттерде ғана белсене жұмыс істейді. Бұл жөн емес. Дұрысында мұның керісінше болу керек: жергілікті ұйымдардың көпшілігі алдымен жалпыорыстық газетті ойлап, соны жолға қою үшін еңбек етуі керек. Мұны іс жүзіне асырмай тұрып, біз қозғалысты баспасөз бетінде *жаппай* үгіт жұмысымен зәредей қамтый алатын *бірде-бір* газетті жолға қоя алмаймыз. Ал мұны іс жүзіне асырсақ, — онда қажетті орталық орган мен қажетті жергілікті органдар арасында қалыпты қатнас өзінен өзі орнайды.

\* \*  
\*

Ә дегенде дербес-экономикалық күрес жөнінде салмақтың денін жергілікті жұмыстан жалпыорыстық жұмысқа аударудың қажеттігі туралы қортынды қолдануға келмейтін сыяқты болып көрінуі мүмкін: бұл жерде жеке кәсіп иелері немесе олардың топтары жұмысшылардың тікелей дұшпаны болып отыр, бұлар саяси күресте біздің тікелей дұшпанымыз орыс үкіметінің таза әскери, бір орталыққа бағынатын, ұсақ-түйек істерге дейін бір орталықтан басшылық алатын ұйымына аз да болса ұқсастығы бар ұйымға бірікпеген.

Бірақ бұл бұлай емес. Экономикалық күрес — біз мұны бұрын да сан рет көрсеткенбіз — кәсіпшілік күрес болып табылады, сондықтан бұл күрес жұмысшыларды жұмыс істейтін орындарына қарай ғана емес, кәсіптеріне қарай да біріктіруді керек қылады. Ал біздің кәсіп иелерінің түрлі қоғамдар мен синдикаттарға бірлесуі негүрлым шапшаң ілгері басқан сайын, кәсіптерге қарай осылайша бірлесу ісі де соғұрлым өте қажет бола түседі. Біздің бытырандылығымыз бен біздің майдагерлігіміз осындай бірлесуге турадан-тура кедергі жасап отыр, мұндай бірлесуге, жұмысшылардың жалпыорыстық кәсіпшілік одақтарына басшылық етуді өз мойнына алуға

кабілеті бар революционерлердің жалпыорыстық тұтас ұйымы керек. Біз жоғарыда бұл мақсат үшін көңілге қонымды ұйымның түрі жөнінде айтып өттік, енді өзіміздің баспасөз туралы мәселеге байланысы бар бірнеше сөздерді ғана қосымша айта кетейік.

Әрбір социал-демократиялық газетте кәсіпшілік (экономикалық) күрестің бөлімі болуы керек, — мұның керектігіне ешкім де күмән келтіре қоймас. Бірақ кәсіпшілік қозғалыстың өсуі кәсіпшілік баспасөз туралы да ойлатқызады. Алайда біздіңше, кейбір реттерде ғана болмаса, Россияда кәсіпшілік газет туралы сөз де болуы мүмкін емес сыяқты: бұл асқақтағандық болады, ал бізде кейде күнелтуге керекті нан да болмай қалады. Бізде кәсіпшілік баспасөздің құпия жұмыс жағдайына дәл келетін, кәзірдің өзінде-ақ кажет болып отырған формасы *кәсіпшілік кітапшалар* болуға тиіс еді. Белгілібір кәсіп орнындағы еңбек жағдайы туралы, бұл жөнде Россияның әртүрлі жерлерінің арасындағы айырмашылық туралы, белгілібір кәсіп жұмысшыларының басты талаптары туралы, осы кәсіпке катысы бар заңдардың кемшілігі туралы, бұл цехтағы жұмысшылардың экономикалық күресінің артықша көзге түскен оқыйғалары туралы, олардың кәсіпшілік ұйымының тууы, кәзіргі кездегі күйі және мұң-мұқтаждары туралы, тағы басқа осындай мәселелер туралы *жарыя\** және құпия мате-

---

\* Жарыя материал бұл жөнде аса маңызды, біз әсіресе соны ұдайы жыйнап, пайдалана білу жөнінде тым кеш қалдық. Бір жарыя материал бойынша өйтіп-бүйтіп кәсіпшілік кітапша жазуға болады, ал бір құпия материал бойынша ондай кітапша жазуға болмайды десек, мұнымыз асырып айтқандық болмайды. «Рабочая Мысльдың» басып шығарған мәселелері сыяқты құпия материалдарды жұмысшылардан жыйнап, біз революционерлердің көп күшін босқа жұмсаймыз (оның орнына бұл істі жарыя қайраткер опонай істей алар еді), сонда да жақсы материалды еш уақытта ала алмаймыз, өйткені қашан да болса көбінесе үлкен фабриканың бір бөлімін ғана білетін және әрдайым экономикалық нәтижелерді ғана біліп, өз жұмысының жалпы жағдайы мен нормаларын білмейтін жұмысшыларға фабрика қызметкерлерінің, инспекторлардың, дәрігерлердің, т. с. білетін мәліметтерін және газеттің ұсақ хабарларында, өнеркәсіп, денсаулық сақтау, земство, тағы сондайлар жөнінде дербес басылып шыққан кітапшаларда есепсіз бытырап жүрген мәліметтерді алу мүмкін емес.

Өзімнің «бірінші тәжірибем» кәзіргідей әлі есімде, мен оны екінші рет еш уақытта да қайталамаспын. Маған келіп жүретін бір жұмысшыдан оның істейтін үлкен заводындағы жағдай туралы «ыкластанып» сұраймын деп мен әлденеше жетілер бойы әурелен-

риалдарды осындай кітапшаларға жыйнастырып, ол материалды үнемі кұрастырып отырса жақсы болар еді. Мұндай кітапшалар, біріншіден, біздің социал-демократиялық баспасөзімізді тек белгілібір кәсіптегі жұмысшылардың ғана көңілін аударатын толып жатқан кәсіптің ұсақ-түйектерден кұтқарар еді; екіншіден, мұндай кітапшалар кәсіпшілік күрестегі біздің тәжірибемізді тізіп отырар еді және жыйналған материалдарды сақтар еді, бұл материал кәзір толып жатқан листоктер мен үзінді хат-хабарларда ізі қалмай жоғалып барады, мұндай кітапшалар ол материалды қорытар еді; үшіншіден, мұндай кітапшалар үгітшілер үшін өз алдына нұсқау ретінде пайдаланатын кұрал болар еді, өйткені еңбек жағдайлары басқаларға карағанда баяу өзгереді, белгілібір кәсіптегі жұмысшылардың талаптары өте тұрақты болады (Москва ауданындағы тоқымашылардың 1885 жылғы талаптары мен Петербург ауданындағы тоқымашылардың 1896 жылғы талаптарын салыстырып қараңыз) және жұмысшылардың осындай талаптары мен мұң-мұқтаждарының жыйнағы артта қалған жерлерде немесе жұмысшылардың артта қалған топтарының арасында экономикалық үгіт жүргізу үшін талай жылдар бойына жарайтын тамаша кұрал бола алар еді; бір ауданда ойдағыдай өткізілген стачкалардың үлгісі, кейбір жерлердегі тұрмыс күйінің ондылығы туралы еңбек жағдайларының жақсы болғандығы туралы мәліметтер өзге жерлердегі жұмысшыларды да үнемі жаңа күреске итермелеп отырар еді; төртіншіден, кәсіпшілік күресті қорыту ісін бастауды өз мойнына ала отырып, осы арқылы орыстың кәсіпшілік қозғалысының социализммен байланысын баянды ете отырып, социал-демократия мұнымен бірге біздің тред-юниондық жұмысымыз біздің жалпы социал-демократиялық жұмысымыздың ішінде не тым аз, не тым көп орын алып кетпеу жағын қарастырған болар еді. Жергілікті ұйымға, егер ол өзге қалалардағы ұйымдардан қол үз-

дім. Рас, заводтың (тек бір заводтың!) жағдайын, қаншама қыйындықтармен болса да, әйтеуір әрең жазып шықтым, ал жұмысшы менің сұрауларымнан кейін терін сүртіп, күлімсіреп: «сіздің сұрауларыңызға жауап бергеннен гөрі маған қауырт жұмыс істеу оңай!» дейтін еді.

Революциялық күресті негүрлым жігерлік жүргізсек, үкіметтің «кәсіпшілік» жұмыстың бірсыпырасын жарыя етпеуге соғұрлым амалы болмайды, сөйтіп, бізді бірқатар жүктен арылтады.

ген болса, мұны істегенде дұрыс шамаластырып отыру өте қыйын, кейде тіпті мүмкін емес деуге де болады (ал «Рабочая Мысль» жөніндегі мысал — мұны істегенде тред-юнионизм жағына қаншама маскара көп ауып кетуге болатындығын көрсетеді). Бірақ марксизм көзқарасынан таймайтын, бүкіл саяси күреске басшылық ететін және профессионал үгітшілерінің штабы бар революционерлердің жалпыорыстық ұйымы осы дұрыс шаманы белгілеу ісінде ешқашанда қыйналмайды.

## V

### ЖАЛПЫОРЫСТЫҚ САЯСИ ГАЗЕТТІҢ «ЖОСПАРЫ»

«Искраның» бұл жөніндегі ең ірі қатесі — оның жалпы партиялық ұйым «жоспары» (яғни «Неден бастау керек?»\* деген мақала) деп жазады Б. Кричевский («Рабочее Дело» № 10, с. 30), ол: «теорияны практикадан айырып, жансыз доктринаға айналдыру» тенденциясы бар деп бізді айыптайды. Ал Мартынов оған үн қосып, былай дейді: ««Искраның» тамаша және пісіп жетілген идеяларды насихаттауымен салыстырғанда күнделікті қарапайым күрестің алға ұмтылған беталысының маңызын кемітуге ұмтылуы» оның 4-номеріндегі «Неден бастау керек?» деген мақалада ұсынған партияны ұйымдастыру жоспарымен тынды» (бұл да сонда, с. 61). Ақырында, ең соңғы уақытта бұл «жоспарға» (тырнақшалар жоспарға кекесін көзқарасты көрсетуге тиіс) күйінген адамдарға біз жаңа ғана алған «Революцияның қарсаңы» деген кітапшасында Л. Надеждин де келіп қосылады (бұл кітапшаны бізге бұрыннан таныс «революцияшыл социалистік топ» *Свобода* басып шығарған), бұл кітапшада былай делінген: «ендігі жерде жалпыорыстық газеттен тарамдалып шығатын ұйым туралы сөйлеу — ол кабинеттік пікірлерді қоздату, кабинеттік жұмысты көбейту болады» (126-бет), ол — «әдебиетшілдіктің» көрінісі, т. с. делінген.

Біздің террористің «күнделікті қарапайым күрестің алға ұмтылған беталысын» қорғаушылармен пікірлес болып шыққандығы, — біз бұл жақындықтың тамырларын саясат және ұйым туралы айтылған тарауларда тексеріп өткеннен кейін, — бізді танқалдыра алмайды. Бірақ өзі-

---

\* Қараңыз: В. И. Ленин, Шығармалар, қазақша 5-т., 1—13 беттері. *Ред.*

не ұнамаған мақалада айтылған пікірдің бағытын шыдап түсінуге тек қана Л. Надеждиннің әрекет жасағанын, оған нақтылы жауап беруге әрекет жасағанын, а «Рабочее Делоның» нақтылы түк айтпағанын, қайта тслып жатқан демагогиялық лайықсыз істер істеп, мәселені шатастыруға тырысқандығын біз кәзірдің өзінде-ақ айтып кетуге тиіспіз. Сондықтан, бұл қаншама ұнамсы болса да, алдымен Авгий атқорасын тазарту үшін уақысарып етуге тура келеді.

а) „НЕДЕН БАСТАУ КЕРЕК?“ ДЕГЕН МАҚАЛАҒА  
РЕНЖІГЕН КІМ?

«Рабочее Делоның» шу көтеріп, бізге шабуыл жасаған сөздерінің бір түйдегін келтірейік. «Партия ұйымы газет жасай алмайды, қайта оның керісінше партия ұйымы газетті жасайды»... «Партияның үстінен қарайтын оның бақылауынан тыс тұратын және өзінің агенттер тобы арқасында партияға бағынбайтын газет»... «Өз партиясының іс жүзінде өмір сүріп отырған социал-демократиялық ұйымдарын «Искраның» ұмытқаны қандай ғажап?.. «Берік принциптері мен тиісті жоспары барлар — партияның нақтылы күресінің бас билеушілері болып табылады, олар өз жоспарын орындауды партияға бұйырып отырады»... «Жоспар біздің нақтылы және ең керекті ұйымдарымызды жоққа шығарып, агенттердің қайдағыбір қыялдағы тобын жандандырмақ болады»... «Егер «Искраның» жоспары жүзеге асатын болса, онда ол біздегі құралып қалыптасқан Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының жұрнағын да қалдырмай түгел күрттар еді»... «Насихат органы бүкіл практика жүзіндегі революциялық күрестің бақылаусыз, самодержавиелік заң шығарушы органына айналып барады»... «Біздің партия өзінің автономиялы редакцияға толық бағынуына қалай қарауға тиіс», т. т. с.

«Рабочее Делоның» ашуланып қалғанын оқушы осы цитаталардың мазмұны мен сарынынан көріп отырған болар. Бірақ ашуланғанда, ол өз қамы үшін ашуланған жоқ, біздің партияның ұйымдары мен комитеттерінің қамы үшін ашуланды, оның ойынша, «Искра» бұл ұйымдар мен комитеттерді жоққа шығарып, тіпті олардың жұрнақтарын да қалдырғысы келмейтін тәрізді. Бұл не деген масқара десейші! Бұл арада бір ғана таңқаларлық нәрсе



бар. «Неден бастау керек?» деген мақала 1901 жылдың май айында шықты, «Р. Делоның» мақалалары 1901 жылдың сентябрь айында шықты, ал кәзір 1902 жылғы январының ортасы. Осы 5 айдың ішінде (сентябрьге дейін де, сентябрьден кейін де) партияның *бірде-бір* комитеті және *бірде-бір* ұйымы комитеттер мен ұйымдарды жоққа шығармақ болған бұл кереметке формальды түрде қарсылық білдірген жоқ! Ал бұл уақыттың ішінде «Искрада» да, толып жатқан басқа баспасөздерде де, жергілікті және жергілікті емес баспасөздерде де Россияның барлық түпкірлерінен ондаған, жүздеген хабарлар басылды еді. Жоққа шығарылмақ болғандардың муны байқамай және буган ренжімей, үшінші біреудің ренжіген себебі қалай екен?

Муның бұлай болған себебі комитеттер мен басқа ұйымдар «демократизмді» ермек қылмай, шын іспен шуғылданып отыр. Комитеттер «Неден бастау керек?» деген мақаланы оқып шықты, муның өзі — *«ұйым құруға барлық жағынан кірісе алатын болуымыз үшін, ұйым құрудың белгілі бір жоспарын жасап алу»* талабы екенін көрді, сондықтан ондай ұйымды құрудың керек екендігіне және оны құру үшін архитектуралық жоспардың дұрыс екендігіне көздері жетпейінше, әлгі «барлық жағынан» ұйым құрмақшы болғандардың *бірде-біреуінің* ондай ұйымды «құруға кірісем» деп ойламайтындығын комитеттер жақсы біліп, оған көздері жеткеннен кейін, «Искрада»: «Мәселе кезек күттірмейтін маңызды мәселе болғандығынан, біз, өз тарапымыздан, жоспардың жалпы желісін жолдастардың назарына саламыз; бұл жоспар баспаға дайындалып жатқан кітапшамызда толығырақ дамытылады» деген адамдардың өжеттігіне «ашулану», албетте, ол комитеттердің ойына да келмеген еді. Егер жолдастар өздерінің назарына ұсынған жоспарымызды *қабылдаса*, оны «бағынғандықтан» емес, біздің ортақ ісімізге оның өте керек екендігіне көзі жеткендіктен жүзеге асыратындығын, ал егер олар оны *қабылдаса*, онда жалпы «желінің» (расында да өзгешелігі бар сөз емес пе?) жәй ғана желі күйінде қала беретіндігін, іске адал ниетпен қарағанда түсінбеу мүмкін бе еді? Жоспардың желісіне қарсы шабуыл жасағанда, тек оны «жамандау» арқылы, жолдастарға ол жоспарды қабылдамаңдар деп кенес беру арқылы шабуыл жасамайды, сонымен қатар желінің авторларының: «заң шығаруға»,

«бас билеушісі» болуға батылы барғандығы үшін ғана яғни жоспардың желісін ұсынуға батылы барғандығы үшін ғана, тек сол үшін ғана оларға революция ісінд тәжрибесі кем адамдарды айдап салу арқылы шабуы жасайды, бұл демагогия емей немене?? Егерде жергілік ті қайраткерлерді неғұрлым кең көзқарастарды, міндет терді, жоспарларды, т. с. түсіну дәрежесіне дейін көте ру әрекетіне жұрт қарсы болатын болса, қарсы болған да, бұл көзқарастардың теріс болғандығы үшін ғана қарсы болмай, бізді сондай дәрежеге «көтергілері» «келіп» «қорлагандығы» үшін қарсы болатын болса, бізді партия дамып, ілгері баса ала ма? Л. Надеждын де, біздің жоспарымызды «жамандады», бірақ ол, жалаң аң қаулықтан немесе саяси көзқарастардың тым жабайылығынан болды деп санауға болмайтын демагогияға дейін барған жоқ, «партияның үстінен бақылау орнат қандық» деген кінәны ол үзілді-кесілді, әуел бастан-а теріске шығарды. Сондықтан да Надеждынге, оның жос пар жөнінде жазған сынына дұрыс жауап беруге бола ды, жауап беру керек те, ал «Рабочее Делоға» жауап орнына тек лагнет айту керек.

Бірақ «самодержавие», «бағындыру» деген айқайға дейін барып, өзін өзі масқаралаған жазушыға лагнет ай ту, ондай адамдардың оқушыға кесе-көлденең тартаты былығын ашу міндетінен бізді әлі де құтқары қоймайды «Кең демократизм» туралы көп айтылып жүрген бұл сөз дердің кескіні қандай екенін біз міне осы жерге жұрт тың бөріне айқын көрсете аламыз. Бізді кінәлағанда ко митеттерді ұмытты деп, оларды жоққа шығарғанды келді немесе жоққа шығаруға тырысады, т. т. деп кінәлай ды. Комитеттер жөніндегі өзіміздің шын көзқарастары мыз туралы оқушыға факты келтіріп жартымдық ешнәрсе айта алмайтын болғандығымыздан, күйіңдерің сақта үшін ешнәрсе айта алмайтын болғандығымыздан, мұнда кінәлаушылықтарға қалай жауап беруге болады? Халы тобырының жапына бататын, ауыр кінә тағулы адамдар өздерінің көргенсіздігінің арқасында, өзінде бар, өзі ор натып жатқан немесе орнатуға талаптаным жатқан қан настар мен байланыстарды жұрттың көзіне түсірме мықтап жасыратын революционердің міндетеріне не құрайлы қарайтындығының арқасында біздің ағамызға түсіп кететін көрінеді. Әлбетте, ондай адамдармен «де мократизм» майданында бәсекелесуден біз үзілді-кесілді

бас тартамыз. Ал партияның барлық істерімен таныстығы жоқ оқушыға келетін болсақ, онда ол жөніндегі өзіміздің борышымызды атқарудың бірден-бір құралы — оған ненің бар екенін және нендей нәрсенің *im Werden*\* де екенін баяндау емес, болған нәрсенің *бір азын* және өткен істер ретінде нені баяндауға мүмкін болатын болса, соны баяндау болмақ.

Бунд бізді «өзін өзі көтереді»\*\* демекші болады, шет елдегі «Одақ» бізді партияның ізін жоюға тырысады деп кінәлайды. Рұхсат етіңіздер, мырзалар. Біз жұртқа өткен дәуірдегі істерден *төрт фактыны* баяндасақ, сіздер толық қанағаттанатын боласыздар.

Бірінші\*\*\* факты. Біздің партиямызды құруға және партия съезіне делегат жіберуге тікелей қатынасқан партияның негізін салған «Күрес одақтарының» біреуінің мүшелері «Искра» тобы мүшелерінің біреуімен бүкіл қозғалыстың мұқтаждарын өтеу үшін, айрықша жұмысшы кітапханасын құру туралы келіседі. Жұмысшы кітапханасы құрылмай қалады, сондықтан оған арнап жазылған «Орыс социал-демократтарының міндеттері», «фабрикалық жаңа заң»\*\*\*\* деген кітапшалар өзгелеу жолмен, үшінші адамдар арқылы шет елге жіберіліп, оларды сонда басып шығарды<sup>39</sup>.

Екінші факты. Бунд Орталық Комитетінің мүшелері «Искра» тобы мүшелерінің біреуіне, Бундтың сол кездегі сөзімен айтқанда, «әдебиет лабораториясын» ұйымдастыралық деп ұсыныс жасады. Мұнымен қатар олар: егер мұны ұйымдастыра алмасақ, біздің қозғалысымыздың мықтап кері кетуі мүмкін, дейді. Сөйлесудің нәтижесінде «Россиядағы жұмысшылар ісі»\*\*\*\*\* деген кітапша шығарылады.

\* — құрылу, туу предсенте. *Ред.*

\*\* «Искра», № 8, ұсыныс мәселесі жөніндегі біздің мақаламызға Россия мен Польшадағы Жалпы еврей одағы Орталық комитетінің берген жауабы.

\*\*\* Біз бұл фактыларды олардың болған ретіне қарай келтірмей, әдейі ауыстырып келтіріп отырмыз<sup>8</sup>.

\*\*\*\* Каравит: Шығармалар, 4-басылуы, 2-том, 359—383 және 291—355-беттері. *Ред.*

\*\*\*\*\* Айта кетейік, бұл кітапшаның авторы менен: — өзінің бұрынғы кітапшалары сияқты бұл кітапша да «Одаққа» жіберілгенде оның кітаптарының редакторы «Еңбекті азат ету» тобы болады деген оймен жіберілгенін мәлімдеуді өтініп отыр (алғі автор кейбір жағдайлардың себебінен ол кезде, яғни 1899 жылғы фев-

Үшінші факты. Бундтың Орталық Комитеті провинциялық бір кішкене қала арқылы «Искра» мүшелерінің біреуіне қайтадан шыққалы жатқан «Рабочая Газетаның» редакциясын басқаруды өз міндетіне ал деп ұсыныс жасайды, әрине, бұған рыйзалық та алады. Кейін ұсыныс өзгереді: редакцияда қайтадан өзгерістер болуына байланысты бірігіп жұмыс істейік деген ұсыныс жасайды. Әлбетте бұған да рыйзалық алады<sup>40</sup>. Мына мақалалар (сақталып қалғандары ғана) жіберіледі — «Біздің программа» — бернштейншілдікке, жарыя әдебиеттегі және «Рабочая Мысльдағы» бетбұрысқа тікелей қарсылық білдірген мақала; «Біздің таяудағы міндетіміз» («дұрыс шығып тұратын және барлық жергілікті топтармен тығыз байланысты болатын партия органын ұйымдастыру»; үстем болып отырған «майдагерліктің» кемшіліктері); «Шұғыл мәселе» (ортақ органды жолға қоюға кіріспес бұрын, алдымен жергілікті топтардың қызметін дамыту керек деген қарсы пікірді тексеру; «революциялық ұйымның» болуын өте-мөте керекті деп білу — «ұйымды, тәртіпті және астыртын жұмыстың техникасын әбден жетілдіруді» қажет деп білу)\*. Рабочая Газетаны қайтадан шығару ұсынысы жүзеге аспай қалады да, сөйтіп мақалалар басылмай қалады.

Төртінші факты. Біздің партиямыздың кезекті екінші съезін ұйымдастырушы комитеттің мүшесі «Искра» тобының мүшесіне съездің программасын хабарлап, осы топтың кандидатурасын қайтадан шығарылғалы тұрған «Рабочая Газетаға» редактор болуға ұсынады. Оның, былайша айтқанда, алдын ала жасаған қадамын кейін оның өзі қарайтын комитеті де, Бундтың Орталық комитеті де<sup>41</sup> мақұлдайды; «Искра» тобы съездің болатын орны мен уақыты туралы нұсқау алады, бірақ (кейбір себептерден өзінің бұл съезге делегат жіберуіне бола ма екен, осыған сеніңкірмей) съезге жазба баяндама да дайындайды. Бұл баяндама мынадай пікір — тек Орталық Комитетті сайлаумен, осы күнгі біздегі толық ыдыраушылық уақытында, бірігу мәселесін шеше алмайтынымыз былай тұрсын, қайтадан тез және толық сәтсіздікке ұшырай қалған күнде партия құру жөніндегі ұлы

---

ральяда, редакцияның өзгергенін біле алмапты). Бұл кітапшаны жуырда Лига қайта басып шығарады.

\* Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 4-том, 216—221, 222—227 және 228—234-беттері. *Ред.*

идеяның бағасын түсіру қаупіне жолығуымыз мүмкін; көзіргі астыртын жұмыс жүргізе алмай отырған жағдайда мұндай сәтсіздіктің болуы әбден ықтимал нәрсе; сондықтан істі бастағанда барлық комитеттерді және барлық басқа ұйымдарды жаңғырылған ортақ органды қолдауға шақырудан бастау керек, бұл орган барлық комитеттерді *іс жүзінде нақтылы* байланыстыра алады, бүкіл қозғалысқа басшылық етушілер тобын *нақтылы* дайындай алады, — ал комитеттердің құрған мұндай тобын комитеттер мен партия, ондай топ өсіп-жетіліп, нығайып отырғандықтан, оп-оңай Орталық Комитетке айналдыра алады, деген пікір айтылады. Бірақ та бірқатар сәтсіздіктерге ұшыраудың салдарынан съезд болмай қалады, сонымен баяндамада тек бірнеше жолдастар, соның ішінде бір комитеттің өкілдері оқып шыққаннан кейін, құпиялықты сақтау керек деген оймен жойылып жіберіледі.

Бундтың бізді өзін өзі көтергісі келеді деген емеуіріні сыяқты немесе «Рабочее Делоның» бізді комитеттерді жоққа шығарғысы келеді, партияны ұйымдастыру ісін бір газеттің идеясын тартуды ұйымдастыру ісімен «алмастырғысы» келеді деген дәлелі сыяқты тәсілдерінің сыйпаты туралы енді оқушының өзі-ақ төреші болсын. Біз нақ комитеттердің өзіне, *олардың талай рет шақырулары бойынша*, ортақ жұмыстың белгілібір жоспарын қабылдау керек екендігін баяндаған болатынбыз. Біз «Рабочая Газетаға» жазған мақалаларымызда және партия съезіне дайындаған баяндамамызда осы жоспарды жасағанда партияны (факты жүзінде) қайта қалпына келтіру бастамасын өз міндетіне алып, партия ішінде көрнекті орын алған тағыда сол адамдардың шақыруы бойынша нақ комитеттердің өзіне, *олардың талай рет шақыруларымының бізбен бірігіп* партияның орталық органын *ресми түрде қайта* шығармақ болған *екі жолғы* талабының жолы болмай қалғаннан кейін ғана, *үшінші рет* талаптанғанда жолдастардың қолында жалаң ғана бал алатын жорамал болмай, тәжірибенің белгілі нәтижелері болуы үшін біз *ресми емес* орган шығаруды өзіміздің тікелей міндетіміз деп білдік. Көзіргі уақыттың өзінде бұл тәжірибенің кейбір нәтижелері барлық жұрттың көз алдында тұр, сондықтан біздің өз міндетімізді дұрыс түсінген-түсінбегеніміз және біздің біреулерге олардың «*Бұл мәселесіндегі дәйексіздігін, екіншілерге олардың принципіз ауытқуының ылайықсыздығын дәлелдегенімізге* ызалана-

тындықтан, таяуда болып өткен нәрсемен таныс емес адамдарды адастыруға тырысатын адамдар туралы не ойлау керек екендігін барлық жолдастар ақылына сала алады.

6) ГАЗЕТ КОЛЛЕКТИВТІК ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ БОЛА  
АЛА МА?

«Неден бастау керек?» деген мақаланың бүкіл түйіні *нақ* осы мәселені көтеріп, оны солай бола алады деп шешуінде. Бұл мәселені шын мәні жағынан тексеріп, оны солай бола алмайды деп шешудің керектігін дәлелдеуге, біз білетін, бірден-бір әрекет жасап отырған адам Л. Надеждин; оның дәлелдерін біз енді толығымен келтіріп көрейік:

«...Жалпыорыстық газеттің керектігі туралы мәселенің «Искрада» (№ 4) көтерілуі бізге өте-мөте ұнайды, бірақ оның көтерілуі «Неден бастау керек?» деген мақаланың атына үйлесетін болсын дегенге біз ешбір қосыла алмаймыз. Мұның өзі сөзсіз өте керекті істердің бірі, бірақ мұнымен; түсінікті жазылған топ-топ листоктермен, таудай болып үйілген прокламациялармен революциялық кезеңнің жауынгер ұйымның бастамасы салына алмайды. Жергілікті орындарда күшті саяси ұйымдар құруға кірісу қажет. Бізде ондай ұйымдар жоқ, бізде жұмыс көбінесе интеллигент жұмысшылар арасында жүргізілді, ал бұқара тек қана экономикалық күрес жүргізді деуге болады. *Жергілікті орындарда күшті саяси ұйымдар тәрбиеленіп шықпаса, аса жақсы жолға қойылған болса да жалпыорыстық газеттен не шығады? Өзі тұтанатын, жанып кетпейтін, бірақ ешкімді де шарпый алмайтын керемет шамшырақ шығады да қояды! «Искра» өзінің айналасына, өзінің ісі үшін халық жыйналып ұйымдасады деп ойлайды. Халыққа неғұрлым нақтылы істің айналасына жыйналып, ұйымдасу анағұрлым жақынырақ қой! Мұндай нақтылы іс болатын және болуға тиіс нәрсе — жергілікті газеттердің кең түрде жолға қойылуы, жұмысшылардың күштерін көзірден-ақ демонстрацияларға дайындау, жергілікті ұйымдардың жұмыссыздар арасында үздіксіз жұмыс жүргізуі (олардың арасында тынбай листоктер, үндеухаттар тарату, оларды жыйылысқа шақырып отыру, үкіметке қарсы күреске шақырып отыру т. с.), Жергілікті орындарда қызу саяси жұмыс жүргізу керек, ал осы нақтылы негізде бірігу қажет болған кезде, — оның өзі жасанды, қағаз бетіндегі бірігу болып қалмайды, — жергілікті жұмыстарды осылай етіп жалпыорыстық істің айналасына біріктіру газеттер арқылы орындалмайды!» («Революция қарсаңы», 54-беті).*

Біз әдемі жазылған бұл тираданың мынадай жерлерін — автордың біздің жоспарымызға берген бағасының терістігін де, оның бұл жерде «Искраға» қарсы қойып отырған көзқарасының жалпы терістігін де анағұрлым айқын көрсететін жерлерін баса көрсеттік. Жергілікті

орындарда күшті саяси ұйымдар тәрбиеленіп шықпаса, жалпыорыстық газет қандай жақсы болса да түкке тұрмайды. — Өте дұрыс. Бірақ істің мәні мынада ғой: күшті саяси ұйымдарды жалпыорыстық газет арқылы тәрбиелемесек, оны *тәрбиелеудің онан басқа құралы жоқ* қой. Автор «Искраның» өз «жоспарын» баяндауға *көшпестен бұрын* жасаған оның ең маңызды мынадай мәлімдемесін байқамай кеткен: «барлық күштерді біріктіре алатын және қозғалыс басшысы деген *атаққа ғана ие болмай*, шынында да қозғалысқа басшылық ете алатын, яғни *қандай қарсылықты болса да, қандай дүмпуді болса да қолдан*, үзілді-кесілді ұрысқа жарамды соғыс күштерін көбейту, нығайту үшін осыларды пайдалануға әрдайым әзір тұра алатын революцияшыл ұйым құруға шақыру» қажет болады. Принцип жағынан мұны енді, февраль мен марттан кейін, жұрттың бәрі де мақұлдайды, — дейді бұдан соң «Искра», — ал бізге керегі *мәселенің* принцип жүзінде шешілуі емес, *практика жүзінде шешілуі*; ұйым құруға жұрттың бәрінің кәзірден-ақ *барлық жақтан* кірісе алуы үшін, оны құрудың белгілібір жоспарын дереу жасау керек. Ал бізді мәселені практика жүзінде шешуден тағы да кейін қарай сүйрейді — принцип жағынан дұрыс, даусыз, ұлы ақыйқатқа, бірақ мүлде жеткіліксіз, жұмыс істеушілердің қалың бұқарасына мүлде түсініксіз ақыйқатқа қарай: «күшті саяси ұйымдарды тәрбиелеп шығару керек» дегенге қарай сүйрейді! Әңгіме бұл туралы болып отырған жоқ қой, құрметті автор, әңгіме тәрбиелегенде *дәл қалай* тәрбиелеу және қалай тәрбиелеп шығарып отыру керек екені туралы болып отыр ғой!

«Бізге жұмыс көбінесе интеллигент жұмысшылар арасында жүргізілді, ал бұқара тек қана экономикалық күрес жүргізуге болады» деу дұрыс емес. Осы түрде айтқанда бұл ереже «Свободаға» үйреншікті және мейлінше тереңдетілген бойынша интеллигент жұмысшыларды «бұқараға» қарсы қоюға бой ұрғандық болып шығады. Бізде интеллигент жұмысшылардың өздері де соңғы жылдарда «тек қана экономикалық күрес жүргізді деуге болады» ғой. Бұл бір жағы. Ал екінші жағынан, біз бұл күрестің әрі интеллигент жұмысшылардан, әрі интеллигенттерден шыққан басшыларының *тәрбиеленіп* шығуына жәрдемдеспесек, бұқара да ешқашан саяси күрес жүргізуді үйрене алмайды; ал ондай басшылар тек қана

біздің саяси өміріміздің *барлық* жағына, түрлі таптардың әртүрлі себептер бойынша қарсылық көрсетіп, күрес жүргізуге *әрекет жасауының барлығына* ұдайы, күнделік баға беріп отыру арқылы тәрбиелене алады. Сондықтан «саяси ұйымдарды тәрбиелеу» туралы сөз қылып және мұнымен қатар саяси газеттің «қағаз жүзіндегі ісін жергілікті орындардағы қызу саяси жұмысқа» *қарсы қою* тек қана кісі күлерлік іс! Ал «Искра» жұмыссыздардың қозғалысын да, шаруалардың бүліктерін де, земствошылардың наразылығын да, «патшаның жүгенсіз баскесерлеріне қарсы халықтың ашынуын» да, т. т. қолдау үшін, өзінің газет «жоспарын» сондай «жауынгер дайындық» жасау «жоспарына» жақындатып та отыр ғой. Жергілікті ұйымдардың орасан көпшілігінің *тіпті ойламай* да отынғанын, «қызу саяси жұмыстың» бұл арада белгіленіп отырған перспективаларының көбін ешбір ұйымның *әлі бір де рет* жүзеге асырмағанын, мәселен, земство интеллигенциясының қарсылығы мен наразылығының өсуіне назар аудару талабы Надеждиннің де «күдай-ау, бұл орган земствошылар үшін шығарылған емес пе екен?» «Рев. қарсаңы», 129-беті), экономистердің де («Искра» № 12, хат), бірсыпыра практиктердің де сасқалақтап абыржығандық сезімін туғызып отырғанын қозғалыспен таныс адамның қайсысы болса да әбден жақсы біледі ғой. Мұндай жағдайларда істі «бастағанда» мұның бәрін *ойлауға* жұрттың ниетін аударудан *ғана* толқудың, белсенді күрестің қандай да болсын барлық көріністерін жыйнақтап, қорытып отыруға жұрттың ниетін аударудан *ғана* «бастауға» болады. Социал-демократиялық міндеттер төмендетіліп отырған біздің заманымызда «қызу саяси жұмысты» *бастағанда тек қана* қызу саяси үгіт жүргізуден *батсауға* болады; жиі шығып, дұрыс таратылып отыратын жалпыорыстық газет болмайынша, мұндай үгітті жүргізу мүмкін емес.

«Искраның» «жоспарында» «әлебиетшілдікке» салынғандық бар деп ойлайтын адамдар жоспардың маңызының өзін мүлде түсінбеген, кәзіргі кезеңде ең лайықты құрал деп не ұсынылып отырса, олар соны мақсат деп білген. Бұл адамдар ұсынылып отырған жоспарды ашықтан-ашық суреттеп көрсеткен екі түрлі салыстыру жөнінде тіпті ойламаған. Жалпыорыстық газетті жолға қою — делінген «Искрада» — бұл ұйымды (яғни әрбір қарсылықты, әрбір дүмпуді қолдауға әрдайым әзір тұратын



революциялық ұйымды) үнемі дамыта, тереңдете, кеңейте беруімізге мүмкіндік беретін негізгі арқау болуға тиіс. Айтыңызшы: қалаушылар мүлде болып көрмеген үлкен бір құрылыстың тастарын әржерден қалағанда, соны қалайтын дұрыс орынды табуға көмектесетін, жалпы жұмыстың түпкі бағдарын көрсететін, тек әрбір тасты ғана емес, сонымен қатар алдыңғы-кейінгілерімен жымдасып, бәрін қамтушы бір ұзына бойды аяқтап шығатын тастың әрбір сынығын да іске жаратуға мүмкіншілік беретін жіп тартудың нобайы «қағаз жүзінде» істелетін іс емей немене? Біз өзіміздің партиялық өмірімізде, бізде тас та, қалаушылар да болып, бірақ жұрттың бәріне көрінетін, жұрттың бәрі соның ушынап ұстай алатын жіп болмай отырған кезенді басымыздан кешіріп отырған жоқпыз ба? Жіп керіп, команда бермек болады деп бізге айқайлай берсін: егерде біздің команда беруге ниетіміз болған болса, онда біз «Искра № 1)» деудің орнына «Рабочая Газета № 3» деп жазған болар едік, мырзалар, бізге кейбір жолдастар осылай етіндер деп ұснған да болатын және жоғарыда айтылған оқыйғалардан кейін біздің солай істеуге толық правомыз да болар еді. Бірақ біз мұны істегеніміз жоқ: біз жалған социал-демократтардың бәріне қарсы бітіспес күрес жүргізу үшін қолымызға байлау салмауға тырыстық; өзіміздің тартқан жібіміз дұрыс тартылған болса, — оны ресми органның тартқандығы үшін емес, оның дұрыс тартылғаны үшін соны жұрт құрметтесе екен дедік.

Л. Надеждин бізді былай деп үйретпек болады: «Орталық органдарда жергілікті жұмыстың басын біріктіру мәселесі тұйыққа тіреліп шыға алмай жүр, біріктіру үшін элементтердің біртекті болуы кажет, ал бұл біртектіліктің өзі бірлестіруші бір нәрсе арқылы ғана жасалына алады. Бірақ осы бірлестіруші нәрсе жергілікті күшті ұйымдардың жемісі болуы мүмкін, кәзірде бұл ұйымдардың сыйпаты өсте біртекті болмай отыр». Күшті саяси ұйымдарды тәрбиелеп шығару керек деген ақыйқат қандай ардақты және даусыз ақыйқат болса, бұл да сондай ардақты және даусыз ақыйқат. Күшті саяси ұйымдарды тәрбиелеп шығару қандай жеміссіз ақыйқат болса, бұл ақыйқат та дәл сондай жеміссіз ақыйқат. Мәселенің қандайы болса да «тұйыққа тіреліп отырады», өйткені бүкіл саяси өмірдің өзі — сансыз бұзылудан құралған бас-аяғы жоқ тізбек. Саясатшының бүкіл шеберлігі —

дәл басқа буындардан гөрі қолдан тайып кетуі аз болатын буынды, осы таңда бәрінен маңызды буынды, буынға ие болып отырған адамның бүкіл тізбекке ие болуына бәрінен артығырақ кепіл болатын буынды тауып алып, соны қолдан шығармай мықтап ұстауында болады\*. Бізде тастарды керілген жіпсіз-ақ керекті жеріне дәлдеп қалай алатын (абстракты түрде айтсақ, бұл әсте мүмкін болмайтын нәрсе емес) әбден жетік, тәжірибелі қалаушылар отряды болса, — онда біз, бәлкім, екінші буынды да қолға алар едік. Бірақ қырсықтың бәрі мынада — тәжірибелі, жетік қалаушылар бізде әлі болмай отыр, тастар бастан-аяқ тіптен қалай болса солай қаланады, қаланғанда ортақ керілген жіп бойына қаланбай, бытыраңқы қаланатыны сонша — дұшпан оларды тас құрлы көрмей, құмша үрлеп ұшырып жібереді.

Екінші салыстыру: «Газет коллективтік насихатшы, коллективтік үгітші ғана емес, сонымен қатар коллективтік ұйымдастырушы. Газетті осы соңғы мағнасында салынып жатқан үйдің айналасына қағылатын, құрылыстың жалпы тұрқын белгілейтін, құрылысшылардың бір-бірімен қатнасын жеңілдететін, олардың жұмысты бөлісуіне, ұйымдасқан еңбектен шыққан нәтижелерді шолуына жәрдем беретін *ағаштармен салыстыруға болады*»\*\*. Мұның өзі әдебиетшінің, кабинет қызметі адамының өз ролін асыра көрсеткендігіне сонша ұқсас екендігі рас емес пе? Әлгі қағылған ағаштар үйдің өзі үшін ешбір керек емес, бұл ағаштар ең нашар материалдан орнатылады, ағаштар аз уақытқа ғана қағылады, үйдің ұзынырғасы салынып бітісімен-ақ бұл ағаштар пешке жағылады. Революциялық ұйымдарды құруға келетін болсақ, оларды кейде ағашсыз да құруға болатынын тәжірибе дәлелдейді, мәселен, жетпісінші жылдарды алып қараңыз. Бірақ кәзірде, өзімізге қажетті құрылысты ағаштарсыз салу мүмкін екен деп ойлауға да болмайды.

\* Жолдас Кричевский, жолдас Мартынов! Мына «самодержавиенің» «бақылаусыз беделділіктің», «бас билеушінің» т. с. маскара көрінісіне сіздердің назарларыңызды аударам. Көрдіңіздер ме: бүкіл тізбекке *ие болғысы* келеді!! Тезірек арыз жазыңыздар. «Рабочее Делоның» 12-номеріне екі басмақалаға тақырыптың дайын бола қалғанын көрдіңіздер ме!

\*\* Мартынов «Рабочее Делода» (№ 10, с. 62) бұл цитаттың бірінші сөйлемін келтіріп, дәл екінші сөйлемін келтірмеген, ол бұлай етіп, мәселенің мәніне өзінің тоқтағысы келмегенін немесе оның мәнін өзінің түсіне алмайтындығын баса көрсеткен тәрізді.

Надеждин буган қосылмай, былай дейді: «газеттің айналасына, соның ісі үшін халық жыйналып, ұйымдасды деп ойлайды «Искра». Халыққа неғұрлым нақтылы істің айналасына жыйналып, ұйымдасу анағұрлым жақынырақ қой!» Солай, солай: «неғұрлым нақтылы істің айналасына жыйналуы анағұрлым жақынырақ қой»... Орыс мақалы: суын ішетін құдығыңа түкірме, дейді. Бірақ түкіріп тастаған құдықтан да су ішуден кашпайтын адамдар бар. Осы асқан нақтылыққа бола біздегі оңды жарыя «марксизм сыншылары» мен «Рабочая Мысльдың» құпия бас иешілерінің аузы барып айтпаған оңбағандығы қалмаған шығар! «Неғұрлым нақтылы істің айналасына ұйымдасу анағұрлым жақынырақ қой» дейтін әдет болып кеткен дәлелдермен ақталатын біздің тар өрістілігіміз арқылы, жігерсіздігіміз арқылы, жасқаншақтығымыз арқылы біздің бүкіл қозғалысымыздың қаншалықты жаншылғанын қараңызшы! Ал, өзін «тұрмысқа» айрықша сергек қарайтын кісіге санайтын, «кабинет» адамдарын айрықша қатты жазғыратын, «Искраның» көрінген нәрсені экономизм дейтін ауруы бар деп (білістікке салынып) айыптайтын, өзін осы ортодокстер мен сыншылар болып бөлінуден әлдеқайда жоғары тұрмын деп ойлайтын Надеждин де өзінің дәлелдері арқылы, өзін ызаландыратын тар өрістіліктің сойылын соғатындығын, өзінің кім көрінген түкіріп тастаған құдықтың дәл өзінен су ішіп отырғанын байқамайды! Расында, егер ызаланған адам бағыттаушы болмай басының ауған жағына кете берсе және 70 жылдардың революционерлері тәртізді, «эксцессивтік террорға», «аграрлық террорға», «дабылга», т. т. «стихиялы» түрде жармаса берсе, тар өрістілікке шынымен ызаланушылықтың өзі де, соған бас иетін адамдарды ол дәрежеден жоғары көтеруге шынымен тілек қылудың өзі де жеткіліксіз болады. Надеждиннің ойынша, айналасына «анағұрлым жақынырақ» жыйналып, ұйымдасуға болатын әлгі неғұрлым нақтылы іс дегеніне қараңызшы, онысы: 1. жергілікті газеттер; 2. демонстрацияларға дайындалу; 3. жұмыссыздар арасында жұмыс жүргізу. Бұл істердің бәрінің де әйтеуір бір нәрсе айту үшін тәуекел етіп, мүлде кездейсоқ сөз бола салынғаны ә дегенде-ақ көрініп тұр, өйткені бұл істерге біз қалай қарасақ та, мұның ішінде әдейілеп «жыйнап, ұйымдастыруға» жарарлық бір нәрсе бар деп білу ешбір ақылға сыйымсыз нәрсе. Сол Надеждиннің өзі-ақ бір-екі

бет төменіректе былай дейді ғой: «біздің мына фактыны көрсетіп өтетін уақытымыз жетті: жергілікті орындарда тым мардымсыз жұмыс жүргізіліп жатыр, комитеттер істей алатын ісінің оннан бір бөлегін де істемей отыр... кәзіргі бізде бар біріктіруші орталықтардың өзі — алдамшы жоқ нәрсе, оның өзі — революциялық кеңсешілдік, өзара бір-біріне генерал атағын беріп отырушылық, сонымен жергілікті күшті ұйымдар өсіп шыққанша бұл осылай бола бермек». Бұл сөздерде асыра айтушылықпен қатар толып жатқан жанға батарлық шындықтың да бар екені күмәнсіз, ендеше жергілікті орындардағы мардымсыз жұмыс пен қайраткерлердің ой өрісі тарлығының, олардың ісінің өрісі тарлығының бір-бірімен байланысты екенін, жергілікті ұйымдардың шеңберінен шыға алмай жүрген қайраткерлер шалағай болып отырғанда мұндай жағдайлардың лажсыз кездесетінін Надеждин неге көрмейді екен? Ол, ұйым туралы «Свободада» басылған мақаланың авторына ұқсап, етек жайған жергілікті баспасөзге көшу ісінің (1898 жылдан бастап) экономизм мен «майдагерліктің» ерекше күшеюімен қоса-қабат жүргенін қалайша ұмытты екен? Егер «етек жайған жергілікті баспасөзді» азда болса қанағаттанарлық етіп жолға қою мүмкін болған күнде де (ал біз, тіптен бір ерекше реттерде болмаса, оның мүмкін еместігін жоғарыда көрсеттік), жергілікті органдар самодержавиеге *жаппай* тегеуірін жасау үшін, *бірыңғай* күресті басқару үшін, революционерлердің барлық күшін «жыйнап, ұйымдастыра» алмас еді. Бұл арада газеттің «жыйнаушылық», ұйымдастырушылық маңызы туралы *ғана* сөз болып отырғанын ұмытпаңыз, сондықтан біз, бытыраңқылықты жақтайтын Надеждинге, оның өзі қойған: «біз 200 000 революциялық ұйымдастырушы күштерді әлдеқайдан мұраға алмадық па екен?» деген, кекесін сұрауын оның өзіне қайыра қойсақта болар еді. Онсын, «демонстрацияларға дайындалуды» «Искранын» жоспарына *қарсы қоюға* болмайды, өйткені бұл жоспар етек жайған демонстрациялардың нақ өзін көздейтін *мақсаттардың бірі деп* қарайды; ал әңгіме іс жүзінде керекті *құралды* сайлап алу туралы болып отыр. Надеждин демонстрацияларды (осы уақытқа дейін тіптен көп реттерде мүлде стихиялы түрде болып келген демонстрацияларды «дайындау» кәзірдің өзінде-ақ «жыйналып және ұйымдасып» болған әскердің ғана қолынан келетінін, ал біздің атап айтқан-

да оны жыйнап, ұйымдастыра *білмейтінімізді* есінен шығарып, бұл арада тағыда шатасты. «Жұмыссыздар арасында жұмыс жүргізу». Бұл тағыда сол шатаस्कандық, өйткені бұл да әскер жыйнау жоспары емес, жыйналып дайын тұрған әскердің соғыс қыймылдарының бірі болып табылады. Біздің бытыраңқылығымыздың зиянды екенін, бізде «200 000 күштің» жоқ екендігін Надеждиннің бұл арада да қаншалықты бағаламай отырғандығы мынадан көрініп тұр. Жұрттың көбі (соның ішінде Надеждин де) «Искраны» жұмыссыздар туралы мәліметтері тапшы деп, деревня өмірінің нағыз күнделікті кубылыстары жөніндегі хат-хабарлары кездейсоқ хат-хабар деп жазғырған болатын. Жазғыруы дұрыс, бірақ бұл арада «Искра» «кінәсіз кінәлі» болып отыр. Біз деревня арқылы да «жіп тартуға» тырысамыз, бірақ онда ешбір жерде де қалаушылар жоқтың қасында, сондықтан тіпті күнделікті фактыны болса да хабарлап отыратын адамдардың *бәрін де* көтермелеп отыруға *тура келеді*, — көтермелегенде, мұның өзі осы мәселе жөнінде қызмет көрсететіндердің санын көбейтер деп, ақыр аяғында, шын айқын фактыларды да іріктеп ала білуге *бәрімізді үйретер* деп үміттенеміз. Бірақ үйрену үшін материалдың аздығы сонша, — оны бүкіл Россия көлемін түгел алып қорытпаса, тіпті үйренерлік ешнәрсе де жоқ. Ең болмағанда үгітші болуға Надеждиннің қабілеттілігіне жуық қабілеттігі бар, жалаңаяқтардың өмірін Надеждиндей білетін білімі бар адамның жұмыссыздар арасында үгіт жүргізуі арқылы қозғалысқа баға жетпес қызмет көрсете алатындығында күмән жоқ, — бірақ мұндай адам, егер, көпшілігі жаңа істі қолға ала білмейтін кісілерге өнеге көрсетіп, үлгі беру үшін өз жұмысының әрбір адымын *барлық* орыс жолдастарға хабарлап отырудың қамын жемеген болса, өзінің талантын зая кетірген болар еді.

Бірігудің маңыздылығы туралы, «жыйнап, ұйымдастырудың» қажеттігі туралы кәзірде жұрттың бәрі жапатармағай сөз қылып жүр, бірақ көбінесе осы бірігу ісін неден бастап, қалай жүргізу керек екендігі туралы ешбір ашық түсінік жоқ. Егер біз бір қаланың жеке — мәселен, аудандық — үйірмелерін «біріктірсек», онда мұның үшін *ортақ мекемелер* керек, яғни «одақтың» жалпыға ортақ аты ғана емес, шынмен *жалпыға ортақ* жұмысы керек, материалды, тәжірибені, күштерді өзара ауысып отыру

керек, қызмет бабындағы міндеттерді аудандарға ғана қарай емес, бүкіл қала жұмысының түр-түріне қарай бөліп атқарып отыру керек, бұған жұрттың бәрі де қосылатын болар. Күрделі астыртын аппараттың керегін бір ауданның «күш-қаражаты» (әрине, материалдық күш-қаражаты да, жеке адамдардың күш-қаражаты да) өтей алмайды (сауда тілімен айтуға болатын болса), мұндай шағын іс майданында маманның таланты өрістей алмайды, бұған жұрттың бәрі де қосылады. Алайда, түрлі қалалардың жұмысын біріктіру жөнінде де дәл осыны айтуға болады, өйткені біздің социал-демократиялық қозғалысымыздың тарихында, жеке өлкенің жұмысы сыяқты, жұмыс майдандары да өлшеусіз шағын болып шығып отыр: мұны біз жоғарыда саяси үгіттің де, ұйымдастыру жұмысының да мысалынан алып, толық дәлелдеген болатынбыз. Бұл майданды кеңейту керек, үнемі жүргізілетін ортақ жұмыс үстінде қалалар арасында нақты байланыс орнату керек, бұл өте қажетті, ең керекті нәрсе, өйткені бытыраңқылық дүниеде не болып жатқанын кімнен үйреніп, өнеге алатынын, өзіне тәжірибені қалай жыйнайтынын, етек жайған істің тілегін қалай қанағаттандыратынын білмей, «шұқырда отырғандай отыра беретін» («Искраға» жазылған бір хаттың авторының сөзімен айтқанда) адамдарды жаныштай түседі. Сондықтан мен бұл нақты байланысты жасағанда — істің нағыз алуан-алуан түрлерінің қортындысын жыйнақтайтын, сөйтіп барлық жолдардың Римге апаратынын сыяқты, революцияға апаратын толып жатқан жолдардың барлығымен арымай-талмай ілгері басуға жұртты итермелейтін үнемі жүргізілетін бірден-бір жалпы рыстық жұмыс ретіндегі жалпыға ортақ газет бетінде ғана жасай бастауға болады деген пікірді қолдай беремін. Егер біз бірігуді тек сөз жүзінде ғана тілемесек, онда әрбір жергілікті үйірме сол сипатында-ақ, мәселен, күннің төрттен бірін ортақ іске белсене қатысып жұмыс істеуге бөлетін болуы керек, сонда газет әлгі үйірмеге\* бұл істің жалпы

\* Ескерту: егер ол бұл газеттің дағатына тілектес болса және істің нағыз үшін оған қызметкер болуы пайдалы деп санаса қызметкері болу дегенде әдеби қызметте ғана емес, жалпыреволюциялық қызмет атауының бәрінде қызметтес болуы түсінетін болса. «Рабочее Делоға» ескерту: демократизм жөніндегі ойыншықты бағаламай, істі бағалайтын, газетке «тілектес» болуды оған нағыз

пішінін, көлемін, сыйпатын бірден көрсетеді, бүкіл жалпыорыстық қызметте дәл қандай кемшіліктердің өте-мөте сезіліп тұрғанын, қай жерде үгіт жұмысы жоқ екенін, қай жерде байланыс нашар екенін көрсетеді, бұл үйірменің жалпыға ортақ зор механизмнің қандай тегершіктерін түзете алатынын немесе тәуірлеу, тегершікпен ауыстыра алатынын көрсетеді. Әлі жұмыс істеп көрмеген, тек жұмыс іздеп қана жүрген үйірме енді істі бастағанда жеке кішкентай мастерскойдағы, өзінен бұрынғы «өнеркәсіптің» дамуын да, белгілі бір өнеркәсіптің кәзіргі өндіріс әдістерінің жалпы күйін де білмейтін майдагер тәрізді бастамай, самодержавиеге жасалған бүкіл жалпыреволюциялық тегеуірінді *бейнелейтін* кең жұмысқа қатысушысы тәрізді бастар еді. Сонда, әрбір тегершік неғұрлым жақсы істелген болса, істің әрбір тетігін біліп, жалпы қатысып жүрген қызметкерлердің саны неғұрлым көбірек болса, біздің жан-жақтағы желіміз соғұрлым жиілене бастар еді, болмай тұрмайтын сәтсіздіктер жалпы қатардағы сасқалақтаушылықты соғұрлым азайтар еді.

*Нақты* байланысты газет тарату жұмысының бір өзі-ақ жасай бастар еді (егер ол газет деген атына лайық болса, яғни қалың журналдар сыяқты айына бір рет емес, айына төрт рет, үздіксіз шығып тұратын болса). Кәзір революциялық істің қажеттерін өтеу үшін қалалардың арасында қатнас жасау өте-мөте сирек болып отыр, қалай дегенмен де, ілуде бір кездесетін нәрсе болып отыр; нақты байланыс орнаған ретте бұл қатнастар ереже болып алар еді және газет таратуды ғана емес, сонымен қатар тәжірибе, материал, күш, қаражат жағынан ауысып отыруды да (бұл анағұрлым маңыздырақ), әлбетте, қамтамасыз етер еді. Ұйымдастыру жұмысының өрісі салғаннан-ақ әлденеше есе кеңейлер еді, сөйтіп бір өлкенің табысы жұмысты жақсартқан үстіне жақсартатүсуге сүйрер еді, елдің екінші бір түпкірінде жұмыс атқарып жүрген жолдастың дайын тұрған тәжірибесімен пайдалануға адамның ықыласын соқтырар еді. Жергілікті орындардағы жұмыс кәзіргіге қарағанда анағұрлым байып, сапалы болар еді: бүкіл Ресенядан жыһчалатын саяси, экономикалық әшкерелеу барлық кәсіптердегі және *дамудың барлық дәрежелеріндегі* жұмысшыларға

---

белсенді, қызу түрде қатысудан бөліп қарамайтын революционердің арасында бұл ескерту өзінен өзі түсінікті.

ақыл-ой қорегін берер еді, оның үстіне жарыя баспасөздің аңғартуымен, жұртшылық арасындағы әңгімелермен, үкіметтің «қаймығып ұялшақтаған» хабарларымен көтерілген алуан түрлі мәселелер жөнінде әңгіме жүргізуге, оқып беріп отыруға материал тауып беріп турар еді және сөйтуге сылтау болар еді. Әрбір дүмпу, әрбір демонстрация Россияның барлық түкпірлерінде барлық жағынан бағаланып, талқыға салынар еді, басқалардан қалыспауға, басқалардан жақсы істеуге ынталандырар еді — (біз, социалистер, жарыс атаулының, «бәсеке» атаулының бәрін бірдей әсте керексіз деп таппаймыз!, — бірінші рет біртүрлі стихиялық болып шыққан нәрсені қайтадан саналы түрде дайындауға, шабуыл жасу жоспарының, т. б. түрін өзгерту үшін белгілібір өлкенің немесе белгілібір кезеңнің қолайлы жағдайларын пайдалануға ынталандырар еді. Сонымен бірге жергілікті орындардағы жұмыстың бұл жандануы *барлық* күшті салып «өлердей» жанталасуға, *барлық* адамдарды қатерге қоюға тап қылмас еді, кәзір екінші бірінде демонстрация атаулының бәрі де немесе жергілікті газет номерінің қай-қайсысы болса да жергілікті жұмыстың жандануы болып табылады: бір жағынан, полицияның «түп тамырларға» жетуі анағұрлым қыйын болады, олай болатыны оларды қай өлкеден іздеу керек екені белгісіз болады; екінші жағынан, үнемі жүргізілетін жалпы жұмыс жұртты *белгілібір* шабуылдың күшін жалпы армияның пәлендей бір отрядының күшінің кәзіргі күйіне лайықтап, сәйкестіріп отыруға үйретер еді (кәзір еш уақытта да мұндай сәйкестіруді ойлайтын ешкім де жоқ десе болғандай, өйткені шабуылдардың оннан тоғызы стихиялы түрде болады) және басқа жерден әдебиетті ғана емес, сонымен қатар революциялық күштерді де «тасып отыруды» жеңілдетер еді.

Кәзір бұл күштер сан реттерде жергілікті шағын жұмыс үстінде қансырап зая кетіп отыр, ал нақты байланыс орнаған кезде қолынан онша-мұнша іс келетін үгітшіні немесе ұйымдастырушыны елдің бір шетінен екінші шетіне жіберуге мүмкіндік болар еді және бұлай етуге үнемі сылтау да табылып отырар еді. Жұрт партия жұмысы бабында партияның қаражатымен онша-мұнша жол жүруден бастап, бүтіндей партия қаражатына көшуге, профессионал революционер болуға, өздерін нағыз саяси көсемдер етіп шығаруға әдеттенер еді.

Егерде жергілікті комитеттердің, жергілікті топтар мен



дйірмелердің бәрінің немесе едәуір көпшілігінің жалпы ортақ істі белсене қолға алатын халіне шындап қолымыз жетсе, біз ең жақын арада бүкіл Россияда он мың даналап ұдайы таратылып отыратын, апта сайын шығып тұратын газетті жолға қоя алар едік. Бұл газет тал күрессі мен халық ашынуының әрбір ұшқынына жел беріп, жалпы өртке айналдырып жіберетін зор ұста дүкені көрігінің бір бөлігі болар еді. Міне осы, өзі болса әлі тіптен кінәсіз, әлі мүлде кішкентай, бірақ үнемі жүргізіліп отыратын, сөздің толық мағнасындағы ортақ жұмыстың маңында сыннан өтіп ысылған күрескерлер армиясы ұдайы іріктеліп, баулынып отырар еді. Осы жалпы ұйымдастыру кұрылысының баспалдағын бойлай отырып, біздің революционерлердің арасынан жуық арада социал-демократиялық Желябовтар, біздің жұмысшылардың арасынан орыс Бебельдері көтеріліп, жоғарылар еді, олар жыйналып әзір болған армияны басқарып, Россияның масқаралығы мен оңбағандығының күлін көкке ұшыруға бүкіл халықты аттандырар еді.

Бізге міне осы туралы арман ету керек!

\* \*  
\*

«Арман ету керек!» Мен бұл сөздерді жаздым да, шошып кеттім. Маған: өзім «бірігу съезінде» отырғандай, менің қарсы алдымда «Рабочее Делоның» редакторлары мен қызметкерлері отырғандай болып көрінді! Бір кезде Мартынов жолдас орнынан тұрып, маған қаһарын төгіп: «Сізден мынаны сұрауға рұхсат етіңіз: алдын ала партия комитеттерінің пікірін сұрамай тұрып автономиялы редакцияның арман етуге правосы бар ма екен?» дегендей болып көрінді. Ал оның соңынан Кричевский жолдас орнынан тұрып (Плехановтың пікірін әлдеқашан тереңдеткен Мартынов жолдасты философия жағынан тереңдете түсіп) одан да бетер қаһарын төгіп: «Мен одан да әрі барамын. Мен мынаны сұраймын: Маркстің айтуынша адамзат әрдайым да жүзеге асатын міндеттерді алдына қоятынын және тактика дегеніміз партиямен бірге өсетін міндеттердің өсу процесі екенін ұмытпаған марксистің арман етуге правосы бар ма екен?» дегендей болды.

Осы қаһарлы сұраулар есіме түскенде тұла бойым мұздап қоя берді, тек қана — қайда тығылсам екен деп ойлаймын, Писаревтің тасасына тығылып көрейін.

Арман мен өмір шындығының сәйкессіздігі туралы мә-

селе жөнінде Писарев былай деп жазған болатын: «Сәкессіздіктің де сәйкессіздігі бар. Менің арманым оқыйғының табиғи ағымын басып озып отыруы мүмкін немесе оның тіптен құлатуға лағып, еш уақытта ешбір табиғи ағым бара алмайтын жаққа кетуі мүмкін. Біріншіден болғанда арманнан ешбір зыян келмейді; айта берсең еңбекші адамның жігерін тасытып, көтермелеп отыру мүмкін... Мұндай армандарда жұмысшы күшін аздыртын немесе әлсірететін дәнеңе жоқ. Қайта мүлде оның керісінше болады. Егер адам осылай арман етуге ешбір қабілетсіз болса, егер ол анда-санда алға орағытып, өзінің қол астында жаңа-жаңа ғана жасалынып келе жатқан өнердің толық, аяқталған бейнесін оймен қол алдына елестете алмайтын болса, — онда искусство, ғылым, практикалық өмір саласындағы зор байтақ, кісі қажытарлық жұмыстарды қолға алып, соны аяқтап шығуға адамды еріксіз итермелейтін қандай себеп болатынын мен тіпті де түсіне алмадым... Егер арман ету адам өзінің арманына қатты нанса, тұрмысқа зер салып карап, өзінің байқауларын өзінің ой қыялымен салыстырса және өзінің қыялын жүзеге асыруға жалпы адал ниетімен кірісіп жұмыс істесе, онда арман мен өмір шындығының сәйкессіздігі ешбір зыян келтірмейді. Арман мен тұрмыстың арасында сәл ғана бір жанасушылық болса, онда істің беті оңға баспақ»<sup>42</sup>.

Міне осы тәрізді армандар, бақытсыздығымызға қара біздің қозғалысымызда тым аз. Ал бұған — жарыясымен құпия «күйыршықтықтың» өздерінің салмақтылығына, өздерінің «нақтылыққа» біртабан «жақындығын» дандайсытын өкілдері бәрінен де гөрі көбірек кінәлі.

#### в) БІЗГЕ ҚАЙ ТҮРПАТТЫ ҰЙЫМ КЕРЕК?

Біздің «тактика-жоспарымыз» дереу шабуыл жасауға шақыруды мойындамау екені, «жаудың камалын дрыстап қоршап алуды» талап ету немесе басқаша айтқанда, барлық күштің тұрақты әскерді жыйнауға, ұйымдастыруға, жұмылдыруға жұмсалуды талап ету екені оқушы жоғарыда айтылғандардан көріп отыр. Біз «Рбочее Делоның» экономизмді тастай беріп, шабуыл тарапы айқай-шу көтеруге (бұл айқай-шу 1901 жылдың апрелінде ««Р. Дело» Листогінің» 6-номерінде көтерілген болатын) бір-ақ секіргені үшін күлгенімізде, оның біз

«доктринерлік» жасады, революциялық борышты түсінбеді, сақтыққа шақырды, т. с. деп кінәлап, бізді тарпа бассалғаны анық. Ешбір тұрлауы жоқ және терең мағналы «тактика-процеспен» жалтарып жүрген адамдардың аузынан мұндай кінәлаушылықтың шығуы, бізді, әрине, зәредей де таңқалдырған жоқ, сол сықылды, мұндай кінәлауды тегінде берік программалық, тактикалық тіректерді барынша жек көретін Надеждиннің қайталауы да бізді таңқалдырған жоқ.

Жұрт — тарих қайталамайды деседі. Бірақ Надеждин бар күшін салып тарихты қайталанатыны келеді және «революциялық мәдениеттілікті» сөгіп, «вече коңырауының дабылы» туралы, «революция қарсаңының» ерекше «көзқарасы», т. т. туралы айқай салып, бар ынтасымен Ткачевтің айтқандарын көшіріп бағады. Ол, сірә, тарихи оқығанын түп нұсқасы трагедия болса, оның көшірмесі өрескел масқаралық<sup>43</sup> қана болады деген әйгілі нақылды ұмытып отырса керек. Ткачевтің уағызымен дайындалған және «үрей ұшыратын», шынында да үрей ұшырған террор арқылы жүзеге асырылған өкіметті басып алу әрекеті өте көрнекті болған, ал кішкентай Ткачевтің «эксцитативтік» терроры жәй әншейін адам күлерлік нәрсе, орташаларды ұйымдастыру идеясымен толықтырғандағысы одан да бетер адам күлерлік нәрсе.

«Егерде «Искра» өзінің әдебиетшілдік арнасынан шыққан болса, — дейді Надеждин — онда ол, мұның өзі («Искраның» 7-номеріндегі жұмысшы хаты сыяқты т. с. оқығалардың өзі) өте таяу уақыттың ішінде «шабуыл» басталатындығының белгісі екенін көрген болар еді, сондықтан кәзір (sic!) жалпыорыстық газеттен жіпше шұбалып шығатын ұйым туралы сөз қылу, мұның өзі — кабинеттік ой-пікір мен кабинеттік жұмыстарды қоздата түскендік болады». Қараңыздаршы, бұл не деген адам айтқысыз шатасушылық: бір жағынан, жергілікті газет тәрізді «нақтылырақ» нәрсенің айналасына жыйналу «анағұрлым жақынырақ» деген пікірмен қатар эксцитативтік террор мен «орташаларды ұйымдастыру» дегенді айтады, — ал екінші жағынан, «кәзір» жалпыорыстық ұйым туралы сөз қылу дегеннің мәнісі кабинеттік ой-пікірді қоздатқандық болып табылады, яғни, тура, оңайлатып айтқанда, «кәзір» тым кеш қалдық дейді! Ал «жергілікті газеттерді кең түрде жолға қою» — бұл кеш емес пе, құрметті Л. Надеждин? «Искра-

ның» көзқарасы мен тактикасын осымен салыстырып қараңызшы: эксцитативтік террор — түкке тұрмайты нәрсе, нақ орташаларды ұйымдастыру туралы және жергілікті газеттерді *кең түрде* жолға қою туралы сөз қылу дегеннің мәнісі, экономизмге есікті шалқасына ашып беру деген сөз. Революционерлердің бірыңғай жалпыорыстық ұйымы туралы сөз қылу керек және о туралы сөз қылғанда қағаз жүзіндегі шабуыл емес шын шабуыл басталғанға дейін сөз қыла беру кеш болмайды.

«Рас, ұйым жөніндегі біздің істеріміз тым оңбай тұр, — дей мұнан соң Надеждин, — расында, «Искранын» соғыс күштерімізді негізгі көпшілігі ерікшілер мен көтерілісшілер дегені өте дұрыс. Біздің күштеріміздің күйін сіз дұрыс шамалайсыз, мұныңыз жақсы-ақ, бірақ сөйте тұрып тобырдың *әсте біздікі емес екенін*, сондықтан ол соғыс қыймылдарын қашан ашуды *бізден сұрамай*, «бүлік шығаруға» баратынын ұмытудың реті бар ма еді... Тобырды өзі өзінің стихиялы күйреткіш күшімен аттана қалса, ол, жұртты небойы төтенше системалы ұйым енгізбекші болып, бірақ енгізі *үлгірмеген «тұрақты әскерін» жапырып, кұртып жіберуі мүмкін* ғой». (Курсив біздікі.)

Ғажап логика! «Тобыр біздікі емес» *болғандықтан да*, дәл кәзір «шабуыл» туралы айқай салу ақылға сыймайтын және келіспейтін іс, өйткені шабуыл деген нәрсе тобырлардың стихиялы лап беруі емес, тұрақты әскердің ат қоюы. Тобыр тұрақты әскерді жапырып кұртып жібере *алатын* болғандықтан да, тұрақты әскерге «төтенше системалы ұйым енгізу» жөніндегі жұмысымыз арқылы стихиялық өрлеуге өзіміздің қалай да «ілесіп» отыруымыз қажет, өйткені біз, осындай ұйым шылдықты неғұрлым көбірек енгізіп «үлгірсек», тұрақты әскердің тобырдан жапырылмауы, қайта тобырдың алдына шығып, оны бастауы соғұрлым ықтимал нәрсе. Надеждиннің шатасып отырған себебі: оның ойынша бұл үздіксіз ұйымдастырылатын әскер өзін тобырда бөлектейтін бір нәрсемен шұғылданатын сыяқты, ал дұрысында тұрақты әскер істің барлық жағын қамтытатын салалы саяси үгітпен ғана шұғылданып отыр, яғни атап айтқанда сол тобырдың стихиялық күйреткіш күші мен революционерлер ұйымының саналы түрде қолданатын күйреткіш күшін *жақындастырып, бір жерге қосатын* жұмыспен шұғылданып отыр. Мырзалар, сізде ауру бастарыңыздың сақыйнасын сау басқа жүктырып отырсыздар ғой, өйткені «Свобода» тобының нақ өз

программаға террорды ендіріп, мұнысымен террористерді ұйымдастыруға шақырып отыр, ал мұндай ұйым біздің әскерімізді тобырмен жақындасудан шындап сырттатар еді; амал не, бұл тобыр әлі біздікі емес, бұл тобыр, амал не соғыс қыймылдарын қашан, қалай бастауды әлі де болса бізден сұрамайды немесе аз сұрайды.

Надеждин «Искраны» былай деп қорқыта түседі: «Өзіміз ойламаған жерден кез болған кәзіргі уақығаларды байқамай қалғанымыз сыяқты, революцияның өзін де байқай алмай қалармыз». Жоғарыда келтірілген сөздермен байланысты болған бұл сөз бізге «Свобода» ойлап шығарған «революция қарсаңының» ерекше «көзқарасы»\* дегеннің мағнасыз нәрсе екендігін көрсетеді. Егер турасынан айтсақ, ерекше «көзқарас» «кәзір» кенесуге де, дайындалуға да тым кеш қалдық дегенге тіреледі. «Әдебиетшілдіктің» құрметті дұшпаны-ау, егер олай болса, онда «теория\*\*» мен тактика мәселелері туралы» 132 баспа бет кітап жазудың не керегі бар еді? Сіз 132 мың табақтық кітап басып шығарып, «ұр оларды!» деп ұран тастау «революция қарсаңының көзқарасына» келісіп-ақ тұрар еді деп таппайсыз ба?

Кімде-кім өзінің программасының да, тактикасының да, ұйымдастыру жұмысының да маңдай алдына, «Искраның» істеп отырғанындай, жалпыхалықтық саяси үгітті қойса, нақ сол адамның революцияны байқамай

\* «Революция қарсаңы», 62-беті.

\*\* Дегенмен, «революция қарсаңының тұрғысынан қарағанда» өте қызық мынабір сөзін айтпасақ, Л. Надеждин өзінің «теория мәселелерін шолуында» теория мәселелері жөнінде дәнеме де айтпаған деуге болады; онысы мынау: «Бернштейншілдік тұтас алғанда кәзіргі кезеңде өзінің өткір сыйпатынан айрылып отыр, сол сықылды Адамович мырза, осы күннің өзінде-ақ Струве мырзаның сый белбеу аларлық қызмет сіңіргенін дәлелдей ме, немесе, мұның керісінше, Струве мырза Адамович мырзаның сөзін бекерлен, қызметтен кетуге көнбей ме, — мұның тіптен бәрібір, өйткені революцияның қолайлы мезгілі жақындап келеді» (110-беті). Л. Надеждиннің теория жөніндегі шексіз олақтығын бұдан гөрі айқынырақ етіп көрсету өте қиын болар еді. Біз «революция қарсаңын» жарыяладық — сондықтан ортодокстер сыншыларды бағытынан бір-жолата тайдыра ала ма, тайдыра алмай ма, «мұның тіптен бәрібір»!! Нақ революция кезінде сыншылардың практикалық бағыттарымен үзілді-кесілді күресу үшін, бізге сыншыларға қарсы жүргізілген теориялық күрестің нәтижелері керек болатындығын, біздің данышпанымыз байқамайды да!

қалу қаупі бәрінен де азырақ болады. Бүкіл Россияда жалпыорыстық газеттен таралып жатқан ұйымның жі- бін шыйратумен айналысып отырған адамдарды көк- темдегі оқыйғаларды байқамай қалмағаны былай тұр- сын, қайта, ол оқыйғаларды біздің күнібұрын болжауы- мызға мүмкіндік берді. Олар «Искраның» 13—14-но- мерлерінде суреттелген демонстрацияларды да байқа- май қалған жоқ: қайта, олар тобырдың стихиялық өр- леуіне жәрдем көрсетуге міндетті екендігін дереу мо- йындап, сонымен бірге газет арқылы бұл демонстрация- лармен танысуға, олардың тәжірибесін барлық орыс жолдастардың пайдалануына жәрдемдесіп, сол демон- страцияларға қатысып отырды. Олар тірі болса, рево- люцияны да байқамай қалмайды, бұл революция біз- ден ең алдымен және көбінесе үгіт жүргізу жұмысын- да тәжірибелі болуды, қарсылық атаулының бәрін де қолдай білуді (социал-демократтарша қолдай білуді), стихиялық қозғалысты достардың қатесінен де, дұшпан- дардың қақпанынан да сақтап, оған бағыт бере білуді керек қылады!

Сонымен біз ең соңғы пікірге келдік, бұл пікір бізден ортақ газетте бірлесіп жұмыс істеу арқылы жалпыорыс- тық газеттің төңірегіне ұйымдасу жоспарын барынша қостауды талап етеді. Тек осылай ұйымдасу ғана со- циал-демократиялық жауынгер ұйымға қажет *икемділік- ті* қамтамасыз етеді, яғни күрестің нағыз алуан-алуан және тез өзгертін жағдайларына дереу бейімделу қабілеттігін қамтамасыз етеді, «бір жағынан, күші ба- сым дұшпан өзінің барлық күшін бір жерге жыйнаған- да, онымен ашық майданда соғысудан бұлтара білер- ліктей, екінші жағынан, бұл дұшпанның орамсыздығын пайдаланып, шабуыл жасалады деп күтпеген жерінен, күтпеген кезінде оған шабуыл жасай білуді»\* қамтама-

\* «Искра», № 4: «Неден бастау керек?». — «Революция қарса- нының көзқарасын жақтамайтын революцияшыл мәдениетшілдерді жұмыстың ұзақтығы ешбір қынжылтпайды» деп жазады Надеждин (62-беті). Бұл жөнде біз мынаны ескертеміз: егер біз, өте ұзақ жұмысқа сөзсіз лайықталған және сонымен қатар осы жұмыстың барысының өзінде партиямыздың өз қызметінде болуын, күтпеген жағдайға кез болғанда да, оқыйғаның аяқ алысы қандай жылдам- даса да өз міндетін орындауын қамтамасыз ететін саяси тактика- ны, ұйымдастыру жоспарын жасап шығара алмасақ, онда біз күр- әншейін саясат жүзіндегі бишара авантюристер болып шығамыз. Социал-демократияның көздейтін мақсаты — бүкіл адамзаттың тұр-

сыз етеді. Партия ұйымын кұрғанда тек дүмпу мен көшедегі болатын күреске немесе тек «күнделікті қарапайым күрестің алға ұмтылған бет алысына» сеніп қана кұру орасан зор қате болар еді. Біз *әрдайым да* өзіміздің күнделікті жұмысымызды жүргізе беруге, әрдайым да барлық нәрсеге дайын болуға тиіспіз, өйткені дүмпу дәуірлерінің тыйыштық дәуірлерімен ауысуын күнібұрын болжау тіптен екінің бірінде мүмкін болмай шығады деуге болады, ал күнібұрын болжау мүмкін болған реттерде, ұйымды қайта кұру үшін бұл болжаумен пайдалана қоюға болмас еді, өйткені бұл ауысу, кейде патша янычарларының<sup>44</sup> бір түнгі шабуылымен байланысты болғандықтан, самодержавиелі елде керемет тез болады. Ал революцияның өзін әсте жалғыз-жарым болатын акты түрінде түсінбей (шамасы, Надеждинге осылай елестейтін болса керек), азды-көпті күшті дүмпудің немесе азды-көпті күшті тыйыштықтың бірнеше тез ауысулары түрінде түсіну керек. Сондықтан біздің партия ұйымы қызметінің негізгі мазмұны, бұл қызметтің сыры, нағыз күшті дүмпу дәуірінде де, толық тыйыштық дәуірінде де әрі мүмкін, әрі керек жұмыс болуға тиіс, атап айтқанда: бүкіл Россия көлемінде біріктірілген, тұрмыстың барлық жақтарын ашып көрсететін және нағыз қалың бұқараға бағытталған саяси үгіт жұмысы болуға тиіс. Ал бұл жұмыс кәзіргі Россияда өте жиі шығып тұратын жалпыорыстық газетсіз мүмкін емес. Осы газеттің айналасында өзінен өзі кұрыла бастайтын ұйым, газет қызметкерлерінің (сөздің кең мағнасында, яғни оған барлық еңбек сіңірушілердің) ұйымы революцияның аса «қысым көрген» кезінде партияның намысын, беделін және сабақтастылығын сақтап қалудан бастап, *бүкіл халықтың қарулы көгерілісін* дайындауға, тағайындауға және жүзеге асыруға дейін *бәрине де* дайын болады.

Шынында да, бізде мүлде үйреншікті болып кеткен бір немесе бірнеше өлкедегі толық сәтсіздікке ұшырау ретін алып қараңызшы. *Барлық* жергілікті ұйымдардың ұдайы жүргізіп отыратын бір ортақ ісі болмағанда, мұндай сәтсіздік көп айлар бойы жұмысты үзіп тастап

---

мыс жағдайларын негізінен өзгерту екендігін, сондықтан жұмыстың ұзақтығына байланысты мәселеге «қынжылу» социал-демократқа келіспейтін іс екенін, өзін тек кешеден бері социал-демократ деп атай бастаған Надеждин ғана ұмыта алады.

отырады. Ал барлығының да ортақ жұмысы болса, — тіптен қатты сәтсіздікке ұшырағанда да, кәзірдің өзінде-ақ өте жылдам туатын жастар үйірмелерін жалпы орталықпен байланыстыру үшін, жігерлі екі-үш адамның бірнеше жеті жұмыс істеуі-ақ жеткілікті болар еді; — ал сәтсіздікке ұшырап, жолы болмай жүрген осы жалпыға ортақ іс жұрттың бәрінің көз алдында болса, онда жана үйірмелер одан да гөрі жылдам туып, жалпы орталықпен тез байланыса алады.

Екінші жағынан, халық көтерілісін алып қараңыз. Кәзіргі кезде, ол көтеріліс туралы ойлап, соған дайындалуға тиіс екендігімізге жұрттың бәрі де қосылар деймін. Бірақ қалай дайындалу керек? Көтерілісті дайындау үшін Орталық Комитет барлық жерлерге агенттер белгілей алмайды ғой? Бізде Орталық Комитет болған күнде де, орыс елінің кәзіргі жағдайларында оның агенттер тағайындаумен тіпті ешнәрсеге қолы жетпес еді. Қайта, ортақ газетті жолға қою, тарату жөніндегі жұмыс үстінде өзінен өзі қурылатын агенттер\* тобы көтеріліске шақыратын ұранды «күтіп, қарап отыра беруге» тиіс болмас еді, көтеріліс бола қалған күнде өзінің табысқа жетуіне көбірек сенім туғызатын тұрақты жұмыс істер еді. Нақ осындай жұмыс жұмысшылардың нағыз қалың бұқарасымен де, самодержавиеге наразы топтардың бәрімен де байланысты нығайтқан болар еді, көтеріліс үшін мұның өте зор маңызы бар. Жалпы саяси халді дұрыс бағалау қабілеті, олай болса, көтеріліс үшін қолайлы мезгілді тандап алу қабілеті нақ осындай жұмыстың үстінде жасалар еді. Нақ осындай жұмыс,

---

\* Әттегене-эй: Мартыновтардың демократиялық құлағын жарып жіберетін «агент» деген бұл сұмдық сөз тағыда аузымнан шығып кетті-ау! Таңым бар: бұл сөз 70-жылдардағы дана адамдарды ренжітпегенде, 90-жылдардағы майдагерлерді неліктен ренжітеді екен? Бұл сөз маған ұнайды, өйткені, ол сөз барлық агенттердің өз ойы мен қыймылын бағындыратын жалпыға ортақ істі ашық, айқын көрсетеді, ал егер бұл сөзді бөтен сөзбен ауыстыру керек болса, онда мен, тек қана «қызыметкер» деген сөзге тоқталар едім, бірақ ол сөздің аздаған әдебиетшілдік, аздаған көмескілеу сарыны бар десіп жүр. Ал бізге керегі агенттердің әскери ұйымы. Дегенмен, «өзара біріне-бірі генерал атағын берумен» айналысуды тәуір көретін толып жатқан (әсіресе шет елдердегі) Мартыновтардың «паспорт бөлімінің агенті» деудің орнына — революционерлерді «паспортпен қамтамасыз ету бөлімінің бас начальнигі», т. е. деп айтуларына да болады.



бүкіл Россияны тынышсыздандырып отырған белгілі бір саяси мәселелерге, сондай жағдайлар мен оқығаларға бір уақыт ішінде үн қосуға, бұл «оқығаларға» мүмкін болғанынша жігерлірек, мүмкін болғанынша бірыңғай, қолайлырақ жауап беруге барлық жергілікті ұйымдарды үйретер еді, — ал көтерілістің өзі, асылына келгенде, бүкіл халықтың үкіметке нағыз жігерлі, нағыз бірыңғай, нағыз қолайлы түрде «жауап» беруі ғой. Нақ осындай жұмыс, ақыр аяғында, Россияның барлық жерлеріндегі барлық революциялық ұйымдарға партияның *іс жүзіндегі* бірлігін жасайтын нағыз тұрақты, сонымен бірге нағыз астыртын қатнастар жүргізуді үйретер еді, — ал мұндай қатнасыз көтерілістің жоспарын бірлесіп талқылау, көтерілістің қарсаңында өте құпия ұсталуға тиіс қажетті дайындық шараларын қолдану деген мүмкін емес.

Қысқасы, «жалпыорыстық саяси газеттің жоспары» доктринерлік пен әдебиетшілдік ауыруына шалдыққан адамдардың кабинеттік жұмысының жемісі (жоспарды жете ойламаған кісілерге осылай болып көрінді) болып табылмайтыны былай тұрсын, қайта, ол жоспар күнделікті тұрмыстағы өзінің шұғыл жұмысын да ұмытпай отырып, көтерілісті барлық жағынан бірдей бастаудың және оған кәзірдің өзінде-ақ дайындалудың нағыз практикалық жоспары болып табылады.

---

## ҚОРТЫНДЫ

Орыс социал-демократиясының тарихы көрнеу үш дәуірге бөлінеді.

Бірінші дәуір — оншақты жылды, шамамен айтқанда 1884—1894 жылдарды қамтыйды. Бұл дәуір социал-демократияның теориясы мен программасының туып және беку дәуірі болды. Ол кезде жаңа бағытты жақтаушылардың саны Россияда бірен-саран ғана еді. Социал-демократия ол кезде жұмысшы қозғалысынсыз өмір сүрді, саяси партия ретінде кұрсақта жатып даму процесін басынан кешірді.

Екінші дәуір үш-төрт жылды, 1894—1898 жылдарды қамтыйды. Бұл дәуірде социал-демократия қоғамдық қозғалыс болып, халық бұқарасының өрлеуі болып, саяси партия болып жарық дүниеге келеді. Бұл дәуір — социал-демократияның балалық дәуірі мен ержетіп келе жатқан дәуірі еді. Бұл дәуірде интеллигенцияның халықшылдықпен күресуге және жұмысшылардың арасына барып жұмыс істеуге шетінен әуестенуі, жұмысшылардың стачкалар жасауға шетінен әуестенуі жүкпалы аурудай тез жайылып, етек алады. Қозғалыс орасан зор табыстарға жетеді. Басшылардың көпшілігі — Н. Михайловский мырзаға пәлендей бір табиғи мөлшер сықылды болып көрінген «отызбес жастың» қарасын да көрмеген тіптен жас адамдар еді. Өздерінің жастығының арқасында, олар практика жүзіндегі жұмысқа шалағай болып отырды және іс майданынан өте тез шығып қалып отырды. Бірақ олардың жұмысының кұлашы көбіне өте кең болды. Олардың көбі революциялық пікір білдіргенде народоволяшылар сыяқты білдіре бастады.

Бұлардың бәрі дерлік өте жас кезінде террордың батырларына есі кетіп, бас иетін еді. Бұл батырлық дәстүрдің ұнамды әсерінен бас тарту күреспен түсіп отырды, қалай да Народная воляның жолынан тайғысы келмеген және жас социал-демократтар қатты құрметтеген адамдармен ажырастырып отырды. Күрес оларды үйренуге, барлық бағыттағы құпия шығармаларды оқуға, жарыя халықшылдық мәселелерін қатты қолға алып қарастыруға мәжбүр етті. Осы күресте тәрбиеленген социал-демократтар жұмысшы қозғалысына араласты, араласқанда, өздерінің шамшырақтай көзін ашқан марксизм теориясын да, самодержавиені құлату міндетін де «бір минутке» ұмытпады. 1898 жылы жазғытұрым партияның құрылуы бұл дәуірдегі социал-демократтардың ең көрнекті, сонымен қатар ең соңғы ісі болды.

Үшінші дәуір, жоғарыда өзіміз көргендей, 1897 жылы дайындалып, 1898 жылы (1898 — ?) екінші дәуірдің орнын түпкілікті басады. Бұл дәуір — ыдырау, іру, ауытқу дәуірі еді. Адамның ержете бастағанда даусы бұзылады ғой. Міне осы дәуірдегі орыс социал-демократиясының даусы да бұзыла бастады, — бір жағынан, Струве және Прокопович, Булгаков және Бердяев мырзалардың шығармаларында, екінші жағынан — В. И.-мен Р. М.-ның, Б. Кричевский мен Мартыновтың шығармаларында жалған дауыс естіле басталды. Бірақ, іріп берекесі кеткен, аяғын кері басқан тек басшылар ғана еді: қозғалыстың өзі өсе берді, алға қарай қарыштап қадам баса берді. Пролетарлық күрес жұмысшылардың жаңа топтарын қамтып, бүкіл Россияға таралды, сонымен қатар студенттердің және халықтың басқа топтарының демократиялық рухын жандандыруға да жанамаалап әсер етті. Ал басшылардың саналылығы стихиялық өрлеудің көлемділігі мен күшінің алдында бас иді; енді социал-демократтардың ішінде басқа бір беталыс — «жарыя» марксистік әдебиеттің жалаң бір өзімен ғана тәрбиеленген дерлік басшылардың беталысы басым болып шықты, ал бұқараның стихиялылығы басшылардың саналылығын неғұрлым көбірек талап еткен сайын, ондай әдебиет соғұрлым жеткіліксіз болды. Басшылар теория жөнінде де («сын бостандығы»), практика жөнінде де («майдагерлік») артта қалып қойғандығымен тұрмай, өздерінің сол артта қалғандығын әртүрлі

бояма дәлелдермен қорғауға да тырысты. Жарыя әдебиеттің брентанистері де, кұпыя әдебиеттің кұйыршықтары да социал-демократизмді тред-юнионизм дәрежесіне дейін төмендетіп жіберді. «Credo» программасы, әсіресе социал-демократтардың «майдагерлігі» социал-демократиялық емес революциялық бағыттарды жандандырған кезде жүзеге асырыла бастады.

Ал егер, оқушы мені қайдағыбір «Рабочее Дело» дегенмен тым көп шұғылданғаным үшін жазғыратын болса, мен бұған былай деп жауап беремін: «Рабочее Делоның» «тарихи» маңыз алған себебі, ол осы үшінші дәуірдің «рухын» бәрінен де айқын көрсетіп отыр\*. Тұрлаусыз Р. М., атап айтқанда тұрақтылығы жоқ Кричевскийлер мен Мартыновтар ыдыраушылық пен ауытқушылықты нағыз айқын көрсете алды, «сынға» да, «экономизмге» де, терроризмге де жол беруге өздерінің дайын екенін көрсете алды. Бұл дәуірдің өзгешелігі — «абсолютке» кейбір бас июшілердің практикаға кеудесін керіп, елемей карағандығы емес, қайта ұсақ практицизмнің теориядағы барып тұрған бейкамдықпен қосылып кеткендігі. Бұл дәуірдегі батырлардың «Ұлы сөздерді» мойындамаумен шұғылдануынан гөрі сол сөздерді тура бұзумен шұғылдануы басым болды: бұл дәуірдеғылыми социализм тұтасбір революциялық теория болудан қалып, қойыртпаққа айналды, бұл қойыртпаққа немістің әрбір жаңа оқу кұралындағы сұйық нәрсені алып «емін-еркін» қоса беретін болды; «тап күресі» деген ұран бірден бірге кұлашты неғұрлым кең сермеп, жігермен іс істеуге алға қарай ұмтылтпады, қайта жұртты бейкамдыққа салудың кұралы болды, өйткені «экономикалық күрес саяси күреспен тығыз байланысты» ғой; партия идеясы революционерлердің жауынгер ұйымын кұруға шақыру ұраны бола алмады, қайта қайдағыбір «революциялық кеңсешілдік» дегенді және «де-

---

\* Мен бұл арада неміс мақалымен де жауап берген болар едім: *Den Sack schlägt man, den Esel meint man*, яғни орысша айтқанда: кошку бьют, невестке поветки дают — қызым саған алтам, келінім сен тыңда — деген сөз. Жалғыз «Рабочее Дело» емес, практиктер мен теоретиктердің қалың көпшілігі де сән болып кеткен «сынмен» әуестеніп алды, стихиялық мәселесі жөнінде шатасып, біздің саяси және ұйымдастыру міндеттерімізді социал-демократиялық мағнада түсінуден тайып, тред-юниондық мағнада түсініп келді.

мократиялықтың» формаларды баланың ойыншығына айналдыруды актауға жұмсалды.

Үшінші дәуірдің қашан аяқталып, төртінші дәуірдің қашан басталатындығын (қалайда мұның кәзір бірсыпыра белгілері сезіліп келеді) — біз білмейміз. Біз енді бұл арада тарих саласынан шығып кәзіргі дәуірде, шінара болашаққа көшеміз. Ал біз мынаған қатты сенеміз, төртінші дәуір жауынгер марксизмнің нығайып бекуіне жеткізеді, орыс социал-демократиясы дағдарыстан нығайып, күшейіп шығады, оппортунистер арьергардының «орнын» ең революцияшыл таптың шын алдыңғы қатарлы отряды басады.

Оппортунистер арьергардының «орнын» басуға шақыру мағнасында айтқанда және жоғарыда айтылғандардың бәрін бір жерге қорытып айтқанда, не істеу керек? деген сұрауға біз былай деп қысқаша жауап береміз:

Үшінші дәуірді жою керек.

---

«ИСКРАНЫ» «РАБОЧЕЕ ДЕЛОМЕН»  
БІРІКТІРУ ӘРЕКЕТІ

Енді бізге «Искраның» ұйымдастыру мәселесінде «Рабочее Дело» жөнінде ұстаған және бұлжытпай жүргізіп келген тактикасын суреттеп өту ғана қалады. Бұл тактика «Искраның» 1-номерінде-ақ «Орыс социал-демократтарының Шетелдік одағының екі бөлінуі»\* туралы деген мақалада толық айтылған. Біз бірден-ақ, біздің партияның бірінші съезінде оның шет елдегі өкілі деп танылған «Орыс социал-демократтарының Шет елдегі одағының» өзі екі ұйымға бөлінді деген көзқараста болдық; — Париждағы халықаралық конгресте түпкілікті Халықаралық социалистік бюроға, екіге бөлінген «Одақтың» әрқайсысынан бір мүшеден Россиядан екі мүше сайланып, партияның өкілдігі жөніндегі мәселе тек уақытша, шартты түрде ғана шешіліп, оның біржолатта шешілуі ашық қалады дегенбіз. Біз, шынында «Рабочее Делоның» бағыты *дұрыс емес* дедік, біз принцип жөнінде «Еңбекті азат ету» тобын қатты жақтадық, бірақ сонымен қатар, екіге бөліну мәселесінің егжей-тегжейін қазбалап жатпай, одақтың таза практикалық жұмыс жөніндегі сіңірген еңбегін атап көрсеттік\*\*.

Сонымен біздің позициямыз белгілі дәрежеде істің ақырын күту болды: біз экономизмнің нағыз барып тұр-

---

\* Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 4-том, 398—399-беттері. *Ред.*

\*\* Екіге бөлінуді бұлайша бағалауға негіз болған нәрсе тек әдебиетпен танысқандық қана емес, сонымен қатар біздің ұйымның шет елде болған кейбір мүшелерінің сонан жыйнап әкелген мәліметтері де негіз болды.

ған дұшпандарының өзі де «Одақпен» қол ұстасып жұмыс істей алады деген орыс социал-демократтарының көпшілігінің арасында үстем болып жүрген пікірге кеңшілік бердік, өйткені «Одақ», теория мен тактиканың негізгі мәселелерінде өзіне дербес бет ұстағысы келмегенсіп, өзінің «Еңбекті азат ету» тобымен принцип жағынан бірауыздылығын талай рет мәлімдеген болатын. Біздің ұстаған позициямыздың дұрыстығын бір жағынан дәлелдеген нәрсе — «Искраның» бірінші номері шығысымен-ақ (декабрь, 1900) «Одақтан» оның үш мүшесі бөлініп шықты, бұлар «инициаторлар тобы» деген топ құрды да, келістіру туралы сөз жүргізу үшін араға жүреміз деп: 1. «Искра» ұйымының шетелдік бөліміне, 2. «Социал-демократ» деген революцияшыл ұйымға және 3. «Одаққа» ұсыныс жасады. Алғашқы екі ұйым бұған бірден ырзалығын білдіріп жауап берді, үшінші ұйым ұсынысты қабыл алмады. Рас, өткен жылғы «бірігу» съезінде бір шешен бұл фактыны баяндап шыққан кезде, «Одақ» басқармасының бір мүшесі: инициаторлар тобының құрамына «Одақ» наразы еді, әлгі ұсынысты қабылдамаудың себебі тек қана содан еді дегенді айтты. Мен олардың бұл түсінігін келтіруді өзімнің борышым деп санап, бірақ мен ол түсініктің қанағаттанғысыз екенін ескертпей кете алмаймын: келіссөз жүргізуге әлгі екі ұйымның ырза екенін білгеннен кейін, «Одақ» ол ұйымдармен басқа біреу арқылы да немесе тура өзі де сөйлесе алатын еді ғой.

1901 жылдың көктемінде «Заря» да (№ 1, апрель), «Искра» да (№ 4, май)\* «Рабочее Делоға» қарсы тура айтысқа шықты. «Искра» «Рабочее Делоның» «Тарихи бетбұрысын» ерекше қатты сөкті, «Рабочее Дело» өзінің *апрельдегі* листогінде, демек, көктемдегі оқыйғалардан кейін де, террорға және «қан төгуге» шақыруға әуестену жөнінде тұрақсыздық көрсетті. «Одақ», бұл айтысқа қарамастан, «келістірушілердің» жаңа тобы арқылы келістіру туралы сөз жүргізуді қайтадан бастауға ырзалық білдірді. Жоғарыда аталған үш ұйымның өкілдерінің бас қосқан дайындық конференциясы июнь айында болды, конференция мейлінше толық «принциптік келісім» негізінде шарт жобасын жазып шығарды, ол келісімді «Одақ» «Екі съезд» деген кітапшада, ал Лига

\* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар. казакша 5-т. 1—13-беттері. Ред.

«Бірігу» съезінің документтері» деген кітапшада басып шығарды.

Жалпы оппортунизм атаулының, соның ішінде орыс оппортунизмінің белгі беруінің қандайына болса да барынша үзілді-кесілді қарсы шығу бірігудің ең керекті шарты болсын деп ұсынғанымызды әлгі принциптік келісімнің (немесе екінің бірінде жұрттың атап жүргеніндей июнь конференциясы қарарларының) мазмұны әбден айқын көрсетеді. Оның 1-пунктінде былай делінген: «Біз пролетариаттың таптық күресіне оппортунизмді енгізу әрекеттерінің бәріне де, әрекет болғанда — экономизм, бернштейншілдік, мильеранизм дейтіндерден, т. с. көрінетін әрекеттердің бәріне де мүлдем қарсымыз», «Революцияшыл марксизм дұшпандарының барлығына қарсы идеялық күрес жүргізу... социал-демократияның істейтін жұмысы болып табылады» (4, с); «Орыс пролетариатының таяудағы міндеті — самодержавиені құлату екенін социал-демократия өзінің ұйымдастыру-үгіт жұмыстарының барлық тарауларында бір минут те естен шығармауға тиіс» (5, а); ...«үгіт жалдамалы еңбектің капиталға қарсы күнделікті күресіне негізделіп қана қоймауы керек» (5, в); ...«таза экономикалық күрестің және жеке саяси талаптар үшін жүргізілетін күрестің өз алдына кезеңі болады... дегенді теріс деп табымыз» (5, с); ...«қозғалыстың төменгі түрлерінің қарапайымдығын... және тар өрістілігін... принципке айналдырушы ағымдарды сынға алуды қозғалыс үшін маңызды нәрсе деп санаймыз» (5, d). Бұл қарарларды онша-мұнша көңіл қойып оқып шыққан тіпті мүлде бөгде адам да олардың тұжырымдалып айтылуының өзінен-ақ, бұл қарарлардың оппортунист, «экономист» болған адамдарға қарсы бағытталғанын, самодержавиені құлату міндетін бір минут те болсын ұмытқан адамдарға, кезең теориясын мойындап, тарөрістілікті, т. с. принципке айналдырған адамдарға қарсы бағытталғанын көреді. Ал «Еңбекті азат ету» тобының, «Заряның» және «Искраның» «Р. Делоға» қарсы жүргізген айтысымен онша-мұнша таныс адам да бұл қарарлардың, атап айтқанда «Рабочее Делоның» нақ сол адасқандықтарын пункт-пунктімен тізіп теріске шығаратындығына еш бір күмәнданбайды. Сондықтан, «бірігу» съезінде «Одақ» мүшелерінің біреуі «Р. Делоның» 10-номеріндегі макалалардың шығуына себеп болған нәрсе — «Одақтың»



жаңадан «тарихи бетбұрыс» жасағандығы емес, қарарлардың тым «абстрактылы»\* болғандығы дегенде, — бір шешеннің мұны мазақтап күлгені әбден орынды еді. Қарарлардың абстрактылы еместігі былай тұрсын, — деп жауап берді шешен, — қайта соншалықты нақты анық жазылған: бұл арада «біреулердің қолға түсірілгенін» көру үшін, ол қарарларға көз жіберудің өзі-ақ жеткілікті.

Бұл соңғы сөз съезде бір қызық оқығаның шығуына себеп болды. Бір жағынан, Б. Кричевский «қолға түсірілді» деген сөзге жабыса кетіп, мұның өзі біздің тарапымыздан жаманшылық ойды («тұзақ кұруды») көрсететін байқамай айтыла салынған сөз деп түсініп, — «Атап айтқанда мұнда қолға түсірілген кім екен, кімді қолға түсіріпті?» деп, өршелене түсті. — «Я, бәсе кімді?» деп кекете сұрау қойды Плеханов. — «Плеханов жолдас аңғармай отырған болса, мен оған болысайын, мен оған түсіндірейін: бұл жерде «Рабочее Делоның» редакциясын қолға түсірген (ду күлкі). Бірақ біз қолға түскеміз жоқ!» деп жауап берді. Б. Кричевский (сол жақтан біреу: олай болса сізге онан бетер жаман болғаны ғой! — деді). — Екінші жағынан, «Күрес» тобының (келістірушілер тобының) бір мүшесі «Одақтың» қарарларға кіргізбекші болған түзетулеріне қарсы шығып, біздің әлгі шешенді қорғағысы келіп, «қолға түсірілді» деген сөз айтыстың қызуымен байқаусызда ауыздан шығып кеткен болу керек, деді.

Ал менің ойымша, осы талқыға түсіп отырған сөзді айтқан шешенге мұндай «қорғаудан» жеңілдік бола қоймас деймін. Менің ойымша, «біреулер қолға түсірілген» деген сөз «қалжың ретінде айтылса да, ойланып айтылған»: біз әрдайым да «Рабочее Делоның» тұрақсыздық етіп, ауытқып отырды деп кінәлап келдік, сондықтан да бұдан былай ауытқушылыққа мүмкіндік бермеу үшін, әрине, оны қолға түсіруге тырысуымыз керек болды. Жаманшылық ой жөнінде бұл арада сөз де болуы мүмкін емес еді, өйткені бұл арада әңгіме принциптік тұрақсыздық жөнінде болған еді. Ал біз «Одақты» «қолға түсіргенде», жолдастық ретімен «түсіргеніміз» сонша\*\*, тіпті июнь қарарларына Б. Кричевскийдің өзі

---

\* Бұл пікір «Екі съезд» деген жыйнақта тағыда қайталанды. 25-бетінде.

\*\* Атап айтқанда: біз июнь қарарларындағы кіріспе сөзде ба-

және «Одақ» басқармасының тағы бір мүшесі қол қойған болатын.

«Р. Делоның» 10-номеріндегі мақалалары (бұл номерді біздің жолдастар съезге келгеннен кейін ғана, мәжіліс басталудан бірнеше күн бұрын ғана көрді) жаз бен күздің арасында «Одақта» жана бетбұрыс болғанын айқын көрсетті: экономистер тағыда үстемдік алды, сондықтан көрінген «лепке» еріп кете беретін редакция тағыда «нағыз барып тұрған бернштейншілдер» мен «сын бостандығын» қорғауға кірісті, «стихиялылықты» қорғауға кірісті және Мартынов арқылы біздің саяси ықпалымыздың өрісінің «тарылу теориясын» уағыздауға кірісті (ықпал жүргізудің өзін бейнебір қыйындаған тәрізді етіп көрсетті). Оппортунисті қандай формуламен болса да қолға түсіру қыйын: оның формула *атаулының бәріне* қол қоюы да оңай, одан тайып шығуы да оңай, өйткені қандай да болса белгілібір анық, берік принциптің болмауы оппортунизмнің белгісі болып табылады деп Парвустың тауып айтқан сөзі бұл арада тағыда расталды. Бүгін оппортунистер оппортунизмді енгізу әрекеттерінің *бәріне де қарсы* болады, тар өрістіліктің *қандайына болса да* қарсы болады, «самодержавиені кұлатуды бір минут те ұмытпаймыз», «жалдамалы еңбектің капиталға қарсы күнделікті күресінің негізінде ғана үгіт жүргізіп қоймаймыз», т. т. деп, салтанатты түрде уәде береді. Ал ертең олар сөз амалын өзгерте қояды, стихиялылықты, карапайым, күнделікті күрестің алға ұмтылған беталысын қорғаған болып, қолға

---

лай дегенбіз: орыс социал-демократиясы бүтіндей алғанда әрдайым да «Еңбекті азат ету» тобының принциптеріне табан тіреп келді, ал «Одақтың» сіңірген еңбегі, әсіресе оның кітап шығару, ұйымдастыру жұмысын жүргізгендігі дегенбіз. Басқаша айтқанда, біз бұрынғы болғандардың бәрін кешіріп, біздің «Одақтағы» жолдастар өзіміз соңына түсіп, «қолға түсіреміз» деп жүрген өздерінің ауытқуларын біржола тоқтататын *болған күнде* олардың жұмысын (істің мүддесі үшін) пайдалы деп тануға бүтіндей дайын екендігімізді білдірдік. Июнь қарарларын оқыған әрбір әділ адам ол қарарларды тек осы мағнада ғана түсінеді. Ал егер «Одақ» ендігі жерде, өзінің қайтадан экономизмге бет бұруы арқылы (10-номеріндегі мақалалар мен түзетулерде) ажырасу *туғызып* отырғаннан кейін, өзінің сіңірген еңбектері жөнінде біздің әлгіде айтқан сөздеріміз үшін, сіздер өтірік айтып отырсыздар («Екі съезд», 30-беті) деп бізді сәулетпен кінәлайтын болса, онда, әрине, бұлай кінәлау тек кісінің күлкісін ғана келтіреді.

Істарлықтай нәтижелер беретін талаптарды, т. с. көгермелеген болып, ескі әдетін қайта бастайды. «Одақ» 10-номердегі мақалаларда «конференцияның жалпы принциптерін бұзарлықтай ешбір өрескел шегінгендік бар деп санаған емес және санамайды да» («Екі съезд», 26-беті) деген сөзін қоймауымен, «Одақ» алауыздықтың мәнісін мүлде түсінбейтіндігін немесе түсінгісі келмейтіндігін көрсетеді.

«Рабочее Делоның» 10-номері шыққаннан кейін бізге жалғыз-ақ жол қалды: әлгі мақалаларға және өзінің редакциясына бүкіл «Одақ» түгелімен қосыла ма екен, міне осының анығына жету үшін жалпы айтыс ашуымыз керек болды. «Одақ» біздің мұнымызға өте наразы болып, бізді «Одақ» ішіне іріткі салғысы келеді, біреудің жұмысына қол сұққысы келеді, т. т. деп айыптай бастады. Бұлай деп айыптауы мүлде орынсыз, өйткені тіпті болмашы жел болса да соның ыңғайына қарай «ұйтқып» отыратын, сайланып қойылатын редакцияда істің бәрі де желдің соғатын бағытына қарай ыңғайланады, ал ол бағытты біз жабық мәжілістерде анықтадық, ол мәжілістерде бірігуге жыйналған ұйымдардың мүшелерінен басқа ешкім де болған жоқ. Июнь қарарларына «Одақ» түзетулер енгізген соң, келісімге келерміз деген ең соңғы үмітімізден айрылдык. Бұл түзетулер экономизмге қарай жаңадан бетбұрушылық бар екенін, «Одақтың» көпшілігінің «Рабочее Делоның» 10-номеріне қосылатындығын документ жүзінде дәлелдеді. Оппортунизмді бейнелейтін белгілерінің ішінен «экономизм деп аталынатын» нәрсе сызып тасталынды (оның себебі бұл үш сөздің «мағнасының анық болмағандығынан» тәрізді, — бұлай деп дәлелдеуден: кең өріс алған адаушылықтың мағнасын неғұрлым дәлдеп анықтау қажет деген қортынды шығатын болса да, оған қарамады), «мильеранизм» де (Б. Кричевский оны «Рабочее Делоның» 2—3-номерінде де, 83—84-беттерінде, әсіресе «Vorwärts-те»\* жақтаса да, бұған қарамастан) сызып тасталынды. Июнь қарарлары социал-демократияның міндеті — «саяси, экономикалық және әлеуметтік езудің барлық түрлеріне қарсы пролетариаттың жүргізген кү-

\* «Vorwärts-те» бұл мәселе жөнінде оның кәзіргі редакциясының, Каутскийдің және «Заряның» арасында айтыс басталды. Біз орыс оқушыларын бұл айтыспен таныстырудан қашпаймыз<sup>46</sup>.

ресінің *барлық* көріністеріне де басшылық ету» екенін айқын көрсетсе де, сөйтіп күрестің бұл көріністерінің бәрін де жоспарға салып, оны бір жерден шығаруды талап етсе де, бұған қарамастан, «Одақ» бұл қарарларға «экономикалық күрес бұқаралық қозғалыстың күшті қозғаушысы болып табылады» деген тіптен артық сөздерді қосты (өзін жеке алғанда бұл сөздер талас туғызбайтын сөздер, бірқатар өрісті «экономизм» өмір сүріп тұрғанда бұл сөздер теріс түсінушілікке себеп болмай қоймайды). Ол ол ма, әрі «бір минут те» (самодержавие-ні құлату міндетін ұмытпау керек) деген сөзді алып тастау арқылы, әрі «экономикалық күрес — бұқараны белсенді саяси күреске тартудың *ең көп* қолданылатын құралы» деген сөздерді қосу арқылы, июнь қарарларына тіптен «саясатты» тура *тарылтатын* нәрселер енгізілді. Әрине, мұндай қосымшалар енгізілгеннен кейін, экономизмге қайтадан бет бұрып, ауытқый беруге ерікті болу үшін өзіне жол ашқан адамдармен бұдан былай келіссөз жүргізуден түк пайда жоқ деп тауып, біздің жақтың шешендерінің бірінен соң бірі сөйлеуден бас тарта бастағаны түсінікті нәрсе.

««Одақтың» болашақ келісімінің берік болуы үшін *Sine qua non\** деп санаған шартын, яғни «Рабочее Делоның» өзінің дербес бағыты болсын және оның автономиялы болуы сақталсын деген шартын, — дәл осыны «Искра» келісу жолына қойылған кедергі тас деп санады» («Екі съезд», 25-беті). Бұл тіптен дәл айтылмаған сөз. «Р. Делоның» автономиясына біз еш уақытта да қол сұққанымыз жоқ\*\*, Егер дербес бағыт деп теория мен тактиканың принциптік мәселелерінде «дербес бағыттың» болуын түсінетін болса, онда біз «Рабочее Делоның» ондай дербес бағытының болуына *сөзсіз қарсы болдық*: атап айтқанда июнь қарарлары мұндай дербес бағыттың болуына сөзсіз қарсы болды, өйткені, мұндай «дербес бағыт» болған жерде, іс жүзінде, тағыда ескертеміз, қашан да болса нешетүрлі ауытқушылықты көрсетті, бізде етек алған, партия жөнінде тө-

---

\* сөзсіз қажетті. *Ред.*

\*\* Егер біріккен ұйымдардың жоғарғы ортақ советін құруға байланысты өткізілген редакциялық кеңестерді автономияға қысым жасағандық деп санамаған күнде оның автономиясына қол сұққанымыз жоқ, бірақ бұл кеңестерді шақыруға июньде «Рабочее Делоның» өзі де ырзалық берген болатын.

зуге болмайтын ыдыраушылықты осындай ауытқу арқылы қолдап отырушылық бар деген сөз. («Рабочее Дело» 10-номеріндегі мақалаларында және өзінің «түзетулерінде» өзінің нақ осындай дербес бағыты болуын сақтағысы келгендігін ашық көрсетті, ал оның бұл ниеті, әрине, ажырастырмай және соғыс жарыялатқызбай қоймады. Алайда бұл дербес бағытты оның белгілі бір әдебиет қызметін атқару мен шұғылдануы маңнасында түсінетін болсақ, онда «Рабочее Делоның» дербес бағыты болуын біз бәріміз де мойындауға дайын едік. Бұл қызметтерді қалай дұрыстап бөлу керек екендігі өзінен өзі көрініп тұр, олар: 1. ғылыми журнал, 2. саяси газет және 3. жұртқа түсінікті жыйнақтар мен жұртқа түсінікті кітапшалар шығару. «Рабочее Делоның» қызметі осылай бөлісуге ырзалығын беруі ғана, июнь қарарлары қарсы жұмсалған өзінің адасушылығынан оның біржолата шынымен қол үзгісі келетіндігін көрсетер еді, қызметті тек осылай бөлісу ғана арада егес шығу мүмкіндігінің бәрін де жойып, келісімнің баянды болуын нағыз іс жүзінде қамтамасыз етер еді, сонымен қатар қозғалысымыздың жаңадан өрлеуіне, оның жаңа табыстарға жетуіне негіз болар еді.

Революциялық бағыттың оппортунистік бағыттан үзілді-кесілді ажырасуы «ұйымдастыру» мәселесіндегі пәлендейбір жағдайлардан болмай, атап айтқанда, оппортунистердің оппортунизмнің дербес бағытын нығайтқысы келетіндігінен және Кричевскийлер мен Мартыновтардың байымдаулары арқылы жұртшылықты шатастыра бергілері келетіндігінен болғандығына көзір бірде-бір орыс социал-демократы күмәндана алмайды.

---

## «НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?»-КЕ АРНАЛҒАН ТҮЗЕТУ

«Не істеу керек?» деген кітапшаның 141-бетінде\* өзім айтып отырған «инициаторлар тобы» шетелдік социал-демократиялық ұйымдарды келістіру әрекетіне өздерінің қатысуын баяндаған жеріме, менің енді мынадай түзету енгізуімді сұрайды: «Бұл топтың үш мүшесінің тек біреуі ғана 1900 жылдың ақырында «Одақтан» шықты, ал қалғандары «Искраның» шет елдегі ұйымымен және «Революцияшыл Социал-Демократ ұйымымен» бірігіп конференция өткізуге «Одақтың» ырзалығын алу мүмкін емес екендігіне көздері жеткеннен кейін ғана, 1901 жылы, шықты», — «Инициаторлар тобының» ұсынысы да осы еді. «Одақ» басқармасы алғашында бұл ұсынысты қабылдамады, ол өзінің конференциядан бас тартқан себебін, «Инициаторлар тобындағы» араға жүруші адамдардың «беделді еместігінен» деп дәлелдеді, оның үстіне «Искраның» шет елдегі ұйымымен тура қатнас жасауға ырзалығын білдірді. Бірақ, соның артынан іле-шала «Одақтың» ішіндегі екіге бөлінушілік туралы хабар басылған «Искраның» бірінші номері шыққаннан кейін, өзіміздің шешімімізді өзгерттік, енді «Искрамен» қатнас жасағымыз келмейді деп, «Одақ» басқармасы «Инициаторлар тобына» хабар етті. Осыдан кейін, «Одақтың» басқарма мүшесінің: «Одақтың» конференциядан бас тартқан себебі, «Инициаторлар тобындағы» адамдарға оның наразы болғандығынан ғана еді деген сөзін қалай түсінуге болады? Шынында, «Одақ» басқармасының өт-

---

\* Қараңыз: В. И. Ленин, Шығармалар, қазақша 5-т., 565—566 беттері. *Ред.*

кен жылғы июньдегі конференцияға ырзалық білдіргені де түсініксіз: өйткені «Искраның» бірінші номеріндегі хабар күшінде қалды ғой, ал «Искраның» «Одаққа» «теріс» қарайтындығы июнь конференциясынан бұрын шыққан «Заряның» бірінші кітапшасы мен «Искраның» 4-номерінде бұрынғыдан бетер айқын көрінген еді ғой...»

*Н. Ленин*

*«Искра» № 19. 1 апрель, 1902ж.*

*«Искра» газетінің текстi бойынша  
басылып отыр.*

---

## ЕСКЕРТУЛЕР

<sup>1</sup> «Не істеу керек? Қозғалысымыздың толғағы жеткен мәселелері» деген кітапты Ленин 1901 жылдың аяғында — 1902 жылдың басында жазды. «Искраның» 4-номерінде (1901 жылы май) жарыяланған «Неден бастау керек?» деген мақаласында Ленин бұл мақала «баспаға дайындап жатқан кітапшамызда өзіміз толық дамытып отырған жоспардың нобайы» болып табылады деп жазған.

Ленин бұл кітапты жазуға 1901 жылдың күзінде бірыңғай кірісті. 1901 жылы ноябрьде ««Бірігу съезінің» документтері» деген кітапшаға жазған алғысөзінде Ленин: бұл еңбек «әзірленіп жатыр, кешікпей жарыққа шығады» деп мәлімдеген. Декабрьде «Искраның» 12-номерінде Ленин «Экономизмді қорғаушылармен әңгіме» деген мақаласын жарыялады, мұны кейін «Не істеу керек?» деген кітабының конспектісі деп атады. 1902 жылы февральда Ленин кітапқа арнап алғысөз жазды. Марттың басында «Не істеу керек?» деген кітап Штутгартта, Дитц баспасында басылып шықты, бұл туралы 1902 жылы 10 мартта «Искраның» 18-номерінде хабарлады.

«Не істеу керек?» деген кітапта алға қойылып, негізделген Лениннің идеяларын Сталин жолдас қорғап, ілгері дамытты. Ол кісінің 1905 жылы көктемде жазған «Партиядағы алауыздықтар туралы қысқаша пікірлер» деген кітапшасы «Не істеу керек?» деген кітапқа тікелей жанасады (қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, I т., 97—143-беттері). Сталин жолдастың 1905 жылы августа «Борьба Пролетариата» газетінде жарыяланған ««Социал-демократка» жауап» деген мақаласы да «Не істеу керек?» деген кітапта дамытылған Ленин идеяларын қорғауға арналған (қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, I т., 177—191-беттері). Ленин бұл мақаланы жоғары бағалай келіп, онда ««сананы сырттан енгізу» туралы даңқты мәселенің тамаша қойылғандығын» атап көрсеткен.

1907 жылы «Не істеу керек?» деген кітабын «12 жыл ішінде» деген жыйнаққа кіргізіп қайта бастырғанда, Ленин ««Неден бастау керек?» деген мақалаға кім ренжіді?» деген бесінші тараудың «а» параграфын кітапқа кіргізбей қалдырып, алғысөзінде еңбегін: «аздап қана қысқартып, ұйымдастыру мәселесінің егжей-тегжейлерін немесе айтыс сыйпаты бар ұсақ



ескертулерді ғана тастап» жарыялайтындығын көрсеткен. Ленин сонымен бірге жолма-жол жаңадан бес ескерту қосқан.

Бұл томда «Не істеу керек?» 1907 жылғы басылуының текстімен салыстырылған 1902 жылғы басылуының тексті бойынша басылып отыр. — 1.

*Лассальшылдар мен эйзенахшылдар* — XIX ғасырдың 60-шы және 70-ші жылдарының бас кезінде герман жұмысшы қозғалысында болған екі партия.

*Лассальшылдар* — Ф. Лассальды жақтаушылар мен соның ізбасарлары. Лассальшылдардың негізгі ұйытқысы болған «Жалпы германдық жұмысшы одағы»; мұны 1863 жылы Лассаль құрған. Лассальшылдар капиталистік мемлекет қуаттайтын жұмысшы бірлестіктері арқылы капитализмнің бейбіт түрде социализмге көшуіне мүмкіндік бар деп танып, жұмысшы табының революциялық күресінің орнына жалпыға бірдей сайлау правосы жолындағы күресті және парламент ішінде бейбіт жұмыс жүргізуді уағыздаған.

Маркс лассальшылдарды қатты сынға алып, бұлар «бірнеше жыл бойында пролетариатты ұйымдастыруға кедергі болып келді де, ақырында жәй ғана полицияның қолшоқпары болумен тынды» деді. Лассальшылдардың теориялық көзқарастары мен олардың тактикасына Маркс өзінің «Гота программасына сын», «Интернационалдағы жалған бөлінушілік» деген шығармаларында және Энгельспен жазысқан хаттарында баға берген.

*Эйзенахшылдар* — К. Маркс пен Ф. Энгельстің идеялық ықпалында болған, марксизмді жақтаушылар. Бұлар В. Либкнехт мен А. Бебельдің басшылығымен 1869 жылы Эйзенахтағы съезде Германияның Социал-демократиялық жұмысшы партиясын құрған.

Бұл екі партияның арасында тірескен қатты күрес болып отырды.

Жұмысшы қозғалысының өрлеуі мен үкімет қысымының күшеюі әсерінен бұл екі партияның екеуі де 1875 жылы Гота съезінде бірыңғай Германияның социалистік жұмысшы партиясы болып бірікті; мұнда лассальшылдар партияның оппортунистік қанаты болды.

Лассальшылдар мен Эйзенахшылдарға Ленин өзінің 1913 жылы августта жазылған «Август Бебель» деген мақаласында сыйпаттама берді. — 7.

3 *Гедистер мен POSSIBИЛИСТЕР* — француздың социалистік қозғалысындағы екі ағым; бұл ағымдар 1882 жылы француз Жұмысшы партиясы екіге бөлінгеннен кейін пайда болған.

*Гедистер* — Ж. Гедті жақтаушылар — пролетариаттың өз алдына дербес революциялық саясатын жақтаған солшыл, марксистік ағым; 1901 жылы гедистер Францияның Социалистік партиясын құрды.

*Поссибилистер* — пролетариатты күрестің революциялық әдісінен ауа жайылдырған ұсақбуржуазиялық, реформистік ағым. Поссибилистер жұмысшы табының әрекетін капитализм тұсында «мүмкін болатын» (possible — мүмкін) шеңберде тежеп ұстауды ұсынды. 1902 жылы поссибилистер басқа реформистік топтармен бірігіп француз социалистік партиясын құрды.

1905 жылы Францияның Социалистік партиясы мен Француз социалистік партиясы бір партия болып бірікті. 1914—1918 жылдардағы империалистік соғыстың дәуірінде Ж. Гед Француз социалистік партиясының барлық басшыларымен бірге социал-шовинизм позициясына көшті. — 7.

4 *Фабийшылдар* — реформистік, оппортунистік «Фабийшылдар қоғамының» мүшелері; бұл қоғамды 1884 жылы Англияда буржуазияшыл интеллигенцияның бір тобы құрған. Бұл қоғам күту тактикасын, үзілді-кесілді ұрыстардан жалтару тактикасын қолданумен белгілі болған Рим қолбасшысы Фабий Кунктатордың («Баяушылдың») атымен аталған. Фабийшылдар пролетариатты тап күресінен басқа жаққа аударды, капитализмнен социализмге ұсақ реформалар арқылы бейбіт көшуді уағыздады.

Энгельс фабийшылдарға өзінің 1893 жылы 18 январьда Зоргеге жазған хатында сыйпаттама берген. Ленин өзінің шығармаларында фабийшылдарға талай рет мінездеме берген болатын. Оның мына еңбектерін қараңыз: «И. Ф. Беккердің, И. Дингеннің, Ф. Энгельстің, К. Маркстің, т. б. Ф. А. Зоргеге және басқаларға жазған хаттары» деген кітаптың орысша аудармасына алғысөз», «Социал-демократияның орыс революциясындағы аграрлық программасы», «Ағылшын пацифизмі мен ағылшынның теорияны ұнатпауы», т. б. — 7.

5 Ленин бұл арада К. Маркстің «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері» деген еңбегінің үшінші басылуына Ф. Энгельстің жазған алғысөзінен өзі аударып үзінді келтіріп отыр (қараңыз: К. Маркс. Таңдамалы шығармалардың екі томдығы, II том, 1940, 251-беті). — 9.

6 *«Беззаглавиешілдер»* («Тақырыпсыздар») — 1906 жылы Петербургте шығып тұрған «Без заглавия» деген журналды ұйымдастырушылар мен соның жұмысына қатысушылар, — С. Н. Прокопович, Е. Д. Кускова, В. Я. Богучарский және басқалар. «Беззаглавиешілдер» өздерін ревизионизмнің ашық жақтаушысы деп мойындады, меньшевиктер мен либералдарды қолдап отырды, пролетариаттың өз алдына дербес саясатына қарсы шықты. Ленин «беззаглавиешілдерді» меньшевиктенуші кадеттер немесе кадеттенуші меньшевиктер деп атаған. — 12.

7 *Иловайский, Д. И.* (1832—1920) — тарихшы; революциядан бұрынғы Россияның бастауыш және орта мектептерінде тарих жөніндегі кең тараған көптеген ресми оқу құралдарының авторы. Оның оқу құралдарында тарих көбінесе патшалар мен қолбасшылардың істеріне тірелетін; тарихи процестер шамалы, кездейсоқ жағдайлармен түсіндірілетін. — 13.

8 *Катедер-социализм* — буржуазиялық саяси экономияда болған бағыттардың бірі; бұл бағыт ХІХ ғасырдың 70—80-ші жылдарында Германияда пайда болған. Бұл бағыттың өкілдері социализм дегенді жамылғы етіп, университет кафедраларында, буржуазиялық-либералдық реформизмді уағыздаған. Катедер-социалистер буржуазиялық мемлекет — жау таптарды ымыраластыра алатын, капиталистердің мүдделеріне нұқсан келтірмей, мүмкін

кадерінше еңбекшілердің талаптарын ескере отырып, біртіндеп «социализмді» енгізе алатын, таптардан жоғары тұрған мемлекет десті. Россияда катедер-социалистердің көзқарастарын «жарыя марксистер» уағыздады. — 13.

- <sup>9</sup> *Ганновер қарары* — «Партияның негізгі көзқарастары мен тактикасына жасалған шабуыл» туралы мәселе жөнінде алынған қарар; бұл қарарды герман социал-демократиясының 1899 жылы 27 сентябрь — 2 октябрьде (9—14 октябрьде) Ганноверде болған съезі қабылдаған. Бұл мәселенің съезде талқыланып, арнаулы қарар алынуына себеп болған нәрсе — Бернштейн бастаған оппортунистер марксистік теорияға ревизия жасады және социал-демократияның революциялық саясаты мен тактикасын қайта қарауды талап етті. Съездің алған қарары ревизионистердің талабын қабылдамай тастады, бірақ қарарда бернштейншілдікке сын берілмеді, ол әшкереленбеді. Бұл қарарға Бернштейнді жақтаушылар да дауыс берді. — 14.
- <sup>10</sup> Герман социал-демократиясының *Штутгарттағы съезі* тұңғыш рет герман социал-демократиясындағы ревизионизм туралы мәселені талқылады; бұл съезд 1898 жылы 21—26 сентябрьде (3—8 октябрьде) болды. Съезде Бернштейннің мәлімдемесі оқылды; ол съезде болмаған еді; әлгі мәлімдемесінде ол өзінің ілгерідегі бірсыпыра мақалаларында білдірген оппортунистік көзқарастарын баяндаған және сол көзқарастарын қорғаған. Съезде Бернштейнге қарсылардың арасында бірлік болмады. Біреулері (Бебель, Каутский, т. б.) идеялық күресті және Бернштейннің қателерін сынауды қостап сөйледі, бірақ оған ұйым тәртібі бойынша шара қолдануға қарсы болды. Екінші біреулері — Р. Люксембург бастаған азшылық жағы бернштейншілдікке неғұрлым батыл қарсы шықты. — 15.
- <sup>11</sup> *Старовер* — «Искра» редакцияның мүшесі, кейіннен меньшевик болып кеткен А. Н. Потресовтың жасырын аты. — 16.
- <sup>12</sup> «*Менменсінген жазушы туралы*» — А. М. Горькийдің ертеректегі бір әңгімелерінің аты. — 17.
- <sup>13</sup> Ленин бұл жерде «*Біздің шаруашылық дамуымыздың сыйпаттамаларына материалдар*» деген жыйнақты айтып отыр; бұл жыйнақ 1895 жылы апрельде жарыя баспаханада 2000 дана болып басылып шыққан. Жыйнақта В. И. Лениннің (К. Тушин деген жасырын атымен) «жария марксистерге» қарсы бағытталған: «Халықшылдықтың экономикалық мазмұны және оған Струве мырзаның кітабында берілген сын (Марксизмнің буржуазиялық әдебиетте суреттелуі)» (қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 1-том, 361—562-беттері) деген мақаласы басылған. — 18.
- <sup>14</sup> «*Россиялық социал-демократтардың қарсылығын*» Ленин 1899 жылы айдауда жүргенде жазды. Ол «экономистердің» бір тобының (ақырында кадеттерге айналып кеткен С. Н. Прокпо-вичтің, Е. Д. Кускованың және басқаларының) манифесі — «Средо»ға қарсы жазылған. Өзінің қарындасы А. И. Елизарова арқылы «Средо»ны алғаннан кейін Ленин оны айыптап қатты қарсылық жазды.

Бұл «Қарсылық» саяси айдауда жүрген 17 марксистің кеңесінде талқыланып, бір ауыздан қабылданған болатын; ол кеңесті Минусин округінің Ермаков селосында Ленин шақырған еді. Туруханскіде және Орловта (Вятка губерниясы) айдауда жүргендердің колониялары да бұл «Қарсылыққа» қосылды.

«Россиялық социал-демократтардың қарсылығын» Ленин шет елге «Еңбекті азат ету» тобына жіберді. 1900 жылдың басында бұл «Қарсылықты» Г. В. Плеханов ««Рабочее Дело» редакциясына *Vademecum* (Жол көрсеткіш. *Ред.*)» деген жыйнақта қайта бастырған. — 20.

- <sup>15</sup> «*Былое*» («Өткен Дәуір») — тарихи журнал; айлық журнал түрінде 1906 жылдан 1907 жылға дейін Петербургте шығып тұрды. 1908 жылы бұл журнал «Өткен Жылдар» деген атпен шығып тұрды, сол жылы оны патша үкіметі жауып тастады. 1917 жылы июльде журнал қайта шыға бастады, сонан 1926 жылға дейін шығып келді. — 20.
- <sup>16</sup> «*Рабочее Дело*» редакциясына «*Vademecum*» — «Орыс социал-демократтарының шетелдік Одағы» мен осы Одақтың органы — «Рабочее Дело» журналы редакциясының оппортунистік көзқарастарын әшкерелейтін, Г. В. Плехановтың алғысөзімен басылған материалдар мен документтер жыйнағы. Жыйнақты Г. В. Плеханов даярлап, 1900 жылы Женевада «Еңбекті азат ету» тобы бастырып шығарған. — 20.
- <sup>17</sup> «*Profssion de foi*» — Киев комитетінің оппортунистік көзқарастарын баяндайтын үндеухат; 1899 жылдың аяғында жазылған. Үндеухаттың мазмұны бірсыпыра мәселелер жөнінде «экономистердің» әйгілі «*Credo*» сына дәл келеді. Бұл документті Ленин ««*Profssion de foi*» жөнінде» деген мақаласында сынаған (қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 4-том, 298—309-беттері. — 21.
- <sup>18</sup> Қараңыз: К. Маркс. Таңдамалы шығармалардың екі томдығы, II т., 1940, 445-беті. — 25.
- <sup>19</sup> Ф. Энгельстің «Германиядағы шаруалар соғысы» деген шығармасына оның өзі жазған алғысөзінен Ленин өзі аударып, үзінді келтіреді (қараңыз: К. Маркс. Таңдамалы шығармалардың екі томдығы, II т., 1940, 440—442-беттері). — 30.
- <sup>20</sup> «*Русская Старина*» («Орыс Ескілігі») — ай сайын шығып тұрған тарихи журнал; Петербургте 1870 жылдан 1918 жылға дейін шығып тұрды. — 34.
- <sup>21</sup> «*С.-Петербургский Рабочий Листок*» («С.-Петербургтің Жұмысшы Листогі») — кұпья газет; Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолында күрес Одағының» органы. Екі номері шыққан: 1-номері 1897 жылы февральда (январьда деп көрсетілген) Россияда 300—400 дана болып мимеографта басылған), 2-номері 1897 жылы сентябрьде Женевада шықты. — 34.
- <sup>22</sup> «*Рабочая газета*» («Жұмысшы Газеті») — социал-демократтардың Киевтегі тобының кұпья органы. Екі номері шыққан:

- 1-номери 1897 жылы августа, 2-номери сол жылы декабрьде (ноябрьде деп көрсетілген) шыққан. РСДЖП-ның 1 съезі «Рабочая Газетаны» партияның ресми органы деп таныған. Бірақ съезден кейін, баспахананы полицейлер талқандап, Орталық Комитет мүшелерінің тұтқынға алыну салдарынан газет шықпай қалды. — 34.
- 23 Ленин айтып отырған «жеке жыйылысы» 1897 жылы 14 және 17 февральдың арасында (26 февраль мен 1 март) Петербургте болған. Бұл жыйылысқа В. И. Ленин, А. А. Ванеев, Г. М. Кржыжановский және Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес Одағының» басқа да мүшелері — Сибирьге айдау алдынан 3 күнге түрмеден босатылған «қарттар» мен Ленин тұтқынға алынғаннан кейін «Күрес Одағын» басқарған «жастар» қатнасаң. — 36.
- 24 «Листок «Работника»» («Қызметші» Листогі) Женевада «Орыс социал-демократтарының шетелдік Одағы» 1896 жылдан 1899 жылға дейін Женевада шығарып тұрды. 10 номері шықты. «Листок «Работниканың» 1—8-номерлері «Еңбекті азат ету» тобының редакциясымен шықты. Одақ мүшелерінің көпшілігі «экономизмге» ауып кеткендіктен, «Еңбекті азат ету» тобы оның баспасына редакциялаудан бас тартқан. «Листок «Работниканың» 9—10-номерлерін Одақ құрған жаңа редакция шығарған болатын. — 36.
- 25 «В. П.-дің мақаласы» — В. П. Иваншиннің мақаласы. — 37.
- 26 В. В. — XIX ғасырдың 80—90-жылдарындағы либералдық халықшылдар идеологтерінің бірі В. П. Воронцовтың жасырын аты. «Орыс социал-демократиясының В. В.» дегенде, Ленин орыс социал-демократиясындағы оппортунистік ағымның өкілдерін — «экономистерді» — айтады. — 38.
- 27 *Гирш-дункер кәсіпшілер одағын* — либералдық буржуа Гиршпен Дункер 1868 жылы Германияда құрды; бұлар «тап мүдделерінің жарасымын» уағыздады, жұмысшыларды революциялық күрестен, буржуазияға қарсы таптық күрестен басқа жаққа аударды; кәсіптік қозғалыстың міндеттерін өзара жәрдем қасалары мен мәдени-ағарту ұйымдарының шеңберінен шығармады. — 43.
- 28 «Накануне» («Қарсаң») — халықшылдық бағыттағы журнал; 1899 жылғы январьдан 1902 жылғы февральға дейін Лондонда орыс тілінде шығып тұрды. 37 номері шықты. Журнал өз маңына әртүрлі ұсақбуржуазиялық партиялардың өкілдерін топтады. — 46.
- 29 Н. Бельтов деген жасырын атпен Г. В. Плеханов өзінің «Гарихқа монистік көзқарастың дамуы туралы мәселе жөнінде» деген белгілі кітабын жарыялаған; бұл кітап 1895 жылы Петербургте құпия түрде басылып шығарылған. — 53.
- 30 Бұл жерде «Нарцис Тупорылов» деп қойылып, «Заряның» 1-номерінде (1901 жылы апрельде) шыққан сықақ сарынды. «Жаңа

орыс социалистінің гимны» туралы сөз болып отыр. Мұнда стихиялық қозғалысқа бейімделген «экономистер» келемеж етілген. Өлеңнің авторы Ю. О. Мартов. — 53.

<sup>31</sup> «Искра» газетінің 7-номерінде (август, 1901 ж.), «Жұмысшы қозғалысының хабар-ошары және фабрикалар мен заводтардан келген хаттар» деген бөлімінде лениндік «Искраның» алдыңғы қатарлы жұмысшыларға үлкен әсер еткендігін дәлелдейтін бір тоқымашы-жұмысшының хаты жарыяланған.

«...Мен «Искраны» көп жолдастарға көрсеттім, газеттің бұл номері түгелдей тозып бітті, солай да болса ол бізге қымбат...» деп жазады автор. «Мұнда тыйындап бағалауға, сағаттап мөлшерлеуге болмайтын біздің ісіміз туралы, барлық сұрыс ісі туралы жазылған; мұны оқығаныңда жандармдар мен полицияның біздерден, жұмысшылардан және өзіміз соңына еріп отырған интеллигенттерден неліктен қорқатынын түсінесің. Бұлар, расында да, тек қожайындардың қалталарына ғана емес, патшаға да, қожайындарға да, бәріне де қорқынышты... Кәзірде жұмысшы халқы оп-оңай тұтанғалы тұр, төменде бәрі де қоздана бастады, тек ұшқын болса-ақ өрт шыққалы тұр. Ұшқыннан жалын қаулайды деп, қалай дұрыс айтылған!.. Бұрын әрбір стачканың өзі бір оқыйға болушы еді, енді бір ғана стачканың түк емес екенін әркім де көріп отыр, енді бостандықты жеңіп алу керек, күшпен алу керек. Кәзір кәрі де, жас та, бәрі де оқыған болар еді, сорымызға қарай — кітап жоқ. Мен өткен жексембиде онбір адамды жыйнап, «Неден бастау керек?» деген мақаланы оқып бердім, сөйтіп біз түнге дейін тарамдық. Бәрі де қандай дұрыс айтылған, бәрі де қандай жеткізіліп айтылған десеңізші... Сіздің осы «Искраға» бізді тек қалай бастау емес, қалай өмір сүрің, қалай өлу керек екенін де үйретсе екен деп біздің хат жазғымыз келеді». — 94.

<sup>32</sup> «Россия» — баяу либралдық газет; Петербургте 1899 жылдан 1902 жылға дейін шығып тұрған. — 99.

<sup>33</sup> «С.-Петербургские Ведомости» — газет; бұл газет 1703 жылдан бастап шығып келген ең бірінші орыс газеті «Ведомостидің» жалғасы ретінде 1728 жылы Петербургте шығып тұрды. 1728 жылдан 1874 жылға дейін «С.-Петербургские Ведомости» Ғылым академиясының жанында шығып тұрды, 1875 жылдан бастап — халық ағарту министрлігінің жанында шықты. Газет 1917 жылдың аяғына дейін шығып келді. — 101.

<sup>34</sup> Бұл арада «Капиталмен күрес жүргізетін жұмысшылар тобы» айтылып отыр, бұл өзі Петербургте 1899 жылы көктемде құрылған, көзқарастары жағынан «экономизмге» жақын кішігірім топ. Бұл топ мимеографта «Біздің программа» деген листок бастырып шығарды; топтың құлауына байланысты бұл листок таратылмай қалды. — 108.

<sup>35</sup> NN — С. Н. Прокопович, белсенді «экономистердің» бірі, кейіннен кадет болып кеткен. — 114.

<sup>36</sup> Ленин бұл арада өзінің 1893 — 1895 жылдардағы Петербургтегі революциялық қызметін айтып отыр. — 132.

- <sup>37</sup> Бұл арада «1900 жылы Парижда болған Халықаралық социалистік конгреске орыс социал-демократиялық қозғалысы туралы жасалған баяндама» деген кітапша айтылып отыр. Баяндаманы конгреске «Орыс социал-демократтарының шетелдік одағының» тапсыруы бойынша «Рабочее Делоның» редакциясы тапсырып, Одақ мұны 1901 жылы Женевада жеке кітапша етіп бастырып шығарған. Кітапшаға Бундтың баяндамасы да («Россия мен Польшадағы еврей жұмысшы қозғалысының тарихы») енген. — 149.
- <sup>38</sup> Ленин бұл ескертуді кұпиялық сақтау мақсатымен берген. Мұндағы айтылған фактылар шындықта қалай болған болса, сол ретімен келтіріліп отыр. — 163.
- <sup>39</sup> Бұл арада Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес Одағының» Ленинмен сөйлескен келіссөздері айтылып отыр; Ленин 1897 жылдың екінші жартысында текстіде айтылған екі кітапшаның екеуін де жазған. — 163.
- <sup>40</sup> Бұл арада Бунд Орталық Комитетінің В. И. Ленинмен сөйлескен келіссөздері айтылып отыр. — 164.
- <sup>41</sup> Бұл арада «төртінші факты» туралы баяндағанда, Ленин «Орыс социал-демократтарының шетелдік Одағы» мен Бундтың 1900 жылы көктемде партияның екінші съезін шақыруға әрекет жасағандығын айтып отыр. Лениннің «комитет мүшесі» деп отырғаны — 1900 жылы февральда Москваға В. И. Ленинмен сөйлесуге келген И. Х. Лалаянц (Екатеринославтағы социал-демократиялық комитеттің мүшесі). — 164.
- <sup>42</sup> Ленин бұл арада Д. И. Писаревтің «Піспеген ойдың қателіктері» деген мақаласынан цитата келтіріп отыр (қараңыз: Д. И. Писарев. Таңдамалы шығармалардың екі томдығы, II том, 1935, 124, — 125-беттері). — 178.
- <sup>43</sup> Ленин бұл арада К. Маркстің «Лун Бонапарттың онсегізінші брюмері» деген еңбегінің мына бір жерін айтып отыр:  
«Гегель бір жерде барлық дүниежүзілік-тарихи ұлы оқиғалар мен ұлы адамдар, былайша айтқанда, екі қайтара пайда болады деген. Ол бұған бірінші рет трагедия ретінде, екінші рет фарс ретінде пайда болады деп қосуды ұмытқан» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, VIII т., 1931, 323-беті). — 179.
- <sup>44</sup> Янычарлар — сұлтандық Түркиядағы 1826 жылы жойылған артықша дәрежедегі жаяу әскер. Янычарлар халықты талаған, сұмдық мейрімсіз болған. Ленин патша өкіметінің полициясын янычарлар деп атайды. — 183.
- <sup>45</sup> Ленин «не істеу керек?» деген кітабын 1907 жылы «12 жыл ішінде» деген жыйнаққа енгізіп қайта бастырғанда бұл қосымшаны тастап кеткен. — 190.
- <sup>46</sup> «Искранын» 1902 жыл 10 марттағы 18-номерінің «Партиядан» деген бөлімінде «Заряның» «Vorwärts» редакциясымен айтысы» дейтін, осы айтысты қорытып шыққан мақала жарыяланды. — 195.

## МАЗМҰНЫ

	Беті
НЕ ІСТЕУ КҰРЕК? <i>Қозғалысымыздың толғағы жеткен мәселелері</i> . . . . .	3
АЛҒЫСӨЗ . . . . .	3
I Догматизм және сын бостандығы . . . . .	7
а) „Сын бостандығы“ деген не? . . . . .	7
б) „Сын бостандығының“ жаңа жақтаушылары . . . . .	11
в) Россиядағы сын . . . . .	17
г) Энгельс теориялық күрестің маңызы туралы . . . . .	25
II Бұқараның стихиялығы және социал-демократияның саналылығы . . . . .	31
а) Стихиялық өрлеудің басы . . . . .	32
б) Стихиялыққа бас ию. „Рабочая Мысль“ . . . . .	36
в) „Өзін өзі азат ету тобы“ мен „Рабочее Дело“ . . . . .	47
III Тред-юниондық және социал-демократиялық саясат . . . . .	58
а) Саяси үгіт және оны экономистердің тарылтуы . . . . .	59
б) Плехановтың пікірін Мартыновтың қалай түртіп еткендігі туралы әңгіме . . . . .	70
в) Саяси ашкерелеу және „революциялық белсенділікті жетілдіру“ . . . . .	74
г) Экономизм мен теорроризмнің арасында қандай ұқсастық бар? . . . . .	81
д) Жұмысшы табы — демократия жолындағы алдыңғы қатарлы күрескер . . . . .	84
е) Тағыда „жалақорлар“ тағыда „мистификаторлар“ . . . . .	103



VI Экономистердің майдагерлігі және революционерлердің ұйымы	17
а) Майдагерлік дегеніміз не? . . . . .	108
б) Майдагерлік және экономизм . . . . .	112
в) Жұмысшылар ұйымы мен революционерлер ұйымы . . . . .	119
г) Ұйымдастыру жұмысының өрісі . . . . .	137
д) „Заговоршылар“ ұйымы және „демократизм“ . . . . .	144
е) Жергілікті жұмыс пен жаппыорыстық жұмыс . . . . .	153
V Жалпыорыстық саяси газеттің „жоспары“ . . . . .	164
а) „Неден бастау керек?“ деген мақалаға реңжіген кім? . . . . .	165
б) Газет коллективтік ұйымдастырушы бола ала ма? . . . . .	171
в) Бізге қай тұрпатты ұйым керек? . . . . .	185
Қортынды . . . . .	193
Қосымша. „Искрашы“ „Рабочее Делмен“ біріктіру әрекеті . . . . .	197
„Не істеу керек?“ ке арналған түзету . . . . .	205

Ескертудер . . . . . 27 215

**В. И. ЛЕНИН**

**ЧТО ДЕЛАТЬ?**

(на казахском языке)

Издание КазОГИЗа

---

Подписано к печати 9. VII 1919

Изд. № 77.

Объем 1,25 п. л. Ф. б. 81×108<sup>1/2</sup> мм.

Тираж 20 000

Заказ № 315

Цена 4 рубля

Гостипография № 2

Управления по делам полиграфической промышленности,  
издательства и книжной торговли при  
Совете Министров Казахской ССР

**АЛМА-АТА**

Бағасы 4 сом.

.

.